



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ



«XV ОРАЗБАЕВ ОҚУЛАРЫ»

халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

21–22 сәуір, 2023 жыл

PROCEEDINGS

of International Scientific and Methodical Conference

«XV ORAZBAYEV READINGS»

21–22 April, 2023



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ



«XV ОРАЗБАЕВ ОҚУЛАРЫ»

халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

21–22 сәуір, 2023 жыл

PROCEEDINGS

of International Scientific and Methodical Conference

«XV ORAZBAYEV READINGS»

21–22 April, 2023

Алматы
«Қазақ университеті»
2023

УДК 001
ББК 72
О-59

Редакция алқасының төрағасы

Ж.Қ. Түймебаев – филология ғылымдарының докторы
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы-ректор

Редакциялық алқа:

Р.Е. Харипова – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің директоры;
А.М. Сарбасов – «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық-музейінің директоры
м.а.; **Ә.Т. Төлеубаев** – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Археология және антропология» ҒЗИ
директоры. **Д.С. Байгунаков** – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің деканы.

Жауапты редактор

Р.С. Жуматаев – PhD, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі

Құрастырушылар

Б.Б. Бесетаев, А.С. Есенаманова

О-59 **«XV Оразбаев оқулары»** халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары /
Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 310 б.
ISBN 978-601-04-6278-6

«XV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан және іргелес өңірлердің археологиясы мен этнологиясының, музей ісінің бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

УДК 001
ББК 72

ISBN 978-601-04-6278-6

© Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Байгунаков Д.С. Қазақстан археологиясы және соттық криминалистика (Жаңалық материалдары негізінде).....	5
Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Сағындықова С.Т. Археологические раскопки на памятниках Ботпай 1 и 2 в 2021 году.....	8
Бейсенов А.З., Ахияров И.Қ., Жұманазаров Н.Ш. Орталық Қазақстан сақ дәуірінің Абылай қонысындағы жаңа зерттеулер.....	12
Бейсенов А.З., Паничкин А.В. Тасмола, пәнаралық зерттеулер: көне бояулар құпиясы.....	17
Бородовский А.П. Раннесаргатский курган на Среднем Иртыше.....	22
Жунисханов А.С., Айтқали А.К., Рахманқұлов Е., Каримабаева З. Курган раннего железного века близ с. Шалабай Абайской области.....	30
Кариев Е.М. Культурное наследие юго-восточного Казахстана: история, задачи и перспективы изучения археологических и этнографических памятников Шубарат и Молалы.....	34
Кудабаев Ч.А. «Таусамалы» археологиялық кешенінің петроглифтері мен таңбалары.....	46
Мырзабай Д.Б. Жартас өнеріндегі арба бейнесінің маңыздылығы.....	55
Тулегенов Т.Ж., Амаргазиева А.Ж., Муздыбаев С.С. Актуальные задачи и варианты их решений по обеспечению сохранности археологических памятников Енбекшиказахского района Алматинской области.....	57
Утубаев Ж.Р., Аққалиева А.Ш. Шірік рабат қалашығындағы №6 обадан табылған сүйек тарак.....	62
Торежанова Н.Ж., Кулиш А.В. Новые исследования на городище Бака тобе (III-IV вв.) в долине Таласа.....	65
Николаев Е.Н. Железоделательное производство якутов в эпоху позднего средневековья..	71
Базылхан Н. Көне түрік бітік жазулы «Ырық бітіг» қолжазба кітабының ырым-жосындық мәні.....	79
Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б., Абир Р.Қ. Талас өңірінен жаңадан анықталған ортағасырлық төрткүлдер (2021-2022 жж. далалық зерттеулер бойынша).....	94
Жумай Г. Археолог И.И. Копыловтың Талхиз қалашығына жүргізген зерттеулері.....	104
Сала Р., Деом Ж.-М. Культурный ландшафт горы Карашагыл в юго-восточной части Чу-Илийских гор.....	108
Кепин Д.В., Титова Е.Н. Соотношение археологического и естественно научного памятниковедения.....	114
Мусаханова М.З., Мусаханова Ж.М. Дисциплина «Основы археологии» для специальности «Искусствоведение» (из опыта преподавания).....	118
Нұрғали Н.Б. Асүйлік керамика: түрлері мен ерекшеліктері (VI–XIII ғғ.).....	123
Сәкенов С.Қ., Кукушкин А.И., Бурбаева С.Б., Рахманқұлов Е.Ж., Сиражева Б.А. Бытғай ортағасырлық ескерткіші төңірегінде 2022 жылы жүргізілген археологиялық барлаулар.....	131
Шашенов Д.Т., Бейсенов А.З. Әлімхан Ермеков әулетінің Бөріктас қыстауындағы археологиялық зерттеулер.....	136
Ямаева Е.Е. Тамга «шагающее солнце» хас/кас алтайцев: в контексте интерпетации культурно-исторического наследия Горного Алтая.....	147
Бейсенов А.З. Жақып Ақбаев әулетіне қарасты бес құлпытас.....	152
Moldakhmet A. The equivalence and history of research of medieval city Asanas and “Eshnas”, “Ornas” cities in the data.....	163

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Адыгамов Р.К. Междисциплинарные подходы в исследованиях истории богословия: на материале диссертации «Богословско-правовая мысль татар Поволжья и Приуралья в конце XVIII – начале XX в.: история развития и тенденции обновленчества в мусульманской умме».....	166
Бейбіт А.Б. XVIII-XIX ғғ. Баянауыл – Қызылтау өңірінің нышандық маңызы бар сәулет ескерткіштері.....	175
Болсанбек Б. Жеті ата зердесінің тарихи мәні.....	181
Ескекбаев Д. Қызылжар, Көкше өңірлерінің топонимикалық атаулары тарихынан.....	188
Иманбекова А.А. Теоретико-методологические основы изучения перехода к оседлости казахов в связи с модернизационными процессами в Казахской степи.....	196
Калшабаева Б.Б. Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы «Этнология және антропология» мамандығы және этнолог ғалымдардың зерттеу бағыттары мен ғылыми тұжырымдары.....	200
Козгамбаева Г.Б., Байдаулет Е.Қ. Қазақстанға депортацияланған немістердің тарихынан (1930-1950 жж.).....	214
Қалыш А.Б. Этнодемографические процессы среди туркмен Казахстана в 1920-1980-е годы.....	218
Мейрманова Г.А. Қазақ әйелдерінің әшекейі – моншақ этнографиялық жәдігер ретінде.....	226
Рахимов Е.К., Тыныбеков Д.Ж. Қазақтың қалжыңдасу мәдениеті жайында.....	229
Сабыргалиева Н.Б., Нығметжанов Б.Т. Ресей империясының Қазақстанның батыс өлкесіне жүргізген конфессионалдық саясаты (XIX ғ. ортасы – XX ғ. басы).....	232
Султанярова А.Ж. Жамбыл облысының миграциялық үдерістері (1991-2022 жж.).....	238
Сыдығалиев С.М. Общие и актуальные проблемы этнической истории и этнокультурных процессов.....	243
Толеубек Т.А. Историко-культурное сходство древних корейцев и казахов.....	248

МУЗЕЙ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Балаева А.Б. Ағаш бұйымдарының мәні, мағынасы және адамға берер пайдасы (ҚР MOM коллекциясы негізінде).....	251
Бегалиев О.Ж. Қорқыт ата мемориалды кешеніндегі киелі орындарының географиясында.....	255
Бейсебаева А.Е. Жамал Омарованың өмірі мен шығармашылығы беттерінен (ҚР Мемлекеттік орталық музейі материалдары негізінде).....	259
Болсынбек Т.Н. Дәрікүты – кісе белдіктің құрамдас бөлігі.....	265
Жапакова Г.С. Женское образование в Казахстане в XIX–XX вв.....	270
Кәрім О.С., Серік Д.А. Қазақтың ұлттық ойыны – Тоғызқұмалақ (ҚР MOM коллекциялары негізінде).....	276
Кеңесбек Б.М. Ұлттық аспаптардың зерттелуі.....	280
Мякишева О.А. Фаянсовая чаша из коллекции Центрального государственного музея Республики Казахстан.....	285
Сихымбаева К.Б. Қазақ халқының саусақ пен тіс өрнектеріндегі этногендік ерекшеліктерінің аспектісі.....	291
Советхан Р.А. Музейде мәдени мұраны насихаттау бағыттары: Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі тәжірибесі негізінде.....	296
Сүйіндікова П. Қазақстанның байтақ даласының тарихи-мәдени қазынасы «Ұлы дала мұрасы: Зергерлік өнер жауһарлары» атты көрмесінің Корея Ұлттық музейінде қойылған құнды жәдігерлері.....	301
Kozhakhon Zh. Methods for museification of cultural and natural heritage objects in open-air museums.....	305

ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ СОТТЫҚ КРИМИНАЛИСТИКА (Жаңалық материалдары негізінде)*

Өткен ғасырларда қалыптасқан Қазақстан археологиясы бүгінгі күні өз жетістіктері негізінде әлемге танылып отыр. Оның бірнеше кезеңдерден тұратын даму белестері елімізде орын алған саяси-тарихи оқиғалармен, күрделі құбылыстар және сан алуан үдерістермен де тығыз байланысты екендігі белгілі. Қай кезеңде болмасын жаһандық өзгерістердің Қазақстан археологиясына өзіндік әсерін тигізуі қалыпты жағдай. Мұндай үдерістерді әлемдегі барлық археологиялық мектептер бастарынан кешті. Отандық археология саласының тарихынан қалыптасу мен дамудан өзге бәсеңдеу, баяулау немесе қарқынды түрде даму сынды процестерді кезіктіруге де болады. Әсіресе жаңа мыңжылдықта жаңаша дамуға бетбұрыс алу қарқынды дамуда. Осы тұрғыдан келер болсақ, отандық археология соңғы отыз жылда жаңа белеске көтерілуде деуге де болатын шығар.

Айта кетуіміз керек, еліміз тәуелсіз алғалы бері Қазақстан археологиясы жаңа дамуды басынан кешіруде. Осы тұста археология ғылымының сан салалары бойынша зерттеулер жүргізіліп, тың материалдар алынды, бұрынғы кеңестік маркстік-лениндік идеологиялық тұжырымдарға ғана бағынудан түгелдей арылды. Нәтижесінде осы жылдары алғашқы қоғам мен орта ғасырлар кезіндегі шынайы тарихи үдерістер мен құбылыстар қалпына келтірілді, оларды бұра тарту, қатаң идеологиялық қалыптарға салу немесе материалдарды әсерілеп көрсету секілді жалаң тұжырымдамалар келмеске кетті.

Әрбір кезеңде Қазақстан археологиясына жүктелген мәселелер, өзекті сауалдар, т.б. болғандығы белгілі. Қазіргі таңда отандық археологияны дамыту үшін өткен ғасыр ортасында межеге алынған проблемалар негізі бағыт болмауы тиіс. Мейлі олар қаншама рет түрленсе де. Яғни, белгілі бір ауданда тас ғасыры немесе ерте темір дәуірі ескерткіштері зерттелінбей жатыр, оларды зерттесек археология дамып кетеді деген пікір болмауы тиіс. Археология ғылымы кешенді түрде басқа ғылым салаларымен қабыса дамуы керек деген ойдамыз.

Біздің ойымызша Қазақстан археологиясында дамуы тиіс бірнеше бағыттар бар. Солардың бірі – сот археологиясы. Бұл саланы дамыту үшін құқықтық органдармен байланыс орнату, мамандарға осы салада ізденістер жүргізуге мүмкіндіктер беру керек.

Әлемдік археологияда белгілі болып отырған жайт, сот археологиясы (*forensic archeology*) және сот антропологиясы (*forensic anthropology*) сынды салалар ондаған жылдардан бері дамып келеді. Оны кейде сот-медициналық, соттық немесе криминалистік археология ретінде қарастырады немесе дәл осылай атап та жатады (Криминалистика: учебник, 2012). Әдетте сот археологиясы мен сот антропологиясы өзара бірін-бірі толықтырып жатқан салалар, тіпті олардың барлығы бірігіп түптеп келгенде соттық криминалистиканы құрауы да мүмкін (Аверьянова, Белкин, Корухов, Россинская, 2000. с.22-29). Алайда баяндап кеткен абзал шығар, осы аталып отырған сот археологиясы мен сот антропологиясы дәстүрлі түрдегі сот медицинасының бір саласы емес, оның құрамдас бөлігі немесе дербес саласы екендігі де бүгінгі күні анық белгілі болып отыр.

Әрбір саланы жеке талдап кетер болсақ: сот археологиясы сот сараптамасына қажетті археологиялық жұмыстарда атқару, ал сот антропологиясы сот медицинасы негізінде табылған адамның мәйітіне қатысты аналитикалық талдаулар жүргізу. Әдетте сот археологтары мен сот антропологтары қайта бірлесе жұмыс істейді. Бір қарағанда мәйіт жатқан жерді ідестіру, эксгумация жасау, адам денесінің қалдықтарын немесе сүйек бөлшектерін жинастыру секілді ортақ іс-әрекеттерді бірлесе атқара да береді (Курс криминалистики, 2004. С. 8-15). Дегенмен олардың өз салалары бар. Сот археологиясы кабинеттік іздестіру жұмыстарына дейінгі кезеңдегі барлық ізденістерді жүргізеді, ал одан кейінгі ғылыми-зерттеу жұмыстарын немесе сот-медициналық сараптамаларды, түрлі криминалистикалық талдауларды көбіне сот антропологиясы толықтай атқара алады (Теория судебной экспертизы, 2009. С. 101-134). Әрине ол сот-медициналық сараптамада қолданылатын өзге ғылым салаларының жетістіктерін пайдаланады.

*Баяндама ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мемлекеттік мекемесінің бағдарламалық нысаналы қаржыландырудың ЖТН № BR10164308 «Алматы облысы Жаңалық ауылындағы саяси репрессия құрбандары қалдықтарының археологиялық верификациясы мен тарихи идентификациясы: пәнаралық зерттеулер» жобасы аясында дайындалды.

Қазіргі күні ХХ ғасыр алғашқы жартысында орын алған Қазақстандағы саяси репрессиялар жай-күйі туралы қомақты тарихнамалық қор жинақталған. Тіпті бұл жөнінде шетелдік тарихнамада да бірқатар зерттеушілер (Р. Конквест, Н. Верт, М. Малиа, В.Н. Земсков, Н.Ф. Бугай, т.б.) нәтижелі жұмыстар жүргізгендігі белгілі. Қазақстандық саяси репрессияның отандық тарихнамасы И.М. Қозыбаев еңбектерінде біршама көтерілген (Қозыбаев, 2019. с.4-16). Автор сүбелі тарихнамалық талдау жасай алған. Қазақ халқының Орта Азия аумағында орналасқан республикаларда тұрып келе жатқандығы белгілі. Ал олардың арасындағы орын алған репрессиялық саясат нәтижелері мен қорытындыларын да мамандардың қарастырғандығы белгілі (Балтабаева, Калыбекова, 2020. с. 39-52). Сайып келгенде, жыл сайын саяси репрессия жайлы тарихи мәліметтер ашылып, алуан түрлі бағыттағы зерттеулер жарияланып жатыр (Живая память, 2019. с. 9-16). Олардың барлығы тарихшы-мамандардың нәтижелі жұмыс жасап жатқандығын көрсетеді. Дегенмен соттық археологиясыз кейбір дүниелерді айқындау толыққандығы шешілмей жатқандығы байқалады. Мұндай олқылықтардың орнын өз кезегінде криминалистік немесе сот-медициналық археология ғана толықтыра алатындағы да белгілі болып отыр.

Археологиялық тұрғыдан алғанда осы уақытқа дейін Қазақстандағы саяси репрессия сауалдары бұл ғылым саласында мүлдем қарастырылмаған. Мұндай мәселе соңғы жылдары ғана көтеріліп отыр. Қазақстан Республикасында сот археологиясы, медициналық криминалистика материалдары негізінде ғылымның жаңа бағыттарын қалыптастыру әрі жаңаша тұжырымдамаларға қол жеткізу кезек күттірмейтін мәселелердің біріне айналуы қажет. Әсіресе археология саласында. Кешенді және жаңа субпәндерді археологияда қолдану тарих ғылымының жаңа көкжиектерін қалыптастырады. Әлі толыққанды қалыптаса қоймаған сот археологиясы отандық ғылымдағы мүлдем жаңа сала болып табылады. Соттық археология кейбір тарихи сәттерді, соның ішінде тарихи құбылыстар мен оқиғаларды нақтылауға жәрдемін тигізе алады. Әсіресе тұлғаны идентификациялауда, оның биометриясын анықтауда сот археологиясының маңызы зор. Соттық археология адамдардың топтық жерлеу орындарын аршыған кезде көп мән- жайды анықтауға өзіндік септігін тигізеді. Сталиндік әкімшілік-тоталитарлық заманды суреттейтін тарихи және мұрағаттық материалдар репрессия кезін толыққанды сипаттай қоймайды. Әсіресе жекелеген тұлғалардың «үштік» өкімінен кейінгі тағдырын суреттемейді. Көбіне «ату» туралы үкім шықты, «пәлен жерде атылды», т.с.с. мәтіндермен шектеліп жатады (Живая память, 2019. с. 40-56). Ал соттық немесе криминалистік археология болса «үштік» шешімінен кейін атуға үкім шығарылған тұлға тағдырын баяндай алады. Сот археологиялық материалдары негізінде, тұлғаның қалай атылғандығы, қасында қандай заттары болғандығы, не кигендігі, т.б. мәліметтерді анықтауға болады. Яғни, сот археологиясы тарихи мәліметтер контекстінде репрессия саясаты туралы қосымша ақпараттар легін бере алады, сонымен қатар атылған индивидуумдардың жерленген орындарын анықтауға, бұдан өзге кейбір детальдарды жаңғыртуға септігін тигізеді.

Әдетте, археологиялық ғылыми ізденістердің дені артефактілерді суреттеуден тұрады. Кез келген зат немесе бұйым пайдаланылуына немесе қолданылуына, не болмаса бағалануына қарай қоғамдық резонанс туғызуы ықтимал. Сол себепті археолог-мамандар әрбір артефактіні мұқият сипаттайды, оған қатысты жаратылыстану ғылымдарының талдаулары жүргізілуі тиіс болса, жүргізеді. Мамандандырылған басылымдар болмаса тарихи журналдар археологиялық материалдарды жариялай бермейді. Ал археологиялық бағыттағы журналдар мұндай ХХ ғасыр материалдарын тарихи деп жариялауға құлықсыздық танытады. Журнал редколлегиясы «форматқа келмейді» деп көбіне соттық немесе криминалистік археология материалдарын жариялаудан қашқақтайды. Бізде археология ежелгі және орта ғасырларды ғана қамтиды деген түсінік қалыптасқан. Бүгінгі таңда археология ғылымы қарқындап дамыған заманда бұл ғалым саласының өткен ғасырды да қамти алатындығы белгілі болып отыр.

Орталық Азия аумағынан жаппай саяси қуғын-сүргін жерлеу орындары мүлдем шыға қоймағандығы белгілі. Шықса да оны жылы жауып қоя салу орын алған. Ішінара болса да Ресей Федерациясы аумағынан репрессияға ұшыраған адамдардың жерлеу орындары табылып жатады. Алайда оларды сипаттау көбіне ғылыми-көпшілік бағытта немесе журналистік зерттеу шеңберінде қалып қалады. Әрі мұндай «тарихи коллекциялардың» одан арғы тағдыры қалың бұқараға көбінесе белгісіз болып қала береді. Яғни, ғылыми айналымдарға ене қоймайды. Мұндай материалдардың таза ғылыми бағытта сипатталынып жазылуы да некен-саяқ. Әсіресе соттық археология бойынша табылған материалдарды өңдеу, соттық антропология мен медициналық анықтамалар негізінде суреттеу кемшін тартып жататындығы жасырын емес.

Алматы облысы Талғар ауданы Жаңалық ауылы маңынан бірнеше жыл бұрын жеке тұлға жер телімінен 168 адамның сүйек қаңқаларының қалдықтары анықталған болатын. Сүйек қалдықтарына

маңынан 1920-30 жылдардағы монеталар, аяқ киім бөлшектері, патрон гильзалары, көзілдіріктер, түймелер, т.б. заттар анықталған. Негізгі материалдар сүйек қалдықтары болғандықтан Алматы қаласы Сот-медициналық сараптама институтында криминалистік талдаулар, антропологиялық зерттеулер жүргізілді.

Айта кету керек, табылған сүйек қалдықтарының сақталуы әрқелкі. Олардың 168 адамға тиесі екендігі адам қаңқасында болатын басты-басты сүйектерді негізге алу бойынша анықталды. Бүтіндей сақталған бас сүйектер негізінде адамдардың жынысы, расасы анық болды. Бұл бағытта біршама зерттеулер жүргізіліп, бірқатар жайттар анықталды. Мысалы, сақталуы біршама жақсы деп көрсетілген 21 дана бас сүйек бойынша атылған ерлер саны 85%, ал әйелдер 15% құрайды. Ал шамамен алғанда моңғолоидтық раса өкілдері 75%, еуропаидтық раса өкілдері 25% деп белгіленген.

Соттық антропологиялық зерттеулер ату жазасына кесілгендердің көпшілігінің жас мөлшері 30-дан төмен. Одан кейінгі топтағы атылғандардың жас мөлшері 30-40 жас аралығында. Негізгі антропологиялық мәліметтер мен өзге де фрагменттік материалдар бойынша репрессияға ұшырап атылғандардың орташа жасы 20-дан 40-қа дейін деп қорытынды жасауға болады.

Бұл аталған жоба бойынша алынған бір топ мәліметтер ғана. Ал шындығында келгенде 1937-1938 жылдары 5-мыңға жуық адамдар атылып, көмілген. Олардың сүйектерін тауып, жаратылыстану ғылымдарының негізінде мәліметтер арқылы археологиялық верификациясын, тарихи идентификациясын жасау кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Жаңалық материалдары әлі-ақ отандық археологияға, тарихқа және өзге де ғылым салаларына өзіндік ғылыми үлесін қосады әрі оны азды-кемді болса да дамытады деген ойдамыз.

Міне, жоғарыда аталып кеткендей археологиялық ізденістер барысында тарихи зерттеулерге бұл ғылым саласының да өзіндік қосар үлесі бар екендігі көрсетіп отыр. Белгілі болып отырған жайт: ХХ ғасыр алғышқы жартысында орын алған саяси репрессиялар тарихы археологиялық верификация мен тарихи идентификация симбиозы нәтижесінде ғана толымды түрге енетіндігі анық. Яғни, әрбір аймақта Жаңалық секілді орындар кездеседі. Оларды соттық археология тұрғысынан зерттеу кезек күттірмейтін шаруа. Әрі мұндай іс-әрекеттер қоғамда орын алып отырған идеологиялық вакуумды толтыра да алады.

Соттық криминалистика немесе сот археологиясы келешекте отандық археологияның құрамдас бөлігі болуы тиіс деген ойдамыз. Оны қалыптастыру әрі дамыту үшін бірқатар жұмыстар (ғылыми гранттар бөлу, сот-медициналық талдауларға археологияны тарту, мамандар даярлау, т.б.) атқарылуы керек.

Әдебиеттер тізімі

- Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика. Учебник для вузов / Под ред. Р.С. Белкина. М.: Изд-во НОРМА, 2000. 990 с.
- Балтабаева К.Н., Калыбекова М.Ч. Историографический обзор литературы по истории политических репрессий казахов в Средней Азии. Scientific E-journal «edu.e-history.kz». 2020. № 4 (24).
- Живая память. Сталинизм в Казахстане – прошлое, память, преодоление / Под ред. Ж.Б. Абылхожина, М.Л. Акулова, А.В. Цай. Алматы: «Дайк-Пресс», 2019. 272 с.
- Козыбаев И.М. «Большой террор» в Казахстане. Алматы: Раритет, 2019. 368 с.
- Курс криминалистики: в 3 томах. Т. 1. Общетеоретические вопросы. Криминалистическая техника. Криминалистическая тактика / Под ред. О.Н. Коршуновой и А.А. Степанова. СПб.: Изд-во «Юридический центр Пресс», 2004. 683 с.
- Криминалистика: учебник / Е.П. Ищенко, О.В. Волохова, Н.Н. Егоров. М.: Изд-во Проспект, 2011. 506 с.
- Криминалистика: учебник / А.Г. Филиппов. 4-е изд., полный курс (гриф). М.: Изд-во Юрайт, 2012. 835 с.
- Теория судебной экспертизы: учебное пособие / Д.А. Сорокотягина, И.Н. Сорокотягин. Ростовн/Д: Феникс, 2009. 440с.

D.S. Baigunakov ARCHEOLOGY OF KAZAKHSTAN AND FORENSIC FORENSICS (BASED ON NEWS MATERIALS)

In recent years, the archeology of Kazakhstan has not developed. His strategic development plan was incorrectly drawn up. In our opinion, the branches of archeology should develop. One of them is forensic archeology. Research began to be carried out in this direction. Bones belonging to 168 people were found in the village of Zhanalyk in Almaty region. On the basis of the preserved skulls, the gender and race of people were determined. Some research has been carried out in this direction, and a number of things have been determined.

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАСКОПКИ НА ПАМЯТНИКАХ БОТПАЙ 1 И 2 В 2021 ГОДУ*

В полевом сезоне 2021 г. в административном плане на территории Акшатауского сельского округа Аягозского района ныне Абайской области были проведены археологические раскопки сотрудниками Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Исследования сосредоточились в двух разновременных могильниках Ботпай 1 и Ботпай 2, расположенные ориентировочно в 4 км к западу от с. Доненбай на правом берегу р. Калгуты (рис. 1). Могильник Ботпай 1 насчитывает более 50; Ботпай 2 – более 30 разновременных памятников погребально-поминального характера: каменных курганов, выкладок, ящиков, квадратных и округлых оград. Объекты в плане расположены бессистемно. Для исследования нами были выбраны две оградки.




Рис. 1. Местоположение могильников Ботпай 1 и 2 на карте Казахстана и Аягозского района Абайской области

Ограда № 1 представляет собой подквадратную в плане форму с выраженными углами, ориентированными по сторонам света. Размеры оградки 3×3 м (рис. 2). Стенки возводились из плашмя расположенных плит и преимущественно прямоугольных средних камней. С восточной стенка имеет кладку в два ряда. Наземная конструкция по углам имеет вертикально врытые камни. В юго-восточном углу в наружной части оградка имеет ритуальную пристройку (?). В процессе расчистки внутри пристройки были обнаружены остатки древесного угля. Вокруг памятника на современной поверхности другие объекты визуально не фиксируются.

При расчистке в центральной части была зафиксирована пятно могильной ямы овальной в плане формы, вытянутая по линии оси З–В. В северной части могильного пятна обнаружена плита размером 1,2×1 м, которая, видимо служила «крышкой», перекрывающая каменный ящик. На глубине 0,5 м от дневной поверхности зафиксирован каменный ящик в виде цисты прямоугольной в плане формы, которая имеет кладку в четыре-пять рядов из плашмя расположенных плит.

*Исследования проводились при финансовой поддержке КН МНВО РК проекта AP09261115: «Археологические памятники Аягозского района ВКО: междисциплинарные исследования».



Рис. 2. Могильник Ботпай 1. Ограда № 1

В ходе углубления на разных уровнях были обнаружены разбросанные человеческие кости. На глубине 1 м преимущественно в южной части ящика были разбросаны шейные позвонки, фрагменты челюсти, зубы, ребер, тазовой кости и др. Череп отсутствовал.

Погребальный инвентарь состоял из мелких фрагментов керамики и бронзового изделия (украшения?). Фрагментарность и плохая сохранность вещей не дает возможность выявить форму и назначение данных артефактов. Погребение было разграблено ранее.

По выявленной конструкции ограды и ящика погребение датируется нами XVI–XIV вв. до н.э. Прямые аналогии данным сооружениям наблюдаются среди бегазы-дандыбаевских некрополей Центрального Казахстана – мавзолеем 3 Аксу-Аюлы II и др. (Маргулан, 1979: 57, рис. 32). Также погребения в виде цисты известны в могильниках Канай, Сарьколь 2, Усть-Буконь (Черников, 1960: 32, 200–201, табл. V, 2, VI), Айна-Булак-III в Восточном Казахстане, которые относятся к андроновской культуре и могут датироваться XVI–XIV вв. до н.э. (Дашковский, Самашев, Тишкин, 2007: 23–24, 33).

Ограда № 2 представляет собой малозаметную возвышенность с отчетливо фиксируемой оградкой в плане округлой формы, диаметром 3,5×3,5 м. Более крупные камни сосредоточены в западной части ограды. При расчистке в центральной части ограды по контуру могильной ямы зафиксировано скопление камней относительно мелких размеров (рис. 3).


На глубине 0,3 м от дневной поверхности был обнаружен каменный ящик, состоящий из вертикально врытых четырех плит, образуя прямоугольную в плане форму размером 1,2×0,7 м, вытянутая по линии ЮЗ–СВ. в процессе вскрытия ящика на разной глубине были зафиксированы мелкие фрагменты человеческих костей (фаланги, фрагменты ребер). На дне ящика, глубиной 0,6 м были обнаружены фрагменты плохо сохранившегося керамики. Погребение разграблено ранее.

По форме каменного ящика погребение было одиночным. Подобного типа каменные ящики встречаются довольно часто, и относятся к эпохе бронзы. По результатам радиоуглеродного датирования памятник относится XX в. до н.э. (рис. 4).


По окончании исследования на месте были проведены рекультивационные работы.



Рис. 3. Могильник Ботпай 2. Ограда № 2



1



2

Рис. 4. Результаты радиоуглеродного AMS-датирования объектов:
1 – ограда № 1; 2 – ограда № 2 могильника Ботпай 1 и 2

Список литературы

- Дашковский П.К., Самашев З.С., Тишкин А.А. (2007). Комплекс археологических памятников Айна-Булак в Верхнем Прииртышье (Восточный Казахстан). Барнаул: Азбука. 96 с.
- Маргулан А.Х. (1979). Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алматы: Наука КазССР. 360 с. с илл.
- Черников С.С. (1960). Восточный Казахстан в эпоху бронзы // МИА. №88. М.; Л.: Изд-во АН СССР. 272 с. с табл.

G.K. Omarov, B.B. Besetayev, S.T. Sagyndykova ARCHAEOLOGICAL EXCAVATIONS AT BOTPAI MONUMENTS 1 AND 2 IN 2021

In the field season of 2021, the monuments located near the village were investigated Donenbay in the Ayagoz district of the Abai region. During the excavations, 1 rectangular burial structure, a stone box in the form of a 'Tsyst', was revealed in the fence. Burial 2 is rounded in shape, in the central part there is a stone box. In the process of cleaning up both burials, it turned out that they had been robbed earlier. The bones of the buried were scattered. Fragments of a ceramic vessel and fragments of a bronze product were recorded from the burial inventory. Fragmentation and poor preservation of things does not make it possible to identify the form and purpose of these artifacts.

According to the shape of the stone box, both burials were single. This type of stone boxes are quite common, and belong to the Bronze Age. According to the results of radiocarbon ams dating, the monument belongs to the XX century BC.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН САҚ ДӘУІРІНІҢ АБЫЛАЙ ҚОНЫСЫНДАҒЫ ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР*

Абылай қонысы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен ауылы маңында орналасқан. Топографиялық тұрғыдан, нысанның бой көтерген жері Тасқотан тауының шығыс беткейлері. Көне елді мекен кешенін құрайтын тұрғын үйлер мен шаруашылық бағытындағы құрылыстар тау беткейінің жоғарғы тұсын алып жатыр. Тасқотан жотасының етегінен бастап шығысқа қарай созылған кең жазық осындағы Жарлы өзенінің сол жағалық алқабы болып табылады. Абылай қонысынан өзенге дейінгі қашықтық 5 шақырым шамасында. Бұдан бөлек, қоныстың жанында аты бүгіндері белгісіз шағын бұлақ бар. Екінші бұлақ қоныстан едәуір төменірек, оңтүстік-шығысқа таман орналасқан Абылай қыстауының жанында ағып жатыр. Ескерткіштің орын тепкен жерінің бақташылық кәсіпке ғана емес, жалпы тіршілік пен шаруашылыққа ыңғайлы екеніне сөз жоқ. Абылай қонысында бірнеше жыл қазба жұмыстарын жалғастырып, тұрақты зерттеуге бағыт қойғанмыздың бір себебі де осында.

Ескерткіш А.З. Бейсенов зерттеулері барысында сонау 2004 ж. ашылған болатын. 2016 ж. жазында бұнда қазба жұмыстары басталды. Зерттеулер үзіліссіз жалғасуда. 2018 жылы қоныс деректеріне арналған алғашқы басылым жарық көрсе (Бейсенов, Гимранов, Ахияров, Дүйсенбай, 2018), содан бері, яғни бес жыл барысында (2018-2022) бұл нысанның материалдары кемінде 18 еңбекке енді (қазір баспада жатқан бір ұжымдық монография мен бір мақала бұған қосылмайды). Ескерткіштің ашылу тарихы, орналасуы, топографиясы, алынған деректері берілген бұл басылымдар ынталы оқырман үшін әдебиет тізімінде түгелдей келтіріліп отыр (Бейсенов, 2021; 2022а; 2022б; Бейсенов, Гимранов, Ахияров, Дүйсенбай, 2018; Бейсенов, Горашук, 2022; Бейсенов, Горашук, Дүйсенбай, 2021; Бейсенов, Дүйсенбай, Ахияров, Джуманазаров, 2019; Бейсенов, Дүйсенбай, Ахияров, Джуманазаров, Святко, 2019; Бейсенов, Дүйсенбай, Ахияров, 2020; Бейсенов, Дүйсенбай, Ахияров, Джуманазаров, 2018; Бейсенов, Косинцев, Ахияров, Гимранов, 2022; Бейсенов, Лю, Цао, 2022; Бейсенов, Шевнина, 2022; Бейсенов, Шульга, Ломан, 2017; Дүйсенбай, 2019; Косинцев, Бейсенов, 2020; Косинцев, Бейсенов, Гимранов, 2022; Weisenov, 2021).

Абылай қонысында 2016-2021 жылдары барлығы алты қазба салынды. Соңғы, яғни 2022 ж. бұнда реттік саны бойынша №7-ші қазба жасалды. Төменде осы қазбаға байланысты мәліметтер қысқаша түрде ұсынылады.

Жаңа қазба осының алдындағы, яғни №6-шы қазбаның оңтүстік жағына салынды. Бұның алдындағы қазбалар да осы тәртіппен, атап айтқанда солтүстіктен оңтүстікке бағытталып отырғанын айта кету керек. Өз кезегінде бұл тәртіп құрылыс жүйесі солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған нысанның планиграфиялық ерекшелігіне байланысты қалыптасқан болатын.

№7-ші қазбаның жалпы ауданы 112 м². Нысанды зерттеу жұмыстары қабырғалары 4 x 4 м болатын жеті шаршы арқылы жүзеге асырылды. Сызықтар меридиан бойынша цифрлық индекстермен (1-3), бойлық, яғни батыс-шығыс бағытта әріптік индекстермен (А-Б-В) белгіленді. Топырақты алу барысы секторлар (шаршылар) және қабаттар бойынша жүзеге асырылды.


Қазбаның тереңдігі түрлі телімдерде 0,35 м-ден 0,5 м-ге дейін барады. Орташа тереңдігі – 0,4 м. Зерттеу барысында негізінен үш қабатты қамтитын стратиграфиялық ерекшелік анықталды:

1. Бірінші қабат. Қарақоңыр, қара түстес шым, орташа тығыздықта. Қалыңдығы 7-10 см. Шымның астыңғы жағында кездесетін табылымдар тек бірен-саран ғана.

2. Екінші қабат. Түрі қарақоңырға жақын, біршама тығыз құрылымдағы гумусты топырақ, қалыңдығы 10-15 см. Бұл тереңдікте жануар сүйегі, қыш бөлшектері мен тас құралдар аздап табылды.

3. Үшінші қабат. Тығыз, түсі негізінен сарғыш-қоңыр, балшықты құрылымдағы топырақ. Қалыңдығы 10-15 см. Мәдени қабаттың негізін құрайтын осы бөлікте қыш (сур. 1) пен тас құралдың (сур. 2) басым көпшілігі табылды. Осының астынан аршылған материк деңгейі біршама қатты, түсі қоңыр-қызғылт болып келіп, жақсы ажыратылады. Қазба ауданының әр жерінен астыңғы жертастар да осы деңгейде жақсы байқалып отырады.

*Мақала ҚР ҒК ҒЖБМ ЖТН № AP14872148 «Сарыарқаның ерте темір дәуірі: заманауи концепция жасау, деректер қорын жүйелеу, хронологиялық баған әзірлеу» атты гранты аясында дайындалды.



Сур. 1. Абылай қонысының қышы, №7 қазба, 2022 ж.

Қазба ауданында жартылай сақталған бір тас құрылыс, түрлі өлшемдегі бес шұңқыр, сондай-ақ, бір жерден күл қабаты ашылды.

Құрылыс ұзын бағыты бойынша оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа созыла салынған. Кезінде овал пішіндес бұл құрылыстың тек оңтүстік-батысты алып жатқан бөлігі ғана сақталған. Сақталған өлшемдері бойынша құрылыстың қазіргі ұзындығы мен ені 4 м шамасында, топырақ араластыра екі қатар таспен көтерген қабырға жалпақтығы 0,7 м, биіктігі 0,4-0,5 м. Бұзылған жағын шамамен санағанда, бұл құрылыстың бастапқы өлшемдері 7-7,5 x 4 м болуы мүмкін деп топшылаймыз. Сыртғы және ішін қабырға бойымен айналдыра тігінен орнатылатын тақтатастары жоқ. Әдетте үстіңгі жағы жер бетіне едәуір шығып тұратын, жақсы көрінетін бұл тастар құрылысты бұзу барысында түгелімен алынып кетуі әбден мүмкін. Көлемі мен тұрғызу әдістеріне қарағанда, бұл құрылыс тұрғын үй қызметін атқарған.

Құрылыстың ішінде №1, №2 шұңқырлар С-О сызығымен орналасқан.

Солтүстіктегі №1 шұңқыр дөңгелек порымда, қима сызығында қазан пішіндес. Диаметрі 0,7 м, тереңдігі 0,5 м. Аралас топырақпен толған, және күл бар. Шұңқыр ауызынан төмен, қабырға бойымен бір қатар таспен жиектелген. Жоғарғы деңгейде жануар сүйектері кездесті. Шұңқыр ошақ ретінде пайданылуы мүмкін.

Бұдан онша алыс емес, оңтүстікке таман орналасқан №2 шұңқыр формасы дөңгелекше, овалға жақын, қимада қазан тәріздес. Өлшемі 0,5 x 0,4 м, тереңдігі 0,4 м. Аралас топырақпен толған, күл аздап байқалады. Бірнеше жануар сүйегі кездесті.

№3 шұңқыр аталған тас құрылыстың ОБ жағында, А3 шаршыда орналасқан. Овал порымдас, қима сызығы аласа аяқ (табақ) тәріздес. Өлшемдері 0,8 x 0,5 м, тереңдігі 0,1 м. Күл ішінде біршама таза топырақ, күл белгілері жоқ.

№4 шұңқыр В3 шаршыда, тас құрыстың оңтүстік жағында ашылды. Формасы дөңгелек, қимада аласа аяқ немесе табақ тәріздес. Диаметрі 0,5 м, тереңдігі 0,15 м. Таза топырақпен толған.

№5 шұңқыр В3 шаршыда, тас құрылыстан оңтүстік-оңтүстік-шығысқа таман жерде. Шұңқыр айналасында аумағы үлкен күл дағы жақсы байқалады, бұл өзі осы В3 шаршының оңтүстік-шығыс бұрышын түгелге дерлік алып жатыр. Шеттерінің шаршы сызығынан арығарай жатуы себепті, бұл шұңқыр толығымен ашылған жоқ. Оның қазбаға енген жері созылық овал формада, өлшемдері 1,6 x 0,6 м, тереңдігі 0,2 м. Қимада қазан тәріздес. Аралас топырақ арасында да біршама мөлшерде күл бар.

Жануар сүйектерінен басқа, қазба ауданында 197 қыш ыдыс бөлшегі (сур.1), 100-ге жуық тас құрал (сур. 2) табылды. Қыш кешенінде 27 дана ернеу, 7 түп бөлшегі, сондай-ақ, ою фрагменттері сақталған 17 қабырға сынығы бар. Алғашқы деңгейдегі анықтаулар бойынша ыдыс саны кемінде 13 дана. Бұның көбі мойынсыз, тік қабырғалы ыдыс («банка» типтес), мойынды көзелер бірен-саран. Қыштың қатты ұсақталуы, яғни үлкенірек бөлшектердің аздығы жалпы Орталық Қазақстан сақ дәуірі қоныстарына тән құбылыс екендігі айтылған болатын. Сондықтан, бұл қоныстарда кезінде пайдаланылған ыдыс бойынша жалпы статистика, толыққанды морфологиялық сараптама мен басқадай тұжырымдар жеткілікті деңгейдегі дереккөздерге сүйенетіні белгілі. Бұл орайда айта кететініміз, бірнеше жыл қазбаға тартылып отырған Абылай қонысының қыш кешені бойынша зерттеудің қорытындылары қазір дайындық үстінде.

Сонымен қатар, №7 қазба деректерінің өзі жаңадан табылған қыш үлгілерінің алдыңғы материалдармен бірдей екенін көрсетті. Тегіс немесе дөңес, сүйірлеу келген ернеулер (сур. 1: 1-3), ою-өрнектің дені іштен және сырттан басылған шұңқыршалар мен «маржандар» (сур. 1: 4) арқылы берілуі, ыдыс түбінің тек тегіс, жайпақ порымда болуы, т.б. ерекшеліктер бұл қыштың тасмола мәдениетіне қарасты қоныстардың барлығына тән екенін көрсетеді. Аталмыш қоныстардың қышы біртектес және оның бір мәдени үрдіске жататындығы жайлы пікір алдыңғы басылымдарда нақты айтылып өткен болатын (Бейсенов, Шульга, Ломан, 2017).

№7 қазбадан алынған бір фрагментте (сур. 1: 5) сызып түсірген бір қатар горизонтал ирек («зизаг») бар. Соңғы жылдары бұндай оюды «кастыңғы жағы жоқ үшбұрыштар қатары» деп атау кездесіп жүр, ол дұрыс емес. «Үшбұрыштар» деп үш қабырғасы бар фигураны айтады. Беріліп отырған ою түрі бұл «ирек». Негізі, ирек те, үшбұрыш та сақ дәуіріне қарасты есекерткіштерде аз кездеспейді, атап айтсақ, ең алдымен жерлеу нысандарында бар. Екеуі де қоныстарда қалған, қабірге қойылып отырған қола дәуірі ыдыстарын оюлаудан жеткен, яғни ертеде қалыптасқандәстүрдің жұрнағы.

Абылай қонысы қышынан кездескен иректің жерлеу орындарынан шыққан ең жақын аналогы бұл осы өлкеде зерттелген Қособа қорымы 2-ші қорғанынан шыққан ою болып табылады (қ., Бейсенов, 2014, рис. 6). Тасмола мәдениетіне қарасты қоныстар пен жерлеу нысандарынан шыққан қыш ыдыстың өзара арақатынасы жайлы ғылыми бағыт енді қалыптасып келеді. Бұл аспектінің тым ұзақ уақыт бойы ғылыми көзқарасқа тартылмауының нақты себептері бар. Біріншіден, осыған дейін қоныс атаулының ашылмай келуі (Бейсенов, Дүйсенбай, Ахияров, 2020, б. 78), - қоныс жоқ болса, оның қышы да зерттелмейді. Екінші, бұл да өте маңызды себеп, тасмола жерлеу орындарында қыш ыдыс аз кездеседі. Қазір тасмолалық жерлеулерден жиналып отырған аз да болса қолдағы материалды қоныстық қыш кешенімен салыстыру өз нәтижесін беруде. Ең бастысы, морфологиялық қана емес, технологиялық әдіске жүгінген арнайы сараптамалар екі топтағы қыштың өзара жақын екенін көрсетті (толығырақ қ., Бейсенов, Ломан, Шашенов, 2021).

Жаңа қазбадан түскен тас құралдар тобы (сур. 2) да жинақталып отырған материалды едәуір толықтырып отыр. Жалпы саны 100 жуық бұйымның нақты функционалдық мәні арнайы трасологиялық сараптама барысында анықталмақ. Бұның арасынан шаруашылықта ұсталған, яғни пайдаланылған құралдармен қатар, құрал жасап шығаруға керекті, дайындап қойылған үлгілер де, сол үшін сырттан әкелінген табиғи кесектер(конкреция) де болады. Алғашқы пайымдаулар бойынша, аталмыш жиынтықтың 80 астамы нақты құрал деп бағаланды. Бұндай археологиялық «пайымдауларға» негіз бар екенін айтып өту керек. Тасмола қоныстарының құралдарын трасологиялық сараптамадан (қ., Бейсенов, Дүйсенбай, Ахияров, 2020, б. 80-82) өткізу жақсы дегейде жолға қойылып отыр дей аламыз. 2022 жылдың күзіндегі ахуалды айтсақ, бір ғана Абылай қонысынан жүздеген тас құрал трасологиялық сараптамадан өткен екен. Басты қорытындысын біз күтіп отырған бұл жұмыс көптеген құрал түрлерін дұрыс түсінуге мүмкіндік беріп отыр.

Жаңа топтама ішінде бұрыннан таныс құрал түрлері бар. Бұл кетпендер (сур. 2: 1), овал пішіндес қырғыш (сур. 2: 2), пест (сур. 2: 3), үккіш тақта сынығындағы қайрақ(сур. 2: 4), сақпан оғы (сур. 2: 5), төс (сур. 2: 6), жерлеулерде жиі кездесетін «құрбандық ыдыс» порымдас шамдал (сур. 2: 7), т.б. Бұндай құрал түрлері Абылай қонысынан алынған алдыңғы материалдар негізінде біршама жақсы қаралып өткен болатын (толығырақ қ., Бейсенов, Горашук, Дүйсенбай, 2021; Бейсенов, Горашук, 2022). Бұл тұжырымдамаларда құралдар бірнеше класс, топ және түрлерге бөлініп қарастырылды, олардың басты ерекшеліктері нақтыланды. Мәселен, кетпендер алғаш рет қатты және жұмсақ топыраққа арналған түрлерге ажыратылды, бізге танымал қайрақтар ғана емес, төстерде де кезінде соғылған темір іздері бар екені дәлелденді, т. с. с.



Сур. 2. Тас құралдар. Абылай қонысы, №7 қазба

Айрықша мәнді ерекшеліктердің бірі, трасологиялық сараптамалар Орталық Қазақстан сақ дәуірі қоныстарында тас құралдардың комбинациялы түрлері жиі кездесетінін көрсетіп отыр. Істен шыққан кетпенді арығарай қырғыш ретінде қолдану, өсімдік ұнтақтаған үккіш тақтаның сынығын қайраққа, тіпті балғаға айналдыру, бір құралда оны екі бағытта, яғни пест және курант ретінде қолданғанын айғақтайтын іздердің болуы, т.б. өте қызықты аспектілерді алғаш біліп отырмыз. Танымал трасолог маман И.В. Горащук әдетте жерлеу орындарынан көп шығатын «тас құрбандықтарға» ұқсайтын ортасы шұңқырлау, жиектері көтеріңкі келген шағын бұйымдарды (сур. 2: 7) қоныста көп қолданылған шамдал ретінде қарастыру жайлы қызықты пікір айтып отыр. Оның пікірінше, бұл бұйымдар жарық беретін шам қызметін атқарған, ортасына май құйып, шетінен білтекелтірген. Бұл соны пікір, бұл бұйымдардың ортасында от табы, күйе ізі бар ма, оны анықтау үшін арнайы сараптамаға тартуға тұратын ұсыныс.

Сонымен, Абылай қонысы зерттеу жалғасып келеді. Жеті жылда нысанның үлкен бөлігі қазбаға түсті. Қоныстың қиыр оңтүстігіне жеткен қазбалар ендігіде оның батысқа қарай бұрылып тоқтаған соңғы секторларына жалғастырылмақ. Шамамен, қалған 300 м² жуық телім ашылса, бұл қоныс толығымен қазылған болып шығады. Орталық Қазақстандағы тасмола қоныстарының ішінде толық зерттеуге жоспарланған бұл алғашқысы.

Әдебиеттер тізімі

- Бейсенов А.З. Исследование кургана сакского времени с каменным изваянием на могильнике Кособа (Центральный Казахстан) // Древние и средневековые изваяния Центральной Азии. Барнаул: АлтГУ, 2014. С. 7-16.
- Бейсенов А.З. Раскопки поселения Абылай (Результаты исследования «шлака» из культурного слоя) // Древняя и средневековая культура Центральной Азии: преемственность и трансформация культур. Материалы международной научной конференции, посвященной 60-летию Г.К.Омарова. Алматы, 5 июня 2021 г. Алматы: Қазақ университеті, 2021. С. 63-68.
- Бейсенов А.З. Поселения Абылай – пам'ятка доби раннього заліза Центрального Казахстану // Археологія і давня історія України. 2022а. Вип. 1 (42). С. 120-130.
- Бейсенов А.З. 2021 ж. Орталық Қазақстан сак дәуірі қоныстарында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары // Қазақстандағы археологиялық зерттеулер. 2021. Астана: ҚР Ұлттық музейі, 2022б. Б. 210-214.
- Бейсенов А.З., Гимранов Д.О., Ахияров И.К., Дүйсенбай Д.Б. Поселение сакского времени Абылай в Центральном Казахстане // Теория и практика археологических исследований. 2018. №2 (22). С. 150-171.
- Бейсенов А.З., Горащук И.В. К изучению хозяйственной деятельности населения сакского времени Центрального Казахстана (по материалам трасологических исследований) // Вестник археологии, антропологии и этнографии. 2022. №3 (58). С. 42-57.
- Бейсенов А.З., Горащук И.В., Дүйсенбай Д.Б. Трасологическое исследование каменных орудий поселения сакского времени Абылай, Центральный Казахстан // Поволжская археология. Казань, 2021. №3 (37). С. 182-199.
- Бейсенов А.З., Дүйсенбай Д.Б., Ахияров И.К., Джуманазаров Н.Ш. Новые исследования поселений сакского времени Центрального Казахстана // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского Края. Барнаул, 2019. Вып. XXV. С. 7-15.
- Бейсенов А.З., Дүйсенбай Д.Б., Ахияров И.К., Джуманазаров Н.Ш., Святко С.В. Исследования поселения и курганов раннего железного века в Центральном Казахстане // Полевые исследования в Верхнем Приобье, Прииртышье и на Алтае (археология, этнография, устная история и музееведение). Барнаул, 2019. Вып. 14. С. 4-17.
- Бейсенов А.З., Дүйсенбай Д.Б., Ахияров И.К. Орталық Қазақстан сак дәуірі қоныстары: пәнаралық зерттеулер // «Қазіргі археологиялық зерттеулердегі жаратылыстану ғылымдарының әдістері: теория мен практика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 2020. Б. 78-85.
- Бейсенов А.З., Дүйсенбай Д.Б., Ахияров И.К., Джуманазаров Н.Ш. Сарыарқаның соңғы қола және ерте темір дәуірлері ескерткіштерін зерттеудегі жаңа деректер (2018 ж. зерттеулер бойынша ақпарат) // Альманах. Мәдениет. Культура. Culture. Астана, 2018. №4. С. 88-98.
- Бейсенов А.З., Косинцев П.А., Ахияров И.К., Гимранов Д.О. Массовое захоронение домашнего скота на поселении раннего железного века Абылай в Центральном Казахстане // Вестник КазНУ. Алматы, 2022. №2 (105). С. 22-30.
- Бейсенов А.З., Ломан В.Г., Шашенов Д.Т. Керамика из новых курганов тасмолинской культуры // Нижневолжский археологический вестник. 2022. Т. 21. №1. С. 6-20.
- Бейсенов А.З., Лю Я., Цао Х. Новые радиоуглеродные даты из поселений сакского времени Центрального Казахстана // Поволжская археология. Казань, 2022. №3 (41). С. 215-224.
- Бейсенов А.З., Шевнина И.В. Поселения сакского времени Центрального Казахстана: новые результаты исследования состава керамики // Вестник Дагестанского научного центра. 2022. №86. С. 23-32
- Бейсенов А.З., Шульга П.И., Ломан В.Г. Поселения сакской эпохи. Алматы: НИЦИА «Бөгазы-Тасмола», 2017. 208 с.
- Дүйсенбай Д.Б. Ерте темір дәуірінің ескерткіштері – Абылай қонысы // «Ақынжанов оқулары – 2019». Алматы, 2019. Б. 57-63.
- Косинцев П.А., Бейсенов А.З. Лошадь из поселения раннего железного века Абылай в Центральном Казахстане // Экология древних и традиционных обществ: Материалы VI Международной научной конференции, Тюмень, 2-6 ноября 2020 г. Отв. ред. Н.П. Матвеева, Н.Е. Рябогина. Тюмень: Изд-во ТюмНЦ СО РАН, 2020. Вып. 6. С. 179-182.
- Косинцев П.А., Бейсенов А.З., Гимранов О.Д. Находка тура (*BosPrimigeniusBojanus*) в позднем голоцене Азии // Зоологический журнал. 2022, том 101, № 6, с. 687-692.
- Beisenov A.Z. New Data in the Research of Settlements of the Saka Time in Central Kazakhstan. Theory and practice of Archaeological Research. 2021. 33(3): 181-202.

A.Z. Beisenov, I.K. Akhiyarov, N.Sh. Jumanazarov NEW RESEARCH ON THE SETTLEMENT OF THE SAKA TIME ABYLAY IN CENTRAL KAZAKHSTAN

The article provides brief data on new studies of the settlement of the Tasmola culture of Central Kazakhstan. The Abylay settlement is located on the territory of the Karaganda region. In 2022, an area of 112 square meters was excavated at this site. The excavations revealed the remains of one dwelling and 5 pits. In the cultural layer of the settlement, 197 fragments of ceramics, about 100 stone tools, as well as numerous bones of domestic animals were found. The Abylai settlement has been studied since 2016. Previously, 6 excavations were made. New excavation 7 continued these works. This settlement is planned to be excavated completely, for this, 2 new excavations are still needed. It will be the first Saka settlement of the time of Central Kazakhstan, which will be completely excavated.

ТАСМОЛА, ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: КӨНЕ БОЯУЛАР ҚҰПИЯСЫ*

Бүгінгі күні, ХХІ ғ. археология ғылымында пәнаралық ізденістердің (Бейсенов, Дүйсенбай, Ахияров, 2020) маңызы күн санап артып келеді. Тарихи пәндерге жататын археология мен этнография арасындағы тығыз байланыс бұрындары жақсы қалыптасып, дәстүрлі бағытқа айналған болатын. Қазір оның аясы әлдеқайда кеңейді. Заттық кешен, жерлеу ғұрпы элементтері, тастағы таңбалар сынды археологиялық ізденістер барысында алынған толып жатқан деректерді зерделеуде ғалымдар бүгінгі таңда этнографиялық мағлұматтарды әлдеқайда кең және толығырақ пайдаланады. Енді қанат жайып, пәрменді дамып келе жатқан сала бұл археологиялық материалды жаратылыстану ғылымдарының заманауи әдіс-тәсілдерінің көмегімен зерттеу.

Мақалада Орталық Қазақстанда табылған тасмола мәдениетіне қатысты сүйек бұйым сөз болып, оны зерттеу барысында жасалған арнайы сараптамалардың нәтижелері беріледі (сур. 1).



Сур. 1. Бәйке-2 қорымынан табылған бұйымның фото, сызбалары. 2 – сары шеңберлер сараптамалық үлгілер алынған орындарды көрсетеді.

*Мақала ҚР ҒК ҒЖБМ ЖТН № АР14872148 «Сарыарқаның ерте темір дәуірі: заманауи концепция жасау, деректер қорын жүйелеу, хронологиялық баған әзірлеу» атты гранты аясында дайындалды.

Атақты аң стилімен өрнектеліп (Arman Z. Beisenov, 2020), қызыл және жасыл бояулармен безендірілген сүйек бұйым Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы Бәйке-2 қорымының 7-ші қорғанынан табылды. Бұл ескерткіш Қазақстан аумағында, әсіресе Орталық Қазақстанда кең тараған «мұртты қорған» типіне жатады. Кешен батыс тараптағы негізгі үйіндіден, оның шығысындағы кіші үйіндіден және одан шығысқа тартылған екі тас тізбектен тұрады. Қорымдағы қорғандардың барлығынан жаңа дәуірде көптеп тас алуы себепті мұндағы нысандардың үйінділері бастапқы күйде сақталмаған. Бұл жайт аталмыш нысанға да қатысты, нашар сақталған «мұрттарды» айтпағанда, екі үйіндіден де тас алынған. Шығыстағы кіші обадан жерлеу орны, сондай-ақ заттай деректер табылмады. Негізгі обаның сақталған диаметрі 12,5 м, биіктігі 0,35 м. Пішіні ұзынша овалға келетін қабір шұңқырының тереңдігі 1,7 м. Жерлеу орны қатты тоналған. Қабір еденінде адам қаңқасының бір бөлігі жатты, жекелеген сүйектер жоғарғы деңгейлерден де кездесті. Басымен батысқа қараған толық емес қаңқа жанынан қолдығы бүйірінен шығарылған қола айна, тас құрбандық және пастадан жасалған, сипаты ворворқаға келетін екі бұйым табылды. Аталып отырған сүйек бұйым адам қаңқасының сол жақ қолы тұсында, қабір еденінен 0,2 м жоғары жерден шықты.

Ірі жануардың жілік сүйегінен қиып алынған бұйымның іші қуыс, екі жағы ашық. Бұйымның ұзындығы 83 мм, үлкен және кіші екі шетінің өлшемдері 48x39 мм, 43x32 мм. Екі шетіндегі екі-екіден жасалған тесіктердің диаметрлері әртүрлі: үлкен жағында 2 мм, ал кіші жағында 3,5 мм. Қабырғасының қалыңдығы 2 мм.

Осы табылым туралы, оның функционалдық мәніне байланысты екі пікірді атау керек.

Бұны екі шетінде тесіктер арқылы бекітілген түбі мен қақпағы болған, кезінде әйел адам ине, т.б. жеке заттарын ұстаған шағын құты деп қарастыруға болады.

Екінші қызықты пікірді 2023 ж. 11 сәуірінде Қазақ Ұлттық университетінде Р.Жұматаев ұйымдастырған кездесу барысында профессор Ә.Төлеубаев айтты. Бұйымды қолына алып, мұқият қарап шыққан ғалым бұны әйелдердің бұрымына кигізген, әрі практикалық қолданыста нақты қажеттілігі бар, әрі сәнді жасалған бұйым деп санауды ұсынды.

Бұйымның сыртқы бетінде, оның айнала жазықтығын түгел қамтып, ойып түсірілген жануар бейнелері, олардың қызыл және жасыл түспен боялуы бұл табылымның маңызын айрықша ашады.

Жазықтықта барлығы 16 жануар бейнесі және «құйын розеткасы» (вихревой знак, вихревая розетка, узел) деп аталып жүрген өрнек бар. Тоғыз шөпқоректі, алты жыртқыш және бір белгісіздеу жануар бейнелері аң стиліндегі қызықты әрі жұмбақ композицияны құрайды. Жануарлардың сипаты, олардың кейбір ерекшеліктері алдыңғы басылымдарда қаралып өткен болатын (қ., Бейсенов, Джумабекова, Базарбаева, Дуйсенбай, 2017).

Есік «Алтын адамының» ашылуы сол кездерде одақ, әлем көлемінде археология ғылымына үлкен жаңалық болып енгені жақсы белгілі. Ол тарих, археология, этнография, мифология және т. б. көптеген ғылым саларында жаңа ойлар мен пікірлер, ұсыныстарға жол ашты, оның ішінде еуразиялық аң стиліне байланысты соны ізденістерге бағыт берді (Акишев К.А., 1978; Акишев А.К., 1984). Егемендік жылдары отандық археологияда орын алған жаңа ашылымдардың көлемі мен ғылыми құндылығы сондай, сақ-скиф мәдениетін зерттеу мүлдем жаңа белеске көтерілді (Самашев, 2011; Бейсенов, 2014; Төлеубаев, 2018).



1973 жылы Жеймс Хамилтон қолжазбаның соңғы тарауындағы мәтінді талдай келе, қолжазбаны «Та-юнь-тан» монастырында (Tan-gün-tan manistan) -жас монах (kiçig dintar) , өзінің үлкен ағасын (bwgua : yuru - аға діни қайраткер) тындап, Саңун Ит Ачук (әскери генерал Ит Ашық - Isig : Sañun : It Asuq) үшін жазған деп, кітап түгелдей 920-930 жылдар аралығында яғни, 930 жылдың наурыздың 17-нші күні жазылған дейді. Қолжазба мәтінінде қарсылық (жаман-жақсы) бағалары бар белгілер мен сенімдер туралы ілімнің тибеттік дәстүрінің әсері әрі манихей ортада жазылған деп

¹⁰ British Library , Dunhuang Mogao (Ch.0033/Ch.10.VI.20) http://idp.bl.uk/database/oo_scroll_h.a4d?uid=612556778:bst=1:recnum=2941:index=1:img=1

есептеді. Қолжазбадағы көне түрік жазулы мәтіні қытайша жазбалардан он немесе бірнеше ондаған жылдар бұрын жазылған дейді (Hamilton, 1975:7-19).

Ия Васильевна Стеблева «Ырық бітіг» қолжазба мәтінінде манихей дініне тән «дуализм» *ala atliŷ jol Tāŷgi* - (бог черного пути), *qara jol Tāŷgi* -(бог черного пути), жақсы, жаман, жарық, қараңғы, құдай, шайтан секілді қолданыстар орын алған деп қарастырады (Стеблева, 1970:150-177). И.Я. Стеблева аталмыш қолжазбаға қатысты, Ұйғыр қағандығы дәуірінде манихей дініне ерекше қолдау көрсеткендіктен осы манихей дінінің «кіші дінтар», «бурвагуру» дәрежелілер тарапынан дін қауым өкілдері «тыңдаушыларға» арнап 65 бөлік (44 «жақсы», 20 «жаман») жазылған деп баяндайды. Болжам айту, бал ашу үшін ойын тастарын лақтырып, аталмыш кітаптың бөліктеріне сәйкестігін қарап айтқан. Сондықтан «Ырық бітіг» кітабы таза әдеби немесе діни шығарма емес, көркем бейлеудің тамаша лирикалық үлгісі, құдай, адам, жануар кейіпкерлері суреттелген «поэтикалық миниатюра» деп қарастырған (Стеблева, 1970: 213-226).

1972 жылы Луис Базин «Ырық бітіг» көне түрікше бөлігі 930 жылы немесе 942 жылдары жазылды, қытай бөлігінің жазылуы X ғасырдың 2-жартысында болуы керек деп болжайды (Bazin, Hamilton, 1972:25-42).

1977 жылы Марсель Эрдал аталмыш ескерткіш тілінің кейбір сөз, сөз тіркестері туралы (Erdal, 1978:87-119), 1984 жылы Терехюки Икеда мәтін және оның кейбір сөздері жайында талдау зерттеулерін жариялады (Ikeda, 1984:81-125).

1990 жылы Ғұбайдолла Айдаров «Ырық бітіг» кітабы мәтінін алғаш рет қазақша аудармасын С.Е.Маловтың орысша аудармасы негізінде жасады (Айдаров, 1990:146-169). 1996 жылы Алан Молнар кітаптың мәтініне қатысты мақала жариялады (Molnar, 1996:367-371).

1993 жылы Талат Текин «Irk Bitig: The Book of Omens» (Tekin, 1993:75-133) деген атпен кешенді зерттеуін ағылшынша жариялады, одан кейін аталмыш зерттеу монографиясын қазіргі түрік тіліне аударып 2013 (Tekin, 2013) және 2017 (Tekin, 2017) жылы жариялады. Т.Текиннің бұл зерттеу еңбегінің құндылығы жаңаша көзқараспен сөз, сөз тіркестердің семантикалық жөн-жосығын талдаған іргелі зерттеу.

2002 жылы Сергей Григорьевич Кляшторный «Ырық бітіг» кітабы мәтінінде кездесетін «*Teŷiride : eriklig : ter*» (*небесный бог, Эркилг, загробный мир, владыка Нижнего мира, мир мертвых*), «*eriklig : sabči : töretemiš : ter*» (*на поле боя Эркилг сделал (его своим) посланцем*), «*ülüg*» (*судьба атаулары сынды манихеизм мен жергілікті наным-сенімдері сіңісіп (Тәңір, Ұмай, Еріклік - үш әлем)*), «*ala : atliŷ : yol : Teŷiri*», «*qarī : yol : Teŷiri*» (*пантеон двух божеств*) *астасын, «aq : at*» (белый конь) деген манихей дінінің ықпалы бар мотив екендігін атап (Кляшторный, 2006:191-198), көне түріктердің наным-сенімдері мен ырымдарының ерекше энциклопедиясы («Книга притч») кітабын манихей діні кіші қызметкері тарапынан ұстазы «буруа гуру»-дан естіп тыңдап, әскери қолбасшы ағасы Ит-Ачұқ-қа арнап 930 жылы наурызда жазған деп тұжырымдайды. С.Г. Кляшторный «Ырық бітіг» мәтінін В.Томсен аудармасы негізінде «Әлем апаты, дүние түзелу, балалық шақ, тағдырмен кездесу, батырлық кезең, соғыс, киіз үй жасау, үйлену, ұрпақ тілеу, Эріклік, бек болу, бүркіт, тұйғын құстарды мадақатау, хан болу» сынды тақырыптармен жаңғыртып жасады (Кляшторный, 2003:350-357).

2004 жылы Виктор Михайлович Яковлев орыс тіліне қайтадан аударып, төрт қырында сан белгісі бар «параллелепипед» пішінді сүйекті тастау арқылы бал ашудың амалы жасалды, оған тибет және соғды үлгілері ықпал етті дейді (Яковлев, 2004). Аталмыш аударма жайында Л.Ю. Тугушева (Тугушева, 2007:309-311) арнайы рецензия жазып, зерттеудің әлі де кейбір шикіліктері мен мәселелерін талдаған еді.

2005 жылы «Ырық бітіг» мәтінінің орыс тіліндегі жаңа әдеби көркем поэтикалық аудармасын Анатолий Васильевич Преловский жасады (Преловский, 2005:80-92).

2006 жылы Фузули Байат «Ырық бітіг» шығармасында лексикалық қайталаулар маңызды орын алған, көне түрік поэзиясының бір ерекшелігі аллитерациялар жиі кездеседі. стильдік параллелизмдер шығармаға жоғары әдеби баламаны берді, ауызекі тілде жазылғандығы және ауызша мәдениет дәстүріне тән проза мен поэзия үйлесім тапқан ««Ырық бітіг» мәтініндегі «төрттік» Анадолияда «тап-мани», Әзірбайжанда «*bayatı* - баят (бәйіт)» күйде дамып, нәтижесінде жаңа жүйесі қалыптасуға ықпал етті деп тұжырымдайды (Bayat, 2006:40-58).

2008 жылы Түркиялық Жевал Кая «Ырық бітігте бал ашу» деген мақаласында шығарма көне түрік тілінде жазылған, мазмұнында манихейлік ықпал жоқ және төртқрыл сүйектен жасалған, әр бір қырына 1-4 сан жазылған, бал ашу туралы бір бақсының аузына жазылған мәтін деп қарастырады (Kaŷa, 2008:359-368).

2010 жылы Фолкер Рыбатцкий Орталық Азиядағы түріктерде болжам жасау, бал ашу ерекше орын алғандығын атап көрсетіп (Rybatzki,2010:79-102), **jaručī-** (Wahrsager aus dem Schulterblatt eines gebratenen Hammels) жауырыншы, **tölgöči-** (Wahrsager mit Hilfe eines kleinen Bogens) жебемен болжаушы, **qol-köröči-** (Wahrsager aus den Handlinien) қол көруші, алақан қараушы, **arbiči-** ('Wahrsager, die flüstemd sprechen) арбаушы, **jadači-** (Wahrsager, die das Wetter beeinflussen) жадашы (жанбыр жаудырушы), тывалықтарда кеңінен таралған 41 тас «**cuvaanak**» және **čarinnaar** (the shoulderblade-oracle) жауырыншылар болған деп, түрік, ұйғыр дәуірлері одан кейінгі моңғол дәуірінде де болжам жасау істері болғандығы тілге тиек етеді. Ф.Рыбатцкий аталмыш мақаласында Чарлес П. фон Бауденнің моңғолдардағы астрология мен көріпкелдіктер туралы мақаласындағы (Bawden,1958:317-337) «еріксіз көріпкелдік (unwillkürliche Divination)», «арнайы көріпкелдік (absichtliche Divination)» деген топтамасын тілге тиек етіп, ортағасырлық моңғол жазба нұсқаларында «сәтті және сәтсіз жыл, ай, күндер», «адамның меңдері», адамның түшкіруі, қол аяқтың қышынуы, жылқының қимылдарына орай ырымдау, құстардың қимылдары, дауыстары сынды болжау жасау, моңғол тілдеріндегі **daluyin tölge-** жауырын ашу, **šoo-yin tölge** - төрттұбырыш кубик тастау, **joyos-un tölge-** тиын монета тастау, **tölge** // **tölög** -төлгө бал, балгерлік, **tölgöči** -төлгөчин балгер, балшы, атаулары жазба деректері жайында тоқталады. Ф.Рыбатцкий «Ырық бітіг» қолжазбасы қандай бір аударма кітап емес, түрік авторының туындысы деген қорытынды жасайды. Ф.Рыбатцкий : «...Бұл соңғы мәлімдеме өте маңызды, өйткені тек қана көне түріктердің мәдениетіне ғана тән емес, сонымен қатар түріктердің оңтүстігі мен оңтүстік-батысындағы мәдениеттерге де тән болжау тәсілдері бар. Алайда, осы болжау амалы – қытай мәдениетіне тән емес көріпкелдік түрі» деп, түрік, тибет, санскрит текш тастардың сандарының салыстырмалы кестесін ұсынады.

2013 жылы «Ырық бітіг» қолжазбасын эзербайжан тіліне Эзербайжан ғалымдары Гөйбей Улуч, Айгун Хүсейнлі, Ділбәр Мехдиева, Өззжан Қыр, Ирана Ибрагимова, Жейран Сәрханбайева (Irk bitig, 2013) толық мәтінін аударды, сонымен қатар сол жылы Түркияда Ерхан Айдын, Рысбек Алимов, Фикрет Йылдырым (Aydin, Alimov, Yildirim, 2013) тағы да түрікше аударылған нұсқалары жарияланды

2015 жылы Фолкер Рыбатцкий и Ху Хонг (Hu Hong) «Ырық бітіг» мәтініндегі қытайша буддалық өлеңдерін толықтай талдай келе, аталмыш кітап 920-930 жылдары жазылған деген тұжырымға келген (Rybatzki, Hu, 2015:149-173).

2015 жылы Кубан Сечкин «Ырық бітіг» қолжазбасымазмұнындағы «жақсы мен жаман» түсінігінің қоғамдық -элеуметтік негіздеріне назар аударуға бағытталған туынды деп қарастырады (Seçkin,2015:143-145).

2016 Николай Пчелин, Симне-Христиане Рашманн «Мемлекеттік Эрмитаждағы Тұрпан қолжазбалары – қайта табылуы» атты қызықты ғылыми мақаласында «Ырық бітіг» қолжазбасының тибетше аудармасының шиыршық бірі бөлігін (ВФ-4724 нөмірлі) және оның Берлиндегі Турфанфоршунг коллекциясында бар екендігін хабарлайды (Pchelin, Raschmann,2016).

2016 жылы Абай Каиржанов «Irk bitig» шығармасы және қытайлықтардың «Өзгеріс кітабы» классикалық еңбектерінде сәуегейлік мазмұндары ұқсас маркер сөздер негізінде манихейлік, христиандық, буддалық, тәңіршілдік іздері араласқан деп қарастырады(Каиржанов,2016:540-547).

2017 жылы Фикрет Йылдырым түрікше жаңа аудармасын дайындап (Yildirim, 2017) жариялады.

2021 жылы Айгерим Жумабаева «Лингвокультурологическая кодификация и интерпретация памятника «Ырық Битиг» (Гадательная Книга)» тақырыбында арнайы диссертация қорғады, «Ырық бітіг» қолжазбасы мәтіндегі сөздерге түсіндірме жасаған. Сонымен қатар, «Ырық бітіг» пен қытайлық «Өзгеріс кітабы» екеуіне мазмұндық салыстырма жасаған, «Ырық бітіг» көне түрік тілінің лексикалық бірліктерін қазіргі түрік тілімен салыстырмалы талдау жүргізіп, мәтіннің орысша жаңаша ғылыми аудармасын (Жумабаева,2021) жасады.

Нәтижелер. «Ырық бітіг» қолжазба кітабының ырым-жосындық мән-мағынасы : Жалпы адамзат тарихында болашақты болжау, келешек болар істі алдын ала білу, адам мен табиғаттың тылсым сырларын сезініп біліп айту, жорамалдау, тұспалдау, келер жақсылықты, жамандықты білу, төніп келе жатқан апатты қауіп-қатерден сақтану ежелден қалыптасқан заңды болмыс. Сөйтіп, адам баласының болжам жасау, жорамалдау іс-әрекеттері «адам - қоршаған орта» (қоғам, өсімдік әлемі, аң-жануарлар әлемі, аспан әлемі (күн, ай, жұлдыздар), жансыз табиғат құбылыстары (жел, боран, құйын, дауыл, сел, жұт) секілді) қарым-қатынастарындағы алуан түрлі табиғи заңдылықтарды танып білу үрдістерінде қордаланған тәжірибелерімен қоса, олардың қайталанатын әрі қайталанбайтын ерекше құбылыстарына ерекше назар аударудан туындады.

Сөйтіп, көріпкелдік, сәуегейлік, болжау іс-әрекеттері қалыптасты. Олармен тұрақты шұғылданатын көріпкел, сәуегейлер әр бір ұлт, ұлыстардың ерекшеліктерін сай пайда болды. Ал,

аталмыш тылсым-сырлы болмысты әлемдік яхуди, христиан, ислам сынды кейбір діндерде тыйым салынған іс-әрекеттер қатарына жатқызды.

Евразиялық Ұлы дала көшпелілерінде ежелден **qam** > кам (Абылқасымов, 1993:90-91), **baqsı** > бақсы, моңғолша **böge** > бөө, **niduyan** > удган, **samyān** > самған, кемпір; тұңғысша **saman** > шаман (бақсы) болашақты болжай айтатын ерекше қабілетті тұлғалар болды.

Көне түріктердің наным-сенімдері, құмалақ ашу, бал ашу туралы қытай деректерінде «...*Ол елу тал ақбасты мыңжапырақ жусанмен бал ашқанды жақсы біледі және оның айтқаны әрқашан дұрыс келетін*», «*жын-шайтаннан именеді, бақсыға сенеді*», «*бал аштырады*» деп кездеседі (Қазақстан тарихы, 2006: 27, 67, 152). Демек сонау түрік дәуірінде V-VIII ғасырларда, ел жұрттың басына келер тағдырын, адамның болашақ жолын, табиғаттың кездейсоқ қауіп-қатерлерін алдын ала болжай білу, олардан сақтану, қорғану іс-әрекеттері қалыптасқанын байқауға болады.

Махмұд Қашғаридің «Түрк тілдерінің лұғаты» (1072-1074 жылы) энциклопедиялық сөздігінде «**īrq**>ырқ - бал, сәуегейлік, адам ішіндегі құпия сырлы бірдемелерді шығару, **īrqla-** > «ырықтау», ырымдау, болжау, бал ашу, **īrqlar** >бал ашар, көріпкелдік ашар», **qam īrqladī** > кам бал ашты, кам көріпкелдік жасады, **qamlar qamuṣ arwaštī** > камдар барлығы арбасты (сәуегейлер бірсыпыра сөздер сөйлеп, арбау оқыды), **arwašur** > арбасу, **arwašmaq** > арбасмақ (жын соғып аурудан айықтыру үшін бұл етістіктерді қолданады)» деп кездеседі (*Qaşğarlı Mahmud, 2014: 20, 110, 531*).

Ал, «Кодекс Куманикус» сөздігінде (XIV ғасыр) **baqši** > бақсы (знахарь), **qam** кам(шаман, колдун, знахарь), **qam qatun kišidir** - кам қатын кісі, **qamliq etermen** қамлық етермін (бақсылық етермін) деп кездеседі (Гаркавец, 2015: 1029, 1183, 1184).

Көне және ортағасырларда кам, бақсылар болашақты болжау істерімен шұғылданғаны анық (Васютин, Дашковский, 2009:307; Тишин, Серегин, 2017:76-96).

«Ырық бітіг» қолжазба кітабын зерттеушілердің басым көпшілігі аталмыш туындыны манихей, буддалық діни болжауларға қатысты амалдарының шығармасы деп қарастырған. Алайда, мәтіндегі «1-1-1», «2-2-2», «3-3-3» «4-4-4» және басқа 65 рет кездесетін «дөңгелек» пішінді сандардың үш-үштен тізбектеліп келетін комбинациясының мән-жайын толық сипаттай алмай келеді.

Кейбір зерттеушілер, Хотан, Термез, Тұрпаннан табылған сопақша келген кубиктерді 1 немесе 3 рет лақтырып пайдаланды десе, кейбір зерттеушілер, төртқырында 1-4 деген «сан» жазылған «**субуқ**»-шұбықтарды (Irk bitig, 2013:16-18) 3 рет лақтырып, түскен сандары арқылы жболжауға мәтінге қарап оқыды деп болжайды.

Қорытынды: «Ырық бітіг» қолжазба кітабы және 41 құмалақ ашу ырым-жосыны: Біздің пікірімізше, «Ырық бітіг» қолжазба кітабының «1-1-1», «1-1-2», «1-1-3», «1-1-4», «2-2-2», «3-3-3», «4-4-4» сынды 65 комбинациясы - 41 құмалақтың үш-үштен келетін 9 ұяшық комбинациясымен дәлме-дәл келетін айқын көріністері демекпіз. Сол негізінде IX-X ғасырларда хатталып жазылған қолжазба нұсқалардың бірі деп есептейміз.

Ендеше, сол 41 құмалақ, құмалақ салу, құмалақшы қазір түрік этностарынан қазақ, қырғыз, хакас, тыва, алтай, сонымен қоса моңғол халықтарында дәстүрлі болжам айту ырым-жосындары ретінде сақталынған. Қазақ бақсылардың 41 құмалақ ашу сарыны: «**Қырық бір шөптен құралған, Алыс-жақынды болжаған**, Жан жолдасым құмалақ, Болжа бәрін туралап. Қуып таста аластап, Сайтан келсе шырмалап. Өзің жебеп демей гөр, Жайыңа қалма домалап!..» (Толыбаев, 2000:104).

Қазақтардағы болашақты болжайтындығы жайында П.С. Паллас «**балшы**, жауырыншы, бақсы, камшы, жадагер» (Паллас, 1773:575-578), И.А. Кастанье «жылқы тұяғы», «**41 құмалақ**», «эйел бақсы -елті» (Кастанье, 1913:35-90) жайында қызықты деректер келтіреді. Жалпы бақсылық туралы, «жауырын (моңғолша: дал)»-мен болдау айту жайында Г.Н. Потанин (Потанин, 1881:81-91), Д. Банзаров (Банзаров, 1891), Ш.Ш. Уәлиханов (Валиханов, 1961), А.А. Диваев (Диваев, 1899: 308-346), Х.Пэрлээ (Далай, 1959) бірсыпыра деректер мен талдаулар жасаған.

Олардың ішінде 41 құмалақпен болжау айту жайында В.В. Радлов кеңінен сипаттаған еді. Ол, қазақтарда «**құмалақ ашады, бал ашады**» деген қойдың құмалағымен 9 орынға орналастыру арқылы жасалатындығын, оны бақсы, қожа, қарапайым қазақтар да жиі қолданатындығын айтады (Радлов, 1989:304-305). Ал, келесі болжау әдісі қойдың жауырынын отқа қақтау арқылы онда пайда болған сызықтары арқылы жасалады дейді.

Қазіргі кезде құмалақ салу, бал ашу дәстүрлері тыва («**хуваанак**»), алтай, хакас «**тас төлке**» (Котожеков, 2022) («**төлке** – гадание, ворожба, **тас төлке** гадание на камушках») (Бутанаев, 1999:153), қырғыз «**төлгөө**» халықтарында да сақталынған. («**төлгөөчү** – төлгө тартуучу адам. Төлгөнү қойдун далысы, таш, таспи (теспе)ғ күзгү, китеп ж.б. жардамы менен тартышат» - Кыргыз этнографиясы, 2005:283») Сөздің төркіні **tölge** -// **tölög**-> төлге, төлөг, төлгөө және асық, тас, құмалақ арқылы болжау, бал ашу, балгерлік жасалады. Қазақтарда «құмалақ салу», «бал ашу» деп қолданады.

Моңғол тілдерінде «**tölge**» төлгө, дүлге, төлг, **merge**» мэргэ тұлғасында аталып, түрлі амалдармен болжау жасау да бар.

Сондай-ақ, моңғолдарда әсіресе Моңғолияның батыс аумағында **qobaly-a**» ховолго татах (21, 41 чулууны мэргэ -21, 41 таспен бал ашу), **qobalyačïn**» ховолгочин (ховолго татах хүн - бал ашушы) дәстүрі де сақталынған.

Халха моңғолдарда 5, 9 тиынмен бал ашу ырымында, тиындарды алақанына дөңгелете қойып күн, ай, тау, қарға, қасқыр, арыстан секілді аспан денелері, аң-жануарлармен атап («зоосны хөл»), тізбектеп орналастырады да, жануарларды ақ, қара деп ажыратып болжайды. Егере ақ қасқыр түссе қатты ырымдайды, жақсылықты нышаны деп ерекше қастерлейді. Мұның өзі бөрі тотеміне қатысты деп қарастырады (Халхын угсаатны зүй, 1987:400).

Моңғолдарда тағы бір болжаудың бір түрі «**дөрвөн йіуай**» шагайгаар мэргэлэх» - 4 асық тастау, асықпен болжау, асық лақтыру ырымы. Онда жылқы, сиыр, қой, ешкі деген атаумен 4 асықтың комбинациясы (4 жылқы, 4 түйе, 4 қой, 4 ешкі және 3 жылқы 1 түйе және басқалар) бойынша ырымдап болжам жасайды.

Демек, көшпелілерде 4 асық лақтыру, 41 құмалақ салу дәстүрі қазірге дейін сақталынғаны анық. Осы екеуінің 41 құмалақ салу дәстүріндегі үш үштен ұяшықтарда орналасу сандарының комбинациясы «Ырық бітіг» сандары комбинациясының сандарымен ұқсас келеді деуге әбден болады.

Құмалақ салу үшін үш үштен 9 ұяшық болады. Құмалақшы 41 құмалақты үшке бөліп, әр бір бөлікті төрт төрттен алғанда, қалған құмалақты аталмыш ұяшықтарға 1-9 ретімен орналастырып салады (Кесте 1).

Кесте 1. 41 құмалақ салудағы 9 ұяшығы мен қазақша атаулары					
Жау (дұшпан) жақ		Жол		Өз жақ	
3	Маңдай (қабак)	2	Маңдай (қабак)	Маңдай (қабак)	1
6	Бүйір (қоржын)	5	Жүрек	Бүйір (қоржын)	4
9	Босаға (бөктеншек, бөктеріншек)	8	Құйысқан	Босаға (бөктеншек, бөктеріншек)	7

Сөйтіп, 41 құмалақтың аталмыш 9 ұяшықтағы құмалақ сандары 1-ден бастап 4-ке дейін мынадай комбинациялық шектеулерде болады (Кесте 2).

Кесте 2. 41 құмалақ салудағы құмалақ сандары 1-ден бастап 4-ке дейін мынадай комбинациялық шектеулер																															
<table border="1"> <tr><td>1</td><td>1</td><td>1</td></tr> <tr><td>1</td><td>1</td><td>1</td></tr> <tr><td>1</td><td>1</td><td>1</td></tr> </table>			1	1	1	1	1	1	1	1	1	\rightarrow				<table border="1"> <tr><td>4</td><td>4</td><td>4</td></tr> <tr><td>4</td><td>4</td><td>4</td></tr> <tr><td>4</td><td>4</td><td>4</td></tr> </table>			4	4	4	4	4	4	4	4	4				
1	1	1																													
1	1	1																													
1	1	1																													
4	4	4																													
4	4	4																													
4	4	4																													

Осы аралықты 41 құмалақтың 9 ұяшықта болатын сандардың комбинациясы

$C = k^{(n \times n)} = 4^{(3 \times 3)} = 4^9 = 262144$ немесе $A^k_n = N^k = 4^9 = 262144$ формулалары бойыншатүзеледі¹¹. (C - комбинация саны, k - бір элементке келетін ықтималды мәндер саны, n x n - матрицаның дәрежесі). Осыдан, 41 құмалақтың барлық комбинация саны **262 144** екен. Бұл өте көп әрі ықтималдығы мол комбинация.

«Ырық бітіг» қолжазба мәтін бойынша 1-4-ке дейінгі сандардың комбинациясы 65 дана және олардың 9 комбинациясы қайталанған. Осы 65 дана комбинациясы 41 құмалақтың 9 ұяшығының қайсы үштік ұяшықтардың санын қолданды деген заңды сұрақ бар. Біздің пікірімізше ең жоғарғы тұсындағы «**жау жақ- жол -өз жақ**» осы үштіктің санын ғана пайдаланды. Өйткені аталмыш үштік ең маңызды әрі құмалақтың негізгі түйіні («**құмалақ басы**») (Өмірзақов, 1989), (Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017: 203-210) болатындықтан. Жалпы, құмалақшылар үшін аталмыш жоғарғы үштік ең бастысы, құмалақтың кілті дерлік. Сол себептен, «Ырық бітіг» қолжазбада осы негізгі кілтті бағдар етіп хаттаған.

«Ырық бітіг» мәтін бойынша сандары қайталанған комбинациялары (Кесте 3):

«**1-4-3**» - 49 (edgü), 61(yab[l]aq), 64 (edgü).

¹¹ Осы орайда 41 құмалақтың комбинаторика есебі, қайталанбалы орналыстыру формуласы жайында кеңінен кеңес берген инженер-IT технолог Ыбрайұлы Сұлтанға, математик Ғазезұлы Мейрамға ерекше алғысымды айтып, Тәңір жарылқасын дейміз.

- «3-1-3» - 24 (*yabiz*), 25 (*yablaq*)
 «3-2-4» - 30 (*edgü*), 59 (*edgü*),
 «3-4-4» - 11 (*añy edgü*), 59 (*bilinler*).

Кесте 3. «Ырық бітіг» мәтіндегі 65 комбинациясындағы ырымдық мағыналы «игі жақсы», «жап жақсы», «жаман», «жап жаман», «жауыз», «біліңдер» сөздердің сандық көрсеткіші			
№	Ырымдық мағыналы сөздер	саны	Жалпы саны
	<i>Edgü</i> («игі, жақсы»)	35	39
	<i>Añy edgü</i> («жап жақсы»)	4	
	<i>Yablaq</i> («жаман»)	13	19
	<i>Añy yablaq</i> («жап жаман»)	2	
	<i>Yabiz</i> («жауыз»)	4	
	<i>Bilin</i> («білің»)	1	7
	<i>Bilinler</i> («біліңдер»)	6	

«Ырық бітіг» мәтінде жазылмаған комбинациялары: «1-1-3»; «3-2-3»; «3-3-4»; «4-2-1». (Кесте 4, Кесте 5)

Бұл айтылғандардан «Ырық бітіг» қолжазба кітабын жазған «кіші діндар» қандай бір алғашқы қолжазба нұсқадан көшіріп жазғанда қателіктер жіберді деп санаймыз. Сондықтан, қайталанған комбинацияларда «жақсы», «жаман», «жауыз» мағыналары қатар келуі, дұрыс емес болжамдар болған. Сондай-ақ, мәтінде жазылмай кеткен комбинациялар да, қате сөздер де (*yabllaq, lo/ol*) барын ескерсек, көшіруші «кіші діндар» бірсыпыра қате жазып көшіргендігі анық.

«Ырық бітіг» қолжазба кітабының этносимволикалық мән-мағынасы :

«Ырық бітіг» қолжазба кітабында ежелгі және көне дәуірлердің мифтері, аңыздары, кейбір фольклорлық сарындары, ертегілік кейіпкерлері молынан кездеседі.

Демек, туынды құмалақ салудағы көптеген болжам айтудың түйінделген бір нұсқасы, көптеген болжам ережелерінің бір тиянақталған нұсқасы дерлік. Болжам айтуды фольклорлық жанрмен тура жеткізген жазба нұсқасы. Құмалақшылар құмалақ салғанда жиі кездесетін «жақсы», «жаман» сандық комбинацияларды түйіндеп жинақтай, олардың түсіндірмелеріне ортақ фольклорлық жанрмен байыта бекітіп жазған, күнделікті құмалақ салу үшін жол көрсететін жазба нұсқаулардың бірі деп ойлаймыз.

«Ырық бітіг» қолжазба мәтінінде «Тенси (Тәңір ұлы)», «алтын орда (тақ)», «ала атты жол (тағдыр) Тәңірі», «екі айлық кісіұлы», «алтын қанатты қыран қара құс», «ақ күміс өнді түйғын құс», «бек ер», «жылқы үйірі», «ақ бие», «алтын тұяқты айғыр», «алтын басты жылан», «алтын құрсақ», «барс», «сары атты сапшы», «сұр атты сөзші», «елті», «Тәңірілік құртқа», «құзғын», «құс», «киік», «торы ат», «өзлек ат», «керекү (киіз үй)», «түндік», «шаңырақ», «ақ ат», «бура», «сасық көкек», «айна», «көл», «кекүк (боз торғай)», «соқыр құлын», «екі өгіз», «бір тәрбе (арба)», «қой», «бөрі (қасқыр)», «хан», «орда», «ойын құмар», «ұтыс», «кедей ер», «бір, жүз, мың тобылғы», «барыс», «киік», «хан», «әскер», «батыр ер», «аққу», «көп атты», «аз атты», «құт», «қорқыныш», «қамыс», «қатұн», «ат», «кісен», «аңшы бала», «ақ боз сиыр», «бұзау», «ұзын тонды әйел», «ыдыс аяқ», «түйғын құс», «қыран қара құс», «түйғын», «қоян», «киік», «түйе», «барыс», «киік», «тауешкі», «қызыл жартас», «жасыл жартас», «жаулау», «қыстау», «ер қайғысы», «бұлт», «күн», «боз бұлт», «қара бұлт», «ғашық», «көнек», «ұл», «анасы-әкесі», «тоғыз айыр мүйізді марал», «тырна», «тұзақ», «йарұғн киік», «көк боймыл түйғын», «қия жартас», «барыс жылы», «екінші ай» сынды көшпелілердің етене жақын болмыс-бітіміне лайықты сөздер мен атаулар қолданыла баяндалған.

«Ырық бітіг» қолжазба мәтінінде аталмыш сөз, сөз тіркестері қазақтардың бақсылық сарындағы:

«Алсұр, алсұр, күйт, күйт,
 Түйғын, түйғын, күйт, күйт,
 Сұңқар, түйғын, күйт, күйт»,
 Лашын, лашын, күйт, күйт...» (арбау сөздері),
 «...Су аяғы ер Қорқыт
 Балаларды сен қорқыт...»
 ...Айналайын Қарақұс,
 Жан-жағына қарап ұш...
 Қарағай қобыз қолға алдым
 Абжыландай толғандым...
 ...Алты құлаш ала атым,

Ойбай менің боз атым...
 Жол, жол, жол жатыр
 Жол жағдай қол жатыр
 Сол қолдардың ішінде
 Саразбан деген ер жатыр....
Жалғыз шыққан тобылғы
 Жай шық болған қобызым
 Желмаяның терісі

Шарайна болған қобызым... »(Абылқасымов,2004) еген сарындары үндестік пен сабақтастығын сақтағандығын байқауға болады (Тойшанұлы, 2004).

«Ырық бітіг» қолжазба мәтінінде : «*amti : amraq : oylanim : anca : bilinler : bu : İrq : bitig : edgü : ol : ancır : alqu : kentü : ülügi : eriklig : ol* - Енді қарғам, оғланым (ұлым), сонша біліңдер! Бұ «**Ырық бітіг**» – игі ол! Таңдап алар өз үлесі еріктілік ол!» деп аталмыш шығарманың не деп аталуын анық жазған.

Кесте 4. «Ырық бітіг» мәтіндегі 65 комбинацияның орналасуы мен мағыналары

№	Ком-бинация саны	Ырымдық мағынасы	№	Ком-бинация саны	Ырымдық мағынасы	№	Ком-бинация саны	Ырымдық мағынасы
1	2-2-2	edgü	23	2-4-4	edgü	45	2-3-1	yabiz
2	4-4-4	edgü	24	3-1-3	yabiz	46	3-3-1	yab jaq
3	3-3-3	edgü	25	3-1-3	yablaq	47	4-1-1	edgü
4	1-1-1	bilinler	26	1-2-4	edgü	48	4-4-3	bilinler
5	2-4-2	añy edgü	27	2-2-4	edgü	49	1-4-3	edgü
6	2-2-1	yablaq	28	1-1-2	edgü	50	3-4-1	yab jaq
7	2-1-2	edgü	29	2-3-4	edgü	51	3-4-4	bilinler
8	3-2-1	yablaq	30	3-2-4	edgü	52	2-1-3	edgü
9	1-2-3	yablaq	31	4-4-1	edgü	53	2-3-2	edgü
10	3-4-2	bilinler	32	3-1-1	edgü	54	1-3-1	edgü
11	3-4-4	añy edgü	33	4-2-4	yablaq	55	2-1-4	añy edgü
12	3-4-3	yabiz	34	4-4-2	edgü	56	1-3-2	edgü
13	2-4-3	bilinler	35	4-3-4	edgü	57	1-2-2	edgü
14	4-3-2	bilinler	36	1-1-4	añy yablaq	58	2-2-3	edgü
15	1-4-1	edgü	37	4-3-1	yablaq	59	3-2-4	edgü
16	4-1-2	yablaq	38	4-1-3	edgü	60	1-3-4	edgü
17	3-3-2	edgü	39	4-2-2	yablaq	61	1-4-3	yab jaq
18	1-4-2	añy edgü	40	1-4-4	edgü	62	3-1-2	edgü
19	3-1-4	edgü	41	4-2-3	edgü	63	1-2-1	edgü
20	3-2-2	edgü	42	4-1-4	edgü	64	1-4-3	edgü
21	1-3-3	bilin	43	4-3-3	yablaq	65	2-3-3	yab jaq
22	2-1-1	añy yablaq	44	2-4-1	yabiz	66		edgü

Кесте 5. «Ырық бітіг» мәтіндегі сандардың реттік жалпы 64 комбинациясы, қайталанған 9 комбинациясы мен мағыналары

№	Реттік ком-бинация саны	«Ырық бітіг» мәтін реті	Ырымдық мағынасы	№	Реттік ком-бинация саны	«Ырық бітіг» мәтін реті	Ырымдық мағынасы
1	1-1-1	4	bilinler	33	3-1-1	32	edgü
2	1-1-2	28	edgü	34	3-1-2	62	edgü
3	1-1-3	-	-	35	3-1-3	24	yabiz
						25	yablaq
4	1-1-4	36	añy yablaq	36	3-1-4	19	edgü
5	1-2-1	63	edgü	37	3-2-1	8	yablaq
6	1-2-2	57	edgü	38	3-2-2	20	edgü
7	1-2-3	9	yablaq	39	3-2-3	-	-
8	1-2-4	26	edgü	40	3-2-4	30	Edgü
						59	edgü
9	1-3-1	54	edgü	41	3-3-1	46	yab jaq
10	1-3-2	56	edgü	42	3-3-2	17	edgü
11	1-3-3	21	bilin	43	3-3-3	3	edgü
12	1-3-4	60	edgü	44	3-3-4	-	-
13	1-4-1	15	edgü	45	3-4-1	50	yab jaq
14	1-4-2	18	añy edgü	46	3-4-2	10	bilinler

15	1-4-3	49 61 64	<i>edgü</i> yab/l/laq <i>edgü</i>	47	3-4-3	12	yabız
16	1-4-4	40	<i>edgü</i>	48	3-4-4	11 51	<i>añıy edgü</i> <i>bilinler</i>
17	2-1-1	22	añıy yablaq	49	4-1-1	47	<i>edgü</i>
18	2-1-2	7	<i>edgü</i>	50	4-1-2	16	yablaq
19	2-1-3	52	<i>edgü</i>	51	4-1-3	38	<i>edgü</i>
20	2-1-4	55	<i>añıy edgü</i>	52	4-1-4	42	<i>edgü</i>
21	2-2-1	6	yablaq	53	4-2-1	-	-
22	2-2-2	1	<i>edgü</i>	54	4-2-2	39	yablaq
23	2-2-3	58	<i>edgü</i>	55	4-2-3	41	<i>edgü</i>
24	2-2-4	27	<i>edgü</i>	56	4-2-4	33	yablaq
25	2-3-1	45	yabız	57	4-3-1	37	yablaq
26	2-3-2	53	<i>edgü</i>	58	4-3-2	14	<i>bilinler</i>
27	2-3-3	65	yab/l/laq	59	4-3-3	43	yablaq
28	2-3-4	29	<i>edgü</i>	60	4-3-4	35	<i>edgü</i>
29	2-4-1	44	yabız	61	4-4-1	31	<i>edgü</i>
30	2-4-2	5	<i>añıy edgü</i>	62	4-4-2	34	<i>edgü</i>
31	2-4-3	13	<i>bilinler</i>	63	4-4-3	48	<i>bilinler</i>
32	2-4-4	23	<i>edgü</i>	64	4-4-4	2	<i>edgü</i>

<i>Мәтіннің сөзбе-сөз екі нүктелі айырым белгілері бойынша</i>	
(2-2-2)	<i>Тен-Си:мін (Тәңірі ұлы)!; Ерте: кеш: алтын: тақтың: үсті-(нде); отырып : қуанар:мын: Сонша біліңдер: игі :ол!</i>
(4-4-4)	<i>Ала:атты:жол:Тәңірі:мін! Ерте:кеш:есіреп (жүрер): мін: Қарсы:екі : айлық: кісі :ұлын: соғысты (кезiктi): Кісі : қорықты: Қорықпа: деді: Құт: бергей:мін: деді: Сонша: білің: Игі: ол!</i>
(3-3-3)	<i>Алтын:қанатты:қыран:қара:құс: пын: Тәнім:түсі:дағы: түге:-спейді:Теңiзде:жатып:тапқанымды (таңдағанымды):тұттар:мын: Сүйгенiмдi: жер:мін: Соншалық: күштік:мін: Сонша біліңдер: Игі: ол!</i>
(1-1-1)	<i>Ақшыл: боз : тұйғын: құс:пын: Чынтан : ағаш: үсті(не): отырып :қуанар:мын: Сонша: біліңдер!</i>
(2-4-2)	<i>Бек: ер: жылқы қарай: барған: Ақ: биесі: құлындаған: Алтын: тұяқты: айғыр: жарағай: Түйе қарай: барған:Ақшыл: інгені: боталаған: Алтын: бұйдалық (мұрындықты) :буралық: жарағай: Үйі қарай: келген: Үйінші : ханшайы: ұрықтанды (ұл тапты): Бектік: жарағай: дер: Мықты: бек: ер: екен. Анық : игі :ол! (жап жақсы ол)</i>
(2-2-1)	<i>Аюлы: доңызды: арту (өткел): үсті: соғысқан(кезiккен) : екен: Аюдың : қарыны: жарылған: Доңыздың: азуы : сынған : дер: Сонша: білің: Жаман : ол!</i>
(2-1-2)	<i>Ер: тездетiп (асығыс) : келер: игі: сөз: сап: елті (ала келер): дер.:Сонша: біліңдер: игі: ол!</i>
(3-2-1)	<i>Алтын: бастық: жылан:мын: Алтын: құрсағымды: Қылышпен: кесiп: өзiм: жұлын: -ндым: Басым: жұлын: үйде тұғын: дер: Сонша: біліңдер: жаман: ол!</i>
(1-2-3)	<i>Ұлық: үй: өртенген: Қат (түбіне): дейiн: қалмадық: Бүкірiне (түбіне): дейiн: қоймадық (күйдiк): дер: Сонша: біліңдер: Жаман ол!</i>
(3-4-2)	<i>Есінеген: барыс:пын: Қамыс :ара(сында): басым: Соншалық: алып:пын: Ерденді:мін: Сонша біліңдер:!</i>
(3-4-4)	<i>Сары: атты: сапшы (сөзшiсi): Бос: атты: йалабач (елшiсi): Игі :сөз: сап: елті (ертiн): келер: дер: Сонша біліңдер! Анық: игі :ол!</i>
(3-4-3)	<i>Ер : ауға: барған: Тауда: қамылған: Тәңіріде(н): еріктік :дер: Сонша : біліңдер: Жауыз : ол!</i>
(2-4-3)	<i>Тәңірілік:құртқа: жұртта:қалған: Жағу (майлы): қамыс: тауып: майлана (жайлана): тірілген: Өлімнен: озды: дер: Сонша: біліңдер!</i>
(4-3-2)	<i>Құзғынды:ағашқа:байлады: Қатты:бау:игілікті: бау: дер:</i>

	<i>Сониша:біліңдер!</i>
(1-4-1)	<i>Үсті:тұман:тұрды: Асты: тозақ:тұрды: Құсоғлы (балапаны): ұшаазды: Киік : оғлы (төлі): жүгіріп: азды: Кісі: оғлы (ұлы): жорыта: азды (жаңылды):Және: Тәңірі: құтында: үшінші: жылда: көп(барлығы): есен :түгел:Көрісті: Көп: үйірет(қуанар): сүйінер:дер: Сониша: біліңдер: Игі : ол!</i>
(4-1-2)	<i>Тұралау:ат:семіріпті: Жерін: өбіп (сүйін):жүгіре:барды: Қарсы (басқа): жерде: ұры : соғысып (кезгіп): тұтар (ұстап): мінді: Жалына: құйысқанына (жонына): дейін: жараланып: Қашиылай: салғанда: тұрар: дер: Сониша: білің: Жаман: ол!</i>
(3-3-2)	<i>Мініс:ат: өңір (шығыс шөл):жерде:арып: оңсыз: тұра: қалды: Тәңірі: күшінен: тау: үсті: жол: су: көріп: Орман: үсті: жасыл: от (шөп): көріп : Жорыта: барып: су :ішіп: жасыл : жеп: Өлімнен: озды: дер: Сониша :біліңдер:! Игі : ол!</i>
(1-4-2)	<i>Кереге (күіз үй): іші: не :тек: ол: Түндігі :не: тек: ол: Көздеуі (саңдауы): не: тек: Көріктік: ол: Ііні: не: тек: Игі : ол: Бауы: не: тек : бар: ол: дер: Сониша: біліңдер: Анық: игі :ол!</i>
(3-1-4)	<i>Ақ: ат: қарсысын: үш: болуын (болмысын): таластырып (таңдан): табынуға : өтінуге (жалбарынуға): итерген: дер: Қорықпа, игілікті: өтін!: Айныма: игілікті: жалбар!: дер: Сониша: біліңдер: Игі ол!</i>
(3-2-2)	<i>Тетір (?):бура:мын: Ақ боз: көбігмді : шашар:мын: Үсті: Тәңіріге: тиер: асты: Жерге: кірер: дер: Үйқыдағыны: оятар: жатқандағыны: тұрғыза: жорытар: :мын. Сонишалық: күштік:мін.: Сониша: біліңдер: игі: ол!</i>
(1-3-3)	<i>Қары үпгүк (сасық көкек): жыл: жарымаз (қолға үйренбес): деді: Өтінбей: көрмей: үркіттің: дер: Сониша: білің!</i>
(2-1-1)	<i>Ұзын: тонды (әйел): айнасын: көлге: ышқырлаған (түсірген): Ерте: жыланар: кеш: күңіренер: дер: Сониша: біліңдер: Мұңды: ол: Анық: жаман: ол!</i>
(2-4-4)	<i>Оғлан: бозторғай (көкек?): саңғырығын (қауырсынын): тапты: Чөк: еткенің: құтты: болсын :дер: Сониша: біліңдер: игі: ол!</i>
(3-1-3)	<i>Соқыр (түксіз) :құлын: еркек: жылқы: емшек: тілер: Күн :орта: жүдер: түн : орта: қайда: неде : тапқай(болғай): ол :дер: Сониша: біліңдер: Жауыз: ол!</i>
(3-1-3)	<i>Екі :әгізді: бір: шабындыққа (дәртеге) : жегіпті: Қамала-қозғала: алмай: тұрар: дер: Сониша: білің: Жаман: ол!</i>
(1-2-4)	<i>Таң: таңарды (ағарды): одан: жер: жарықтанды: одан: күн: туды:Барлық: үсті :жарық: болды: дер: Сониша : білің: Игі: ол!</i>
(1-2-4)	<i>Бай: ер: қойы: үркіп: барған: бөріге: соғысқан(кезгіпті): Бөрі: аузы: емірілген: Есен: түгел: болған:дер: Сониша: біліңдер: Игі: ол!</i>
(1-1-2)	<i>Хан: отырып: ордұ : жасаған: елі : тұрған: Төрт: бұрыштағы: игісі : ұйыса: тіріліп (жиналып): Қуанар: бәдіздер (сәндер): дер: Сониша: біліңдер: Игі :ол!</i>
(2-3-4)	<i>Ойын(құмар): ер: ұлын: кісісін: тұтқын (бәске): ұрып (салып): Ұтыс: ойнағалы: барған: ұлын: кісісін: ұтылмадық: Және (қайта): тоғыз он (тоқсан): қой: ұтқан: Ұлы : зайыбы (әйелі): көп: қуанар: дер: Сониша: біліңдер: Игі: ол!</i>
(3-2-4)	<i>Шығай (кедей): ер: ұлы: қазынаға (олжаға): барған: жолы: жараған: Қуана: сүйіне: келер: дер: Сониша: біліңдер: Игі: ол!</i>
(4-4-1)	<i>Барыс: киік: еңкі:меңкі: (төліне) барған: Еңкі:меңкі: (төлін):тапқан: Тауып: ұясына қарай: қуана: сүйіне: келер: дер: Сониша :білің: Игі: ол!</i>
(4-1-1)	<i>Бір: тобылғы: жүз: болды: Жүз: тобылғы :мың : болды: Мың: тобылғы: түмен (он мың): болды :дер: Сониша : біліңдер: асығы (пайдасы): бар: игі :ол!</i>

(4-2-4)	Киізді: суға: сұққан (салған): Тағы: ұр: қаттырақ: байла: дер: Сониша : біліңдер: Жаман: ол!
(4-4-2)	Хан: сүңгілі-соғысқа: барған: Жауын: шанышқан: Көшіре: қондыра: келер:Өзі: сүңгілі-әскері : қуана: сүйіне: ордұ қарай: келер: дер:Сониша: біліңдер: игі: ол!
(4-4-2)	Ер: сүңгілі-соғысқа: барған: Жолда: аты : болған екен: Ер: аққу : құсқа: соғысқан (кезіккен). Қу :құс : қанатына: ұрып (отырып): қалықтай: барып: Өгейіне(анасына): ағасына(әкесіне): тиген(жеткен): Анасы: әкесі: қуанар: сүйінер: дер: Сониша : біліңдер: игі: ол!
(1-1-4)	Күллі: атты: қуаныштық: жоқ: Қобы (бос): атты: қорқынышың: жоқ: Үшарлық: құтың: жоқ: дер: Сониша: біліңдер: Анық: жаман : ол!
(4-3-1)	Бір: кәрі: өгіздің: белін: пышақтай (кесе): құмырсқа: жеген: Қозғала : алмай: тұрар: дер: Сониша : біліңдер: жаман :ол!
(4-1-3)	Қамыс: ара: қалған: Тәңірі : ұнамдық: Жасырын (сенімді): қатұн :болсын: дер: Сониша: біліңдер: Игі: ол!
(4-2-2)	Атты:терістей: кісендеген: Қозғала:алмай:тұрар:дер: Сониша:біліңдер: жаман:ол!
(1-4-4)	Аңшы: ұрық (ұрпақ): ерте аса: жасын (оғын): жалаң: жартасты: жара: ұрып: Жалғыз: жорытар :дер: Сонишалық: алып: екен: Сониша: біліңдер: игі :ол!
(4-2-3)	Ақ: боз: сиыр(қашар): бұзаулаушы:болған: Өлгей:мін: деген: Ақ: боз: еркек: бұзау: келтірген (туыпты): Ұйыққа (игілікке): жарағай: Өлімнен :озды: дер: Сониша :білің: Игі: ол!
(4-1-4)	Ұзын: тонды (әйел): ыдысын: аяғын: қойып (қалдырып): барған: Және (қайтадан): игілікті: сағынған (ойлаған): Ыдысымды: аяғымды: Өңі қуара: қаниша: барар:мын: дер: және (қайта): келген: Ыдысын: аяғын: есен: түгел: тапқан: Қуанар: сүйінер: дер: Сониша: біліңдер: игі : ол!
(4-3-3)	Тұйғын: өзен: құсы: құстай (аулай) : барған: Қарсы (басқа): аңшы (жыртқыш): қара : құс: қобырап (қалықтай): барған: дер: Сониша :біліңдер: Жаман: ол!
(2-4-1)	Тұйғын: құс: Тәңіріден : қоя: тауысқан (қоян): теуіп: ағытқан: Тұйғын: құс: тырнағы: сынған (қайырылған): және (қайта): тітіренген (түскен) Тұйғын: құстың: тырнағы: үгісіп (ұйпаланып) : қала: берген: Қоян: терісі: ұйпаланып: жүзгіре: барған: Сонишалық: дер: Сониша :біліңдер: Жауыз: ол!
(2-3-1)	Киік: ұлымын (төлімін): Отсыз: сусыз: қалды: Ұйыла (жасай): нешік: жорытайын: дер: Сониша: біліңдер: Жауыз: ол!
(3-3-1)	Түйе: тетікке (асығыс):түскен:Басына (батқаниша):жеген: Өзін: түлкі: жеген: дер: Сониша :біліңдер: жаман: ол!
(4-1-1)	Ер: еңбектеп (құлишылық жасай): барған: Тәңіріге: соғысқан(кезіккен):Құт: қолқалапты (сұрапты): Құт: берген: Ауылыңда: жылқың: болсын:Өзің (өмірің): ұзын :болсын:деген: Сониша: біліңдер:Игі: ол!
(4-3-3)	Кәрі: жол: Тәңірі:мін: Сынығыңды: сытырар:мын: Үзгіңді: ұластырар(жалғар):мын: Елді: еткен:мін: Игілікті: болсын: дер: Сониша: біліңдер:
(1-4-3)	Барыс: киік: еңкейе:меңкейе (аулауға): барған: Орта: жерде: ешкіге: соғысқан (кезіккен): Боз: ешкі: жалаң: жарға: өніп(өрмелей): барған: Өлімнен: озды: Өлімнен: озып: қуана: сүйіне:жорытар: дер: Сониша: білің: игі: ол!
(3-4-1)	Құла: ат: құйрығын: төгіп: тіктейт: Жазық: қоды: жадырат: Тоғыз: қат: үшеуін: Топталғаниша: терлесін: дер: Сониша: біліңдер: жаман :ол!
(3-3-4)	Жыртқыш:қара:құс:пын: Жасыл: қия: жайлауым: Қызыл :қия: қыстауым: Ол: тауда: тұрып : қуанар:мын: Сониша :біліңдер!
(2-1-3)	Ер: босаңдық: Тәңірі: бұлтты: болды:

	<i>Ара(сында) : кун : туған: Босаңсы (қайғы): ара(сына): қуаныш келген: дер: Сониа: біліңдер: игі : ол!</i>
(2-3-2)	<i>Боз: бұлт: жорытты (жылжыды): Бүтін(халық): үсті(не): жауды:Қара :бұлт: жорытты(жылжыды): Барлығы: үсті(не): жауды:Тары: пісті: Жас: от :өнді: Жылқыға: кісіге: игі :болды: дер: Сониа: біліңдер: игі :ол!</i>
(1-3-1)	<i>Құл: сабы(сөзі): бек қарай: өтінер: Құзғын: сабы(сөзі) : Тәңірі қарай: жалбарынар: Үсті(де): Тәңірі: естіді: Асты(да): кісі :білді :дер: Сониа: біліңдер: игі :ол!</i>
(2-1-4)	<i>Алып:ер:ұлы: сүңгілі-әскерге:барған: Сүңгілі-әскер: жерінде: еріктілік: сапшы (сөзші): тудырған (жаратқан): дер:Үй қарай: келсе: өзі (төре): атанған: Қуаныштық (сүйіспеншілік): Аты: жетектік (мықтылық): келер: дер: Сониа :біліңдер: Анық: игі:</i>
(2-3-2)	<i>Үйрге:құтты:айғыр:мын: Жаңғақ: ағаш: жайлауым: құсты :ағаш: қыстауым: Сонда :тұрып: қуанар:мын: дер: Сониа:біліңдер: игі:ол!</i>
(1-2-2)	<i>Қанық (көңілі):өлген: Көнегі:тоңған: қанық (көңілі):нелік(мен):өлгей ? Ол: бектік: ол: көнегі: нелік(мен):тоңғай: Ол: күнеске (күн көзіне): отырар: ол: Сониа: біліңдер: Бұ: БІРҰҚ: басында: аз : еңбек (қайғы): бар: Екеуі: және (қайта): игі: болар:</i>
(2-2-3)	<i>Ұлы: өгейіне (анасына):ағасына (әкесіне):өкпелеп:безіп:барған: Және (қайта): сағынған: келген: Өгейім(анам): өтініш:алайын: Ағам(әкем) : сөз-сабын: тыңдайын: деп: келген: дер: Сониа :біліңдер: игі :ол!</i>
(3-2-3)	<i>Жылға: тигенді:жүдетпейін: Айға: тигенді : арытпайын: Игілікті: болсын :дер: Сониа: біліңдер: Игі :ол.</i>
(1-3-4)	<i>Тоғыз: айыр: сығын: киік:пін: Бәдіз (сұлу сәндіміз):біз: Үсті(не): үңіліп(мініп): қуанар:мын: Үсті(де): Тәңірі: естіді: асты(да): кісі: білді: Сониалық: күштік:мін : дер: Сониа :біліңдер: игі : ол!</i>
(3-1-2)	<i>Тырна: құс: түстенуге: қонған: Тоймайтын: тұзаққа: ілінген: Ұша: алмай :отырар: дер: Сониа: біліңдер: Жаман: ол!</i>
(3-1-2)	<i>Жарғұн :киік:пін: Жайлау :тауыма: ығына: жайылар: тұрар:мын: Қуанарлық:пын: дер: Сониа: біліңдер: игі : ол!</i>
(1-2-1)	<i>Хандық:сүңгілі-әскері:ауға: үңілген(шыққан): Сағыр(қоршау): ішіне: елік :киік :кірген: елікті :тұтқан (ұстаған):Қара: барлық. Сүңгілі-әскері: қуанар: дер: Сониа :біліңдер: игі :ол!</i>
(1-4-3)	<i>Көк:боймыл: тұйғын:құс:пын: көріктік:қияға:қонып: көздер:мін: Жаңғақты: тал тұғыр: үсті(не): түсіп: жайлар:мын: дер: Сониа :біліңдер: анық: игі: ол!</i>
(2-3-3)	<i>Семіз: ат: аузы:қатты:болды:Иесі: алмады :дер: Сониа:біліңдер: жаман:ол!</i>
	<i>Енді: қарғам:огланым:сониа:біліңдер: бұ: БІРҰҚ:бітіз: игі: ол: сондай: ениілеп: алар: кенді (өз): үлесі: еріктілік:ол!</i>
	<i>Барыс:жылы:екінші:ай: бес: жиырмаға(онбесіне): Тайгунтан : маныстандағы: Кіші: діндар: буриа: гуру: естушіміз: Ісіз Саңұн : Іте Ачұқ :үшін: бітідім (жаздым).</i>

Әдебиеттер тізімі

- Arlotto A. Old Turkic Oracle Books // Monumenta Serica. Vol. 29, 1970-1971, s. 685-636.
Aurel Stein «Explorations in Central Asia, 1906-8 » in Geographical Journal for July and September, 1909 ("Reprint); Stein M.A. Serindia. Vol.I-III. -London, Oxford, 1921.
Erhan Aydın, Risbek Alimov, Fikret Yıldırım Irk bitig (metin transkripsiyonu, çevirisi ve faksimilesi) // Yenisey-Kırgızstan yazıtları ve Irk bitig. –Ankara: BilgeSu, 2013. (511) 363-406.
Bawden C. R. Astrologie und Divination bei den Mongolen - die schriftlichen Quellen // Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft. Vol. 108 (n.F. 33), No. 2 (1958), pp. 317-337.

- Bayat Fuzuli İrk bitig metninin poetik yapısı // Türkiyat arařtırmaları. Hacettepe Üniversitesi Türkiyat arařtırmaları enstitüsü. Sayı 4, Bahar 2006. 40-58.
- Bazin L. & J. R. Hamilton Un manuscrit chinois et turc runiforme de Touen-houang, British Museum Or. 8212 (78) // Turcica. 1972. -et (79). -pp. 25-42.
- Clauson, Gerard Notes on the İrk Bitig // Ural-Altaysche Jahrbücher. XXXIII, 3-4, 1961, -218-225.
- Erdal Marcel Further notes on the İrq bitig // Turkic languages 1. 63-100; Erdal M. İrq bitig üzerine yeni notlar // Türk Dili Arařtırmalar Yıllığı. 1977. -Ankara, 1978.-87-119.
- Giles L. Descriptive Catalogue of the Chinese Manuscripts from Tunhuang in the British Museum // Trustees of the British Museum. – London, 1957. (334) 278.
- Gabain A. Buddhistische Turkenmission // Asiatica. Festschrift Fr. Weller. Lpz, 1954. – P. 166.
- Hamilton J.R. Le colophon de L'İrq bitig // Turcica: Revue D' Etudes Turques. 1975. T.7. pp. 7-19.
- Ikeda T. The İrik Bitig an Ancient Turkic Book of Divination // The Bulletin of International Institute for Linguistic Sciences, Kyoto Sangyo University. – 1984, IV. № 1. -81-125.
- İrk bitig . Qədim Uyğur Dilində Yazılmış Fal Kitabı . Göybəy Uluç, Aygün Hüseyinli, Dilbər Mehdiyeva , Özcan Qır, İrana İbrahimova, Ceyran Sərxanbəyova. - Bakı, 2013. 120.
- Kaşğarlı Mahmud Divanü lugati't-Türk. Giriş-Metin-Çeviri-Notlar-Dizinç Hazırlayanlar: Ahmet B.Ercilasun, Ziyat Akkoyunlu. TDK yayımları:1220, -Ankara, 2014. (995) . 20, 110, 531.
- Kaya Ceval İrk Bitig te falcılık // Kültür tarihimizde gizli diller ve şifreler. EdçEmine Gürsoy Naskali-Erdal Şahin. -İstanbul, 2008.-3599-368.
- Molnar Alan Traces of Shamanism in the İrk bitig book «Book of divination» . Uluslararası Türk Dili Kongresi 1992.(26 Eylül 1992-1 Ekim 1992) (Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu. Türk Dili Kurumu Yayınları:632)/-Ankara, 1996. 367-371.
- Orkun H. N. Eski Türk yazıtları. I- stanbul, 1938. T. II. 57-100 s.
- Nikolai Pehelin, Simone-Christiane Raschmann Turfan Manuscripts in the State Hermitage - a Rediscovery // Written Monuments of the Orient 2(2):3-34. (25) December. 2016. [https:// www.researchgate.net/publication/342743999_Turfan_Manuscripts_in_the_State_Hermitage_-_a_Rediscovery](https://www.researchgate.net/publication/342743999_Turfan_Manuscripts_in_the_State_Hermitage_-_a_Rediscovery). (idp.bbaw.de/database/. TibHT 31 – TibHT 35).
- Rybatzki Volker and Hu Hong The İrq Bitig, the Book of Divination New Discoveries Concerning its Structure and Content // Studien zur Sprache, Geschichte und Kultur der Türkvölker. Band 21. –Klaus Schwarz Verlag-Berlin, 2015. -149-173.
- Rybatzki Volker The Old Turkic İrq Bitig and Divination in Central Asia // Trans-Turkic Studies/ Festschrift in Honour of Marcel Erdal. Istanbul, 2010. 79-102.
- Seçkin Kuban İrk bitig: toplumsal iyi ve toplumsal kötünün insandaki ideolojik bir fal kitabı // Uluslararası Türkçe Edebiyat Eğitim Dergisi Sayı: 4/4 2015 s. 1433-1450.
- Tekin T. İrk Bitig (the book of omens) /Talat Tekin.- Wiesbaden: Harrassowitz Verlag 1993. (Turcologica. Band 18.), 70 s. + Facsimiles, 75-133.
- Tekin, 2013 - Tekin Talat İrk Bitig. Eski uygurca Fal kitabı. Yayına Hazırlayanlar: Emine Yılmaz, Nurettin Demir. -Ankara, Türk Dil Kurumu Yayınları. 2013.-132.
- Tekin Talat İrk Bitig. Eski uygurca Fal kitabı.Yayıma Hazırlayanlar: Emine Yılmaz, Nurettin Demir. - Ankara, Türk Dil Kurumu Yayınları. 2017.-129.
- Thomsen V. Dr. M. A. Stein's Manuscripts in Turkish «Runic» Script from Miran and Tun-huang. Published and Translated by Vilhelm Thomsen // Journal of the Royal Asiatic Society. – 1912. - 181-227.
- Thomsen V. Samlede afhandlinger. W.potr. - Köbenh.1919-31. 4 vols. Hcalf. VII,449,VIII,500,VIII,516,XV,530 pp.
- İrk bitig ve Orhon yazılı metinlerin dili. Hazırlayan Fikret Yıldırım. -Ankara: Türk Dil kurumu, 2017. (400).
- Абылкасымов Б. Телкоңыр (Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры). – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. (160) 90-91.
- Абылкасымов Б. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры: Хрестоматия. – Алматы, 2004.- 224 б.
- Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. -Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1990.(219).-146-169.
- Банзаров Д. Черная вера или шаманство у монголов и другие статьи Дорджи Банзарова. -Санктпетербург, 1891. -128 с.
- Бутанаев В.Я. Хакасско-русский историко-этнографический словарь. –Абакан: УПП «Хакасия», 1999. (240)153.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том-1. - Алма-Ата: Издательство АН Казахской ССР, 1961. -777 с.
- Васютин С.А., Дашковский П.К. Социально-политическая организация кочевников Центральной Азии поздней древности и раннего средневековья (отечественная историко-графия и современные исследования). Барнаул: Изд-во Алтайского гос. ун-та, 2009. (400) 307.
- Гаркавец А.Н. Codex Cumanicus. IV Латинский, персидский, куманский и немецкий словари. - Алматы: Баур, 2015. -596 стр. (1118-1119) 1029, 1183, 1184.

- Далай Ч. Монголын бөө мөргөлийн товч түүх. // *Studia Ethnographica*. Tomus I., Fasciculus 5.– Улаанбаатар: Шинжлэх ухаан, дээд боловсролын хүрээлэнгийн эрдэм шинжилгээний хэвлэлийн газар. 1959.- 49.
- Диваев А. Из области киргизских верований. Баксы, как лекарь и колдун (Этнографический очерк). // *Известия общества Археология, история и этнографии при Императорском Казанском университете*. Том XV. Вып.3. -Казань, 1899. 308-346.
- Жумабаева А. Лингвокультурологическая кодификация и интерпретация памятника «Ырык Битиг» (Гадательная Книга).6D020900 – Востоковедение. Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD). -Алматы, 2021. -184.
- Каиржанов А.К. Древнетюркская книга «İrq bitig» и китайская классическая «Книга Перемен» // *Современные проблемы тюркологии: язык – литература – культура: материалы Международной научно-практической конференции*. – М.: РУДН, 2016. – С.540-547.
- Кастанье И.А. Из области киргизских верований. Нечистые и злые духи. Олицетворение стихии. Из области киргизских верований. О чарующих силах, заключающихся в человеке. Лечебный сеанс у киргиз Казалинского и Перовского уездов. Разные киргизские знахари. // *Туркестанский сборник*. Том 555. Ташкент. 1913. (178) 35-90.
- Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. - Санкт-петербург, Филологический факультет СПбГУ, 2003. -350-357.
- Кляшторный С. Г. Манихейский мотив в древнетюркской «Книге предзнаменований» // *Тюркологический сборник 2005. Тюркские народы России и Великой степи*. М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2006.-195-198.
- Котожеков А. Книга гаданий. - Абакан, 2002. -22 с.
- Кыргыз этнографиясы боюнча сөздүк. / Түз. О. К. Каратаев, С.Н. Эралиев. -Бишкек: Бийиктик, 2005. (600) 283.
- Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. - Алматы: Дайк-Пресс, 2006. (480) 27, 67, 152.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: «Алем Даму Интеграция», 2017.-832 бет. «иллюстрацияланған»). 203-210.
- Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. - Москва, Ленинград: Издательство АН СССР, 1951. -451. (Гадательная книжка, -С. 13, 80-92).
- Өмірзақов Т. Қырық бір құмалақ. -Алматы: Астана, 1989.- 56.
- Паллас П. С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. Часть первая. -Санктпетербург, 1773. (786). 575-578.
- Потанин Г.Н. Очерки Северо-западной Монголии. Выпуск 2. Материалы этнографические. – СПб., 1881. – (181) 81-91.
- Каменные письмена. Древнетюркская поэзия VI-XII веков / Сост., пер., лит. обр. А. В. Преловского. — М.: Новый ключ, 2005. -80-92.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий.Том первый. Часть 2. Гласные. Versuch eines Wörterbuches der Türk-Dialecte von Dr. W.Radloff. Erster Band. Die Vocale -Санктпетербург, 1893. 969-1914 с. Алфавитный указатель 1-66. (1370)
- Радлов В.В. Из Сибири: Страницы дневника. Пер.с нем. К.Д. Цивиной и Б.Е. Чистовой. Примеч. и послесл. С.И. Вайнштейна. – М.: Главная редакция восточной литератур. 1989. (749 с. : ил. , карты) 304-305.
- Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX-начале XX века /Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой.-Спб.: Издательство «Славия», 2008. -244 с.,илл.
- Словарь алтайского и алагдагского наречий тюркского языка. Издание 2-е. -Горно-Алтайск. Ак-Чечек, 2005. -504. (460-461).
- Стеблева И.В. Древнетюркская «Книга гаданий» как произведений поэзии // *История, культуры и языки народов Востока*. -М: ГРВЛ, 1970. (244) 150-177.
- Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы // *Тюркологический сборник 1971*. - М.: Наука, 1972. -213-226.
- Тишин В.В., Серегин Н.Н. К вопросу о существовании служителей культа у древних тюрков Центральной Азии // *Этнографическое обозрение*. Российская академия наук: ФГУП “Издательство Наука”, 2017. № 3. С. 76-96.
- Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы.-Алматы: «Баспалар үйі», 2009.-192б.
- Толыбаев Қ. Бабадан қалған бар байлық. Этнографиялық-танымдық әңгімелер. - А., «Қазақстан», 2000. - 256. (104).
- Тугушева Л.Ю. Рецензии. Древнетюркская гадательная книга. Перевод, предисловие, примечания и словарь В.М. Яковлева. Бюллетень Общества востоковедов РАН. Приложение 4. -М.:ИВ РАН, 2004. -282с.+52 табл. // *Письменные памятники Востока*. 1 (6) Весна-Лето. -Санкт-Петербург, 2007. 309-311.
- Халхын угсаатны зүй. XIX-XX зууны зааг. 1 боть. Редактор С.Бадамхатан. -Улаанбаатар, 1987. (432) 400.
- Древнетюркская гадательная книга. Перевод, предисловие, примечания и словарь В.М. Яковлева. Бюллетень Общества востоковедов РАН. Приложение 4. -М.:ИВ РАН, 2004. -282с.+52 табл.


N. Bazylkhan
ETHNO-SEMANTIC SIGNIFICANCE OF THE ANCIENT TURKIC LETTER
"IRK BITIG" HANDWRITTEN BOOK

In the handwritten book "Irk bitig" there are 65 combinations of "1-1-1", "1-1-2", "1-1-3", "1-1-4", "2-2-2", "3-3-3", "4-4-4", which exactly match the 9 "three out of three cells" combinations in 41 kumalaks. This is one of the manuscripts written in the 9th-10th centuries. As well as "41 kumalak" (41 bones), "kumalak salu" (fortune-telling by bones), "kumalakshi" (fortuneteller by bones) are currently preserved as traditional rites of divination among the Kazakhs, Kyrgyz, Khakasses, Tuvans, Altaians from the Turkic ethnic groups as well as the Mongols.

ТАЛАС ӨңІРІНЕН ЖАҢАДАН АНЫҚТАЛҒАН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТӨРТКҮЛДЕР (2021-2022 ЖЖ. ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР БОЙЫНША)*

Кіріспе. Қазақстан территориясында ортағасырлық ескерткіштер көп шоғырланған аймақ – оңтүстік өңір болып табылса, соның ішінде ескерткіштің ерекше түрі болып есептелетін төрткүлдер жиі орналасқан, әрі саны жағынан да басқа өңірлерге қарағанда көп алқап – Талас. Мұны ХХ ғ. басынан бері жүргізілген зерттеу жұмыстары көрсетіп отыр. Жоспары бойынша төртбұрышты немесе шаршылы келген, қабырғалары жал болып жатқан, қабырғалары немесе бұрыштары әлемнің төрт тарабына, кейде сәл ауытқып орналасқан төрткүлдер Қазақстан Республикасы Жамбыл облысына қарасты Талас өңірінде көп кездесетіндігі облыстың Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы бойынша ғана ғылыми ортада белгілі. Осы күнге дейін жүргізілген зерттеулер барысында, яғни 1960 жылдардан бері бірнеше (төрт) рет толықтырылып басылып шыққан бұл жинақтарда, олардың тек жеке-жеке қысқаша сипаттамалары, кейбіреулерінің жоспарлары мен фотосуреттері, санаулысының әуеден түсірілген фотосуреттері берілген. Кейбір төрткүлдер алғашқы шыққан жинақтарда берілген болса, кейінгі жинақтарда берілмеген немесе басқа атаумен берілген.

Жинақтарда барлық тарих және мәдениет ескерткіштері қамтылғандықтан, төрткүлдер басқа да ортағасырлық қоныстық ескерткіштерден ерекшеленбеген. Көптеген төрткүлдер бекініс, қоныс, елді мекен, мекенжұрт және т.б. атаулармен берілген. Әйтсе де, ескерткіштің осы түрін өңірдегі жергілікті халықтар «төрткүл» деп атайды. Жүргізілген далалық барлау жұмыстары бойынша жыл сайын орта ғасырлардың төрткүл типтес ескерткіштері көптеп табылып, сандары артып келеді.



1-сурет. Талас өңірінен анықталған төрткүлдер

2021-2022 жж. ҚР БҒМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Талас археологиялық отряды (жет.: Ақымбек Е.Ш.) Талас өңіріндегі (Жамбыл облысы) ғылымға белгілі

* Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің № АР09260358 «Талас өңірінің ортағасырлық төрткүлдері және мәдени ландшафты» жобасы аясында орындалды.

ортағасырлық төрткүлдердің бүгінгі жай-күйі бойынша сипаттамасын қайта қарау және жекелеген төрткүлдерге далалық зерттеу жұмыстарын жүргізу, белгісіз болып келген төрткүлдерді, жалпы ортағасырлық қонысты ескерткіштерді анықтау, табу бойынша барлау/іздігіру жұмыстарын жүргізді. Барлау/іздігіру жұмыстарында Таластың төменгі ағысы жағынан бірнеше төрткүл типтес ескерткіштер анықталды. Олар: Шәлке, Зылиха, Арна, Ақарық, Қарабақыр, Балта, Қызылқорған-3 төрткүлдері (сурет 1).

Зерттелу тарихы.

Талас өңіріндегі төрткүлдер туралы жалпы және жекелеген сипаттамалар ең алғаш П. Лерх (Лерх, 1870, 38), Д. Иванов (Иванов, 1885, 1-16), Е.Ф. Каль (Отчет императорской..., 1892. 77-122), В.В. Бартольд (Бартольд, 1966, 31), В.А. Каллаур (Каллаур, 2011, 78), В.П. Лаврентьев (Лаврентьев, 2011, 223) және Ә.А. Диваевтың (Диваев, 2011, 355) және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Авторлар ескерткіштерді жалпы сипаттаумен қатар, ішінара бірнеше төрткүлдерді жеке алып қарастырған. Алайда, қазба жұмыстары жүргізілмегендіктен, төрткүлдердің қызметі, мерзімделуі туралы мәселелер басы ашық күйінде қалады.

Төрткүлдердің археологиялық зерттелуі, материалдарына негізделген мерзімдеулер және мәдени қабаттары туралы ақпараттар А.Н. Бернштам (Бернштам, 1941, 40), Г.И. Пацевич (Пацевич, 1940, 2), Л.И. Ремпель (Ремпель, 1956, 71-72), П.Н. Кожемяко (Археологические памятники..., 1963, 145), К.М. Байпақов (Байпақов, 1978, 80-97), М.Елеуов (Елеуов, 1991) және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде көрініс табады. Аталған зерттеушілер жекелеген төрткүлдерге қазба жұмыстарын жүргізіп, ескерткіштердің нақты мерзімделуі, атқарған қызметі туралы қорытындылар жасайды. Соңғы жылдары Талас өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдер Е.Ш. Ақымбектің зерттеулерінде жеке зерттеу нысанына айналып отыр (Ақымбек, Шагирбаев, 2022). Автордың жетекшелігіндегі Талас отряды өңірдегі ортағасырлық төрткүлдерге барлау және бірнеше әдістерге негізделген (траншея, шурф, үлкен қазба) қазба жұмыстарын жүргізіп, анықталған материалдарға пәнаралық талдаулар жүргізіп келеді.

Дегенмен, мақаланың құрылымына сәйкес, төрткүлдердің зерттелуін барлау жұмыстары бойынша жеке бөліп қарастыру маңызды. Зерттеу жұмысында барлау жұмыстары бойынша анықталған төрткүлдер сөз болып отырғандықтан, Талас өңіріндегі төрткүлдердің 1960 ж. жарияланған «Археологическая карта Казахстана» атты ескерткіштер Жинағына, 1982 ж. жариялаған Жамбыл облысының тарихи-мәдени ескерткіштер Жинағына, 2002 ж. жасалған Жамбыл облысының тарихи және мәдени ескерткіштер Жинағына және 2010-2014 жж. Жамбыл облысының территориясына жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары бойынша жарияланған тарихи-мәдени ескерткіштер Жинақтарына енген төрткүлдерге өзара салыстырмалы талдау жасау негізінде қарастыру қажеттігі туындап отыр.



2-сурет. «Қазақстанның археологиялық картасы» жинағындағы бекіністі қоныстардың мерзімделуі (ҚАК., 1960, 238-280)


«Археологическая карта Казахстана» Жинағына Талас өңірінде орналасқан 60-ғай ортағасырлық ескерткіш көрсетілсе (АҚП., 1960, 238-280), олар типологиялық тұрғыдан 9 түрге топталып,

сипаттамасы жасалған. Ескерткіштің ішінде басым бөлігі «бекіністі қоныстарға» тиесілі болса, оның ішінде VII–XII және IX–XIV ғасырлармен мерзімделген ескерткіштер басымдық танытады (сурет 2). Алайда аталған картада ескерткіштердің түрі көп болғанымен, төрткүлдер жеке ескерткіш ретінде қарастырылмай, «керуен сарай», «бекініс» және «бекіністі қоныс» атауымен жазылған.

1982 ж. С. Алипчиев және К. Байбосыновтың Жамбыл облысының территориясына жүргізген археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесін жариялаған «Жамбыл облысының тарихи-мәдени ескерткіштер Жинағына» Талас өңіріне қатысты 99 ортағасырлық қалалар, төрткүлдер және қоныстардың орналасқан жері, мерзімделуі және сол кездегі сақталу жағдайы енген (Алипчиев, Байбосынов, 1982, 15-205). Оның ішінде қоныстар басқа ескерткіштердің ішінде 33% құраса, аздаған айырмашылықпен екінші орында қала саны орналасады. 1960 ж. барлау жұмыстарымен салыстырғанда, 1982 ж. зерттеулер негізінде тізімге алынған (бұрын белгілі және жаңадан ашылған ескерткіштердің барлығы негізге алынып отыр – авт.) ескерткіштердің ішінде төрткүлдер жеке қарастырылады. Дегенмен, жинақта жоспары төртбұрышты ескерткіштердің бірқатары «бекіністі қоныс» атауымен берілген.

2002 ж. жарияланған Жамбыл облысының тарихи және мәдени ескерткіштер Жинағына Талас өңірі бойынша 110 ескерткіш тізімге алынып, олар типологиялық тұрғыдан төрт түрге топтастырылып, сипаттамалары жасалған (Свод., 2002, 99-280). Мұнда төрткүлдер жеке ескерткіш түрінде қарастырылғанымен, жалпы ескерткіштердің 10% ғана құрайды. Жинақта пішіні төртбұрышты ескерткіштер кейде «бекініс» немесе «қалажұрт» деген атаулармен көрсетілген.

2010-2014 жж. Жамбыл облысының территориясына жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары бойынша жарияланған тарихи-мәдени ескерткіштер Жинақтарында 99 ортағасырлық ескерткіш қамтылып, өз ішінде алты түрге топталады (Байзақ ауданы., 2010; Жамбыл ауданы., 2010; Талас ауданы., 2010; Жуалы ауданы., 2013; Сарысу ауданы., 2014). Аталған жинақтарда төрткүлдер жеке ескерткіш түрі ретінде сипатталып, саны жағынан жалпы ескерткіштердің 20% құрайды. Дегенмен, мұнда да бірқатар пішіні төртбұрышты ескерткіштер «қалажұрт» және «бекініс» атауларымен берілген (сурет 3). Әйтсе де, кейінгі жылдары жүргізілген здалалық зерттеу жұмыстарында өңірде орналасқан қоныстық ескерткіштердің саны жыл санап артып келеді.



3-сурет. Талас өңірінен анықталған ескерткіштердің түрі және сандық көрсеткіштері, % (n – ескерткіш саны)

Төрткүлдердің сипаттамасы

Барлау немесе іздестіру жұмыстарында төрткүлдер Талас өзенінің жағалауынан және оған құятын Шөлке, Қарабақыр өзендерінің жағалауынан, сонымен қатар ескі арналарының бірінің бойынан анықталды.

Шөлке төрткүлі Байзақ ауданы Кеңес аулынан 4 км оңтүстік-шығыста, Кеңес ауылына барар жолдың оң жағында 1,2 км жерде, Шөлке өзенінің сол жағасында, Нарымбай төрткүлінен 0,7 км қашықтықта орналасқан. Үстіне кейінгі уақыттардың (XIX-XX ғғ.) жерлеу орындары (молалар) түсіп кеткен. Бүгінде үстіне қалың өсімдік (қамыс) өскен.

Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған, жоспары бойынша шаршылы төрткүлдің көлемі 65×65 м, жал болып жатқан қабырғаларының ені 15 м-ге дейін, тек солтүстік-батыс қабырғасының ені 25 м барады, қабырғаларының биіктігі 1,6-2 м (сурет 4,1). Бұрыштары мен қабырғаларының ортасынан мұнара ізі әлсіз байқалады. Ескерткіштің ортасы ой болып жатыр. Үсті біршама тегіс, әрі жалпақ келген солтүстік-батыс қабырғасының ортасында жатқан үлкен шұңқырдың диаметрі 10 м, тереңдігі 1 м. Оңтүстік-шығыс қабырғасы үстінің екі жерінде шағын шұңқырлар бар. Солтүстік бұрышы басқа жағына қарағанда биік. Қақпа оңтүстік-батыс қабырғасы ортасында болғанға ұқсайды, себебі осы жағындағы қабырға басқа жағына қарағанда жайылып жатыр, сыртын қоршаған ор да осы жағында болмашы байқалады. Ескерткішті айнала қоршаған ордың ені 8-10 м, тереңдігі 0,4-0,8 м.

Барлау жұмыстары барысында үстінен қыш ыдыстардың сынықтары жинастырылып алынды. Жалпы саны 7 дана қыш ыдыс сынықтары анықталды. Олардың барлығы сырсыз қыш ыдыстар. Олардың 2 данасы асүйде, қалған 5 данасы асханада пайдаланылған. Асүйлік ыдыстар қазанның бүйір қабырғасының сынықтарынан тұрады. Қабырғаларының қалыңдығы 0,6-0,8 см. Қазандар қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Күйдірілу температурасы бірқалыпты. Асханалық ыдыс сынықтарын құмыраның бүйір қабырғасының фрагменттері құрайды. Қабырғаларының қалыңдығы 0,8-1 см аралығында ауытқиды. Ыдыстардың үшеуі қолмен жапсыру арқылы, екеуі шарықта жасалған. Бірінің сыртына қызғылт түсті ангоб сұйықтығы жағылған. Ыдыстар отта сапалы күйдірілген. Түстері қызғылт қоңыр.

Зылиха төрткүлі Байзақ ауданы Тегістік ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 км, Жаргүл төрткүлдерінен 1,2 км солтүстік-солтүстік-шығыста, Талас өзенінің оң жағалық биік жарқабақты тепсеңінің үстінде, Зылиха деп аталатын жерде орналасқан. Кеңестік кезеңде солтүстік-батыс жағынан үлкен арық, оңтүстігінен басқа жағын айналып өтетін арық қазылған. Арықтарды жүргізу барысында айналасы біршама бүлінген.

Төрткүлдің бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған, жоспары бойынша шаршылы келген. Көлемі: 60×60 м, жал болып жатқан қабырғаларының ені 14-18 м, биіктіктері 1,2-2 м (сурет 4,2). Қабырғаларының ортасы мен бұрыштарынан байқалатын мұнара іздері қабырға сызығынан сыртқа және ішке қарай жайылып шыққан. Ескерткішті айнала ор қоршап жатыр, оның ені 6-8 м, тереңдігі 0,2-0,8 м. Оңтүстік-батыс қабырғасы сыртындағы ор біршама жазықтау келген. Қабырғалары бойынан қақпа орны байқалмайды.

Барлау кезінде үстінен және айналасынан 14 дана қыш ыдыстардың сынықтары жинап алынды. Оларды қолданылу аясына қарай асүйлік (4), асханалық (1) және шаруашылық-тұрмыстық (5) деп үшке бөлуге болады. Асүйлік ыдыстар қазан ернеуі мен бүйір қабырғаларының сынықтарынан тұрады. Ернеуі жасалу әдісі бойынша сыртқа қарай саңырауқұлақтанып шыққан. Қалыңдығы 1,1 см. Ыдыс шарықта жасалып пішінделген. Қазанның бүйір қабырғасының қалыңдығы 0,7-1 см аралығында ауытқиды. Жоғарыда аталған қазаннан басқаларының барлығы қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр. Асханалық ыдыстар құмыраның бүйір қабырғасының сынықтарынан тұрады. Бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0,7-1,4 см аралығында ауытқиды. Барлығы қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Ыдыстар отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр. Шаруашылық ыдыстарды хұм мен хұмшалардың бүйір қабырғасының сынықтары құрайды. Олардың нақты осы екеуінің қайсысына жататынын ажырату қиын. Бүйір қабырғаларының қалыңдығы 1-1,8 см аралығында. Ыдыстар қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалып, пішінделген. Отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр.

Арна төрткүлі Байзақ ауданы Сарыбарақ ауылынан 7 км батыста, Қарабақыр өзенінің сол жағасында, Қарабөгет су қоймасынан 2 км солтүстік-батыста орналасқан. Ортағасырлық Оққұм қаласынан 8 км оңтүстікте жатыр. Бүгінде құрғап қалған Қарабақыр өзенінің арнасына қалың бұта өскен.

Арна төрткүлі ортағасырлық қаланың солтүстік шетіне таман орналасқан. Қала шамамен 100 га аумақты алып жатыр. Қала бірнеше үлкенді-кішілі төбелерден тұрады, көлемі үлкен жекелеген төбелерді батыс бөлігінен кездестіруге болады. Қала аумағынан арықтар өткен.

Өзеннің жағасында орналасқан, бұрыштары әлемнің төрт тарабына қараған төрткүлдің жоспары бойынша шаршылы келген. Көлемі 96×96 м, биіктігі 1,5-2,5 м, сыртын қоршап жатқан қабырғалары әлсіз білінетін жал болып жатыр (сурет 4,3). Дегенмен, бұрыштары мен қабырғаларының ортасынан мұнара іздері байқалады. Мұнаралары қабырға сызығынан сыртқа қарай шығып тұр, әрі қабырғаларынан 0,2-0,4 м биік. Солтүстік-шығыс қабырғасындағы сайға қарағанда, қақпа осы жағында орналасқанға ұқсайды. Осы жағынан өзенге қарай сай кеткен. Ескерткіштің ортасында төбешік орналасқан, оның диаметрі 22 м, биіктігі 1,2 м. Төрткүлді айнала әлсіз білінетін, терең емес ор қоршаған.

Барлау жұмыстары барысында ескерткіштің үстінен және айналасынан керамика сынықтары жинап алынды. Жалпы саны 24 дана қыш фрагменті. Олар асүйлік (4,2%), асханалық (58,3%) ыдыс сынықтары мен құрылыс материалдары (37,5%). Олардың ішінде сырлы ыдыстар 40%, сырсыз ыдыстар 60%-ды құрайды. Шаруашылықта пайдаланылған ыдыстар табылмады. Асүйлік ыдыстардың ішінде тек бір дана қазанның ернеуі бар. Ернеу сынығының кішкентай болуына байланысты диаметрін анықтау мүмкін болмады. Жасалу әдісі бойынша ернеуі сыртқа қарай қайтарылып жасалған. Ернеуінің қалыңдығы 1,5 см. Ыдыс шарықта жасалып, пішінделген. Отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр. Асханалық ыдыстарды құмыраның бүйір қабырғасының сынықтары мен тұтқа қалдығы құрайды. Бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0,6-1,2 см аралығында ауытқиды. Ыдыстардың барлығы қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Бірінің бүйір қабырғасына арнайы затпен айналдыра сызық жүргізілген. Құмыра тұтқасының қалыңдығы 2,5 см. Ыдыстар отта сапалы күйдірілген. Түстері қызғылт қоңыр.

Сырлы ыдыстар. Асханада пайдаланылған сырлы ыдыстарды негізінен табақтың бүйір қабырғасының сынықтары құрайды. Ыдыстар шарықта жасалып пішінделген. Бірінің бетінде белгісіз өрнектің қалдығы сақталған. Сырының түстері сұр, жасыл және көк болып келген. Отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр (сурет 6,1).

Құрылыс материалдары. Құрылыста пайдаланылған қыш материалдарды сырлы қаптамалар құрайды. Олар негізінен қоғамдық ғимараттарды безендіруде қолданылған. Қаптамалар қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Басым көпшілігінің ішкі жағында пішіндеп қалыпқа келтіру кезінде пайдаланылған мата іздері сақталған (сурет 6,1). Мата іздеріне қарап, тігістері әртүрлі пішінде екендігі байқалады. Оның тігісі арылы вертикаль және горизонталь осьпен тоқылғаны білінеді. Қаптамалардың түстері ашық көк, жасыл және қанық жасыл. Отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр.



4-сурет. 1-Шәлке, 2-Зылиха, 3-Арна. Әуеден түсірілген суреттері

Ақарық төрткүлі Байзақ ауданы Шахан ауылынан солтүстік-батыста 6 км жерде, Тегістік–Талапты автожолының сол жағында, Талас өзенінің сол жағалық биік тепсеңінің үстінде орналасқан. Кеңестік уақытта Қарабақыр өзеніне салынған Қарабөгет су қоймасынан тартылған, Ақарық деп аталатын арықтың жағасында жатыр. Ортағасырлық Оххум қаласынан 1,8 км оңтүстік-шығысында орналасқан.

Төрткүлдің қабырғалары әлемнің төрт тарабына қараған. Жоспары бойынша шаршылы келген, айнала қабырғалары жайылған жал күйінде жатыр. Көлемі 54×54 м, қабырғаларының ені 15-20 м, биіктігі 1 м (сурет 5,1). Ой болып жатқан ортасы қабырғаларына қарағанда 0,5 м төмен. Шығыс жағынан газ құбыры өткендіктен, қабырғасы біршама бұзылған.

Төрткүлдің үстінен және айналасынан керамиканың сынықтары кездеседі. Барлау жұмыстары нәтижесінде барлығы 16 дана керамикалық материалдар және 3 дана металл (қожтемір) сынықтары табылды (сурет 6,2). Керамикалық материалдарды қолданылу аясына қарай асүйлік, асханалық және шаруашылық-тұрмыстық деп үшке жіктеуге болады. Асүйлік ыдыстардың ішінде қазанның бүйір қабырғалары мен тұтқасының сынықтары бар. Бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0,6-1,2 см аралығында ауытқиды. Тұтқаларының тек қазанның бүйір қабырғасына жапсырылған бөлігі ғана сақталған. Осыған қарап тұтқалардың қазан бүйіріне саңылау тастап орналасқандығын айтуға болады. Қазандардың барлығы қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Күйдірілу температурасы бірқалыпты. Түстері қызғылт қоңыр. Асханалық ыдыстарды құмыраның бүйір қабырғасы, тұтқа және түп сынықтары құрайды. Бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0,6-1,4 см аралығында ауытқиды. Басым көпшілігі қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Кейбірінің сыртында өрнектері бар. Құмыра тұтқасының жалпақтығы 4 см, қалыңдығы 1,8 см. Құмыра түптерінің диаметрі 12 см, түбінен бүйіріне қарай көтерілетін тұсындағы қабырғасының қалыңдығы 1,3-2,3 см аралығында ауытқиды. Ыдыстар шарықта жасалған. Күйдірілу температурасы бірқалыпты. Түстері қызғылт қоңыр. Шаруашылық-

тұрмыстық ыдыстардың ішінде 1 дана хұмның бүйір қабырғасының сынығы бар. Қабырғасының қалыңдығы 1,7 см. Ыдыс қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Күйдірілу температурасы бірқалыпты, түсі қызғылт қоңыр.

Қарабақыр төрткүлі Талас ауданы Талапты 7 км оңтүстік-шығыста, Талас өзеніне құяр тұсына жақын, арнасы құрғап қалған Қарабақыр өзенінің оң жағалауында, ортағасырлық Талапты қаласынан 2,5 км оңтүстік-шығыста орналасқан.

Жоспары бойынша шаршылы келген ескерткіштің қабырғалары сәл ауытқып әлемнің төрт тарабына бағытталған. Солтүстік-шығыс бұрышын Тегістік-Талапты автожолы басып өткендіктен, кезінде жолды салу барысында қатты бұзылған. Бұрыштары мен қабырғаларының ортасында мұнара іздері әлсін байқалатын төрткүлдің көлемі 100×100 м, қабырғаларының биіктігі 1 м-ге дейін барады, үсті тегіс келген (сурет 5,2). Шығыс қабырғасы ортасындағы мұнара орны болуы мүмкін төбешік биік келген. Оның диаметрі 26 м, биіктігі 1,5 м, ортасындағы шұңқырдың диаметрі 2 м, тереңдігі 0,4 м. Солтүстік және батыс қабырғасының сыртын ор қоршап жатыр, ені 8-12 м, тереңдігі 0,8-2 м аралығында, солтүстік жағындағы ор жыра секілді тереңдеп кеткен, өз уақытында жауын-шашыннан пайда болған табиғи жыраны пайдаланған ұқсайды, себебі жыраның жалғасы автожолдың келесі бетіне шыққан. Шығыс жағындағы ор көмескі байқалады. Оңтүстік-батыс бұрышы сыртынан газ құбыры өткендіктен, осы жағы да техниканың көмегімен біршама сүрілген.

Зерттеу барысында төрткүлдің үстінен және айналасынан қыш ыдыстардың сынықтары анықталды. Барлығы 17 дана қыш ыдыс фрагменттері мен 1 дана диірмен тас қалдығы табылды (сурет 6,3). Керамикалық материалдардың 35% сырлы, 65% сырсыз ыдыстар. Қолданылу қызметіне қарай асүйлік (25%), асханалық (58%) және шаруашылық-тұрмыстық (17%) деп үшке бөлуге болады. Асүйлік ыдыстарды қазанның ернеуі, бүйір қабырғасы мен тұтқаларының сынықтары құрайды. Қазан ернеуінің қалыңдығы 0,7 см. Жасалу әдісі бойынша ернеуі сыртқа қарай қайтарылмаған. Қабырғаларының қалыңдығы 0,6-1 см аралығында ауытқиды. Тұтқасының қалыңдығы 2,5 см. Тұтқасы қазан бүйіріне саңылау тастап жапсырылған. Қазандардың басым көпшілігі шарықта жасалып пішінделген. Отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр.

Асханада қолданылған ыдыстарды көзе ернеуі, көзе мен құмыралардың бүйір сынықтары және сырлы ыдыстар құрайды. Көзе ернеуінің қалыңдығы 1,1 см, қабырғасының қалыңдығы 0,8 см. Ыдыстардың бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0,7-1 см аралығында ауытқиды. Көзе мен құмыралар қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Сырлы ыдыс сынықтары табақ пен кеселерге тиесілі. Кесе ернеуінің қалыңдығы 0,5 см. Ыдыстардың бүйір қабырғасының қалыңдығы 0,5-0,6 см аралығында ауытқиды. Сырының түсі сұр, қоңыр және қара болып келген. Отта сапалы күйдірілген.

Шаруашылық-тұрмыстық ыдыстарды хұмның ернеуі және бүйір қабырғасының сынықтары құрайды. Хұм ернеулерінің диаметрі 33-45 см, ернеуінің қалыңдығы 3,2-3,7 см, бүйір қабырғаларының қалыңдығы 1,2-1,4 см аралығында ауытқиды. Хұм ернеуі жасалу әдісі бойынша сыртқа қарай қайтарылып жасалған. Ернеуінің жиегі толқындалып, айналдыра саусақ ұшымен бастырылып безендірілген. Екінші бір хұмның бүйір қабырғасының қалыңдығы 1,4 см. Ыдыстардың барлығы қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалып, пішінделген. Отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр.

Балта төрткүлі Талас ауданы Сейілбек (Бестам) ауылынан 9 км оңтүстік-шығыс-шығыста, Талас өзенінің ескі арналарының бірінің оң жағалауында, Балта деп аталатын жерде орналасқан. Ортағасырлық Қызылқорған және Шаруашылық қалаларының аралығында жатыр. Кеңестік уақытта оңтүстік-батыс жағынан 0,35 км жерден арық қазылған.

Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталып жатқан төрткүлді жал болып жатқан қабырғалары қоршап жатыр. Көлемі 44×42 м, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай ұзындау, қатты жайылып кеткен қабырғаларының ені 10-14 м, биіктіктері 0,6-1 м (сурет 5,3). Басқа бөліктеріне қарағанда сәл биік келген бұрыштарынан мұнара іздері байқалады. Ортасы ой болып жатыр, сыртына қарағанда 0,5 м-ге дейін төмен. Төрткүлді айнала қоршаған білінер-білінбес сайдың ені 8-10 м, тереңдігі 0,1-0,2 м.

Ескерткіштің айналасынан және үстінен санаулы ғана қыш ыдыстардың сынықтары кездеседі. 13 дана қыш бұйым фрагменттері мен 1 дана металл сынығы табылды. Қыш бұйымдар қолданылу аясы бойынша асүйлік (10), асханалық (2) және тұрмыстық (1) деп үшке жіктеуге болады. Асүйлік ыдыстарды қазанның бүйір қабырғасының сынықтары құрайды. Қабырғасының қалыңдығы 0,6-1 см аралығында ауытқиды. Қазандар қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Күйдірілу температурасы бірқалыпты. Түсі қызғылт қоңыр. Асханалық ыдыстарды тостаған секілді ыдыстың ернеуі мен құмыра түбі құрайды. Ыдыс ернеуінің қалыңдығы 0,7 см. Шарықта жасалған ыдыс отта сапалы күйдірілген. Құмыра түбінің диаметрі 10 см. Түбінің қалыңдығы 0,8 см, бүйір қабырғасының қалыңдығы 1-1,5 см. Ыдыс қолмен жапсыру әдісі бойынша ленталанып (бөліктер бойынша) жасалған. Отта сапалы

күйдірілмеген. Түсі қызғылт қоңыр. Тұрмыстық бұйымға өңделген қыш бұйым жатады. Бұл ұршықтың басына ұқсайды, екі беті тегістелген және формасы дөңгелек болып келген. Бірақ, ортасы тесілмеген. Оның қалыңдығы 0,7 см, диаметрі 4,1-4,7 см аралығында ауытқиды. Отта сапалы күйдірілмеген.

Қызылқорған-3 төрткүлі Талас ауданы Сейілбек (Бестам) ауылынан 3,5 км солтүстік-шығыста, Қарақожа мешітінен 2,5 солтүстік-солтүстік-шығыста, екі төрткүлден тұратын Қызылқорған ескерткішінің қасында орналасқан. Қызылқорған-1-2 ескерткішінен батыста, араларын кеңестік уақытта қазылған арық бөліп жатыр. Қызылқорған-1-2 ескерткіштері биіктеу келген қызыл түсті топырақты тепсеңнің үстінде, ал Қызылқорған-3 ескерткіші құмдақтау ойыс жерде орналасқан. Оңтүстік-шығыс қабырға жағына ескі молалардың орны бар.

Қызылқорған ескерткішін 1980 ж. Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы (К. Байбосынов) ашып зерттеген. Екі төрткүлден тұратын ескерткішті XVIII–XIX ғғ. жатқызады (Алипчиев, Байбосынов, 1982, с. 180-181). 1983 жылы ҚазҰУ-дың Университет археологиялық экспедициясының барлау тобы (жет.: Елеуов М.) схемалық жоспарын түсіріп, материалдарын жинастырады. Ескерткіштерді X–XII ғғ. мерзімдейді (Шалекенов, 1984, 48). 2000 ж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы экспедициясы (К.М. Байпақов, Д.А. Лобас) ескерткішті зерттейді (Свод памятников..., 2002, 274-275). 2009 ж. «Археологиялық сараптама» ЖШС Ескерткіштер жинағының экспедициясы (Е. Ақымбек, Ш.Құдабаев) құрал арқылы жоспарын, әуеден фотосуретін түсіреді (Ақымбек, 2010, 180-181).

Бүгінгі күнге дейін төрт экспедиция ескерткішке әртүрлі зерттеу жұмыстарын жүргізгенімен, оның батысында жатқан төрткүлді байқамаған. Себебі, Қызылқорған-3 төрткүлі сай жерде орналасқан. Шығыс жағына мола түсіп, үстіне қалың өсімдік өскен. Осының салдарынан ескерткішті байқау мүмкін емес.

Төрткүлдің бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған. Жоспары бойынша шаршылы келген төрткүлдің қабырғалары айнала қоршап жал болып жатыр. Көлемі 102×102 м, қабырғаларының ені 20 м, биіктіктері 1,5-2 м (сурет 5, 4). Бұрыштары мен қабырғалары бойының екі жерінен мұнара іздері байқалады, мұнараларының жалпы саны – 12. Олар қабырға сызығынан болмашы ғана сыртқы шығып тұр. Ішкі бөлігі айналасына қарағанда 1 м биік жатыр. Ескерткіштің сыртын айнала жазық келген сай қоршаған.

Ескерткіштің үстінен және айналасынан керамика сынықтары кездеседі. Төрткүлден барлығы 3 дана қыш ыдыс фрагменті мен 1 дана темір құманның қалдығы табылды (сурет 6, 4). Қыш ыдыстардың екеуі асханада, бірі шаруашылықта пайдаланылған. Асханада пайдаланылған ыдыстарды сырлы табақ ернеуі мен сырлы ыдыстың бүйір қабырғасының сынығы құрайды. Ыдыстардың бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0,5 см. Сырының түстері сұр, қоңыр және жасыл болып келген. Бірінің сыртына өрнектер жүргізілген. Шаруашылықта пайдаланылған ыдысты құмның түп сынығы құрайды. Түбінің диаметрі 19 см, түбінің қалыңдығы 1,4 см, бүйір қабырғасының қалыңдығы 1,3 см. Ыдыс қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалған. Отта сапалы күйдірілген. Түсі қызғылт қоңыр.



5-сурет. 1-Ақарық, 2-Қарабақыр, 3- Балта, 4-Қызылқорған-3.
Әуеден түсірілген суреттері



6-сурет. Табылған қыш және темір бұйымдар: 1-Арна, 2-Ақарық, 3-Қарабақыр,
4-Қызылқорған-3

Қорытынды. 2021-2022 жж. анықталған төрткүлдердің көбі (Шәлке, Арна, Ақарық, Зылиха, Қарабақыр) үлкен қалаларға немесе төрткүлдерге жақын, я маңайына, біреуі (Балта) жалғыз, біреуі (Қызылқорған-3) төрткүлдердің қасында орналасқан. Жаңадан анықталған төрткүлдердің барлығы сол маңдағы жер-су аттарымен аталды. Шәлке төрткүлі Шәлке өзенінің жағасында, Арна және Қарабақыр төрткүлдері Қарабақыр өзенінің жағасында, Зылиха мен Ақарық төрткүлдері Талас өзенінің жағасында, ал Балта мен Қызылқорған-3 төрткүлдері Талас өзенінің ескі арналарының жағасында орналасқан. Төрткүлдердің орналасуында қандай да бір заңдылықтың бар-жоғын білу қиын, бірақ, орналасуларында ерекшеліктер бар. Шәлке төрткүлі ішкі бөлігінде мәдени қабаты аңғарылмайтын, керісінше қорғаныс қабырғасы қалың, әрі биік, мұнара іздері анық байқалатын Нарымбай төрткүліне

карама-қарсы, өзеннің келесі бетінде, осындай ерекшелікте Зылиха төрткүлі Жаргүл төрткүлдеріне қарсы, Талас өзенінің келесі бетіне жайғасқан. Арна төрткүлі үлкен қаланың шетінде, Ақарық төрткүлі Оххум қаласы маңына, Қарабақыр төрткүлі Талапты қаласына жақын, Балта төрткүлі Қызылқорған мен Шаруашылық ескерткіштерінің аралығындағы ескі арнаның жағасында, ал, Қызылқорған-3 төрткүлі Қызылқорған-1-2 төрткүлдердің қатарында орналасқан. Жалпы, Талас өңірінде, яғни Талас пен оған келіп құятын өзендердің алқабында орналасқан төрткүлдердің орналасуын қарайтын болсақ, белгілі бір тәртіпте орналасқанға ұқсайды. Олар белгілі бір қашықтықта және үлкен қалалар мен шоғырланған төрткүлдердің маңайына орналасқандығын көруге болады. Дегенмен, төрткүлдердің көбі тау алды жазықтықтардан ағып шығатын өзендердің бойында орналасқан.

Барлау жұмыстарында төрткүлдерден табылған керамикалар алуан түрлі: асүйлік, асханалық және шаруашылық-тұрмыстық, тіпті құрылыстық қыш бұйымдар бар. Кейбір төрткүлдердің керамикалары бір-біріне ұқсас келсе, кейбірі тіпті ұқсамайды. Олар ескерткіштің өмір сүрген уақыттарына байланысты болуы мүмкін. Арна төрткүлінің үстінен анықталған керамикаларға айналасынан табылған керамикалар ұқсамайды. Осы ескерткіштің батыс жағындағы биік төбеден табылған керамикалардың ішінен сырлы қаптама тақталардың сынықтары кездеседі. Мұндай қаптама тақталарды көбінде сәулеттік ескерткіштерді безендіруге пайдаланады. Бұл қаптама тақталарға қарағанда, осы маңдағы ескерткіш төрткүлден кейін өмір сүрген сияқты.

Өңірдегі төрткүлдердің өмір сүрген уақыттарына келетін болсақ, олардың басым бөлігі қарахандықтар уақытына сай келеді. Жүргізілген зерттеу жұмыстары олардың көбі X–XII ғғ. пайда болғандығын көрсетіп отыр. Қызылқорған-3 төрткүлінің қасындағы Қызылқорған-1 төрткүлінен алынған үлгіге жүргізілген талдау жұмыстары, оның XIII ғ. жататындығын көрсетті. Олай болса, жоспары бойынша шаршылы келген ескерткіштер қарахандықтар уақытынан кейін де өмір сүргендігін көруге болады.

Қорытындылай келе, бір-бірімен белгілі бір қашықтықта орналасқан төрткүлдердің өзара байланыстарының бар-жоғын келешекте кешенді зерттеу жүргізу барысында және нақты өмір сүрген уақыттарын пәнаралық зерттеулер жүргізу арқылы анықтауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- Ақымбек Е. Қызылқорған қалажұрты // Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Талас ауданы. Алматы, 2010. 224 б.
- Ақымбек Е.Ш., Шагирабаев М.С. Талас өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдердің зерттелу тарихы // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 1 (29.) 2022 <https://edu.e-history.kz>
- Алипчиев С., Байбосынов К. Свод памятников истории и культуры джамбулской области. – Джамбул, 1982. – 208 с.
- Археологическая карта Казахстана // Коллективная монография. — Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1960. – 498 с.
- Археологические памятники Таласской долины (Отв. ред. П.Н. Кожемяко) // Фрунзе: 1963. – 264 с.
- Байпаков К.М. Городища типа «торкуль». // Археологические памятники Казахстана. – Алма-Ата. Наука, 1978. С. 80-97.
- Бартольд В. В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью в 1893-1894 гг. Москва: Наука, 1966. Т. IV. – 497 с.
- Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. Историко-археологический очерк. Алма-Ата: КазОГИЗ, 1941. 87 с.
- Диваев А.А. Киргизская легенда о постройке Акыр-Таша // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М.М. Туркестан: Туран, 2011. С. 355-356.
- Елеуов М. Средневековая культура городов и поселений Чуйской долины: I – начало XIII вв. (Вопросы типологии и фортификации). Дисс... канд... ист. наук. – Алма-Ата, 1991. – 234 с.
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Байзақ ауданы. – Алматы, 2010. 204 б.
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Жамбыл ауданы. – Алматы, 2010. 212 б.
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Жуалы ауданы. – Алматы, 2013. 209 б.
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Сарысу ауданы. – Алматы, 2014. 184 б.
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Талас ауданы. Алматы, 2010. 223 б.
- Иванов Д.Л. По поводу некоторых Туркестанских древностей. - Известия Имп. Русского Географического общества, 1885, Вып. 1-6. Т.21, с. 1–16.
- Каллаур В.А. Древние местности Аулиеатинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в восточной Туркестан // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М.М. Туркестан: Туран, 2011. С. 78-85.
- Лаврентьев В.П. Краткий перечень бугров (курганов) находящихся в черте г. Аулие-ата // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М.М. Туркестан: Туран, 2011. С. 223-227.
- Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край. – Санкт Петербург, 1870. – 51 с.
- Отчет императорской археологической комиссии за 1890 г. – Санкт Петербург, 1892. С. 77-122.
- Пацевич Г.И. Акыр-таш (Ахур-таш, Таш-акыр). Археологические работы. 1940 г. // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана. Ф. 2, оп. 2, д. 38, 9 л.

Ремпель Л.И. Археологические памятники в дальних низовьях Таласа // Труды ИИАЭ. Т. 1. – 1956. – С. 60-72.
Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. – Алматы, РГКП «НИПИ ПМК», 2002. – Т.2. – 350 с., карты, ил.

Шалекенов У.Х. Отчет «Археолого-этнографическое изучение Чуйской долины» (1983 г.) // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. Описание 2, д, 1957, 117 с.

E.Sh. Akymbek, M.S. Shagyrbayev, N.B. Nurgali, R.K. Abir
NEW DATA ON MEDIEVAL TORTKULS OF THE TALAS VALLEY
(RESULTS OF 2021-2022 FIELD STUDIES)

The article considers data on a number of medieval sites (tortkuls) discovered by archaeologists of the Talas detachment (head: Akymbek E.Sh.) of the South Kazakhstan Complex Archaeological Expedition in the Talas Valley in 2021-2022. Sites were discovered mainly on the banks of the Talas River, its old beds and channels of Shalke, Karabakyr. Plans for tortkuls such as Shalke, Zylikha, Arna, Akaryk, Karabakyr, Balta, Kyzylkorgan-3 were documented, they are rectangular or square, surrounded by ramparts. Its walls are oriented on the parts of the world. At the corners and walls, traces of towers are visible. Some tortkuls have low walls, some have preserved high ones. The cultural layers of the sites are different: in some they are very significant, in others it is completely absent. The locations differ from each other: tortkuls of Shalke and Zylikha are on the banks of the river opposite large tortkuls (Narymbay, Zhargul), tortkul Arna on the territory of a large hillfort, tortkuls of Akaryk and Karabakyr next to big medieval hillforts (Ohkhum, Talapty), tortkul of Balta on the shore of the dry bed of Talas River (between the sites of Taitobe and Kyzylkorgan), the tortkul of Kyzylkorgan-3 are located in the rows of the tortkuls of Kyzylkorgan-1-2. Analysis of samples and comparative analysis of ceramics collected from surface of sites and in surrounds showed that most of the tortkuls existed in Karakhanid times.

АРХЕОЛОГ И. И. КОПЫЛОВТЫҢ ТАЛХИЗ ҚАЛАШЫҒЫНА ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Қазіргі Талғар қаласының оңтүстігіндегі Талғар өзеннің оң жағалауында орналасқан Талхиз қалашығы Қазақстанның ерте ортағасырлық қаласының мәселелерін және жалпы орта ғасырлардағы урбанизация процесін зерттеуге арналған маңызды ескерткіштердің бірі болып табылады.

Талғар қалашығына алғашқылардың бірі болып назар аударған В.Д. Городецкий 1921 және 1924 жылдары қаланы зерттеді. Зерттеулердің нәтижесінде оның қолжазбасынан қалашық туралы сондай-ақ елді мекеннен табылған заттар туралы қысқаша жазбалар болды, аталмыш деректер 1928 жылы «Талғар қалашығы» деген ғылыми мақаланың жазылуына түркі болды.

В.Д. Городецкий Талғар қалашығының маңындағы қала құрылысына дейін салынған ескерткіштердің бар екендігі туралы жоғарыда көрсетілген мақаласында айта келе, олардың арасында тас мүсінді қабірлер де бар екендігін айтады. Бұл дегеніміз Талхиз қалашығы бос жерде емес, сол уақытқа дейін де өмір сүрген аумақта пайда болғанын көрсетеді (Городецкий, 1928, с. 49-55).

1939 жылы қалашықтағы алғашқы қазба жұмыстарын А.Н. Бернштам басқарған археологиялық экспедиция жүргізді, зерттеуші мәдени қабаттың сипатын ашу мақсатында бекіністі үш бөлікке бөлетін стратиграфиялық шурф салды. Одан кейінгі жылдары қалашық аумағына И.И.Копылов бастаған археологиялық қазба жұмыстары ұзақ жылдар бойы жүргізілді. Сондай-ақ ескерткішке К.М. Байпаков, Т.В. Савелева сынды археологтардың басқаруымен археологиялық экспедициялар жүргізілген (Байпаков және т.б. 2002, с. 28-29).

Археолог И.И. Копыловтың жеке іс-құжаттарына назар аударсақ, 1955 жылдан бастап 1990 жылдарға дейін қалашықты И. И. Копыловтың басшылығымен Талғар археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізген.

Археологиялық қазба жұмыстары барысында қалашықтың әртүрлі жерлерінен тұрғын үй, өндірістік және аула құрылыстары бар оннан астам үй құрылыстары ашылған. И.И. Копыловтың қазба жұмысы барысында оңтүстік қала жағының батыс бұрышындағы үй құрылыстарының біріне толығымен қазба жұмысы жүргізілген. Аталмыш жерден үш қонақ бөлме, үш қойма және қоршалған шаруашылық ауласы анықталған.

И.И. Копыловтың мәлімдеуінше Талғар қалашығындағы қазба барысында сирек кездесетін ерекше өнер туындыларын тапқандығын айтады. Зергерлер үйлерінің бекініс бөлігінің ортасында піл сүйегінен ойылған ерекше композициялы буддистік мүсін табылған. Елді мекеннің әртүрлі бөліктерінде піл сүйегінен жасалған алты шахмат фигурасы табылды. Торевт үйінде, қала орталығында торевтиканың керемет туындылары анықталған. Осындай керемет олжалардың барлығы ескерткішке ерекше назар аударуға лайық екендігін, сақтау мен зерттеудің шұғыл шараларын жүргізуді талап ететіндігін көрсетеді деп жазған И.И. Копылов мақаласында.

И.И. Копылов жетекшілігімен 1981 жылы Абай атындағы ҚазПИ Талғар археологиялық экспедициясы Қазақстан тарихы мен мәдениеті ескерткіштерін қорғау қоғамының орталық кеңесі қаржыландырған «ежелгі Талғардың тарихи топографиясы мен қала құрылысы» тақырыбын зерттеу мақсатында қазба жұмыстарын жүргізіп, қалашықтағы белгісіз бірқатар жаңа орындарды анықтады.

Ежелгі Талғардың қала құрылысы мәселесін зерделеу барысында қаланың бекіністі бөлігінің ортасында тас төселген көше ашылды. Жетісудың ортағасырлық қалаларының мәдениеті үшін сирек кездесетін бұл ескерткішті зерттеуге археолог И.И. Копыловтың жетекшілігімен Талғар экспедициясы далалық маусымы жұмысын жүргізген. Ал Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық қалаларының көше желісі мәселелері бойынша арнайы еңбектердің жоқтығы, зерттеуді қиындатқандығы туралы И.И. Копылов өз жазбаларында айтады.

Бірақ Орта Азияның кейбір қалаларының көшелері туралы қысқа мәліметтер араб тілінде жазылған ортағасырлық авторлардың жазбаларында кездеседі.

Аталмыш сала бойынша В.В. Бартольдтың «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан» еңбегі үлкен қызығушылық тудырады онда ортағасырлық авторлардың шығармаларынан алынған үзінділер келтіреді, Орталық Азия қалаларын сипаттау кезінде көшелердің сызбаларын және олардағы инфрақұрылымдар көрсетілген (Бартольд, 1963, с. 140-142)

Қазақстан мен Орта Азияның ежелгі және ерте ортағасырлық қалаларының көше желісі арнайы археологиялық қазбаларда кездеспегендіктен, археологиялық әдебиеттерде аталмыш мәселеге арналған арнайы жұмыстар жоқ. Бірақ көшелер мен аллеялардың жекелеген сегменттері қазылған аумақтар жалпы территорияға кіргендіктен, сол кезде жазылған қазба жұмыстарының есептерде ішінара жалпы сипаттама берілген. Ежелгі қалалардағы көше желісі мәселелерін зерделеу Қазақстанның ортағасырлық қалаларының мәселелерін зерттеу барысында өзекті екендігі белгілі. Өйткені бұл мәселе қалалардағы инфрақұрылымдардың даму деңгейі мен орналасу мәселелерін анықтауға негіз болады.

Ортағасырлық Талғар қалашығының көше желісін зерттеу жұмыстары 1981 жылы мамыр айында И.И. Копылов жетекшілігімен далалық археологиялық қазба жұмысы кезінде ұзындығы 154 м-ден асатын қала ішіндегі көпір көшесінің бір бөлігіне арнайы қазба жұмысы жүргізілген. Қазба барысында көшеге іргелес дуал қабырғасынан 25-30 см тереңдіктегі мәдени қабаттың алғашқы шым қабатын алып тастағаннан кейінгі тазартылған қалыңдығы 5-10 см құм мен қиыршық тастан тұратын тас төселген көшенің алғашқы жоғарғы қабаты пайда болды, оның астынан қалыңдығы 15-20 см нығыздап төселген тастың екінші дейгейі анықталды деп жазады И.И.Копылов өзінің мақаласында. Ары қарай жүргізілген қазба жұмысы барысында үшінші қабат анықталды, онда құм мен ұсақ қиыршық тастармен араласқан шаруашылық қалдықтары күл, көмір, қыш, жануарлар сүйектері, металл және түрлі киім материалдары бар қоқыстар табылған. Жоғарыда айтылған үш қабаттың түбінен 20-30 см болатын негізінен жалпақ тастар төселген жабындыдан тұратын қабат анықталған. Осылайша төрт деңгейден тұратын көпір көшенің жалпы қалыңдығы 50-70 см-ге дейін, оның қазба аймағындағы ені 2,5-3 м, ұзындығы 42 м болатын оңтүстік шығыстан оңтүстікке қарай аздап бұрылған аймақта ежелгі Талғар қаласының алғашқы көпірлі көшесі анықталған екен.

Көпірлі көшелер қоқыс қоспалары қосылған саз балшықтармен тұрғызылған. Қалашық ортасынан ағатын «поповский» деп аталатын арыққа жақын тұрғызылған көпір көшелерінің жоғарғы үшінші қабаты бұзылған, төменгі іргетас қабаты жартылай ғана сақталған екен.

Осы күнге жеткен деректер бойынша Талхиз қалашығының оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа қарай бағытталған №1 қазба жұмыстарын жалғастыру кезінде мәдени қабаттың жоғарғы қатты қопсытылған қабатын алып тастағаннан кейін көпір көшелерінің белгілері құммен қиыршық тас түрінде анықталынып, қазба барысында белгілі болғандай тығыз төселген тас қабаты табылған.

Көпір көшесін жаппай тастардан тазарту арқылы көпірді жасаудың техникалық әдістерін анықтауға үлкен мүмкіндік туғызды дейді зерттеуші И.И. Копылов өз еңбегінде. Белгілі болғандай қазбаның батыс бөлігінде көпірдің оңтүстік шеті түзу бағытта салынған құммен сазды сұйық ерітіндісімен құйылған жаппай жалпақ тастар төселген. Ары қарай зерттеу арқылы көпірлі көшені салудың техникалық әдістерін зерттеу барысында белгілі болғандай оны тұрғызудың негізгі материалдары тас, қиыршық тас, құм, саз балшық және тұрмыстық қалдықтар болғандығы анықталды.

Демек, И.И. Копыловтың мәлімдеуі бойынша 1981 жылғы бірінші далалық маусымның қазба жұмыстары кезінде Талхиз қалашығының көше желісін зерттеу барысында көпір көшесінің батыс бөлігі ашылған, бұл аумақ қалашықтағы көше орналасуының магистральды сипатқа ие екендігін анықтаған. Яғни батыс бекініс қақпасынан солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа дейін созылған және тұрғын үйдің массивтерін тең екіге бөліп жатыр, солтүстікпен оңтүстікке дейінгі дуалдардың аралығы 139-153 м-ге дейін болған. Осы магистральдық көшеден меридиандық бағытта қаланың тұрғын үй массивтерін құрайтын көшелер, аллеялар мен тұйықтар өтеді деп көрсеткен,

Дегенмен, қазба барысында қыш бұйымдар мен күнделікті тұрмысқа қажет заттардың сынықтары мен қалдықтарымен көмілгені анықталған. Көпір көшесін қазу барысында негізінен екінші қабатта қала тұрғындарының экономикалық және мәдени-саяси өмірінің әртүрлі салаларын бейнелейтін көптеген бұйымдар және түрлі киім материалы табылған. Табылған заттардың басым бөлігін асхана мен ас үй ыдыстарының сынықтары қыштан жасалған бұйымдардың фрагменттері, сфералық пошынды қазандар, садақ ұштары, ыдыстың тұтқалары, тостағандар, құмыралар, үлкен хумдар мен хумшалардың ернеуі, түбі, бүйірі сынды бөлшектері, шырағдан және т. б. көптеген ыдыстардың бөліктері табылған олардың басым көпшілігі станокта өндірілген және күйдірілген. Түрлі түсті бояулармен сырланған қыш бұйымдарға Қараханид дәуіріне тән (XI-XIII ғасырдың басы) геометриялық және түрлі толқынды өрнектер безендірілген. Тостаған, кесе, шырағ сынықтарында кездесетін жылтыратылған қыш XI – XIII ғғ. басында кеңінен таралған қара қоңыр, жасыл, ақ, сары бояулармен боялған ою-өрнектермен безендірілген. Демек, керамикалық токсиндердің, әртүрлі пішінді шұңқырлардың және сәндік сүйек мөрлерінің, сондай-ақ өндіріс қалдықтарының табылуы қалада қолөнердің кең таралғанын көрсетеді.

Сондай-ақ қорғасын, мыс, қола кесектері, мыс, қола балқыту, құю және түрлі металл қалдықтары, мыс, қола, күмістен жасалған пішінді бұйымдар да үлкен мәнге ие. Темірден жасалған түрлі бұйымдар да табылған. Яғни торевт монеталары, мөртабан формалары, кейбір механизмдердің бөліктері, ат әбзелдерінің керек жабдықтары, белдік ілгектері, тері бұйымдарын тігуге арналған инелер сынды тұрмыстық заттардың қалдықтары көптеп табылған. Мұның бәрі қалада түрлі-түсті немесе қара металлургия, зергерлік қолөнер, темір ұстасы болғандығын, сондай-ақ қала тұрғындары мәдени-саяси өмірінің түрлі салаларына жұмыс жасағандығын көрсетеді. Сондай-ақ қол диірмендердің бөліктері, диірмен жабдықтары, қоңыраулар, ерітінділер және т.б. түріндегі тастан жасалған бұйымдар қалада тас кесу өндірісінің бар екендігін айғақтайды. Шикізат әйнегінің бөліктері және одан жасалған бұйымдардың әртүрлі фрагменттері мұнда әйнек өндірісінің бар екендігін көрсетеді дейді И.И. Копылов өз еңбегінде (Копылов, 1978, с. 30-35).

Аталмыш қазба барысында табылған жеті монеталы мыс дискілер XI ғасырдың аяғымен XIII ғасырдың бірінші жартысына дейін қала өміріндегі мәдени қабаттарынан зерттелетін қабаттарының мерзімдерін нақтылауға септігін тигізген. Импортқа жататын фарфор ыдыстарының сынықтары, көгілдір моншақ, піл сүйегінен жасалған қолөнер туындылары қала тұрғындарының басқа мемлекеттермен сыртқы экономикалық және мәдени-саяси байланыстардың болғандығын көрсетеді.

1981 жылы археолог И.И. Копылов басқарған археологиялық қазба барысында ашылған ежелгі Талғар көпір көшесінің тарихи-мәдени маңыздылығы туралы нақты қорытынды жасау мәселесі аса күрделі екендігін зерттеуші айта келе, ерте ортағасырлық Қазақстан қалаларының қала құрылысы тарихындағы және мәдени өміріндегі мұндай фактілер жиі кездесетін құбылыс емес екендігін алға тартады. Демек, аталмыш мәселені түпкілікті зерттеу және шешу жалпы мәселенің көптеген аспектілерін қала құрылымын анықтауға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, бұл қаланың әлеуметтік-экономикалық құрылымдық мәселесін шешуге, осы ескерткіштегі урбанизацияның даму дәрежесін анықтауға және Іле аумағындағы қалалары арасындағы ерекше мәнге ие ескерткіш екендігін айғақтайды.

Қазақстан аумағында VIII-XIII ғғ. мерзімделетін ортағасырлық қалалар Ұлы Жібек жолы арқылы көрші елдермен байланыс орнатып, қалалық мәдениеттің дамуына ықпал етті. X-XI ғғ. қалалық мәдениет шарықтау шегіне жетті. Аталмыш уақытта Жетісу және Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларында өздерінде қыш бұйымдарын жасайтын цехтар мен пеш орындары пайда болды. Талғар қалашығынан археологиялық қазба жұмысы барысында табылған керамикалық заттар мен импорттық бұйымдар халықаралық байланыстың негізгі көрінісі болып табылады. Талғар елді мекенінен табылған қыш бұйымдардың технологиялық өңделуінде өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндағы қыш бұйымдардың құрамында өзен құмы көбірек пайдаланғанын зерттеу барысында жасалған сараптамада белгілі болды. Бұл дегеніміз Талғар өзеннің жақындығын меңзесе, екінші жағынан жергілікті шикізатты тиімді пайдаланғанын көрсетеді. Сондай-ақ құрылыс материалдары ретінде Талғар өзенінің бойындағы ірі тастар, саз балшықтар, шикі кірпіштер қолданылған. Зерттеу барысында белгілі болғандай құрылыстың іргетасы жерге 20 см-ге дейін терендетіле орнатылған екен (Копылов, 1978, с.20-25).

Қалашықта тіршілік еткен адамдардың басым көпшілігін қолөнершілер құраған, олар көбінесе өздерінің шеберханасын ашып, жасаған бұйымдарын сатумен айналысқан. Шеберхана орындарына жүргізілген қазба барысында белгілі болғандай елді мекеннің қолөнершілері жергілікті халықты күнделікті өмірде тұтынуға қажет шаруашылық және тұрмыстық бұйымдармен қамтамасыз етіп отырған.

Талғар қалашығынан табылған қыш бұйымдар, қара және түсті металдар, шыны бұйымдар елді мекенде қолөнер, көзешілік, мыс балқыту, зергерлік түрлерінің даму деңгейін анықтауға елді мекенге жүргізілген кешенді археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінен жақсы мәлімет берілген. Қалашыққа жүргізілген түрлі кезеңдегі қазба жұмысы барысында америкалық, германиялық, жапондық ғалымдар келіп зерттеу жұмыстарын жүргізген. Археологиялық қазба барысында археологтармен қатар эколог, геоморфолог, топырақтанушы, палеоботаник, палеозоолог сынды түрлі саланың мамандары да қатысқан. Демек, зерттеушілердің мұндай құрамда болуы қалашыққа кешенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізуге жақсы әсер етеді. Сол кезде жасалған кейбір сараптама әлі күнге дейін деректер қатарынан табылуда.

Археолог И.И. Копыловтың мәлімдеуі бойынша, ұзақ жылдар бойы жүргізілген қазба барысында Талғар қалашығынан табылған заттардың басым көпшілігін қыш ыдыстар құраған. Сондай-ақ қазба барысында табылған қыш бұйымдардың арасында қою жасыл және сары қоңыр түсті сырлы ыдыс сынықтары жиі кездеседі. Қыш бұйымдардың осындай түрлері XI-XIII ғасырдың басындағы көптеп жасалған. Сонымен қатар ортағасырлық Талғар қалашығына жүргізілген археологиялық қазба

жұмыстарының нәтижесінде қаланың қорғаныс қабырғасы мен қақпасы, тұрғын-үйлер мен жекеленген үйлер, шеберханалардың сондай-ақ жергілікті тұрғындар жүрген көшелер мен жаяу жүргіншілердің жолдарының орналасуын көруге болады. Қазба барысында табылған материалдардан Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі қалалардың бірі Талхиз қалашығында сауда-саттық, халықаралық қарым-қатынас, мәдени байланыс, қолөнер, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасу мен даму кезеңдері туралы көп мәлімет алуға мүмкіндік туды делінген археолог И.И. Копылов зерттеулерінде (Жұмай, 2021, 242-246 бб). Демек, И.И. Копыловтың Талхиз қалашығына ұзақ уақыт жүргізген қазба жұмыстарының барысында көптеген мәліметтер алуға болады.

Қорыта айтсақ, археолог И.И. Копыловтың ортағасырлық Талхиз қалашығына жүргізген археологиялық қазба барысында анықталған және табылған заттай деректерді қорық-музейге жинастыру арқылы үлкен көрме немесе экспозициялық зал жасақталса, ғылыми ізденістер мен зерттеулердің нәтижелерін көрсетуге таптырмайтын құнды мәліметтер болып табылады деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселения Северо-восточного Жетысу. Алматы, 2002. С. 28-29.

Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. Т. 1, М., 1963. С. 140-142.

Городецкий В.Д. Талгарское городище // Известия Среднеазиатского музея, Ташкент, 1928, Вып. 3. С. 49-55.

Копылов И.И. Культура древнего Талгара. Алма-Ата, 1978. // Рукопись. Личный фонд И.И. Копылова Фонды ГИКЗМ «Есік». Фонд музея ф. 3, о. 2, п. 64, л. 5. 49 с.

Жұмай Г. Археолог И.И. Копыловтың қазба жұмыстары (ортағасырлық Талғар қалашығы бойынша) // «Еуразия далалық белдеуіндегі мемлекеттіліктің пайда болуы мен дамуы: алғышарттары, кезеңдері, салдары» атты «II Есік оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары. Есік, 2021. 242-246 бб.

G. Zhumay

RESEARCH BY ARCHAEOLOGIST I. I. KOPYLOV ON THE TALKHIZ SETTLEMENT

The article describes the archaeological excavations conducted by archaeologist I. I. Kopylov in the medieval settlement of Talkhiz. I. I. Kopylov conducted archaeological excavations in various territories of the settlement from 1955 to 1991. During the excavations, furnace sites, bridge streets, residential and utility rooms, workshops of jewelers were revealed. Various valuable items were also found. Among them there are also imported products. This suggests that the medieval city of Talgar is a locality where international trade developed intensively, where jewelers and craftsmen met.

Valuables discovered during I. I. Kopylov's research of the medieval town of Talkhiz are currently on display in the expositions of many museums. In the course of working on the personal documents of the archaeologist, we will continue to demonstrate moments unknown to the scientific community.

КУЛЬТУРНЫЙ ЛАНДШАФТ ГОРЫ КАРАШАГЫЛ В ЮГО-ВОСТОЧНОЙ ЧАСТИ ЧУ-ИЛИЙСКИХ ГОР*

Введение. Юго-восточная часть Чу-Илийских гор (район села Еспе) расположена южнее ущелия Тамгалы и севернее реки Копа, занимая треугольную площадь 23x8 км. Рельеф его составляют три основных горных хребта, сходящихся с северо-запада и запада к пос. Еспе: с северо-запада - горы Карашагыл (высшая вершина 1050 м над уровнем моря) и Алмалы; с запада горы Каракудук. Его гидрология состоит из двух основных водотоков: с СЗ на Ю ручей Кызылкайнар (самый крупный), с С на ЮВ ручей Алмалы (рис.1, 2).




Рис. 1- Район с. Еспе: топографические карты масштаба 1:100.000 (К-43-08 и К-43-20).
Красная рамка: район гор Карашагыл.

Район был впервые исследован и частично описан в 2018 г. археологом А. Рогожинским и Тишиным (2018 г.), которые сообщили нам об археологическом значении этого района. Летом 2020 и 2022 годов Лабораторией Геоархеологии (ЛГА) в этом районе были выполнены два полевых исследования. В этих экспедициях были задокументированы 4 комплекса петроглифов (Карашагыл, Алмалы Северный, Алмалы Юг, Каракудук) и, между ними, отдельные наскальные рисунки, десятков поселений, датированных от бронзового века до Нового времени, 4 могильника бронзового века, 6

Тұтқалары. Қазантұтқалары жасалу ерекшеліктері бойынша әртүрлі болып пішінделеді. О.В. Кузнецова мен А. Нұржановтың еңбегінде, ортағасырлық Меркі қаласынан табылған қазан тұтқаларын сипаттап, суреттерін берген (Кузнецова, Нуржанов 2017: 168]. Ортағасырлық Меркі қаласынан табылған қазан тұтқалары жартылай ай тәріздес пішінде келген. Тұтқаларының жасалу ерекшеліктеріне байланысты екі топқа жіктеуге болады: 1) қабырғаға аз ғана саңылау тастап, ұшы саусақ ұшымен бастырылып, жапсырылып жасалған; 2) қабырғаға саңылау тастамай жапсырылып жасалған және тұтқаның жиегі толқын тәріздес келген. Т.И. Сенигованың еңбегінде, сызықтық-геометриялық өрнектелген ыдыстарға қазандарды жатқызып, суреттерін береді (Сенигова 1974: 121). Суреттегі қазан тұтқаларының әртүрлі әдіспен жасалғандығын байқаймыз. Тұтқаларының пішінделу ерекшеліктері бойынша бес топқа жіктеп қарастыруға болады: 1) Тұтқасы үшбұрышты пішінде жасалып, қазан бүйіріне жапсырылып бекітілген; 2) Тұтқасының пішіні доға тәріздес, тұтқа үстінің екі шеті мен ортасы сыртқа қарай шығыңқы етіп жасалып, қазан бүйіріне жапсырылып бекітілген; 3) Тұтқасының пішіні доға тәріздес, тұтқа үстінің ортасы сыртқа қарай аз ғана шығыңқы етіп жасалған, қазан бүйіріне жапсырылып бекітілген; 4) Тұтқаның пішіні доға тәріздес, есілген немесе ширатылған жіп секілді жасалып, қазан бүйіріне жапсырылып бекітілген; 5) Тұтқасы пішіні доға тәріздес жасалып, қазан бүйіріне жапсырылып бекітілген. Бірінші топтағы үшбұрыш тұтқалы қазандар Талапты төрткүлінен (Ақымбек, Шағирбаев, Нұрғали 2022: 162, 4-сур.), Арна төрткүлінен (Ақымбек,

Шагирбаев, Нұрғали 2022: 27), Ақарық төрткүлінің X-XII ғғ. жататын қабатынан (Ақымбек, Шагирбаев, Нұрғали 2023), Төменгі Барсхан қаласының IX-X ғғ. қабатынан (Нуржанов, Ақымбек 2012: 99, рис. 3) және Туякту-Арча ескерткішінен (Бубнова 1963: 240, рис. 12), Ақтөбе қаласының (Таластық) X-XII ғғ. қабатынан (Кожемяко 1963: 155, табл. 3), Тараз қаласынан (Қасенов 2015: 153, 48-сур.), Қостөбе қаласының XII-XIII ғғ. қабатынан (Қасенов 2015: 137, 27-сур.) табылған.


Шу өңіріндегі ортағасырлық Аспара қаласынан табылған қазан тұтқаларының пішіні доға тәріздес, жартылай ай тәріздес қазан бүйіріне жапсырылып бекітілген (Байпақов, Ақымбек 2013: 394). Доға тәріздес тұтқа ширатылып жасалса, келесі бір ай тәріздес тұтқаның үсті қиғаш кертпе сызықтармен өрнектелген. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының VI-VIII ғғ. жататын қазан тұтқаларын Е.Ш. Ақымбек жарты ай, таға немесе доға тәрізді бітеу келген, иірілген (есілген) жіпке ұқсас, үш тісті (Ақымбек 2015: 101) деп сипаттайды. VIII-X ғғ. кезеңіндегі қазандардың тұтқалары бойынша бір-бірінен ерекшеленген. Тұтқаларының қазан бүйіріне бастырылып бекітілген. Оларды бітеу жапсырылған тұтқалар жіңішке және жуан жарты ай, доға, есілген жіп секілді доға, мысық шүйде құлақ тәрізді, сәл ғана иіліп жасалған жуан тұтқа, көпшілігінің екі ұшында да бастырылып бекітілген саусақ іздері бар деп сипаттаған. Мысықтың құлағына ұқсас тұтқа да саусақ ұшымен бастырылған. X-XIII ғ. басындағы қазан тұтқаларынан да алуан түрлі ерекшелік байқалған. Бітеу доға тәрізді келген тұтқалар қазан бүйіріне жапсырылып, ұштары саусақпен бастырылып бекітілген, келесі бір тұтқа есілген жіп секілді жартылай ай тәрізді келген, қазан бүйіріне жапсырылып бекітілген, доға тәрізді келесі бір тұтқаның екі ұшы, бойы саусақпен бастырылып бекітілгенін жазады (Ақымбек 2015: 102).

М. Маханбаева мен Д. Воякиннің ортағасырлық Қойлық қаласының керамика кешеніне қатысты мақаласында, қазан тұтқаларын қысқаша сипаттап, суреттерін береді (Маханбаева, Воякин 2007: 112). Табылған ыдыс тұтқалары Шу өңіріндегі қалалардан табылған тұтқалармен өте ұқсас келген. Қойлық қаласының қазан тұтқаларын жасалу ерекшеліктері мен пішіні бойынша төрт топқа жіктеуге болады: 1) пішіні жартылай ай тәріздес, қазан қабырғасына саңылау тастап, жапсырылып орналастырылған; 2) пішіні жартылай ай тәріздес, есілген жіп секілді келген, қазан қабырғасына аз ғана саңылау тастап, жапсырылып орналастырылған; 3) пішіні жартылай ай тәріздес, қатты ширатылған жіп секілді, қазан қабырғасына аз ғана саңылау тастап, жапсырылып орналастырылған; 4) пішіні жартылай ай тәріздес, тұтқа жиегі толқындалтылып, қазан қабырғасына саңылау тастамай, жапсырылып орналастырылған.

Көзелер. Көзелер – асүйде тағам дайындау үшін және асханалық мақсатта да қолданылған ыдыс түрі. Қазба барысында, қазандардан кейінгі көп табылатын ыдыстардың бірі. Олардың пішіні негізінен шар, жұмыртқа және сопақша тәріздес болып келеді.

2013 жылы ортағасырлық Ақтөбе қаласынан екі көзе ернеуінің сынығы табылған (Ақымбек 2013: 64). Сазының құрамына құм қосылып, бірі шарықта, бірі қолмен жапсыру әдісі арқалы жасалған. Ернеуінің диаметрі – 16 см, қабырғасының қалыңдығы – 1 см. Иығында, мойнында бір қатар, ал, ернеуінің астында төрт қатар қатты затпен айнала сызықтары бар. Иығы мен мойнына ілмек тәрізді тұтқалары жапсырылып бекітілген. Үсті тегіс келген екінші ернеу диаметрі – 22 см, қабырғасының қалыңдығы – 1,3 см-ді құраған. Зерттеуші, ыдыстарды асүйлік мақсатта пайдаланылған ыдыстарға жатқызған. 2013 жылы К.М. Байпақов пен Е.Ш. Ақымбектің Аспара қаласына жүргізген қазба жұмыстары кезінде асүйлік көзенің үш ғана данасы табылған (Байпақов, Ақымбек 2013: 395). Олар түптері мен ернеу бөліктері болған. Көзелік сазының құрамына құм және майда қиыршық тас араластырылып, қолмен орындалған. Ернеуінің диаметрі – 26 см, қабырғасының қалыңдығы – 0,9 см екендігі анықталған. Екі түп құмыраның түбіне ұқсағанымен, сыртында күйе іздері бар екендігін, яғни оттың үстінде тұрғандығын жазады. Ыдыс сапалы күйдірілмеген. Түптерінің диаметрі – 11-16 см, қабырғаларының қалыңдығы – 0,9-1,2 см-ді құраған (Байпақов, Ақымбек 2013: 395).

Ортағасырлық Жанкент қаласынан табылған асүйлік көзелердің көлемі бойынша бірнеше түрі кездескен. Олар негізінен шар тәрізді және қос қонустық болып келген. Қаладан табылған барлық ыдыстардың түбі тегіс екендігі анықталған. Зерттеушінің өлшемдері бойынша орташа көзе ернеулерінің диаметрі (D1) 12-17 см, ал ірі ыдыстарда 19-20 см болған (Амиргалина, Махамбетова, Билалов 2021: 122-124); (сурет 1. 7).



Сур 1. Ортағасырлық асүйлік қыш бұйымдардың түрлері: 1-Қазан (Талғар); 2-Қазан тұғыры, XIV-XV ғғ. (Аспара); 3-Үйкек, VII-VIII ғғ. (Төменгі Барысхан); 4-Қазан тұғыры мен ошаққа қатысты бұйым, VIII-X ғғ. (Ақтөбе); 5-Көзе қақпағы, VIII-X ғғ. (Ақтөбе); 6-Таба, VIII-X ғғ. (Ақтөбе); 7-Көзе (Жанкент); 8-Көзелек, VIII-X ғғ. (Ақтөбе); 9-Сүтсауыт (Талғар).

Көзелектер. Көзелектер – асүйде сұйықтықты қайнату немесе пісіру үшін қолданылған тәрізді. Пішіні жағынан көзеден кішкентай, тұтқалары бар, саптыяққа және құтыға ұқсас ыдыс. Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан анықталған VI-VIII ғғ. жататын көзелектердің тағамды дайындау мен сақтау үшін пайдаланылатын асүйлік ыдыстардың кең тараған түрі болған. Олардың сазының құрамына майда қиыршық тас, құм және ұсақталған қыш қосылған. Қатты күйдірілген, қызғылт сұр және қызғылт-сары реңкке ие. Көзелектердің басым көпшілігінің сыртын күйе жапқан. Түп жағы конус тәрізді, негізгі бөлігін бүйір бөлігі құрайды, ауыздары кең ернеуі сыртқа қарай қатты иілген, кескінінде үшбұрыш секілді құтылар осы кезеңде кең тараған (Ақымбек 2015: 103).

Ақтөбе қаласының VIII-X ғғ. жататын көзелектерін асүйлік және асханалық мақсатта да пайдаланылған. Дегенмен, олардың басым көпшілігі асүйде қолданылғандығы анықталған. Жасалу әдісі бойынша сазының құрамына майда тас пен құм қосылып шарықта және қолмен жапсыру арқылы жасалынған. Кіші келген көзелектің биіктігі – 10,6 см, ернеуінің диаметрі – 8 см, түбінің диаметрі – 9 см. Ілмек тәрізді жуан тұтқасы төменгі жақ бүйіріне, жоғарғы жақ аузына биік шығып ернеуіне бекітілген деп көрсетеді. Күйдірілуі бірқалыпты ыдыстың түсі ашық қызыл қоңыр келген. Екінші бір көзелектің биіктігі – 17 см, ернеуі мен түбінің диаметрі – 10 см-ді құраған (Ақымбек 2015: 103); (сурет 1. 8). Көзелектің пішініне қарап қою тағамды дайындауға арналмағанын көреміз. Сол себепті, сұйықтық (сүт) қайнатуға арналған деп тұжырымдаймыз.

Табалар. Табалар – асүйде негізінен тағамды қуыруға арналған ыдыс түрі. Қазандар секілді кең таралмаған. Табалар Төменгі Барысхан қаласынан, ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған. Мұндай ыдыстар Төменгі Барысхан қаласының бірінші және екінші құрылыс горизонтынан анықталған. Бірінші құрылыс горизонтынан табылған табаның құрамына құм қосылып, сапалы жасалғаны анықталған. Қабырғасы тік, ернеуінің диаметрі – 29 см, биіктігі – 5,6 см, сыртында екі қатар қатты затпен бастырылған сызығы бар. Сонымен қатар, сырты мен ернеуі отқа күйген. Екінші құрылыс горизонтынан табылған таба аласа келген, түбі жұқа, қабырғасы қалың деп сипатталып, ернеу жиегінің диаметрі – 24 см, биіктігі – 5 см екендігі анықталған (Ақымбек 2009: 96).

Е.Ш. Ақымбек ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған табаларды мерзіміне қарай жіктеп қарастырады. VI-VIII ғғ. жататын табалардың негізінен тағам пісіруде қолданылғандығын айтып өтеді. Ішінара ыдыстың ішінде кездесетін күйеге қарап, зерттеуші отты салу үшін де пайдалануы мүмкін деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, кейбір күйе іздері жоқ табаларды шаруашылықта қолданылуы мүмкін екендігін де алға тартады (Ақымбек 2015: 106). Сазының құрамына қиыршық тас пен құм қосылған, түсі қызғылт сұр және табаның диаметрі үлкен, бойы аласа келген. Кейбірі тұтқасымен бірге кездескен. Табалардың табандары жұқа, қабырғасы қалың келеді деп сипаттап, мұндай табалардың Оңтүстік Қазақстан қоныстарында кең таралғандығын айтады. VIII-X ғғ. жататын табалардың қабырғалары биік, дөнес шыққан деп сипаттап суреттерін береді. Сазының құрамына қиыршық тас пен құм араластырып жасалғанын, түсі – қызғылт-сары екендігін айтады (Ақымбек 2015: 106); (сурет 1. б). Диаметрі – 12-20 см, биіктігі – 6,4-8 см. Зерттеушінің пікірінше, табалар ішіндегі тағамды немесе сұйықтықты жылытуға арналған. X-XIII ғ. басындағы кезеңде табалардың ерекше түрі таралғандығын айтады. Ыдыстардың пішіні негізінен цилиндрлі, көлемі үлкен, табаны жалпақ болған. Ернеуі мен табанының диаметрі бірдей болып та кездескен. Сазының құрамына майда тас пен құм араластырылып, шарықта жасалған, сыртында күйе іздері бар. Қабырғасы тік келген табаның диаметрі – 30 см, биіктігі – 6 см, қабырғасының қалыңдығы – 1,4 см. Сырты мен ернеуінде күйе іздері қалған. Сыртында күйе іздері сақталған табалардың асүйде қолданылғандығы анық. Дегенмен, табаның ішінде де күйенің табылуы және сыртында от іздерінің мүлдем кездеспеуі, өзге мақсатта пайдаланылуы мүмкін деген тұжырымға жетелейді. Ақтөбе қаласынан табылған ішінде күйе іздері бар табаларды отты салу үшін пайдаланған деген тұжырымды жоғарыда атап өттік. Мүмкін, бұл күйе іздері ежелгі тұрғындардың ырым-жоралғылары, яғни ғұрыптық мақсатта белгілі бір затты тұрақты түрде тұтатып тұруымен байланысты?

Сонымен қатар, X-XIII ғ. басындағы табалардың жасалу әдісі бойынша ерекшеленеді. Бұған дейінгі табалар – қолмен жапсыру арқылы жасалса, X-XIII ғасырдағы табалар шарықта жасалып, пішінделген (Ақымбек 2015: 106).

Қақпақтар. Қақпақтар – асүйде ыдыстардың бетін жабу үшін қолданылатын бұйым түрі. Олардың формасы ыдыс ернеуіне байланысты икемделіп жасалады. Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған қақпақтарды мерзіміне қарай: VI-VIII ғғ., VIII-X ғғ., X-XIII ғғ. бөлініп қарастырылған. VI-VIII ғғ. жататын асүйлік қақпақтарда күйе іздері жиі ұшырасқан. Көлемі тегіс не сәл ғана дөңестеу болып келген деп сипаттайды. Олардың барлығы сазға қоспа қосу арқылы қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалғанын анықталған. VIII-X ғғ. жататын қақпақтарды қолданылу аясы және көлеміне қарай: құты, құм, қазан және тандыр ошақтарға арналған деп жіктеп қарастырады (Ақымбек 2015: 106); (сурет 1. 5). Қақпақтардың басым көпшілігінің тегіс екендігі анықталған. X-XIII ғғ. ғасырларға жататын қақпақтардың қазан, құты, құм, тандыр ошақтармен қатар, көзелектерге арналған. Қазандарға арналған қақпақтардың басым көпшілігі шарықта жасалып, барлығы дерлік тегіс, тек біреуі ғана шұңғыл болып келген. Қақпақтардың диаметрі – 15-24 см, қалыңдығы – 0,8-1,6 см аралығында екендігі анықталған. Тегіс және шұңғыл келген және диаметрі – 18 см болатын қақпақтар Төменгі Барсхан қаласынан да табылған (Ақымбек 2009: 94).

Қазан тұғырлары. Қазан тұғыры – ошақтағы қазанның астына орнықты тұру үшін немесе сүйеп қоюға арналған бұйым. Тұғырлар қазба барысында сирек табылады. Асүйлік тұғырлардың бірі 2013 жылы Аспара қаласына жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде анықталған (Байпақов, Ақымбек 2013: 395); (сурет 1. 2). Жануар мүсінді тұғырдың құрамына құм мен майда тас араластырылып жасалған. Отта сапалы күйдірілмеген. Зерттеуші тұғырдың басы мен құйрық тұсы жоқ және аяқтарының ұшы мүжілген деп сипаттайды. Сыртында қатты затпен бастырылып сызылған жолақтар байқалған. Автор жануар мүсінді тұғырды қойға ұқсатып, үстінде сызылған жолақтары бар, бірақ үш мүйізді ешкі мүсіні Қостөбе қаласының VIII-IX ғғ. жататын қабатынан анықталғанын жазады (Байпақов, Ақымбек 2013: 395).

Асүйлік қазан тұғырлары ортағасырлық Ақтөбе қаласынан да анықталған. Е.Ш. Ақымбек қаладан табылған қазан тұғырларын үш кезеңге жіктеп қарастырған. VI-VIII ғғ. жататын қазан

тұғырлары ошақта тағам дайындау кезінде ыдысты сүйеп қоюға үшін жасалған (Ақымбек 2015: 106). Пішіні жұмбазды, салмақты, жалпақ табанды және бұрыш жасап қайтарылған, пішіні бойынша «Г»-«L» әріптеріне ұқсас келеді. Сазының құрамына қиыршық тас, құм қосылған. Қаладан қазан тұғырының тұтқасы табылған. Зерттеуші тұтқаның жасалуы мен пішінделуіне қарап, үкі секілді құстың басына ұқсатқан. Көздері саусақ ұшымен, ал мұрны мен ауыз тұстары жіңішке затпен бастырылғаны анықталған. Тұғыр тұтқасының жоғарғы бөлігінен төмен қарай сызықтармен тарамдалған. Көлемі 8x5,6 см, 4,5 см-ді құраған. Осыған ұқсас мүсіннің 1977-1979 жж. Ақтөбе қаласының қорғаныс қабырғасына жүргізілген қазбаның VIII ғ. аяғындағы құрылыстан табылған (Ақымбек 2015: 107). VIII-X ғғ. жататын қазан тұғыры үлкен, дөрекі, ауыр етіліп жасалған. Сазының құрамына құм және майда тас қосып, қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалғандығы анықталған. Тұғырдың көлемі үлкен, салмақты, пішіні жұмбазды болып келген. Тұтқасы қолмен қысылып, сыртқы бөлігі саусақпен бастырылып әрленген. X-XIII ғ. басындағы кезеңге жататын тұғырлар Ақтөбе қаласындағы қазба жұмыстарынан табылмағандығын жазады. Зерттеуші, бұл кезеңде қазан тұғырларының орнына басқа да заттар, соның ішінде үйкек қолданылуы мүмкін деп тұжырымдайды. Дегенмен, қазба жұмыстары барысында үйкектердің табылмағанын жазады (Ақымбек 2015: 107).

Жоғарыда аталған асүйлік қыш бұйымдардан бөлек, бұл топқа Е.Ш. Ақымбек ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған тандырлар мен ошаққа қатысты ерекше бір бұйымды жатқызған (Ақымбек 2015: 107); (сурет 1. 4). Ошаққа қатысты қолданылған бұл ерекше бұйымды VIII-X ғғ. мерзімдеп, әзірге табылғаны бір ғана дана екендігін айтады. Пішіні саңырауқұлаққа ұқсас келген бұйымның d1 – 5,1 см, жоғарғы қалпағының D – 7,5 см, H – 9,3 см екендігін анықтаған. Бұйымның үстіңгі бөлігінің бір-біріне симметриялы төрт жеріне саусақ ұшы бастырылғанын айтады. Бұйым басынан бастап, түбіне дейін отқа күйгенімен, тегіс келген табанында от іздері жоқ екендігін жазады. Зерттеуші ошақ-тандырды неліктен асүйлік топқа жатқызуын – тандырдың асүйде орналасуымен байланыстарды және тандырдың тек асүйде тағам дайындау үшін ғана емес, үйді жылыту мақсатында да қолданғандығын айтып өтеді (Ақымбек 2015: 107).

Асүйлік ыдыстардың ішінде үйкектер мен сүтсауыттардың бар екенін жоғарыда атап өттік. Бұл бұйымдар асүйде қолданылатын керамикалық бұйымдардың ішінде өте сирек кездесетін түрі. Осы кезеңге дейін жарияланған ғылыми еңбектердің ішінде үйкек пен сүтсауыттар екі ескерткіштен табылған болатын.

Үйкектер. Үйкек – ошақтан (оттан) түсірілген қазанды орнықты тұруы үшін астына дөңгелетіп жасалатын тұғыр. Сонымен қатар, ыстық қазанды оттан алған кезде, осы тұғырға суытып қою үшін қолданылған болуы мүмкін. Үйкектер қазба барысында жиі кездеспейді. Осындай бұйым ортағасырлық Төменгі Барысхан қаласынан анықталған. Оның диаметрі – 22 см, қазан қойылатын ортасындағы жиегі күйген диаметрі – 11 см, ойықтың тереңдігі – 1 см. Зерттеуші, астында саусақ ұшымен бастырылған «үтір» секілді өрнегін байқаған (Ақымбек 2009: 96); (сурет 1. 3).

Сүтсауыттар. О.В. Кузнецова мен Т.В. Савельеваның Талғар қаласының қыш ыдыстарына арналған монографиясында, өзге аймақтарда сирек кездесетін «кіреңкелер – сүт сауыттар» деген атаумен ыдыстардың қысқаша сипаттамасы берілген. Олардың пішіндері орта көлемде, ауызы кең, ілмек тәрізді тұтқасы бар орташа көлемдегі көзелерге ұқсас. Барлық сүт сауыттардың астында күйе іздері бар. Зерттеушілердің пікірі бойынша сүтті осы ыдыста пісірген (Кузнецова, Савельева 2019: 63); (сурет 1. 9). Алайда, олардың өлшемдері көрсетілмеген. Ыдыс пішіні жағынан көзелек пен саптыаяқтарға ұқсайды.

Қорытынды. Ортағасырлық асүйлік қыш ыдыстардың түрлеріне талдау жасай келе, олардың қазан, көзе, көзелек, қақпақ, қазан тұғыры, үйкек, сүтсауыт және басқа да бұйым түрлеріне топталатыны белгілі болды. Сонымен қатар, бұл топқа Ақтөбе қаласынан табылған тандырлар мен ошаққа қатысты бұйымдар да кіреді. Қазандардың жалпы формасы өзара ұқсас келгенімен, тұтқалары мен ернеулерінің пішінделуі және өрнектелуі бойынша ерекшеленеді. Қазандар Шу-Талас, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда кең таралған. Бірақ, олар Сырдың төменгі ағысындағы қалаларда көп кездеспейді. Алайда, бұл аймақта тағамды негізінен көзелерде жасаған болуы мүмкін. Сарайшық қаласындағы қазандар да оңтүстіктегі ыдыстармен ұқсас емес. Себебі, хронологиялық тұрғыдан сәйкес келмейді. Сонымен қатар, бұл айырмашылықтар тарихи-географиялық детерминизммен тікелей байланысты. Сондай-ақ, тағамды тек қазанда емес, табаларда дайындағанын және сүтті сүтсауыт секілді ыдыста пісіргендігі анықталып отыр. Қазандардың тұтқалары бойынша, Талас өңірінде үсті бұрыштанып келген тұтқалардың ерекшеленетіні анықталды. Дегенмен, асүйлік ыдыс түрлерінің ажыратылуы бойынша мәселелер туындап отыр. Ыдыс түрлерінің үлкен-кішілігіне байланысты ғалымдар қазан-қазанша, көзе-көзелек, асханалық ыдыстарда құмыра-құмырша, шаруашылық ыдыстарда хұм-хұмша деп атау қалыптасқан. Мысалы, асүйлік қазан немесе қазанша, олардың

диаметрі қанша см болу керек, яғни бұл ыдыстардың фрагменттеріне қарап нақты қандай өлшемдермен ажыратуға болады, бұл мәселеге келгенде мамандар арасында бірізділік жоқ. Егер олардың жеке өлшемдері болмаса, ыдыстарды үлкен-кішілігіне қарап бөлмей атай берген дұрыс па? Осындай мәселелерге байланысты алдағы уақытта ыдыстарды сипаттауда ортақ стандарт өлшемдер қалыптастыру қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

- Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық қалалармен қоныстардың керамикаларын топтау мәселесі // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Қазіргі жоғарғы білім беру жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 223-226 бб.
- Ақымбек Е.Ш. Шу өңірінің ежелгі және ортағасырлық керамикасы (Қордай ауданының материалдары бойынша). – Алматы, 2017. – 112 б.
- Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының керамикасы (VI ғ.–XIII ғ. басы) // Философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссер.– Алматы, 2015. 208 б.
- Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық төменгі Барсхан (Төрткүл) қаласының қыш ыдыстары // Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы Хабарлары // Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы – № 1 (268). – Алматы, 2009. – 93-99 бб.
- Ақымбек Е.Ш. 2013 жылы Ақтөбе қалашығында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері // ҚР ҰҒА Хабарлары, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 2014. – №5 (297). – Б. 144-154.
- Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б. Ортағасырлық Арна төрткүлі // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (Алматы қ., 28–29 қазан 2022 ж.) / Жауапты ред. Р.С. Жұматаев. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 22-43-бб.
- Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б. Ортағасырлық Ақарық төрткүлі (2022 ж. Жүргізілген зерттеулер бойынша) // Қазақстан археологиясы 2. 2023 / баспада
- Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б. Ортағасырлық Талапты төрткүлінің керамикасы // Еуразиялық далалық өркениет: адам және тарихи-мәдени орта. Еуразия даласы археологиясы V халықаралық конгресінің материалдары (Түркістан қ., 11–14 қазан 2022 ж.) / Бас. ред. А.Оңғар. 5 томдық. Алматы – Түркістан: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2022. 3 том. 157-168-бб.
- Байпаков К.М. Керамика средневекового Кулана // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата: «Наука», 1972. С. 77-98.
- Байпаков К.М., Ерзакович Л. Ортағасырдағы Отырар керамикасы, Алматы: Өнер, 1990 – ил., 212 б.
- Байпаков К.М., Ақымбек Е.Ш. 2013 жылы Аспара қаласында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі // К. Ақышевтің туғанына 90 жыл толуына арналған «Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2014. – 394-406 бб.
- Байпаков К.М., Гончарное ремесло в позднесредневековом Отраре // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: «Наука», 1983. – С. 17-38.
- Бубнова М.А. Добыча серебро-свинцовых руд в Шельджи в IX–XII вв. // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе: Илим, 1963. С. 225-262.
- Г.Т. Амиргалина, Л.А. Махамбетова, С.У. Билалов. Ортағасырлық Жанкент қаласынан табылған асүйлік ыдыстардың жіктелуі // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих Сериясы, №3. Алматы, 202. – 120-129 бб.
- Елеуов М. Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI-XIII ғ. басы) // Тарих ғылым. докт., диссер. – Алматы, 1999. – 360 б.
- Касенов М.С. Талас өңірінің отырықшылық мәдениеті (VI-XIII ғғ.). – Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2015. – 180 бет.
- Кожемяко П.Н. Оседлые поселения Таласской долины // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе: Илим, 1963. С. 145-225.
- Комплексные исследования городища Жанкент (работы 2011-2014 г.г.) / сост. : И.А. Аржанцева, А.А. Тажекеев. – Алматы, Издательство «Арыс», 2014. – 320 с.
- Кузнецова О.В., Савельева Т.В. Гончарное ремесло в средневековом Талгаре. Альбом. Алматы, 2019. – 220 с.
- Кузнецова О.В., Нуржанов А. Археологические раскопки городище Меркев полевом сезоне 2007 года // Известия НАН РК – Серия общественных наук – № 1. – 2008 г. – С. 165-171.
- Қожаев М. Отырардағы керамика өндірісі. – Түркістан, «Мұра», 1996. – 159 б.
- Маханбаева Н., Воякина Н. Керамический комплекс средневекового Каялыка // Известия НАН РК – Серия общественных наук – № 1. – 2007 г. – С. 107-125.
- Нуржанов А.А. «Керамика средневекового городища Тортколь в Таласском долине» // Известия НАН РК – Серия общественных наук – № 1 (252). – 2006 г. – с. 77-85
- Нуржанов А.А., Ақымбек Е.Ш. Средневековые городище Нижний Барсхан в Таласской долине // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2012. № 3. С. 94–107.
- Савельева Т.В. Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен қоныстардың керамикасы (VI-XIII ғ. басы) // Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаты. – Алматы, 2015. – 83 бет.
- Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. – Алматы, 2008. – 264 б.
- Сенигова Т.И. «Орнаментальные узоры на керамических сосудах VI-IX веков» // В глубь веков. – Алма-Ата, 1974. – с. 119-143.

N.B. Nurgali
KITCHEN CERAMICS: TYPES AND FEATURES (VI-XIII CENTURIES)

The article describes the characteristics of various types of kitchen ceramics, common in the period from the VI to the beginning of the XIII century, and an analysis was carried out in order to identify the features between these types. In the works of domestic archaeologists there is information about kitchen ceramic products, but mainly within a specific region or monument, which they investigated. Accordingly, we have few works where the ceramic complex of the entire medieval Kazakhstan is generalized. In this regard, the task was set to determine the types of products of this group. According to the results of the analysis of the works of a number of researchers, the following types of kitchen ceramic products are distinguished: cauldrons, pans, milk storage dishes, lids, as well as various stands for dishes. As a result of comparative analysis of morphological features of kitchen ceramics, it was found that the distribution of medieval types of cookware in Kazakhstan is heterogeneous. In particular, cauldrons from the city of Saraishyk are somewhat different from cauldrons common in the Southern region. In addition, cauldrons are the most common type of tableware among the kitchen products on the monuments of Zhetysay, Shu-Talas and the Middle Reaches of the Syr Darya, and in medieval cities of the Lower reaches of the Syr Darya they are extremely rare. Further study of the types of kitchen ceramics clarify their intra- and interregional features.

С.Қ. Сәкенов, А.И. Кукушкин, С.Б. Бурбаева,
Е.Ж. Рахманқұлов, Б.А. Сиражева
«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
Астана қ., Қазақстан
E-mail: sergazi_82@mail.ru

БЫТЫҒАЙ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕСКЕРТКІШ ТӨңІРЕГІНДЕ 2022 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУЛАР*

Kіріспе. Далалық аймақтардың ортағасырлық ескерткіштерін іздестіру мен зерттеу ортағасырлық археологияның маңызды бағыттарының бірі. Жинақталған материалдар ортағасырлық зерттеулердің осы саласы бойынша кейбір қорытындылар жасауға және жаңа бағыттарды белгілеуге, соның ішінде Солтүстік Сарыарқаның қала мәдениетін дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге мүмкіндік береді. Зерттеліп отырған аумақтың ежелгі тұрғындарының материалдық және рухани мәдениетін жаңғыртуда Теңіз-Қорғалжын өңіріндегі отырықшылық сипаттағы ескерткіштерін жан-жақты қарастырудың болашағы зор (Сәкенов, Кукушкин, Бурбаева, 2021, 269-270).

Осындай ескерткіштерді анықтау мақсатында археологиялық барлау-ізвестіру жұмыстарын жүргізбес бұрын алдымен, өңірдің тарихы туралы мұрағаттық мәліметтерді іздеу, талдау және жүйелеу жұмыстары атқарылды (Төлегенұлы, Кукушкин, Құлжанова, 2021, 94-98). Нәтижесінде XVII-XIX ғғ. зерттеуші-саяхатшылардың жазбалары, сызбалары мен карталары табылып, оларға жан-жақты талдаулар жасалды (Төлегенұлы, Кукушкин, Букешева, 2022, 140-143). Ізінше аэротүсірілімдер жасалып, сол бойынша із кесілді (Отчет о научно исследовательской..., 2022, 5-86).

«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы бұл зерттеулерін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында жүзеге асыруда (Букешева, Бурбаева, 2022, 108-112). Бытырғы жылы Теңіз-Қорғалжын ойпаты аумағында барлау жұмыстары жүргізіліп, археологиялық нысандардың координаттары мен типтері анықталды, археологиялық барлау жұмыстарының картасы жасалды. Бытығай кесенесінің төңірегінде, 10 шақырым радиуста жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде келесі археологиялық ескерткіштер тіркелді: Абай I, II, III керуен сарайлары, Бытығай II керуен сарайы, Қаражар-тентек I керуен сарайы, Қаражар-тентек нысаны, ортағасырлық арық, оннан астам кірпіш күйдіру пештері, Қаражар-тентек II қыстауы (сурет 1).



1-сурет – Археологиялық барлау барысында анықталған археологиялық нысандардың орналасу жүйесі.
Қаражар-тентек елді мекені

*Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруы бойынша жүзеге асырылып жатқан ИРН № BR10164212 «Ортағасырлық Теңіз-Қорғалжын ойпатының тұрғын үй архитектурасының дәстүрлі түрлері: эволюцияның бастаулары мен ерекшеліктері» атты жобасы аясында жазылды.

Зерттеулер. Аталған ескерткіштің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, қысқаша сипаттама беріп өтсек:

1. *Абай I керуен сарайы.* Өзі аттас ауылдың оңтүстік-шығыс жағында, Нұра өзенінің оң жағалауында орналасқан (сурет 2). Нысан тік бұрышты ғимарат, ұзын жақтары оңтүстік-шығыс-солтүстік-батысқа бағытталған, көлемі 60×20 м. Қабырғаларының сұлбасы жал тәріздес, ені 1 м, биіктігі 0,15 м құрайды. Нысан ені 0,6 м, тереңдігі 0,3 м шағын ормен қоршалған.

Ғимараттың ішкі кеңістігі бірнеше бөліктерге бөлінген. Ғимараттың оңтүстік жағында жал мен ордың үзілетін жері байқалады, бұл бөлігі кіреберісі деп болжадық.

2. *Абай II керуен сарайы.* Абай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 200 м жерде орналасқан. Ескерткіш Нұра өзенінің оң жағалауында. Ғимарат қирандылардың қалдықтары II-тәріздес болып келген. Ғимараттың бүйір бөліктерінің өлшемдері 50×20 м, тікбұрыш пішіндес орталық бөлігінің өлшемдері 80×20 м. II-тәрізді ғимараттың алдыңғы жағында аула алаңы анық көрінеді. Орталық және бүйірлік ғимараттардың кіреберісі осы аулаға қарап тұр. Барлық ғимараттардың ішінде ішкі кеңістікті шағын бөлмелерге бөлетін бөлме аралық қабырғалары бар. Зерттеу барысында құрылым қабырғаларының ісінген жал түрінде сақталғаны анықталды. Ауласының аумағынан қазақ қыстауының қирандылары тіркеліп, осы санаттағы ескерткіштерге тән материалдар жинақталып алынды.

3. *Абай III керуен сарайы.* Нұра өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ескерткіштің мәдени қабатын өзен суы шайып тұр, су шайған жырығынан күйдірілген кірпіш қалдықтары анық байқалады. Нысан жобасында Г-тәріздес, өлшемі 80×20 м, көзбен барлағанда төрт бөліктен тұратындығы көрініп тұр. Қабырғалары жал түрінде сақталған, бірақ кейбір жерлерде, әсіресе бұрыштарында табиғи тастан қаланған іргетас пен күйдірілген кірпіштен жасалған қалау табылған. Өлшемі 40×20 м болатын екінші ғимарат өзен жағасына перпендикуляр орналасқан. Бөлме аралық аралық қабырғалар жер бетінде айқын көрінеді, ал орталық бөлмеде пештің қирандылары сақталған.

4. *Бытығай II керуен сарайы.* Құрылыстарының қирандылары Абай ауылынан батысқа қарай 5 шақырым жерде, Нұра өзенінің оң жағалауында, көлемі 2 га құрайтын алаңда табылды. Анықталған нысандар пішіні мен өлшемі жағынан әркелкі болып келеді. Егжей-тегжейлі зерттеуді және толығымен аршуды қажет етеді. Қираған үйінділер арасынан күйдірілмеген (саман) және күйдірілген кірпіштен қаланған қабырғалардың қалдықтары анық байқалады. Жер бетін мұқият қараған кезде Ұлыс Жошы дәуірінен қалған жерлеу құрылыстарының қалдықтарын көруге болады. Жүргізілген топографиялық талдауға сәйкес, бұл археологиялық ескерткіш орта ғасырларда қызмет еткен және ортағасырлық Бытығай қалашығының қалалық округінің құрамына кірген үлкен керуен сарай болып табылады.

5. *Қаражар-тентек керуен сарайы* (Қарағожин Әділхан Балташұлы қожалығының аумағында). Бытығай кесенесінен шығысқа қарай 2 км жерде, Нұра өзені екі арнаға бөлініп, ортасы беті тегіс болып келген аралды құрайтын жерінде орналасқан (сурет 3). Бұл аралды жаяу аралап, археологиялық барлау жасау кезінде керуен сарайдың қирандылары табылды. Мәдени қабатын өзен шайып жатқан жарлауыт тұсында күйдірілген кірпіштен қаланған қабырғалардың қирандысы анық көрінеді. Осы жерден жиналған кірпіштерге жасалған формальды-типологиялық талдаулардың нәтижесі олардың Бытығай кесенесі кірпіштерімен бірдей екендігін көрсетіп отыр. Платформаның өлшемі 50×60 м, су деңгейінен биіктігі 1,5 м. Нысанның екі жағын айнала Нұра өзені ағып жатыр. Жер бетінен ғимарат іздері байқалады, олардың арасынан күйдірілген кірпіштен салынған пештерді де көруге болады.



2-сурет – Абай I керуен сарайы



3-сурет – Қаражар-тенгек керуен сарайы

6. *Қаражар-тенгек I тік бұрышты ғимараты.* Қаражар-тенгек керуен сарайынан шығысқа қарай 150 м жерде, өзеннің биіктеу келген жайылма террасасында орналасқан. Ғимарат – жоспары бойынша төртбұрышты. Өлшемдері 60×20 м, биіктігі 0,15 м жал түрінде сақталған. Құрылыс біркелкі бөліктерге бөлінген. Ғимараттың әрбір бөлмесі шаршы пішіндес, ішкі қабырғалары жал тәрізденген күйі сақталған.

7. *Ортағасырларда су жүргізген арық.* Оның ұзындығы 350 м, тереңдігі 0,65 м, ені 0,60 м құрайды. Арық Нұра өзені ортасында әжептәуір үлкен жайылма терраса қалдырып айналыс жасайтын алаңды бойлай жүргізілген. Қаражар-тенгек керуен сарайы аумағынан бастау алған арнасы өзен жағасындағы кірпіш пештерге дейін жетеді (сурет 4).



4-сурет – Ортағасырлық арық



5-сурет – Нұра өзенінің бойындағы кірпіш күйдіретін пештер

8. *Кірпіш күйдіруге арналған пештер.* Нұра өзенінің жоғары оң жағалауында ондаған кірпіш пештері тізбектеліп орналасқан. Олардың барлығы Қарағожин Әділхан Балташұлы шаруа қожалығының аумағында жатыр (сурет 5). Барлығының өлшемдері бір қалыпты: ұзындығы – 2 м, ені – 1,5 м. Олар саз үйінді түрінде сақталған, бет жағында жартылай күйдірілген және шикі кірпіштердің қалаулары көрініп жатыр. Кейбір пештерде күйдіруге әзірлеп қойған кірпіштер сол күйінше сақталған. Әрбір кірпіш пешінің екі жағынан терең шұңқырларды байқауға болады. Шұңқырлардың өлшемдері орта есеппен диаметрі 6 м, тереңдігі 1,5 м-ге дейін жетеді. Бұл шұңқырлардың қызметі шикізат дайындау болған, яғни шеберлер осы шұңқырларда шикізатты басқа қоспалармен су қоса отырып араластырып отырған. Су арықтан тікелей келіп тұрған, дөңес жағалауға шығыр дөңгелегі арқылы көтерген.

9. *Қаражар-тентек II қыстауы.* Нұра өзенінің екінші жайылма террасасында, оң жағалауында орналасқан. Нысан шаруа Қарағожин Әділхан Балташұлының үйінен оңтүстік-шығысқа қарай 900 м жерде орналасқан. Қыстау жағасы суға тегіс еңіс болып түсетін қолайлы жерде орналасқан. Жер бетінде ғимараттардың немесе үйлердің қирандылары байқалмайды. Айта кетерлігі, күйдірілмеген кірпіштен салынған бір тұрғын үйдің қирандылары ғана көрінеді. Қыстайтын аумақта қора іздері анық

көрінеді, ал қасында кептірілген көң жиналып тұр. Осы санаттағы ескерткіштерге тән материалдар жинақталып алынды.

Қорытынды. Былтырғы қазба маусымында жүргізілген іздестіру және барлау жұмыстары кезінде бұрын зерттелмеген орта ғасырлық нысандар табылып, олардың ортағасырлық қала аумағының құрылымдық элементтері болып табылатындығы анықталды. Ортағасырлық қоғамның сәулеттік стилін және даму деңгейін көрсететін фактілік материал алынды. Нысандарды пәнаралық зерттеулер соңғы технологияларды, сондай-ақ артефактілерді зерттеудің жаратылыстану-зертханалық әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды, бұл ғалымдарға орта ғасырлардағы әртүрлі кірпіш түрлерін өндірудің технологиялық үдерісі туралы қолда бар ақпаратты толықтыруға мүмкіндік береді.

Жоба бойынша жұмыстар жалғасуда. Зерттеу барысында табылған барлық материалдар мұқият құжатталды: сипаттау, суретке түсіру, сызбалардың графикалық редакторында өңдеу және т.б. Биылғы жылы осы жұмыстарды жалғастыру жоспарланып отыр. Әрі қарай жүргізілетін зерттеулер жаңа мәліметтер беріп, Қазақстанның ортағасырлық тарихының ақтаңдақ тұстарын толықтырады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі

Бурбаева С.Б., Букешева Г.К. Археологический опыт исследования средневекового городища Бытыгай // Сборник I Международной научно-практической конференции «Развитие образования и науки в Новом Казахстане». – Нұр-Сұлтан, 2022. – С.108-112

Сакенов С.К. Археологическая разведка в окрестностях средневекового городища Бытыгай // Отчет о научно-исследовательской работе по теме: «Традиционные типы жилой архитектуры Тенгиз-Коргалжинской впадины средневекового времени: истоки и особенности эволюции». – Астана, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозок». – 2022. – 86 с.

Сакенов С.К., Кукушкин А.И., Бурбаева С.Б., Букешева Г.К., Рахманкулов Е.Ж. Исследование средневекового производственного цеха на городище Бытыгай // Теория и практика археологических исследований. 2021. Т. 33, №4. – С. 267-283. [https://doi.org/10.14258/tpai\(2021\)33\(4\).-15](https://doi.org/10.14258/tpai(2021)33(4).-15).

Төлегенұлы К., Кукушкин, А.И., Құлжанова, Б.Т. Теңіз-Қорғалжын өңіріндегі тарихи ескерткіштердің зерттелуі: жаңа мәліметтер. *Қазақстан археологиясы*, 14(4 (14) 2021. – 92–104 бб. <https://doi.org/10.52967/akz2021.4.14.92.104>

Төлегенұлы К., Кукушкин А.И., Букешева Г. Теңіз-Қорғалжын өңірінің жер-су атаулары: ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы архив деректері негізінде // Мәдени мұра журналы, №2 (97). – Нұр-Сұлтан, 2022. 139-154 бб.

**S.K. Sakenov, A.I. Kukushkin, S.B. Burbaeva,
E.J. Rakhmankulov, B.A. Sirajeva
EXPLORATION WORK IN THE AREA OF THE
MIEVEAL MONUMENT BYTYGAI IN 2022**

In 2022, in the vicinity of the medieval monument of Bytygai, previously unknown archaeological sites were discovered associated with a certain cycle of production, trade, life support and funeral rites. Among them are the caravanserai Abai I, the caravanserai Abai II, the caravanserai Abai III, the caravanserai Bytygay II, the caravanserai Karazhar-tentek, Karazhar-tentek I, a canal of medieval times, a chain of dozens of brick kilns, wintering Karazhar-tentek II.

These data confirm the earlier scientific hypothesis that in the Tengiz-Korgalzhyn region in the Middle Ages an urban culture with powerful production centers was developed. The creation of conditions and the complexity of the technological process of making tiles testify to the professional skills of the medieval masters of Saryarka. The erection of structures using expensive building material is an indicator of the high social status of individual historical figures of the society of that time.

Д.Т. Шашенов¹, А.З. Бейсенов²

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

²Бегазы-Тасмола тарих және археология ғылыми-зерттеу орталығы
Алматы қ., Қазақстан
E-mail: azbeisenov@mail.ru

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ӘУЛЕТІНІҢ БӨРІҚТАС ҚЫСТАУЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Мақалада Орталық Қазақстандағы Бөріқтас қыстауындағы бір үйді археологиялық тұрғыдан зерттеудің нәтижелері ұсынылады. Қазба жұмыстары 2019 жылы атқарылды, авторлардан басқа бұған Д.Б. Дүйсенбай қатысты. Ұсынылып отырған еңбектегі суреттерді өңдеп, дайындаған Н.Ш. Жұманазаров. Басылымның шартты көлемін ескере отырып, археология ғана емес, тарихи-өлкетанушылық бағыттарға да қатысы бар материалдың қысқаша нұсқасы беріліп отыр. Сөз болып отырған ескерткіш, оның төңірегі Алаш ардақтысы Әлімхан Ермековке тікелей қатысы бар. Оның және жалпы Ермековтер әулетінің кешегі-бүгінгі ұрпақтары баршылық. Олар жайлы арнаулы еңбектерде жазылып, айтылып келеді (Мәкенбаев, 2011; Өскембаев, 2013; Кыдыралина, 2015;). Олар хақында жаңадан сөз қозғау бұл хабарламаның міндеттеріне кірмейді. Зерттеулер, оның ішінде қазбадан түскен материалдың өзі толық сараптамалардан өткен жоқ. Қазба барысында табылған жануар сүйектеріне байланысты археозоологиялық талдаулардың қорытындысы осы жуырда дайын болады деп күтілуде. Демек, Бөріқтас тақырыбы авторлар тарапынан өз жалғасын табады.

Қазақ қыстауларын археологиялық тұрғыдан зерттеу - кенжелеп қалған бағыттардың бірі. Оның нақты себебі кезінде қыстауларды зерттеу қажеттілігінің туындамауы, мемлекет тарапынан да арнайы тапсырмалардың болмауы және қыстаулардың ескерткіш есебінде, тарихи-мәдени мұра нысаны ретінде мемлекеттік мәртебесінің жоқтығы.

Саяси идеологиялық шектеулерге байланысты, Кеңес үкіметі тұсында бұл ескерткіштер тобын барлық аймақтар бойынша кешенді түрде зерттеудің тарихи маңыздылығы үстем болмады. Тек Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) құрамында археолог К. Ақышевтың шешімімен палеоэтнографиялық отряд жасақталып, С. Жолдасбаев Оңтүстік Қазақстан, Жетісу мен Орталық Қазақстанның кейбір аудандарындағы Қазақ хандығы кезеңіне жататын ескерткіштерін зерттеді (Жолдасбаев, 1972; 1974; 1976; 2017). Таза археологиялық ізденістер барысында қалыптасқан бұл зерттеулердің сол кезде де зор маңызы болды, одан кейін де бұл материалдардың өзектілігі төмендеген жоқ.

Тәуелсіздік жылдарында ескі қора-қыстаулар ғылыми ортада мамандар тарапынан өзекті тақырып болып көтерілмеді. Осы мәселе төңірегінде ғылыми тұрғыда зерттеудің нақты методикалары қалыптаспады және барлық аймақтар бойынша ғылыми-деректік база жинақталған жоқ. Тек соңғы онжылдықта ғана қыстаулар кейбір мамандар тарапынан там-тұмдап зерттеле бастады (Ажигали, 2011; Рахимов, 2012; Турганбаева, 2012; Усманова, 2012; Бейсенов, 2019; 2020; Бейсенов, Ахияров, Джуманазаров, 2020; Бейсенов, Шашенов, Дүйсенбай, 2020; Дүйсенбай, Шашенов, Жұманазаров, 2020; Базарбаева, Джумабекова, Шашенов, 2020; Бейсенов, Шашенов, 2022; Ганиева, Сакенов, Рахманкулов, 2022; Тлеугабулов 2022). Бұл ізденістер қазір тұрақты тарихи-археологиялық, этноархеологиялық салаларға айналуы керек. Қайткен күнде мұнда археологияның орны ерекше екені күмән туғызбайды.

Қазақ қыстауларын археологиялық тұрғыдан зерттеу осы уақытқа дейін белгісіз болып келген көптеген тарихи тың мәліметтер береді. Бұл Қазақстанның түрлі аймақтарының топографиялық мәліметтерін салыстырмалы түрде сараптауға мүмкіндік болады. XIX ғ. мен XX ғ. басындағы қазақ халқының стационарлы үй салу дәстүрін және планиграфиясын анықтауға көмектеседі. Археологиялық қазба барысында қыстаудың планировкасы толықтай ашылады. Тұрғын-жайдың қабырғасы, едені, төбесін жапқандағы тіреу-діңгек, есік, табалдырық орындары және жылыту жүйесін (пеш) орналастыру тәртібі, жалпы архитектуралық ерекшеліктері анықталады. Кешенді материалдан қыстау тұрғындарының қай кезеңде өмір сүргенін, нені тұтынғанын, бір сөзбен айтқанда сол кезеңнің шаруашылық-мәдени, әлеуметтік-экономикалық бейнесін көруге болады. Аталмыш кезең ескерткіштерін зерттеу Қазақстанның ортағасырлар және соңғы ортағасырлар дәуірін зерттеуде зор үлес болып қосылатынын да ескергеніміз жөн.

Соңғы жылдарда Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы оң бастама көтеріп, қаржылай қолдауы арқылы аймақта қазақ қыстауларына археологиялық қазба және реставрация жұмыстары жүргізіле бастады.

Солардың қатарында Бөкейханов әулетіне қарасты Жекежал, С.Сейфуллин туған Қарашілік қыстауларына жүргізілген реставрациялық жұмыстар бар. Ал археологиялық қазба жүргізілген екі нысанды айта аламыз. Бұл тұңғыш заң магистрі, Алашорда үкіметінің мүшесі Жақып Ақбаев әулетіне қатысты Көлдібұлақ қыстауы (Бейсенов, Шашенов, 2022) және Ермековтер әулетінің Бөріктас қыстауын айтуға болады. Бұл екеуінде археологиялық қазба жүргізіліп, ол реставрациялық жұмыстарға жалғасты. Екі нысандағы жұмыстар да авторлардың тарапынан атқарылды.

Бөріктас өлкесі – Алашорда үкіметінің мүшесі, мемлекет қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш математик Әлімхан Әбеуұлы Ермековтің (1891-1970 жж.) туған жері (Өскембаев, 2013; Кыдырралина, 2015). Тарихи-мәдени ескерткіш болып табылатын Бөріктас қыстауы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылдық округінің территориясында орналасқан.

Бұл өңір – эокожүйедегі өзінің шұрайлылығымен, жайлылығымен ерекшеленетін табиғи, тарихи-мәдени ландшафт. Бұл жерде Бөріктас қыстауынан басқа, Ермековтер әулеті мекен еткен Әмірхан, Қарағаш, Жазыбек сынды бірнеше қыстау орындары бар. Сонымен қатар ата қорымдарының да осы маңда болуы, бұл жердің Ермековтер әулетіне көп жылдар бойы тұрақты түрде қоныс болғандығын айғақтайды.

Бөріктас өлкесіндегі барлау жұмыстары А.З.Бейсенов басшылығымен ертеректе басталған болатын. 2006 жылы аудандық мәдениет және тілдер дамыту бөлімі жетекшісі Б.Ақбаеваның өтініші бойынша Бөріктастағы қорым ішіндегі Әбеу қажының құлпытасы алғаш рет оқылды. 2008 жылы Бөріктас қыстауының алғашқы сызбасы жасалды (археолог Қ.Жамбулатов қатысуымен). Қарағаш, Әмірхан сынды нысандарды, сондай-ақ Былқылдақ менгирлерін А.З.Бейсенов 2010-2011 жылдары қарап өткен болатын.

Археологиялық барлаулар. Бөріктас кешеніне қарасты нысандар. 2019 жылғы зерттеулер барысында бұрынғы қаралған орындардың мәліметтері нақтыланып, координаттары алынды, сипаттамалар жасалды. Осы археологиялық барлаулар, топо-ландшафттық байқаулар, т.б. анықтаулар нәтижесінде Бөріктас өлкесінде қора-қыстаулар тақырыбына қатысты бес маңызды орын белгіленіп, олар «Бөріктас кешеніне» біріктірілді. Бұлар Бөріктас қыстауы, Жазыбек қыстауы, Әмірхан қыстауы, Қарағаш қыстауы, Бөріктас қорымы.

Бөріктас қыстауы екі нысаннан тұрады. Қазба жүргізілген №1 негізгі құрылыс, немесе №1 үй үш жағынан биік тау қоршап жатқан (солтүстік, шығыс, оңтүстік жақтары) сайдың аузында, тегіс жерге салынған. Батыс жағында аласалау төбелер жатыр. Қыстауға батыс желдерінен ықтасын болып тұрған осы төбелерден кейін кең жазық басталады. Осы жазықтың бергі таманында, №1 үйден батысқа қарай жақын жерде Ермековтер әулетінің ата қорымы орналасқан. №2 құрылыс №1 құрылыстан СБ қарай 0,1 км қашықтықта, төбе үстіне салынған. Қыстаудың батысында Ызылдауық бұлағы күнбатысқа қарай ағып жатыр. Жергілікті халық үш бұлақты айтады: Бас Ызылдауық, Орта Ызылдауық, Аяқ Ызылдауық. Зерттелген ескерткіш Орта Ызылдауық бұлағына жақын. Шағын болғанымен, жақсы ағыны бар, суы тастай әдемі су.

Жазыбек қыстауы. Аталып өткен Бөріктастан оңтүстікке қарай 1,1 км жерде қазіргі уақытта малшылар отырған Жазыбек қыстауы бар. Барлау барысында Кеңес үкіметі тұсында салынған үй мен қорадан бөлек, одан шығысқа қарай 140 м жерде, таудың батыс беткейінде формалары ұзынша келген төртбұрышты екі ескі қыстау үйлерінің орны байқалды. Біріншісі СШ-ОБ бағытта созыла салынған. Екіншісі осыдан 90 м жерде ШСШ-БОБ бағытта орналасқан. Үйлердің қабырғаларын іргетасына дейін бұзып әкеткендіктен, жер бетінде құрылыстардың тек сұлбасы ғана көрінеді. Ескі Жазыбек осы.

Архив материалдары бойынша, бұл қыстаудың аты берілген Жазыбек Жиенбаев (Жиынбаев) 1913 жылы Темірші болысы, №1 ауылдың биі Исмаил Ермековтің орынбасары болған (Попов, Шотбакова, Смагулова, 2019, 29 б.). Әлімхан Әбеуұлының атасы Ермек Жиенбайұлы мен Жазыбек Жиенбайұлы ағайынды адамдар.

Әмірхан қыстауы. Бөріктастан солтүстік бағытта 3,4 км қашықтықта Әлімханның туған ағасы Әмірхан Ермековтың қыстауы болған. Мұндағы ескі орындарды планиграфиялық орналасуына қарай үшке бөлуге болады.

№1 қыстау қазіргі Әмірханнан (Кеңес үкіметі кезінде салынған үй) оңтүстік-шығыс бағытта 100 м жерде. Бұнда жермен-жексен болып кеткен онға тарта құрылыс бар. Әбден бұзылғандықтан, нақты санын анықтау мүмкін емес.

Бұл қыстау орнынан оңтүстік бағытта 450 м жерде, жалпақ төбе үстінде №2 нысан орналасқан. Алдыңғы орынмен екеуінің арасын аса терең емес сай бөліп тұр. Сай табанынан тартылып қалған бұлақтың арнасы аңғарылады. №2 нысан жеті-сегіз құрылыстан тұрады. Мұның біреуінен ресейлік кәсіпкерлер Кузнецовтарға қараған «Дулево» фарфор зауыты кесесінің сынығы табылуы бұл орындардың ХІХ ғ. соңына таман үлкейіп, көтерілгенінен хабар береді. №3 нысан №2 қыстаудан

оңтүстік бағытта 250 м қашықтықта, тегіс төбешіктің үстіне салынған. Екеуінің арасын сай бөліп жатыр. Бұл жердегі жалғыз құрылыс үш үлкен бөлмеге ажыратылады.

Қарағаш қыстауы. Бөріктас кешенінің төртінші ескерткіші Қарағаш қыстауы Бөріктастан ШСШ бағытта 2 км жерде, сай ішінде орналасқан. Қыстау биік таудың оңтүстік-батыс беткейіне, қуысқа салынған үш үйден және олардан бөлектеу, төменірек орналасқан бір ұзын қорадан тұрады. Үйлердің тау іргесіне тақап салынуы, тұрғын-жайдың қабырғалары тіп-тік болып тұрғызылмай, қисықтау болуы, тас қалау техникасының қарапайымдылығы, осының бәрі бұл орындардың жоғарыда аталған қыстаулардың барлығынан ертерек салынғандығын аңғартады. Кіреберіс сай табанынан солтүстік-батысқа қарай бұлақ ағып жатыр. Бұлақ суын бойлай қалың шілік өскен.



Сур. 1. Бөріктас қорымы. 1 – Үстінен қарағандағы көрінісі. 2 – Әбеу қажы Ермекұлының құлпытасы

Бөріктас қорымы. Бөріктас қыстауының күнбатысында орналасқан (сур. 1). Қорымда тастан, саман кірпіштен тұрғызылған оннан астам төртқұлақ бейіт пен тағы басқа сопақша үйінді түріндегі жерлеу орындары бар. Осы ата қорымда Әлімханның әкесі Әбеу қажы жатыр. Оның мазары мен Бөріктас қыстауындағы қазба салынған №1 үй екеуінің арасы 0,45 км. Төртқұлақ бейіттің құлпытасындағы (сур. 1: 2) қадым жазуынан "1911 жылы 19 мартта жұма күні қазақ әулеті қара нәсілі Оразғұл руы мархұм Әбәу Ермек қажы ұлы 54 жасында ахирет сафары..." деген ақпарат бар, оны ертеректе А. З.Бейсенов оқыған болатын (Бейсенов, 2019). «Қара» деген бұл әулеттің руы екенін ескертеміз, қазақи жүйеде арғын ішіндегі қарашордан бөлінеді, Оразғұл - одан берірек келіп тарайтын ата. Арқа жеріндегі қадым жазуының үңіліп оқитын өз тәртібі бар. Арнайы жиналмай, қаралмай отырған «көктасқа» байланысты аспектілердің кейбір тұсы ептеп аталып өткен болатын (Бейсенов, 2022). Әбеу қажыдан басқа, Әлімханның анасы Ақбілек, ағасы Әмірхан да осы қорымда жатыр (Мәкенбаев, 2011, 61 б.). Аталған Жазыбек, үлкен әулеттің т. б. өкілдері де осында болуы керек.

Археологиялық зерттеулер. *Бөріктас қыстауындағы №1 үйдің сыртқы ерекшеліктері, құрылыстың ішкі планиграфиясы.* Бөріктас қыстауындағы археологиялық зерттеулер мұндағы №1 үйге (сур. 2: А, В) жасалды. Қазба 27 x 27 м аумаққа салынды. №1 үйдің формасы шаршы пішіндес, негізгі нақты өлшемі 23,5 x 20 м. Бұзылып, қиратылғаннан кейін топырақ басып қалған құрылыстың қазбаға дейін де кейбір планиграфиялық нышандары байқалды. Тұрғын-жайдың іргетасының барлығы дерлік жергілікті жердің табиғи қызыл, сұр гранит тасынан қаланып көтерілген.



Сур. 2. №1 үйдің қазба барысындағы анықталған ерекшеліктері

Бұл табиғи материалды құрылыста қолдану Орталық Қазақстанның таулы өңірлерінің барлығына тән жағдай және оның қола дәуірінен бері құрылыста қолданылып келе жатқан дәстүр екені белгілі. Жалпақ тастарды екі қатар етіп жігін бастырып қалап, ашық қалған ортасына ұсақ тас, топырақ салып нығыздап отырған. Іргетастың тастары жылжып кетпей орнықты жатуы үшін балшықпен де нығыздаған. Тас қалаудың мұндай тәсілін Орталық Қазақстанның ауылдық жерлерінде әлі күнге дейін қолданады.

№1 үйдің үш жағында, атап айтқанда оның СШ, ОШ және ОБ қабырғаларын сыртын айнала қазіргі жалпақтығы 0,3-0,4 м, тереңдігі 6-7 см болатын ор ізі байқалады. Жіңішке ор аталған қабырғалардан 6-8 м қашықтықта қазылған. Ал үйдің бір жағында, яғни шағын сайдан сыртқа шығатын СБ жақта ор жоқ. Үйді төбелер қоршаған үш жақтан айналған ор еріген қар мен күзгі--көктемгі нөсерлердің суын сайдың ауызына, еңіске қарай ағып кетуіне ықпал еткен. Үйдің шығыс бұрышын ала қазылған біршама үлкен шұңқыр орны қазбаға дейін де жақсы байқалды.

Беріктас қыстауындағы №1 үй жекелеп тоқтауды қажет ететін барлығы 13 бөліктен тұрады. Бұның ішінде тоғыз шағын бөлме мен бір ұзын дәліз бар, қалған үшеуі шаруашылық бағыттағы құрылыстар. Үйге кіретін негізгі есік ОБ жақтан шығарылған да, ол арқылы сырттан ұзын дәлізге кірген. Үйдің осы кіреберіс, яғни оңтүстік-батыс қабырғасынан 15 м жерде күлтөбе бар. Күлтөбе 13x9 м аумақты алып жатыр. Биіктігі 0,4-0,5 м. Күлтөбе қазылған жоқ.

- Ховалыг У.Т. «Тогуз-огузская» проблема в истории изучения древних уйгуров Центральной Азии // Вестник НГУ. Серия: История, Филология. – Том 8 (2009). – Вып. 5 - [Электронный ресурс]- URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tokuz-oguzskaya-problema-v-istorii-izucheniya-drevnih-uygurov-tsentralnoy-azii> (дата обращения 23.08.2022)
- Ушницкий В.В. Средневековые народы Центральной Азии (вопросы происхождения и этнической истории тюрко-монгольских народов. – Казань: Издательство «Фэн» АН РТ, 2009. – 116 с.
- Худяков Ю.С. Наскальные изображения воинов на петроглифах Синьцзяна // Древнее искусство Азии – Кемерово: Издательство КГУ, 1995. – с.109-114 – [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/istoricheskie-istochniki-probleme-otnosheniy-kitaya-s-narodami-tsentralnoy-azii-v-drevnost> (дата обращения 12.01. 2022)
- Ямаева Е.Е. Мифологические основы алтайского эпоса: Мотив «человек-птица против одноглазого врага» в контексте интерпретации материалов пазырыкской рультуры // Кунсткамера № 3 (13) – 2021. DOI 10.31250/2618-8619-2-21-3(13)-184-193

Е.Е. Yamaeva

TAMGA "WALKING SUN" *KHAS/KAS* OF THE ALTAIANS: IN THE CONTEXT OF INTERPRETATION OF THE CULTURAL AND HISTORICAL HERITAGE OF GORNY ALTAI

The swastika *khas* sign and its variety, the cross or half-cross *sarakai*, the rhombus with processes *myiman*, are recorded on the petroglyphs of Khangai and Transbaikalia in ancient times. On items of grave goods, they are fixed in the era of the okunev, pazyryk, tashtyk and turks. The carriers in the Middle Ages, obviously, were the kereites. In the XIII century. the tribe included the tribal division *almad / almat*. In the XIX-XX centuries *almaty* and *kyobeks*, to which the tamga sign of the swastika with its varieties belongs, appear in the composition of the *tyolyos* tribe. In the list of tamga signs of the *tyolyos*, there is a rare rhombus with processes, which can be interpreted as a kind of swastika. The stable repetition of these signs on the petroglyphs of Khangai and Transbaikalia and the preservation of signs as a tribal tamga among the tamga tribes of the Altai-Sayan up to the present testifies to the ethnocultural ties and the unity of the cultural and historical heritage of the Turkic tribes.

ЖАҚЫП АҚБАЕВ ӘУЛЕТІНЕ ҚАРАСТЫ БЕС ҚҰЛПЫТАС

Орталық Қазақстан жерінде көп тараған, бірақ қазірге дейін зерттелмей отырған (Бейсенов, 2019; 2022; Бейсенов, Шашенов, Дуйсенбай, 2020) жәдігерлер ол ескі құлпытастар. Жергілікті қазақ ертеден «көктас» деп атап келген бұл ескерткіштер ауыл, қала маңындағы көне қорымдардың ішінде, ескі қыстау маңында, ауылдан жырақтау тұрған ескі зираттарда болады. Көктас кейде байырғының тасмүсіні тәрізді алыстарда, елеусіздеу күйде тұрады. Сонымен қатар, жанындағы бейіттен еш белгі жоқ, қисайып, құлап, сынып та жатады. Дені ХІХ ғ. соңғы кезеңі, ХХ ғ. басымен мерзімделетін көктас бүгін түгел сақталып отыр деуге болмайды. Оның көбі жойылған, кеңес заманында қараусыз, бағалаусыз қалып, қираған, алынып кеткен.

Мақалада Қарқаралыдағы Милыбұлақ маңындағы Сұңқартас (сур. 1), Дөңгелектас өлкелерінде табылған құлпытастар сөз болады. Дерек алғаш жарияланып отыр.



Сур. 1. Сұңқартас. Көпбейіт қорымы (А). Мырзабике Қожағұлқызы (В, 1), Жандерке Құдабайұлы (В, 2) және Ақбай Жандеркеұлы мен оның ұлы Әбділазиз (С) жерленген орындар

Жақып Ақбаевтың (1876-1934) ата-анасы, інісі мен қарындасы осы әулеттің ата қонысы Милыбұлақ маңында жерленген. Ұсынылып отырған хабарламада ол адамдар туралы кеңінен сөз қозғалмайды. Ақбаев және бұл әулет жайлы баспа көрген деректер аз емес, оның арасында ғалымның туған қызы Аргуния Жақыпқызының да өз естеліктері бар (Жақып мырза..., 1991; Жақыпова, 1991; Құл-Мұхамед, 1996; Тайшыбай, Дулатбеков, 1996; Дулатбеков, Тайшыбай, 2001; Дулатбеков, 2012).

Материал табылып отырған құлпытастар хақында. Бес тастың төртеуі ескі қадым жазуымен берілсе, біреуі кирилда, 1966 жылға нұсқайды. Бесеудің үшеуі бір жерде, Милыбұлақтан «майзауыт жолымен» Ақтоғайға шығатын жақта, ауылдан оңтүстік-шығыс таманда 4 км болар-болмастағы Көпбейітте (сур. 1: А). Сұңқартас биігінің бауырында, Ақтасты өзенінің сол жағасында орналасқан ескі қорымда 50 жуық саман кірпіштен, тастан тұрғызылған, темір шарбақпен қоршаған құрылыс бар. Ерте

кезеңдікімен қатар, кеңес заманының бейіттері де бар. Оның дені 50-60 жылдардікі. Жаңалаулары бірен-саран ғана, ауылдың жаңа зираты басқа жерде.

Қорымдағы солтүстік-батысындағы үш бейіттің тақырыпқа қатысы бар. Шеткі, қабырғалары түгел құлағанында (сур. 1: В, 1) Жақып Ақбаевтың үлкен шешесі Мырзабике Қожағұлқызы жерленген. Тасы бар. Одан солтүстік-шығысқа қарай тұрған шошақ бейітте (сур. 1: В, 2) үлкен әкесі Жандерке Құдабайұлы жатыр деп пайымдалады. Бұны ертеден айтып келеді. Тасы сақталмаған. Ерлі-зайыпты екеуі қатар жатқанын, екі орынның да сипаты бойынша қорымдағы ең ерте бейіттерге жататынын және бұрынғылардан қалған пікірді ескере отырып, бұл бейітті Жандеркенікі деп санаймыз.

Одан арырақ тұрған тас бейітте Жақыптың әкесі Ақбай Жандеркеұлы мен 25 жасында қайтыс болған інісі Әбділазиз жерленген (сур. 1: С), тастары бар. Көпбейіттегі үш тас №1-3 құлпытастар деп тіркелді.



Сур. 2. Құлпытастар. 1 – Мырзабике тасы, 2 – Әбділазиз тасы, 3 – Ақбай тасы, 4, 5 – Айғанши мен Шәмшіқамар тастары

№1 Құлпытас (сур. 2: 1). Кезінде төртқұлақ қылып салған бейіттің қабырғалары құлап, тек іргелері ғана қалған. 2001 ж. алғаш келіп көргенде, жақындап келіп жөн сұрасқан жергілікті тұрғындар ертеректе, өзен қатты тасыған жылдары судың қорымның ең шетінде тұрған осы бейіттің тұсына жиналатынын айтып еді, соның әсерінен болар. Сипаты жақсы көрініп жатқан төртқұлақ тіктөртбұрыш формада, ұзындығы СШ-ОБ бағытында 6,1 м, СБ-ОШ бағытта 6,7 м. Ішінде бірнеше адам жерленген сияқты.

Құлпытас асты терең бекітілгендіктен, қатты қисаймай, жақсы тұр. Жер бетіндегі ұзындығы 2 м шамасында. Жазу түскен жазықтық тастың шеттерін ала оның формасын қайталай отырып ойылған, жақсы көрінетін жолақтың ішінде орналасып, үш бөліктен тұрады. Жоғарыда көктастың басы дәстүрлі түрде жартышар тәрізді дөңгеленіп, құлпытас атаулыға міндетті түрде салынатын мұсылман айы, оның астында құран сүресінен үзінді берілген. Бұл бірінші жазу. Одан төмен, екі көлденең сызықпен бөлектенген тіктөртбұрыш ішінде негізгі ақпарат бар. Оның астында, ол да көлденең бір сызықпен жекешелген, үшінші жазу бар, - тасты қойған адамның арнау сөзі.

Үстіңгі жазу: «Кулли нафсин заикат ул мәуит». Құран зерттеушілер деректері бойынша, бұл аят Имран, Анкабут сынды бірнеше сүрелерде бар. «Әркім өлім дәмін татады». Ал бұнда жазылмаған аяқ жағын қосқанда, «сосын сендер Бізге қайтасындар» деп келеді.

Осы және келесі үш тастағы жазу қазіргі қолданыстағы тілге сәйкес келтіріледі.

Негізгі ақпарат: 1308-інші тарих хижрада шауәл әл-мукарам 6 күнде тарақты руынан Мырзабике Қожағұл қызы, қажы әл-Харамейн Жандерке Құдабайұлының жамағаты, фаниден бақаға рихләт қылды, 86 жасында.

Жазу келесі аятқа жалғасқан: «Ина аллахи уа ина илейхи раджиун». Біз Алланікіміз және біз оған қайтамыз деген мағына береді.

Астыңғы жазу тарихи-биографиялық фактілер емес, келушілерге бағытталған арнау және тасты қойған кім екенін білдіретін ақпарат формасында. «Зиярат қылушы мұқмин қардашлардан біраз аят құран оқып», сауап бағыштауына үміт ететін «фарзанды Ақбай» деп хабарланады. Анасының тасын өзі қойғанын білдіретін жазу. Бұндай ақпарат, әрине, ол кезде де, жалпы қай заман болмасын, маңызды болған.

Тастағы жазу осы жақын арада қара бояумен бастырылған, бірақ о баста сапалы түсірілуі себепті, «өңдеу» кезінде пайда болған «ерекшеліктерге» қарамастан, біршама жақсы оқылады.

«Қажы әл-Харамейн» деп Меккеге де Мәдинеге де барған қажыны айтады. Меккеге барған «қажы», ал сол жолы Мәдинеге де барса, бұл мұсылманды осы атаумен жеке атаған. Бұл екі қажы екі түрлі. Көбі Мекеге ғана барып қайтқан. Ел арасында ұқпай, түсініп айырып жатуға шамасы болмағандар «Қараман», «Қараман абыз» немесе «Қараман әулие» деп айта берген. Бірақ басқа қажыдан бірдемесі жоғары екенін пайымдаған. Бұл атау кейде кісі аты болып кетіп отырған. Баянаул жерінде әлдекім тура жолыңызда «Қараман абыздың» зираты бар деп, соқсақ, тасынан «Қажы әл-Харамейн Наурызбай Бектұрған ұлы» деген ақпарат оқылғаны бар. Ал айналадағы тұрғындар бұл жерді «Қараман абыз бейіті» деп айтады.

«Жамағаты» деген ер адаммен, ерімен қоса айтылып тұрғанда әйелі деген мағынаны береді. Уағызға, құранға жиналатын топпен шатыстырмау керек.

«Рихләт қылды» деген тіркес ескі құлпытаста үнемі болады, кең тараған норма. Кетті, аттандыны білдіреді.

Мырзабике бейітінің жанында жоғарыда аталып өткен Жандерке мазары тұр (сур. 1: С). Бұл ескерткіштің кейбір ерекшелігі осы хабарламаның соңында аталып өтеді.

Жандерке мазарынан арығарай шығысқа таман үлкен тас бейіт бар. Төрткұлақ формасында табиғи тастан қаланған құрылыс сипаты шаршыға жақындау. Құрылыс бұрыштарымен әлемнің төрт жағына қараған. Іргетасы бойымен алғандағы төрт қабырғасының өлшемі: СБ қабырға – 13, 2 м, ОБ қабырға – 13 м, ОШ қабырға – 13 м, СШ қабырға – 12, 9 м. Іргетасының жалпақтығы 1 м де, қабырғаларының 0,8-0,85 м. Ең жақсы сақталған ОШ жағында қабырға биіктігі 1,9 м-ге барады. Есік СШ жағында.

№2 құлпытас құрылыстың дәл батыс бұрышында тұр, оның жанында, әрітаман, №3 құлпытас орналасқан. Екеуі де осы жақында қара бояумен «өңделген».

№2 құлпытас (сур. 2: 2). Жоғарыда мұсылман айы астында бір жол, одан төмен, негізгі жазуды шектеп тұратын сәнді жолақтың ортасы бойымен тағы бір жол құран аяттарынан үзінді берілген.

Негізгі жазу: 1904-інші тарих милади июнь он бесі, хижри 1322 сафар раби-ул ахр он үші кеші, қазақ әулеті қара нәсілі мархум Әбділазиз бин Ақбай бин Жандерке қажы дүр ки, бұл дар фана уа ғанадан сина ғалик нафси там болып, дар бақаға сафар қылды, 25 жасында. Бари тағала рахмет қылсын.

Осы жерден құран аяты жалғасқан: «Ина аллахи уа ина илейхи раджиун». Мағынасы: «біз Алланікіміз және біз оған қайтамыз».

Астыңғы жазуда дәстүрлі түрде «мұқминдерден» аят құран оқуына үміт етуші «мехрибан атасы Ақбай» екені хабарланады. Демек, бұл тасты ұлына әкесі қойған. Әке «отец», ал ата ол «дедушка» деген қатып қалған ереже түріндегі түсінік кейін қалыптасқан. Бұрынғының қазағы оны міндетті түрде жекелеп айтып-жазатұғын нәрсе демеген*. Бұл жазудан Ақбай Әбділазиздің атасы («дедушка») екен деп шатыспау керек. Мархұмның нақты аты-жөнін жазған тұста шешуші ақпарат тұр: «Әбділазиз бин Ақбай бин Жандерке қажы». «Бин» немесе «ибн» кімнен туғанын, яғни әкесін білдіреді: Әбділазиз, әкесі Ақбай, әкесі Жандерке қажы...

*Бұқар жыраудың Шақшақұлы Жәнібек дегенін торғайлықтар «түзеп», Шақшақ Жәнібек деп жазатын болды. Шақшақ оның әкесі емес, арғы атасы дегенді алдыға тартады. Батырдың замандасына жақын Бұқар оны білмеген, қате айтқан болып шығады. Іс жүзінде, жырау Жәнібектің туған әкесі (отец) Шақшақ деп отырған жоқ. Бұқардың «катесін» түзегеннен емес, Шақшақ Жәнібек деген ықшам, қазіргі қолданысқа ыңғайлы десе, бұның жөні басқа.

Нафси адамның оның «пендешілігімен» қоса алғандағы ішкі дүниесі. Нәпсіні тию үнемі ібіліс аңдып отыратын осы ішкі дүниені қатты ұстау деген. «Там» деп мұнда фәни жалғанға берілген мерзіміне шақталған ғұмыры тамам, яғни таусылды деп отыр.

№3 құлпытас (сур. 2: 3). Жоғарыда ай астында алдыңғы таста кездестірген бірінші аят үзіндісі келтірілген.

Негізгі ақпарат: 1907 жылында рамазан айының 3 күні бейсенбі күн, 73 жасында Ақбай Жандерке ұлы фани дуниядан ... [бір сөз оқылмады] айланды, Әмин.

Алдындағылардай жеке шығармай, осының соңынан «Алланың рахметінен үміт еткен» Ыбырай Ақбайұлы екенін хабарлайды (бұнда да алдыңғы жағындағы екі-үш сөзі оқылмады). Бұл құлпытастағы жазу сапасы жағынан алдындағы №1-2 екі тастан анық бір саты төмен, оның үстіне әлдекімнің қара бояумен «өңдеп» кетуі оқуға зиянын тигізеді. Бұл тастағы жазу мәнері алыстағы арнайы маман-шебер өрнегіне емес, ауыл маңындағы сауатты адамдардың қолтаңбасына ұқсайды.

Әмин - кейін «әумин» деп өзгертіп алған сөздің бұрынғы қазақтағы дұрыс нұсқасы.

№4 құлпытас (сур. 2: 4). Бұл тас Милыбұлақтан солтүстік-шығысқа кететін сайдың арғы таманында, Дөңгелектас деп аталатын биіктің бауырында. Сай ландшафттық сипаты бойынша қыстау болатын жер. Кеңес заманында Милыбулақ кеңшар бөлімшесі болып, оған қараған қойдың біразы осы сайда қыстап, бірнеше қыстақта тұрған. Құлпытас тұрған жердегі қыстақ сол кезден бері «Станса» аталады. 1930-1940 ж. осында МТС орналасып, содан бері осыбір тарихи ат қалған. Жергілікті тұрғындар одан айрылатын емес, ал қазақ отырған ескі қыстақтың аты таза ұмытылған. Кеңес үкіметі салған малшы үйінің жанында ескі жұрт орыны бар. Білінер-білінбес ізі ғана қалған, ол құрылысқа түк қоймай бұзып алғаннан. Осы ескі орынға келгенде алыс-жақындағы тұрғындар бұл жерде «Ақбайдың сәнді ақ-көк бояулы ағаш үйінің» болғанын жарыса айтады. Ол 1950-ші жылдардың басына дейін азып-тозып тозғанымен, сақталып келген де, сол кезде бұзылып, қиратылған. Үйді Ақбайдың өзі тұрғызды ма, үлкен ұлы атақты болыс Ыбырай кейінірек салды ма, әрине тірі пенде білмейді. Біразға дейін келуіне қарағанда, үй кештеу салынған, 1910-1920-шы жж. десек тек жорамал болады. Бұны Ыбырай, Берікқараның қатігез болысы, салуы мүмкін. Құлпытас сайдың үйден оңтүстік-батыс, яғни Милыбұлаққа қараған таманында, екеуін бөліп тұрған шоқ ағаштың жанындағы жалғыз бейітте тұр. Тастан аласалау салынған қоршаудың өлшемі СШ-ОБ бағытта – 12 м, СБ-ОШ бағытта 13 м, сақталған биіктігі 0,8 м. Құбыла жағында құлпытастың қатарында тағы екі тас бар, екеуі де кеңес заманының ертелеу кезінен. Сөз болып отырған құлпытастың ұзындығы жер бетінен 1,5 м, ені 0,43 м, қалыңдығы 0,12 м.

Шебер өте сапалы, барынша өнерін төгіп баппен түсірілген жазудың жоғарыдағы бірінші жолында «әл Хақим Алла әл Ғали әл Кабир» деп Алланың 99 керемет атының үшеуін берген. Көлденең түскен шектеу сызығы сәнді өрнектелген жолақпен беріліп, одан төмен басты ақпарат айтатын жазу орналасады:

Бу мұбарак сажи қабір муту фи мархума Айғанша Бітебай қызы, Ақбай Жандерке ұлының жамағат мұқтаримасы, 1921-інші жылы 19-ыншы мартта 76 жасында фани дуниядан бақа маликине сафар қылды. Хақ тағала ғариқ рахмат уә жанын жаннатта қылғай. Әмин. Алдыңғы тастардағыдай келушілерге арналған сөз мұнда жоқ, кім қойғаны айтылмайды.

Мұқтарима «таңдаулы», яғни жаратушының айрықша ықыласы түскен деген мағына беретін «мұқтардың» әйелге айтылатын баламасы. Мұғалім-мұғалима секілді. «Жамағат мұқтарима» неге тұрғаны белгісіз. Егер Ақбайдың басқа да әйелдері болғанынан хабардар болсақ, Айғаншаны оның бәйбішесі деп баса айтқысы келген деп тәпсір қосар едік. Мархума да әйелді көрсеткені, марқұм әйел.

«Ғариқ рахмат» Алла рахматына түсірсін, рахматқа батырсын деген. Кеме, қайық секілдіні ғарық болды деп суға батқанын айтамыз, ауызекі тілдегі бірдемеге қарық болды деген де осыдан шығады.

№5 құлпытас (сур. 2: 5) Милыбұлақтан солтүстікке, яғни Нұркенге кеткенде жолдан алыс емес ескі қорымда. Өңкей қызыл түсті табиғи тастан қаланған бейіттердің арасында.

Жазуы: Шекшек келіні, Өтебай ұлы Кәменнің жамағаты, руы Киікбай. Ақбай қызы Шамшықамар. 82 жасында 19. XII. 1966. дүние салды.

Қойған атына қарағанда Ақбай мен Айғаншаның «күні мен айы» Шәмшіқамар Жақыптың туған қарындасы, бертінде, 1966 жылы қайтқан. 82 жасағанына қарағанда, 1884 жылы туған, жоғарыдағы Әбділазизден де кіші. Шекшек келіні деп отырғаны қайынатасының аты емес, түскен елі. Дүйсенбай-Шекшек арғын ішіндегі қарашордың шорынан бөлінеді, үлкен ата. Киікбай төркіні, Ақбай әулетінің бергіден тарайтын атасы.

Сонымен, Көпбейіттегі үшеуі алғаш рет 2001-2002 жылдары алғаш қаралып, барлығы 2020 жылы қайта тіркелген бес құлпытастың бәрі Алаш ардақтысы, заңгер Жақып Ақбаевтың өз әулетіне жататын адамдарға қойылған. Көпбейіттегі үш тастың суреті (сур. 2: 1-3) мақалада әлдекім қара бояумен

«өңдеп» кетпей тұрғандағы, яғни 2002 жылғы көрінісімен берілді. Қадым жазуымен берілген төртінші тасты, Айғанша тасын, бояуын арқалап ескі құлпытастарды «өңдеп» жүрген адам әлі көрмеген. №4-5 құлпытастар 2020 жылы фотоға түсірілді.

Зерттеулерде Ақбайдың төрт ұлы аталады: Ыбырай, Бек, Мәжит, Жақып, орындары ауысып те келе береді. Қыздан Шәмшіқамар да қағазда бар. Айғанша шешелері де аталады. Ыбырай, Берікқараның қатыгез болысы, бұл лауазымды әкесі Ақбайдан қабылдаған, малды болған адам. Қатты, жұртқа рақымсыз болған делінеді. Ол зерттеулерде де аталған факті (Алаштың..., 1991). Жақыптың қызы Аргуния естелігінде Ыбырайдың және оның оқыған білімді, зиялы ұлы Әбділхамидтің кеңес үкіметі тарапынан қуғындалып, екеуінің де 30-шы жылдары атылғаны айтылады (Жақыпова, 1991). Нақты Бек пен Мәжит аттары жазылған құлпытас кездеспеді. Басқа, бұдан тысқары жерлерде тұрса, ол авторға белгісіз.

Сұрақ тудыратын Әбділазиз тасы, №2 құлпытас. Зерттеулерде Ақбайдың бұндай баласы айтылмайды. Автор қате оқып отыр деуге болмайды. Таста «құл», яғни Алланың құлы дегенді білдіретін, «эйн»-нан басталатын «Абд», содан кейін келген араби артикль «әл» ғана емес, одан ары дереу жалғасқан тағы «эйн», соңындағы арасына «иә» орналасқан екі «зә» жап-жақсы байқалып тұр.

Бұны басқалар келіп оқып, Ғабділғазиз яки Ғабдул-Ғазиз демепті, қате жазыпты деуі мүмкін. Сондықтан, мақаланың мақсатына тікелей қабыспаса да, бұл тұсты айта кету керек.

«Эйн», «ғайнды» үстіндегі бір ноқат ажыратып тұрады. Дұрысы, ноқаты жоқты, яғни «әйнді», «ғ» қоспай, «ә» мен айтқан. Біз білетініміздей, қазақта адам аттарында «эйн-ғайнды» ажыратпай, әтрүрлі айта берген де, оның сөкеттігі болмаған. Ал ажыратқысы келген адам бұл адам аттарында тұрған әріп «ғайн» емес, тек «эйн» екеніне, ал ол болса тек қана ә/а болып айтылу керектігінен бастауы ләзім. Әтрүрлі аталып-жазылып кеткен Әбдолла, Абдолла, Әбілда, Әбділда, Ғабдолла, Қабдолла, осы алтауы бір ғана ат. Ең дұрысы алғашқы екеуі, бірақ бұл жерде қалғанын түгел қате, өзгертісін деген пікір айтылып тұрған жоқ, әрине. Сол ортада солай қалыптасқан жағдай.

Таза этнографиялық ортада туып өскен, білімді ғана емес, ой-өрісі де кең кеңестік қазақ әдебиетшілері бірсыпыраны ыңғайлады. Сол себепті жазба және мәдени ортада түпнұсқаға жақын, «ғайнға» соқпайтын форма көбірек қолданылды. Ол тәртіпке түсті. Біз қазір Әбдіжәміл Нұрпейісов дейміз, Ғабдыжәміл немесе Ғабдол-Жамил демейміз. Археолог Әбдіманап Оразбаев, Ғабдолманап емес. Жекелеген нәрсенің, фактінің өзі мықты емес, ол жүйеге келтірілген, көп қолданатын тәртіпке айналғанда мықты.

Қаныш Сәтбаевтың азан шақырған атын бертіндері шыққан бір кітапта Ғабдул-Ғани деп жазды. Дұрысы Әбдіғани болар еді. Жалпы «ғ» арқылы және дефиспен бергенді көбі әлдебір күрделі, «күшті» ат деп ойлайтыны, немесе өзі ұқпайтын қайсыбір «ілімге» жақын форма деп қызығатыны да байқалады.

Аталып отырған №2 құлпытастағы адам есімі жайлы үш пікірді айта кетуге болады.

1) Құлпытасты жасап, жазып берген шебер өзі шатысып, басқа ат жазған. Олай десек, бұнда жерленген не Мәжит, не Бек деген пікір ойға оралуы мүмкін. Бірақ, Мәжит деп топшылау қиын. Жақып Ақбаевтың архивте сақталған өз құжаттарына жататын бір хатында ол 1909 ж. қыркүйек айында інісі Мәжиттен (Ғабдолмәжит) хат алғанын айтады (Тайшыбай, Дулатбеков, 1996, б. 36). Демек, 1909 жылы Мәжит бар, ал Әбділазиз 1904 жылы өлген. Бұдан келіп, мәселе тек Бекке тіреледі.

2) Шебер шатыспаған, бұнда жерленген Бек, тек оның азан шақырған өз аты осы Әбділазиз болуы мүмкін.

3) Мәжит те емес, Бек те емес. Ақбайдың ертерек, 25 жыл ғана жасап қайтқан тағы бір баласы болған.

Аталмыш сұрақтың әзірше жауабы жоқ, мүмкін авторға алдымызда жаңа дерек кездесер яки біреулердің қосатыны шығып қалар. Бір айта кетеін жайт, кеңес кезінде репрессияға ұшыраған, айдалған, атылған тұлғалардың өмірі мен қызметі жайлы маңызды зерттеулер болғанымен, ол адамдардың жақын айналасы, отбасы мүшелері, туып-өскен ортасы, мекені жайлы нақты дерек жоқтың қасы.

Бұның, әрине, себептері бар. Ондай тұлғалар тек өздері ғана қуғындалмаған, айналасының түгелі қатты зардап шеккен, бұл белгілі жайт. Маңайдағы тергеу-айдауға ілікпегендердің өзі туған жерлерінен босып, көшіп, қашып кеткен. Олар туып-өскен мекендер бос қалып, кәмпеске мен сұрапыл аштықтан соң колхоздар көтерілгенде, ондай жерлердің тұрғындары түгелімен ауысқан, мүлдем басқа адамдар келген. Енді 20-30 жыл өте олар сол жердің жергілікті елі атанған.

Совхоздар ашылып, басшысы бар, маманы бар, мұғалімі бар тағы жаңа тұрғындар келген. «Қорықты», «айтпады» деген сөз жай тұрсын, бұл жергіліктілердің бірдемені нақты көріп, біліп айтатыны да сонша көп болмаған. Дені біреулерден естіп қалғанын «мен білем» деп құлпыртқаны. Естіп қалғанның өзі әтрүрлі. Бұрынғының қазағы естіп, ұғуға шебер болған да, жалған сөйлемеген.

Ондайлардың арасында бірдемені білгендер, әрине болды, бірақ олар бар кезде ешкім оны сұрамаған, қағазға түсірмеген. Қазір болса, ол буын кетіп қалды. «Құлпыртатындар» қазіргілер. Бәрі суайт деген емес, бірақ негізгі жағдай осы.

Егемен Қазақстан жағдайына жетіп, 1990-шы жылдардың басынан зиялылар қалам ала бастағанда жаңағы бірдемені естіген буын жоқ болатын.



Сур. 3. Құлпытастар фрагменттері. 1 – Мырзабике тасы, 2 – Әбділазиз тасы, 3 – Ақбай тасы, 4 – Айғанша тасы, 5 – Мырзабике тасының «өңделгеннен» кейінгі фрагменті

Қадым жазуы түскен төрт тасты төрт шебер жасаған (сур. 3: 1-4). Ең көрнектісі Айғанша тасы екені айтылды. Мырзабике тасы да баппен, өнер төгіп жасалған, тек Айғанша тасынан 30 жыл бұрын жасалып, анағұрлым ескірген. Сол кездің өзінде көмескілеу ғана емес, шебердің «өзіндік қолтаңбасы» басым, шимайлаңқырап кеткені ол Ақбай тасы. Жазуы жақсы түскен баласы Әбділазиздің тасын, анасы Мырзабикенің тасын Ақбай өзі жасатқан да, ол өлгенде тасын ағасы Ыбырай қойдырған. Айғанша тасын кім қойғаны белгісіз, қалай болса да, мал жұмсап арнайы шеберге тапсырған. Бұл кез Байтұрсынов ұсынған жаңа нұсқа бар кез, бірақ Айғанша тасы қадымша жазылған. Демек, тас жасаушы шеберлер қалыпқа түскен тәртіппен жаза берген.

Қара бояумен «өңделген» тастар (сур. 3: 5) сырт қарағанда «әдемі» болып көрінуі мүмкін. Ықтияттап оқу емес, көрінісін ғана тамашалағандар осылай ойлайтын болар. Риза болып қалуы да әбден мүмкін. Іс жүзінде бұл жол беруге болмайтын іс. Тарихтан жеткен құлпытасты «жаңалап» бояуға болмайтынын оқырман да жақсы түсінер.

Дегенмен, ескіден жеткен мұраны өз меншігіндей бас сап «өңдеуге» тиым болу тұрғысынан ескеретін екі басты мәселе бар.

Біріншіден, тозған жазуды басқанда, аяқ астынан келген «жанашыр» қате де жібереді. Қадым жазуы қиын өнер. Қадымшаның дауысты дыбысты «менсінбейтін» әдеті белгілі, ал оған бұл жазудың әріптері айқасып-байласқан әдемі өрнек формасында берілетінін қосқанда, қазіргі біз үшін түсініксіздеу кітаби түркінің сөздерінің өзін ежелілеу жалпы қиын. Ал оны қарайтып қате басса, әріптің асты-үстіндегі ноқаттардан шатысып, барын аттап кетіп, жаңадан ноқат жасап, тағы қате бояса, іс тіпті қиындайды.

Ноқат - қадымды оқығанның қиналатын жері. Бұрынғының тіл сындырған жас баласының «әліп, би, ти, би астында екі ноқат, ти үстінде екі ноқат, белі бүкір дәл, ноқат қойдым зәл» деп жамырап жаттағаны осы ноқаттардан, оған ерекше мән бергеннен шығады. Естігенді ұғып алуға, «Салсал Зарқұмдарды» жазып емес, тыңдап отырып жаттаған, жалпы естігенді сақтауға өте қабілетті халықтың баласының тілін сындыруға, әрине, молланың тұзды суға малған көк шыбығы да оң әсерін берген шығар.

Бұл тастағы жазудың жаңағы айтып отырған бастапқы сапасына тікелей байланысты да. Анық түскен, бірақ көмескіленіп қалған (Мырзабике тасы) жазудан көп қате кете қоймауы мүмкін. Ал өзі нашар, уақыт өте тозған ғана емес, басынан әлсіз түскен, немесе ретсіз шимайы (шимай деп әдемі өрнекті емес, қалыпты шеберден бөлек, өз бетінше, өз білгенімен жазатындардың кейде мүлдем ретсіз

келетін «қолтаңбасын» айтамыз) көп жазуды жаңалаймын деген жағдайда мұндай «жанашырлық» нақты зиян жасайды. Қадым жазуда араб-парсы сөздері жиі болады. Оларды жақсы ежелеу үшін араб қаріптерін зуылдатып жаттап алып, айналаға «өнер шаша» бастау жеткіліксіз.

Екіншіден, санасы төмен бұндай «жанашыр» құлпытастың әрі тарихи мұра, әрі ғылыми дереккөз екенін білуі керек. Немесе оған заң тұрғысынан білгізу ләзім. Ауыл, аудан, облыс басшылығы немқұрайды қарамауы керек.

Ескерткішті тіркеу, оны зерттеу мен талдаудың ғылымда қалыптасқан өз тәртібі мен әдістемесі бар екені жақсы белгілі. Олар тозған күнде де оның бастапқы қалпы сол беті сақталуы шарт. Мұны аутентик жағдайын сақтау дейді. Жойылу қаупі бар ескерткішті реставрациялаудың, оны жоғалудан сақтап қалудың тағы да сыннан өткен, әлем қолданатын әдістері дамып отыр. Петроглиф сынды мұраларды микалента, эстампаж әдістерімен көшірме жасап, арнаулы жетік аппараттармен фотоға түсіреді, видеоматериал жасайды, бұл да жақсы белгілі. Сосын барып, кабинет ішінде сол көшірмелерді аударып-төңкеріп, талдау мен зерттеуге кіріседі. Олар тұрған жерге экскурсиялар барады, ғылыми семинарлар өтеді.

Осы секілді шаралар ескі құлпытастарға да тікелей қатысы бар. Олар да тіркелуі, сақталуы керек. Құлпытасты арнайы мамандар жетік зерттейді. Татарстан, Өзбекстан, Түркия, Араб мемлекеттері сынды елдерде ғана емес, Қазақстанда да ғалымдар бар. Аталып отырған құлпытастар арнайы ойластырған ғылыми сапар түрінде емес, археологиялық барлау кезінде табылып, оқылып отырды. Жалпы, бұл сияқты нысандар арнайы түрде зерттелуі керек. Ұсынылып отырған мақаланың мақсатында, бір жағынан, мамандарға ойтүрткі болсын деген де бар.

Қадым жазуын дұрыс түсіну үшін не нәрсе «қадым емес» екенін білген жөн. Қадым, яғни ескі деп өз айтып тұрғандай, бұл араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформалауға дейінгі формасы. Ғасырлар қойнауынан жеткен мәдениет. «Қадым», «қадымша» деп қазақ өзі ат қойған, ғалымдар емес. Бұлай деп жаңа жазу шыққанын көріп барып айтқан.

Ахмет Байтұрсынов осыдан 100 жылдан астам уақыт бұрын араб графикасын жаңалаған кез бүкіл түркі мұсылмандарында мәдениетте «жәдитше» келе бастаған заман болатын. Ол әр халықта сол тілдің өз ерекшелігін ескере бастаудан шықты. Ахмет Байтұрсынов жазуды жаңартуды қазақ үндестігінен, қазақ тіліндегі ескі жазуда жоқ «ү», «і», «ө», т. б. айрықша дыбыстарды реттеуден келіп шығарғаны жақсы белгілі.

Кезінде Нәзір Төреқұлов Ахаңның бізге «тор» мен «төрды», «тұр» мен «түрді» алғаш рет бөліп бергенін баса айтқан болатын. Осы бір ауыз сөзден Ахаңның жаңа графикасының қысқаша мәнін де көргендейміз. Қазір дәл осы төрт сөздің жазылуын «бөліп беру» мәселесі латын графикасына көшу талданып жатқанда тағы шықты. Тек күнде жиналыс ашып, сағаттап сөйлемей-ақ, жалғыз өзі бірнеше жыл әбден ойланып пішіп бұны атқарған Ахаң жоқ. Осы кісілер біледі деп, айранын ұрттап қойын құрттап отырған ағайын жоқ. Ішінде ветеринар, стоматолог, таксист бар 100 адам 100 пікір айтып, шу шығаруға дайын. Шалдар айтқан «құрият» жағдайы.

Орталық Қазақстан көктастарын, әрине, ауқатты адамдар жасатқан. Нақты айтар болсақ, марқұмдарға құлпытас қою дәстүрін тек малы бар байшікеш емес, көкірегі ояу, сауатты, сол заманғы мәдени деңгейі бар жанұялар ұстанған. Осы әлеуметтік топтың кеңестік аласапыранда мақсатты түрде билік тарапынан жойылғаны белгілі. Құлпытастың бағалаусыз қалғанының негізгі себебі осында. Бара-бара ол адам оқымайтын, тірі пендеге керегі жоқ «арабша тас» аталып қалды.

Іс жүзінде ол тастағы жазу «арабша жазу» емес, біздің ұлтымыздың тек бергіні алғанда Қазақ хандығынан келе жатқан өз жазуы, яғни қазақ жазуы екені санадан шығып кетті. Қазақ шаруашылығы, қазақ салт-дәстүрі, қазақ өнері бар екеніне ешкім күманданбаған, ал қазақ жазуы деген сөз шықса, «жоға, мынауың арабша ғой» деген жағдайға жеткен. Жазудың мағынасы қазақша екенін халықтың басым көпшілігі білмейді. Тек Шыңжандағы ағайын шатыспай отыр – олар осы араб графикасына негізделген жазуды бүгінге дейін «қазақша», «қазақ жазуы» деп атайды.

Автор ескі құлпытасты арнайы зерттейтін тілші маман емес. Бұл осының алдындағы басылымдарда да айтылды (Бейсенов, 2022). Мектеп жасында ауылда үлкеннен үйренген ілім еді, қазір де археологиялық барлау кезінде шыға қалған тасты ептеп оқып көруге жарап тұр. Көп кездесетін құлпытасты оқудың басты мақсаты оның жанындағы қорымның уақытын, кімдікі екенін білудің, одан ары сол маңайдағы ескі қыстаулардың мерзімін пайымдаудың нақты қажеттілігінен шығады. Жөнімен іздей білгенге Арқа қазағының қора-қыстауының айналасында сақ дәуірінің қонысы да табылып қалады. «Білгенге маржанымыз» осы шығар. Қаладан 50 км шықса, өзін екі күн бұрын келген Австралия даласында жүргендей сезінетіндер басында ерсілеу көргені рас. Ал қазір көптеген әріптестердің өздері хабарласып, «біз зерттеп жатқан жерде тас бар, оқып, айтып кетсеңіз» дейтінге

жетті. Оларға да хронология мәселесі керек. Демек, жаңарған заман методиканы жетілдіру тұрғысынан өз талабын қояды. Уақыт заңы. Тек содан қалыспау керек болар.

Сұңқартастағы Жандерке мазарының (сур. 4) қысқаша айта кететін қызықты ерекшеліктері бар. Мазар тасы қойылған Мырзабике бейітінің дәл жанында, төбесі ашылып, ішіне құлап, қабырғалары да біршама бүлінгенімен, әлі негізгі тұрқын сақтап тұр. Арнаулы тарихи-архитектуралық зерттеулерге ілінбеген, консервациялық жұмыстар жасалмаған ескерткіш көпке ұзамай құлауы әбден мүмкін. 2001-2002 жылдары алғаш көріп өткен бұл нысан одан кейін де бірнеше рет назарға алынды, 2020 жылы тағы қаралды. Сол себепті, техникалық жағдайының жыл санап төмендеп келе жатқаны күман туғызбайды.

Мазар жайлы автор 2010 жылы облыстық ескерткіштерді қорғау инспекциясына хабар берген болатын. Осы мақала шыға қалған күнде, жоғарыда айтылып өткен «құлпытас бояушы» жайлы, осы мазарды назарға алу жайлы облыстық облыстық мәдениет басқармасына арнайы хат жолдау ойда бар.

Мазар жайлы осы төңіректе бұл Қызылбайдікі (Ақбайдың інісі), тағы басқа біреулердікі дейтін сөздер де жоқ емес. Автор осы мазар жайлы Ақтоғайға «майзауыт жолымен» барсаң, жолда Сұңқартасқа соқ, Жақыптың әкесі Ақбай, оның әкесі Жандерке сонда жатыр деген пікірлерді 2000-2001 жылдары Нұркен ауылы ақсақалдарынан естіген болатын.



Сур. 4. Сұңқартас бауырындағы Көпбейіт. Жандерке мазары

Одан кейін де біраз мағлұмат болды. Қазіргі ескіге қызығатындар осы мақалада аталып отырған құлпытастарда не жазылғанын біле қоймайды. Осы мазардың (сур. 4) жанындағы тас Жандерке бәбішесінің тасы екенінен, мұнда Ақбайдың құлпытасы да бар екенінен көбі хабарсыз. Бірақ, бірдемені анау айтып еді деп, немесе анық ойдан шығарып келтіре беретіндер болады. Қызылбай Ақбайдан кіші, оның мазары да хронологиялық сипаты жағынан өз сипатын беріп тұруы керек. Ал мынау әлдеқайда ерте кездікі -бұны мықтап ескеру керек.

Археолог Әбдіманап Оразбаевтың қазақ тұрмысындағы құрылыстарды сонау ежелгі замандармен байланыстыратын пікірлері осы Жандерке мазарын қарап шыққанда ойға келді. Әбдіманап аға қазақ киіз үйінің шығу тегін қола дәуіріндегі тұрғын-жайлардан бастап қарастырған болатын. Ғалым киіз үйдің тамыры сонау андронов заманына, яғни осыдан 3,5-4 мың жыл ерте кезге барады деген ұсыныс айтты. Е.Е.Кузьмина сынды Ресей ғалымдары бастаған ғылыми топ мұны атап өтіп қоймай, Ә.Оразбаевтың бұл пікірімен келісетінін арнайы мақалада нақтылады. (бұл жайлы толығырақ қ., Бейсенов, 2017, с. 97-98, рис. 4).

Мазарды өлшеп, қарай отырып, оны тұрғызуда қолданылған әдістерге үнілгенде Әлкей Марғұланның қола дәуірінде Орталық Қазақстанда кеңінен қанат жайған беғазы-дәндібай мәдениетіне (Марғұлан, 1979) қатысты деректері алдыға түсті.

Жандерке мазары (сур. 4: 1-2) саман кірпіштен биік қылып тұрғызылған, ішкі-сыртқы жағын балшықпен сылаған, қабырға көтеруде, тарылтып отырып барып тұйықтаған ең төбесін жабуда бөрене, сырғауыл қолданған.

Құрылыс бұрыштарымен әлемнің төрт тарапына бағытталған. Негізі шаршы, үсті қабырғаны бұрыштау тәсілімен айнала тарыла отырып көтеріледі. Осының нәтижесінде асты төртбұрыш, 2 м жуық биіктіктен кейін күмбезге айнала бастайтын, тұрқы биік, сәнді ғимарат келіп шыққан. Қазіргі сақталған биіктігі шамамен 3,8-4 м жуық. Бастапқыда 4 м немесе одан сәл биік болған.

Жанындағы Мырзабике бейітіне қараған, яғни ОБ қабырғасынан есік шығарылып (сур. 1: 1), қалған үш қабырғасында ауқымы есіктен кішірек болатын үш терезе (сур. 1: 2) жасалған. Қабырғалардың астыңғы деңгейдегі ішкі өлшемдері: СБ – 4,85 м, СШ – 4,9 м, ОШ – 4,95 м, ОБ – 4,9 м. Бұл тұстағы қабырға қалыңдығы 0,7-1 м.

Сонда, мазар негізінің формасы шаршы деуге болады. Ішкі аумағы 4,8 x 4,9 м де, бұндағы кеңістік ауданы кемінде 23,5 м². Сыртқында қабырға ұзындықтары 6-6,4 м. Саман кірпіштен аласалау табалдырығы бар есіктің ені 0,85 м, биіктігі кемінде 1,25-1,3 болған сияқты. Қазір табалдырық үстіне балшық құлап, недәуір тарылған, және де ертеректе үш қатар тас қалап қойған. Есікке тура қарама-қарсы СШ қабырғадағы терезе ені 0,8 м, ал қалған екі терезенікі – 0,7 м-ден. Үш қабырғаның да биіктігі есіктен недәуір аласа, оларға да екі қатардан тас қойып шыққан. Бұндай есік-терезеге тас қойып шығу мазарды, жалпы қорымды қарап отырған адамы бар кезді көрсетеді. Бұл ертеде, яғни заман бұзылмай, Ақбай Жандеркеұлы ұрпақтары осы жерде отырған кезде орын алған. Есік-терезеге қойған тастардың өзі қазір құлап, шашылып жатқаны осыны айғақтайды.

Мазар еденіне қабырғадан, төбеден балшық, кірпіш, ағаш құлап, 30 см-дей, кей жері одан биіктеп көтерілген. Суфа аласалау шығарылған, бұзылған болу керек, нақты сипаты анықталмайды.

Мазардың басты ерекшелігі оның қабырғаны көтеру тәсілінде. Біздің алдымызда – жалған күмбез шығаруды Орталық Қазақстанда ежелден келе жатқан бұрыштап жабу әдісін қолдана отырып іске асырған көрініс.

Қабырғаны бірінші деңгейден екіншіге көтеру үшін ішкі кеңістіктің төрт бұрышына әрқайсына үш бөренеден ұштарын екі қабырғаға айкастырып қойған (сур. 4: 3-4). Екінші деңгейдің төрт қабырғасы осы төрт жердегі бөренелермен өтеді, мұнан басқа астыңғы деңгеймен өткен және төрт қабырға бар. Сонда ұзындықтары астыңғы деңгейдегіден анағұрлым қысқа барлығы сегіз қабырға шығады. Сәйкесінше сегіз бұрыш. Мазардың қазіргі еденінен алғанда бірінші бөренелерге дейінгі биіктік 1,7 м. Ал құлаған топырақ басып жатқан жертабаннан алсақ, бірінші деңгейдің биіктігі 2 м болмақ. Бұрышты жапқан бөренелердің бірінің нақты диаметрі 16 см болды. Бұдан жіңішкелеуі де бар, жуандауы да кездеседі. Бірінші деңгей биіктігі 2 м десек, екінші деңгей аласа, 1-1,3 м. Тура осы тәсілмен үшінші қабатты шығарған, бұл екіншіден де аласа. Барлығы төрт деңгей көтерілгенде жоғарғы жақ анағұрлым кішірейіп, қусырылған. Сосын аласа ғана бесінші деңгей көтеріп, сол жерден жапқан тәрізді. Нақ төбесі құлап тұр, одан төмен де сөгілген, тесілген жерлер бар. Қабырға көтерілген сайын мазардың сыртын қалып етіп балшықпен жауып отырған, сондықтан оның үстіңгі жағы жұмырланған күмбез болып көрінеді.

Әлкей Марғұлан беғазы-дәндібай мәдениетінің Шет ауданындағы Бұғылы-3 тас кесенесін зерттеу барысында «бұрыштап жабу» тәсілін жақсы анықтап, жазып қалдырды. Бұл тәсіл Ақтоғайдағы Беғазы, Жанарқадағы Саңғыру қорымдарында кездескенін де атап өтті (Марғұлан, 1979, с. 106). Қазіргі дерек бойынша Бұғылы-3 пен Саңғыру-1 қорымдары ж.с.д. XVI-XIV ғғ. аралығымен мерзімделіп отыр, демек 3,5 мың жыл ертедедегі кезге барады. Беғазы бұдан бір – екі ғасыр кештеу кезендікі. Бұның барлығы Ә.Марғұлан ашқан беғазы-дәндібай мәдениетінің ескерткіштері.

Беғазы кезінде үлкен, төртбұрышты тас құрылысты жабу үшін оның төрт бұрышына үлкен төрт плита қойған, тарыла түскен кеңістік бұрыштарына тағы сондай жалпақ тас қойып отырып, әрі тарылта, әрі биіктете түскен. Үш-бес қабаттан соң төртбұрышты құрылыс жабылып шыққан. Олардың басқышты-пирамидалы кейіптегі жабындары аласалау болады, 1 м шамалы. Жанынан қарағанда ол қиық пирамиданы береді. Ал Жандерке мазарында биік қылу о бастан шарт болған да, төрт-бес деңгейді саманмен көтерген. Құрылыс техникасы, құрылыс тәсілі бойынша екеуінде бір әдіс қолданылған. Жалған күмбезді бұрыштап жабу тәсілі арқылы шығару деп осыны айтамыз. Қазақта күйдірілген кірпіш емес, саманмен күмбез шығару қиын болған соң, далалықтардың ежелгі тәсілін қолданғаны көрініп тұр. Беғазыны атап өттік, сақ дәуіріне келсек, жалған күмбезді таспен өріп шығарған құрылыс Нұркен-2 қорымындағы екі үлкен обада кездескен болатын. Онда материал саман

емес, жалпақ тас. Іргеден басталған дөңгелек қабырғаны бұрыштап жабу емес, ірі плиталарды біртіндеп ішке сұғындыра қалап отыру арқылы көтерген. Олар ж.с.д. VII-VI ғғ. мерзімделді (толығырақ қ., Бейсенов, 2016). «Дың» аталған ортағасырлық шошақ бейіттер де осы ерте замандардағы үрдістерден бастау алған әдістермен салынып отырған.

Жандерке мазарынан көрген бұл тәсіл қазақ мазарларында бірінші кездесіп отырған жоқ. Бесоба маңындағы Жақып қажы мазарында да тура осы тәсіл бой көрсетті. Шыңғыстаудағы Будан мазарынан да автор осыны байқаған болатын. Тек, Бесобада дәл осы Жандерке мазары сияқты төрт бұрышқа бөренелер қойылса, Шыңғыстауда олардың орнына ірі плиталар қойған. Орталық Қазақстандағы Жандерке және осы типтес мазарлар айрықша есепке, тізімге алынып толық зерттелсе нұр үстіне нұр болар еді.

Милыбұлақ төңірегінде бірсыпыра мәлімет алып, жөн сұраған адамдар бар. Шаруа жанындағы, білгенін айтқан, басқасын білмедім деп нақты қайырған тұрғындардың елеулі көмегі болды. Қарабұлақтағы С. Қасқанов (1971 ж.т.), Дөңгелектастағы Б. Нұрқайыров (1966 ж.т.), Бүркіттідегі А. Исағұлов, Қараөлкедегі А. Әрінов, Сарышоқыдағы Т. Түсіпова сынды ағайындарды ризашылық білдіре отырып атап өтеміз.

Амангелді Исағұлов ағамыз ертеректе барғанда Бүркітті қыстағында көп жыл отырды, 1948 ж. тумасы. Үй сыртындағы ескі жұрт іргелерін көрсетіп, осыны біз бала кезден Ыбырай болыстың бір қыстауы деп айтамыз, сендер не деп жүрсіндер деп еді. 2020 ж. баласы Бекзат отырды, қора орнын тағы көрдік. Одан тыс, таудың арғы, оңтүстік жақ бетінде Ақбайдың бір өз қорасының орны бар деген тағы сол Амангелді ағамыз болатын. Оған ертеректе соққан да едік. Бұл деректерді қосып, кеңінен талдауды ұсынылып отырған мақала көлемі көтермейді.

Қараөлке қыстағындағы Амангелді Әрінов ағамыз 1943 ж. тумасы, өңірді тамаша білетін адам. Көпбейітте, сонымен, кімдер жатыр екен деп баппен сұра отырды. Өлгілердің Қызылбай осында дегені не деді бер кезде. Онысы қазір айтып жүргендер. Қадымды қазір оқитындар да бар екен-ау деп ұнатып, сұраңқырап отырды. Ыбырай болысты білесіңдер ме, оның тасы бұнда жоқ деп еді деді бір кезде. Осы мәнерінен басқалар құсап өз дегенін тықпалап, ақыры өзіңді балағаттай бастайтындарға ұқсамайтыны байқалды. Бос сөз сөйлемейтін, сұрап отырған адамның өзін зерттеп отыратын, ескі тәрбиенің адамы. Төңіректегі жер атаулыны түгел жатқа білегіні дереу сезілді. Сосын барып, біле де қоймаймыз ғой, ал Ақбайдың Ыбырайы жайлы не деп жатыр деді. Соңында менен гөрі Ақбай жайлы дұрыстау айтар, өзі киікбай, мына көрші апана да соға сал деді. Сол апайдың үйіне барғанда-ақ, Аман ағаның жақсылығы шыға келді, ол айтпағанда бұнда келуіміз неғайбіл болатын.

Милыбұлақ маңында бір-екі жерде қысқалап қана айтқан болдық. Ыбырай, Берікқараның қатігез болысы, өмірбаяны, айналасы, қызметі, т. б. жағдайы жағынан еш зерттелмеген тұлға. Қаттылығы ерте кезден қалған сөз, бірақ оны мың құлпыртқан қазіргілер. Себебі басқа айтары жоқ, білмейді. Ел мен жерге ие болатындар жалпақ шеше, өсекші, аяр болмайды. Меңіреу адам Алашты қолдамас еді, патша үкіметі Байтұрсыновты мектеп оқытып жатқан жерінен тұтқындап Қарқаралыдан Семейге апарып жапқанда, іле-шала ұсталып тергеуге түскендердің ішінде болмас еді. Одан кейін кеңес үкіметінің репрессиясына түсіп, зиялы, оқыған ұлы Әбділхамид екеуі атылып кетпес еді. Ыбырай Ақбаев сол кездегі алаш азаматтарының бірі. Ол Алаш үкіметінің құрамында немесе төңірегінде болған жоқ. Оның есімі Алашты қолдаған, көмек бергендердің арасында аталуы керек. Хасен Ақаев әулетімен мал-жан, сән жағынан бәсекелестік әкесі Ақбай кезінен жетіп, Ыбырайға қалған. Енді одан екі әулетті бір-біріне жау, дұшпан жасаудан сақ болу керек. Қазір болса, Алаш жағында жүрген екеуінің де қабірінің қайда екені нақты белгісіз. Бұлар жайлы бала жасынан естіп келе жатқан автордың мақсаты аталып өткен бес құлпытас дерегін ғылыми айналымға енгізу болатын, арығарайғы сөз-пікір бұл тұста орынсыз.

Тойна Түсіпова, 1947 ж. туған, ұлы-келінімен Сарышоқыда отырды. Дөңгелектас бауырындағы Айғанша құлпытасын айтып берген осы кісі, әйтепегенде, тоғай ығында тұрған тасты көрмес те едік. Жақыптың әйелі деп айтады, тура осы бетте барғандарың дұрыс деп пісірген де болатын. Тура содан тартып кеткеніміз де рас. Жақаңның әйелі емес, анасының тасын қағаз ұстағаннан алғаш көрдік. Сарышоқы жазушы, Мәдиді сомдаған «Найзағайдың» авторы Әлжаппар Әбішевтың туған жері. Әкелерінен қалған ескі жұртты да осы апайдың айтуымен қарап, тіркеп алдық. Қазір бос сөз айтатын көп, біз Ақбайларға ептеп жақын боламыз, оқығаныңдар, керегін аларсыңдар деп ол да ескертіп отырды. Қарқаралыдан біраз кісіні ойланып барып, мынау білсе біліп қалап, ананы айта алмаймын деп, аттарын айтты. Сұрағымыз Мәжит, Бек жайлы да болып еді. Ақбайдың ағаш үйінің тозып, ескіріп, 1950-ші жылдарға дейін келген де нақтылап берген осы кісі. Біраздан соң келіні эмалды дәу шелек қымыз көтеріп әкелгенін қайтерсің. Үш-ақ кісіміз, ананы тауыссақ жұмыс жай қалады. Ептеп ішіп, ана екеуін ұнатпай тыржындағандарына қарамай тұрғызып әкетуге тура келді. Оның мәні бар. Арқаның қымызы күшті болады, көп ішсе мас қылады. Біраздан соң жүргізуші қалғып, артта отырған «ізденгіш

жас ғалым» қабырғаға басын соғып қорылдап, жұмыстың мәні кетеді. Кешке шағын топтың жоспарлаған шаруасы аяқталып та қалды. Тастың бесеуі де түсті. Милыбұлақ айналасынан табылып, қаралған «мұртты оба», ғұрыптық шнберлер, ескі қыстаулар сынды басқадай ескерткіштер жеке талдауды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- Алаштың азаматы // Қарқаралы, 1991. № 1. 65-73 б.
- Бейсенов А.З. Дромосные курганы сакской эпохи на реке Жарлы (Центральный Казахстан). Самарский научный вестник. 2016. 3 (16). С. 77-86.
- Бейсенов А.З. Круглое жилище сакской эпохи. Самарский научный вестник. 2017. Том 6. №1 (18). С. 94-100.
- Бейсенов А.З. К.А.Акишев и вопросы изучения памятников казахского времени // Маргулановские чтения – 2019. Нур-Султан: НИИ археологии им. К.А.Акишева, 2019. С. 10-38.
- Бейсенов А.З. Әлихан Бөкейханов ата қорымы Талдыбейіттегі құлпытастар // Қазақстандағы археологиялық зерттеулер. 2021. Астана: ҚР Ұлттық музейі, 2022. Б. 215-221.
- Бейсенов А.З., Шашенов Д.Т., Дуйсенбай Д.Б. Кызылшилик, зимовка семьи Хасена Акаева // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края. Барнаул: АлтГУ, 2020. Вып. 25. С. 240-251.
- Дулатбеков Н. Ақырып теңдік сұраған. // Орталық Қазақстан. 2012. 3 наурыз. Б. 8.
- Дулатбеков Н., Тайшыбай З. Жақаңа барар жол // Орталық Қазақстан. 2001. 5 қыркүйек. Б. 2.
- Жақыпова А. Мен әкемді мақтан тұтамын // Қарқаралы, 1991. 1. Б. 74-86.
- Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. Алматы: Жеті жарғы, 1996. 224 б.
- Тайшыбай З., Дулатбеков Н. Жакып Ақбаев (Күрескерлік өмірбаяны) монография. Алматы: Жеті жарғы, 1997. 90 б.
- Тлепина Ш.В. Акпаев: неизвестная автобиография // Право и государство. 2018. С. 155-172.

A.Z. Beisenov

FIVESTONE TOMBSTONES OF THE JAKUP AKBAEV FAMILY

In the course of archaeological research on the territory of Central Kazakhstan, the author discovered five stone tombstones, which belong to the family members of a well-known statesman in the past, one of the prominent members of Alashorda. The tombstones are located in the Karkaralinsky district of the Karaganda region, near the village of Milybulak. They are placed on the graves where the grandmother, father, mother, younger brother and younger sister of Dzhakup Akbaev are buried. Three gravestones were opened in 2001-2002. Two more - in 2020. The inscriptions on the slabs are made by carving with a special tool. Near the tomb of the grandfather, the well-known rich man in these parts, Dzhanderke Kudabaev, for some unknown reason, the tombstone was not preserved. All five tombstones were first read by the author. On one tombstone, dedicated to the younger sister of J. Akbaev, the inscription was made already in Soviet times in 1966, so this is Cyrillic graphics. Four tombstones are decorated with text in Arabic script. These inscriptions refer to the Old Kazakh language. These four slabs, judging by the inscriptions, date back to the period 1890-1921.

THE EQUIVALENCE AND HISTORY OF RESEARCH OF MEDIEVAL CITY ASANAS AND “ESHNAS”, “ORNAS” CITIES IN THE DATA

Introduction. The Kazakh part of the Syrdarya river, the source of the lower flow of the Syrdarya, separates from the Asanas-core, and the river flows further into the Aral Sea through the clay plains cut through several channels. This area looks like a giant triangle, covering more than 400 square kilometers in the latitude direction and 200-250 kilometers in the meridian direction. There are four ancient, medieval and modern canals that separate from the lower flows of Syr. They are: Inkardarya, Zhanadarya, Kuvandarya and Eskidarya. These channels diverge radially from the Syrdarya River to the south of the city of Kyzylorda.

The lower flows of Syrdarya is a region where the interaction of various cultures is developed, it is located at the intersection of caravan routes and migration processes, and inhabited by different peoples. S.P. Tolstov called the lower flows of the two great rivers in Central Asia as “the confluence of island ethnogenesis” (Baipakov, 2014).

Archaeological research of the lower flows of Syrdarya began in the second half of the XIX century with the annexation of the territory of Kazakhstan to Russia, extensive research was carried out during the Soviet period, and a new milestone in the archaeological research of the ancient culture of the region was realized in 2004 with the adoption of the “Cultural Heritage”.

Archaeological research was conducted in many settlements near the ancient channels of the Syrdarya. Important sources of historical information were collected, processed and analyzed during excavations. In spite of the fact that the country is often poorly covered by written sources, its significance is important for the entire historical space and is full of many questions in this context. Cities, which are integral part of human society, in their material manifestations (buildings, streets, fortresses, many labour and household goods) can refer not only about the material side of society, but also about its social structure, internal processes and spiritual researches.

One of the most interesting and relevant tasks in the field of history and archeology of the lower flows of the Syrdarya is to determine the location of the ancient cities, that is, the ancient Ornas (Asanas) of the city, to study it in detail, to identify the names and bright periods of the history of the city, to introduce into scientific circulation. But it is still a mystery to us what and where this city, in what time periods it covered its history? Therefore, we make historical comparative analyzes of scientific research and the views of researchers.

Discussion. The medieval settlement of Asanas is located 48 km south-east of the city of Kyzylorda (Kyzylorda region, Syrdarya District, 8 km west of the village Aidarly) on the banks of the dried-up ancient Zhanadarya channel (Tazhekeyev, 2022, pp. 177-178).

In 1245, Plano Carpini, who was going on the banks of the Syrdarya river, indicated the cities Yankint (Jancint), Barkhin and Ornas according to their order of location on the banks of the river, in addition, he noted that there are many unknown cities in this region (Yeleuov, 2003: 70).

In the XIII century, Zhamal Karshi said that the situation in the very rich city was deteriorating, although even then there was a massive market there, merchants came from all sides, and it served as the second scientific center in the Islamic world (history of Kazakhstan in the Persian Gulf, 2005: 155).

In the XIV century, the Persian historian Rashid ad-din in his work entitled “Zhamig al-tauarih” (collection of Chronicles) gives a story about the campaign of Zhochi against Zhent and Yangikent (Rashid ad-din, 1957, p. 199). The inscription says about the city of Asanas as: “... They (Zhochi's troops) conquered Ozgent and Barshynkent, and then moved to Ashnas” (Rashid al – Din, 1957, pp. 199-200).).

In 1834, the French historian C.D'ohsson named the famous cities Barshynkent, Zhent Asanas in the lower flows of the Syr based on the information provided by Plano Carpini in the scientific work “Genghis Khan and the Mongols: before Temir Kingdom” published in Amsterdam (C. D'ohsson, 1834: 113-114). . P. Lerkh's work entitled “Archaeological trip to the Turkestan region in 1867” stated that the people of the city of Asanas surrendered to the Mongols without war (Lerkh 1870: 39).

In 1889, V. A. Kallaur, who conducted a survey of the cities of the lower flows of the Syr, focused on the location of the cities of Uzgent, Barkhalygkent, Eshnas and Zhent, searched for Eshnas in the remains of the Old City near the mausoleum of Asanas and equalized it with the ancient city of Asanas (Kallaur, 1904).

V.V. Barthold, V. A. Kallaur concurring with the given opinion, they gave a scientific description of Asanas core and Asanas saint mausoleums around the old city, and paid attention to the issue of the conquest

of three cities by the Mongols as: Uzgent, Barchylygkent and Eshnas between Syganak and Zhend (Pachkalov, 2011: p. 75- 77).

In 1896, E. T. Smirnov dealt with the problem of the location of medieval monuments in the lower flows of the Syr, and he assumed that "... the city of Zhent, Barkhaligkent, Uzgent and Ashnas were located in the vicinity of the Perovsk (now Kyzylorda) fortress" (Smirnov, 1897, p. 12.).

Modern historical research is often not limited to the study of purely historical facts and objects of material heritage. Studies devoted to the study of the spiritual heritage and spiritual traditions of peoples are becoming more and more relevant. One of the most important elements of the spiritual heritage is the religious and theological views of thinkers of the past. Often, the problems raised in their works remain relevant, or are being updated again in our time. In this regard, their study within the framework of historical science is presented as an urgent task. Within the framework of this study, the author analyzes the use of interdisciplinary approaches in the framework of such studies using the example of his own dissertation. The article reveals the relevance of such studies, highlights the degree of development of this problem, the methodology of the study, its source base. There is no doubt that such studies, as a rule, affect both the historical and the theological side of the issue. In this regard, there is a problem of qualification of such studies. Since the direction of "Theology" is still at the stage of formation, research is often carried out within the framework of the specialty "History", "History of the Fatherland". However, this causes comments from opponents. The way out of the current problem can be either a more active development of the "Theology" direction, or an expansion of the problems of the "History" specialty.

18-19 ғғ. БАЯНАУЫЛ– ҚЫЗЫЛТАУ Өңірінің нышандық маңызы бар сәулет ескерткіштері*

Баянауыл өңіріндегі кейінгі (қазақ) заманындағы этноархеология жағынан ерекше құнды XVIII-XIX ғғ. сәулеткерлік жәдігер (кесене, мола, құлпытас) үлгілері, мемориалды-ғұрыптық ескерткіш түрлері болып табылады. Жалпы қазақ тұрмысы мен дүниетанымында ескілікті жәдігерлер ерекше орын алатыны белгілі. Даланы кезген жолаушы мола тұсынан өткенінде міндетті түрде аттан түсіп, дұға оқып, сол жерге белгі қалдырып отырған. Бір ғасырға жуық атеистік идеология қанша әсер етсе де, ғұрыпқа сіңген әдетпен жол жүріп келе жатқан адам көліктен түсіп дұға қылмаса да, өзінің бетін қос алақанымен сипап: "Осы аруақтарға Алла рахмат айласын!", - деп тілек және аруаққа ізет сый білдіріп өтеді. Мұның өзінде Ислам негізімен ұштастырылған қазақ халқының көнеден келе жатқан аруақты құрметтеу дәстүрі жатыр. Сондықтан да болар, қазақта: "Өлі риза болмай, тірі байымайды" деген сөз бар. Пайғамбар Мұхаммад расул Аллах (с.ғ.с.) хадистерінде де бұл мәселе төңірегінде айтылатын хикметтер бар. Адам баласы өзінің соңынан ұрпақ қалуды тілесе, дүние салғаннан кейін ретімен жерлеп, артынан дұға қайыратын баладан үмітті болады. Мұнымен қатар, ескерткіш рудың, елдің ата-қорымын білдіреді. Сондықтан да көшпелі халық дәстүрінде мазар, зират, молалар ескерткіштері ерекше қадір тұтылып, аруаққа дұға қайыру, тілек тілеу орны болып табылады.

Баянауыл өңірінің сәулет ескерткіштерінің қалыптасуы бірнеше себептерге байланысты болды. Алдымен бұған табиғи климатты, географиялық ландшафтты жатқызуға тиіспіз. Бұл жер бірнеше тау сілемдерінен: Баянауыл, Қызылтау, Ақбет, Найзатас, Жеті батыр, Жасыбай, Бүркітті және басқа да кіші таулардан тұрады. Баянауыл жерін географиялық тұрғыдан алып қарасақ, оның өзендері - Өлеңті, Шідерті, Сілеті, Ащы бойы бірнеше рулы елдің отырған қоныстары және жаз жайлаулары болған. Осы себепке орай сәулеттік-ғұрыптық жәдігерлердің қалыптасуы да өзара байланысты. Осы өңірде әр түрлі үлгідегі кешенді ескерткіштер сақталған. Олардың басым бөлігі XIX ғ. II жартысына жатады. Аталмыш кезең ескерткіштерінің қалыптасуына қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер де әсер етті. Ел ішіндегі жаңа реформалар, елді болыстық әкімшілік территорияларға бөлу олардың шаруашылығын күрт өзгертті. Ел арасындағы болыстық шекаралық белгі ретінде күмбездер қойыла бастады. Сәулеткерлік ескерткіштердің архитектуралық құрылымына басқа өңірлерге тән ортақ архитектуралық құрылыммен қатар өзіндік ерекшеліктер де енді.

Баянауыл өңіріндегі ескерткіштердің сәулеткерлік сипаты негізінен бір бөлмелі (камералы) болып келеді. Архитектуралық көрінісі бойынша дөңгелек (центрикалық) және төртбұрышты тік қырлы күмбездер түрінде тұрғызылған. Көбіне тастан және төбесі жабылып қаланған төртқұлақты тамдар болып кездеседі. Әрине, оларды зерттегенде тек сәулеткерлік-кеңістіктік композициясымен шектеліп қоймай, олардың сәулеткерлік ерекшеліктерімен қоса басқа да айырмашылықтарын, сондай-ақ мәдени-салттық белгілері мен нышандарында ескеруді қажет еттім. Себебі мәйітті жерлеу ғұрпы ортақ болғанымен, әр аймақтың ескерткіш тұрғызуда өзіндік салт-дәстүрлері болуы мүмкін (Приймак 1982:с.23).

Қыз күмбезі. Баянауыл өңіріндегі күмбездердің ішінде ерекше көзге түсетіні қазіргі уақытқа дейін жақсы сақталған «Қыз күмбезі». Құндыкөл елді мекенінен Мұрынтал мекеніне қарай 16 км шамасында Нияз қожа тауының етегіндегі қалың қорымның ішінде тұрғызылған. Бұл жер турасында Жанақ ақынның өлеңінде:


Бір тау бар оған таяу Нияз деген,
Басшы қып талай қазақ соңынан ерген.
Кешегі қазақ-қалмақ соғысында,
Нияздың батырлығын әркім көрген -
деп, бір ауыз сөзбен айтылады.

Ел аузындағы аңыз бойынша бұл күмбез XVIII ғ. соңында тұрғызылған. Жерленген адамның есімі беймәлім. Ел аузында көшпен келе жатқан бір байдың қызы қайтыс болып, соны осы тұсқа жерлеп, басына күмбез тұрғызған деп әңгімеленеді. Ескерткіш бір бөлмелі центрикалық күмбез болып

*Жұмыс ИРН BR18574175 «Қазақстан тарихындағы ғұн-сармат кезеңі: пәнаралық зерттеу, талдау және қайта жаңғырту» жобасы аясында дайындалған.

табылады. Жалпы биіктігі - 6,20 м, ішкі диаметрі - 3,30 м, жоғарғы жағынан төрт терезе қалдырылған. Күншығыс жағында биіктігі - 2,40 м терезе түр. Қабырғасының қалыңдығы - 0,48 м. Құрылыс материалы ретінде қыш кірпіш қолданылған. Олардың көлемдері төмендегідей: ұзындығы - 0,27 м, ені - 0,21 м, қалыңдығы - 0,05 м, ал екінші кірпішінің ұзындығы - 0,37 м, ені - 0,20 м, қалыңдығы - 0,20 м. Жалпы сәулеткерлік қалпы өте жақсы сақталған (1-сур).

Ескерткіштің тағы бір ерекшелігі - ішкі бөлігінде табиғи тастан құлпытас қойылған. Оның биіктігі - 0,78 м, ені - 0,26 м, қалыңдығы - 0,12 м. Бет жағына арғынның көз таңбасы салынған. Бұл таңба күмбездің арғын руының өкіліне арнап салынғанын көрсетеді. Аталмыш күмбездің осы рудың қорымы екенін дәлелдей түсетін тағы бір белгі - сол жердегі таудың беткейіндегі обаның басына орнатылған құлпытаста да арғын таңбасы сақталынған.



Сур-1. Қыз күмбезі

Күмбез алыстан мен-мұдалап көрінеді. Негізгі пішімі – дөңгелек бір бөлмелі ескерткіш. Дөңгелек ескерткіштердің сәулеттік ерекшелігі - оларды қабырғасы күмбезге қарай ұшталынып қаланады. Кесенелердің жобасы өзінің ішкі аумағында да дөңгелектік принципін толық сақтайды.

Ескерткіштердің архитектуралық шешімінің дөңгелек болуын академик Ә.Марғұлан салыну әдістерінің ислам дініне дейінгі дәуірден сақталғандығынан дейді, ғалымның өз сөзімен айтқанда: «Они характерны тем, что сохраняют доисламскую форму строительной техники и черты древней каменной архитектуры. Здесь преобладают конусообразные строения, напоминающие форму кочевой юрты» (Марғұлан 1948:с.119). Сонымен, бір бөлмелі центрикалық кесенелердің қалыптасуы көне кезеңнен бастау алады. Жалпы архитектуралық нақышталуында ескерткіштер арасында кішігірім өзгерістер болғанымен, басты қағида ретінде төменнен жоғары қарай күмбез шығару дәстүрі сақталынған. Құрылыс материалының қажетіне көпшілік жағдайда саман кірпіш қолдан құйылып пайдаланылған. Солардың бірі:

Абдолла хазірет қорымындағы мазар. Қызылтаудағы ерекше сәулеткерлік ескерткіштердің қатарында тік бұрышты бір бөлмелі Абдолла хазірет қорымындағы бейітті атауға болады. Абдолла (Ғабдулла, Қабдолла деп сауатына қарай қазақ әр түрлі айтады) хазірет қорымында тұрған екі мазарды білетіндер қазір жоққа тән, білетін қариялар о дүниелік болды. Алайда Алтынбек Құрман немересінің Мәшһүр жазбасынан көшірген шәкірті Иманғали Мәненұлы қарияның мұрағатында кездестіруінше, Мәшһүр Жүсіп бұл мазарлар екі жерде тұрған әкелі-балалы Тайшық пен Баспақтың мазары депті. Ақын-журналшы Қадыр Баспақұлы Тайшықов (1900-1938 жж.) репрессияға ілікті, сондықтан ел үркіп, ұмытқан секілді. Бейіттің биіктігі - 3,40 м, есігі оңтүстікке бағытталған, биіктігі - 2,10 м, ені - 1 м, қабырғасының қалыңдығы - 1,40 м. Бейіттің сырт қабырғасы төрт бұрышты болғанымен, ішкі жағы дөңгеленіп келген. Бұл қабырғасының қалыңдығын көрсетеді. Архитектуралық құрылымындағы тағы бір ерекшелігі - кіре беріс есікке қарсы қабырғада «арка» тәріздес ойық жасалған, оның биіктігі - 1,70 м, ені - 0,60 м, тереңдігі - 0,50 м. Міне, осы жерде ескі құран сақталған, бірақ бұл күндері құран кітаптың тек бірен-саран ғана бөлігі қалған. Тұрғын үйдің қабырғасын да осындай ойық жасайды, ыдыс-аяқ қою үшін орын алмайды. Бұны қазақ тілінде "тауша" дейді. Ескіріп бара жатқан сөзді жаңдандыру үшін біз де мұны тауша десек, қисынсыз емес. Бұл да «тауша», алайда бұл шынаяқ қою үшін емес, әртүрлі діни қасиетті кітаптарды қою үшін қалдырылған. Жергілікті халықтан дерек берушілердің сөзіне қарағанда, бұл мазардың үсті кезінде ағаш күмбез ретінде жабық болған. Ішкі диаметрінің аумағы - 5,60 м. Сонымен қатар кіре беріс бөлігінің жақсы сақталуын атауға да болады. Бұл бөліктің ұзындығы - 3,20 м, ені - 1,40 м, биіктігі - 2,10 м, төбесі жабық. Сырт жағынан қарағанда жебе тәріздес болып келген кіре беріс бөлік, сыртқы есікпен жалғасып тұр.

Әкімбек мырза бейіті. Әлдебекұлы Әкімбек мырзаның бейіті Қызылтау сілемдерінің бауырында, Ұйтастың күншығыс жағында тұр. Ескерткіш Қабылбек ауылының солтүстік беткейінен 1 км ша-масында орналасқан. Әкімбек мырза Әлдебекұлы (1833-1886 жж.) XIX ғ. II жартысында өмір сүрген Баянауыл өңіріндегі белгілі тұлғалардың бірі. Бейіттің қабырғасы екі бөліктен тұрады, биіктіктері бірдей. Жоғарғы және төменгі бөліктерінің әрбірі 2 м. Екі жақтағы жан қабырғасының әрбірі - 9,20 м, алдыңғы қабырғасы - 9,50 м. Қабырғаларына "жасанды" терезе қаланған, оның биіктігі - 1,60 м, жоғарғы бөлігінде 3 жасанды ромб тәріздес терезе бар, олардың биіктігі - 0,50 м. Ескерткіштің қабырғасының қалыңдығы - 1,40 м, жан қабырғасында да екі жасанды терезенің орны сақталған; олардың биіктігі - 1,20 м, ені - 0,80 м. Кіре беріс бөлігіндегі қабырғаның қалыңдығы - 1,10 м, есігінің ені - 1,15 м, биіктігі - 1,40 м.

Бейіттің қасында үш құлпытас орнатылған. Біреуі ертеректе орнатылған, қалған екеуі кейінгі. Ескі қазақы құлпытастағы жазу: Мешітбай байдың немересі Әлдебекұлы Әкімбек мырза. 1833-1886 жж. фәниден бақиға көшті. Руы арғын ішінде Сүйіндік атасы Күлік - Ақай - Самырза. Аллаһ рахмет айласын!. Төртбұрышты екі ақ мәрмәртас орнатылған. Сол жақтағы мәрмәртастағы жазу: Әлдебекұлы Әкімбек мырза 1833-1886 жж. Күлік ішінде Ақай. Ұрпақтары Балтабек, Әмин, Дәурен. Әкімбек мырза атанған Сарыарқа даласына жомарттығы белгілі Алашыма. Топырағын торқа болсын, жан бабам! Оң жақтағы мәрмәртастағы жазу: Әкімбекұлы Қабылбек болыс, 1863-1926 жж. Мешітбай байдың немересі, баласы Иманберді, немересі Рашшаттан тараған ұрпақтары Балтабек, Әмин, Дәурен". Кейінгі екі тасты 1992-1993 жылдары Жетісу - Талдықорғаннан арнайы келіп, ас беріп атын жазған немере - шөбере ұрпақтары орнатты.

Бақтыбай қажының зираты. Бұл зират Баянауыл- Күркелі жолы бойында үйме жолдан 2 км жерде тұрғызылған. Қасындағы тастан салынған зираттың қырлары мен Бақтыбай қажы мазарының саманнан салынған зираттың қырлары өзара ұқсас. Күмбез XIX ғ. II жартысында тұрғызылған халық шеберлерінің қолтумасы. Архитектуралық құрылымы бойынша алты қырлы және қырларында бірнеше жасанды ойықтары бар. Зираттың алты қырлы болу себебі – алты қанатты киіз үй құрылымын қайталайды. Алты қырлы сәулеткерлік ескерткіштер Орталық Қазақстанның барлық аудандарына тән болғанымен, сирек кездеседі. Мысалы, Сілеті бойындағы Кұдайберген қажы зираты, Жанаарқа ауданында Өлке қорымындағы Ақкүмбез, Түгіскен ауылындағы Серкебай күмбезі. Зираттың есігі

оңтүстікке қаратылған және бұл бөлігі көтеріңкі келген. Қабырғасының қалыңдығы - 1,40 м. Алты қабырғасының ұзындығы - 2,20 м, қырларының аумағы - 0,40 м. Зираттың ішкі қабырғасы дөңгелек, сырт қабырғасының қырларындағы ойықтар біршама тозған. Кірпіштің көлемі: ұзындығы - 0,28 м, ені - 0,12 м, қалыңдығы - 0,8 м (Алпысбес т.б 2005: 115)

Бақтыбай қажының ауылы Шорман баласы Мұса мырза ауылы мен қатар отырған. Мұса мырзаның жасы Бақтыбайдан үлкен болғанымен, Мұса Шорманұлы: менің бағым Бақтыбайда", - деп айтады екен. Саққұлақ би мен Үкібай би Мұса мырзаға оңашада: «Мынау Бақтыбайды тыйып қойсайшы, өз айтқаны болмаса, біреумен дауласын қалғанда, жігіттерін жіберіп, малын айдатып алады, болмаса қолма-қол сабатып алады», - деп шағымданады екен. Сонда бұған Мұса мырза: «Бұл Бақтыбай есер тентек емес, есті тентек, Бақтыбай елді бұзбас, ел болған соң, оның бір ері болар, мың ез бір ер болмас деген бар емес пе», - деп жауап қайырыпты.

Бақтыбай жасы ұлғая қажылыққа барған. Ол жақты қажылар түйемен жаяу-жалпы аралайтын, далаға қонған жерлерінде бәдәуилер қажыларды тонап алмақ болып, түнде де дамыл бермейді екен. Сонда Бақтыбай қажыларды қорғап, түнде шетте жатып, бәдәуилерді ұстап алып, сендер Сарыарқаның Бақтыбайын білмейді екенсіңдер» деп, ұрып-соғады екен. Мәшһүр Жүсіп дерегінде Бақтыбай қажы туралы: (Көпейұлы 2003: 24)

БұлБақтыбай жарыстан қашан қалған, Жалғыздық жарасады бір құдайға,
Ат байланып, жасынан атақ алған. Алыс сапар түгіл, ел оңай ма?
Ерлікпен аты шыққан бай Бақтыбай, Топтан жеке, рудан жалғыз барған,
Судай шашып дүниені, Мекке барған. Не деп айтсан жарасар Бақтыбайға.
Бақтыбай сау-саламат аман келді,
Қаржастан жалғыз барған ол бір ер-ді, -

дейді.

Тас зират. Бақтыбай қажының қорымында орналасқан енді бір тас зират бедері өңделмеген табиғи тасты жымдастырып қалаған сәулеткерлік өнермен ерекшеленеді. Осы аталмыш қорымның сәулеткерлік құрылымын тас түрінде қайталаған. Зираттың барлық алты қыры және қабырғалары анық кескінделіп салынған. Табиғи тасты өте ұқыптылықпен қалау әдісінің арқасында бұрыштама қырлары бұл күндері де жақсы сақталған. Дегенмен, тас зираттың біршама бөліктері құлаған. Сәулеткерлік құрылымындағы өлшемдерін қарастырсақ, ішкі диаметрі - 3,3 м, қабырғасының қалыңдығы - 1,20 м. Табиғи тастардың аумақтары құрылыс қалануында қолданылғанына қарай әртүрлі (Артықбаев 2009: 100).

Амалдық сопы мазары. Қарағанды - Шідерті тас жолының бойындағы Шідерті өзенінің ескі арнасының жағасында орналасқан. Ескерткіш XIX ғ. II жартысында тұрғызылған (2-сур) Күмбез архитектуралық құрылымы жақсы сақталуымен және қайталанбас өзіндік қалануымен ерекшеленеді. Себебі бұның төбесі жабық, ал жан-жақтағы қабырғалары шаршыдан жоғарылаған сайын ұшталып салынған. Жерден - 3,10 м биіктікте терезе басталады, оның биіктігі - 1,10 м. Төрт терезесінің екі жақ бөлігі құлаған, қалған екі бөлігі сақталған. Жан қабырғаларының өлшемі - 5,20 м, алдыңғы қабырғасы - 5,40 м. Есігінің биіктігі - 0,95м, ені - 0,60 м. Қабырғасының қалыңдығы - 1,10 м. Архитектуралық құрылымы бойынша бұл тектес күмбез бұл өңірде кездеспейді.

Амалдық сопы есімі Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде кездеседі (Көпейұлы 2003: 45). Соның бірінде: "Ел іздеп баратын, барса жолын табатын адамдар болған. Кешегі дұғасы болған Өтеміс абыз, Қошқар абыз, Бажықай бақсы, Ақыл, Сексеннен шыққан Көтеш ақын, Төлебай дуаналар, Амалдық сопы мен Абдолла қазірет, құт дарыған Қуанбайлар, Ақай, Әлдебек, Әкімбек, Қабылбектер сол Шобалай әулиенің батасы тиген жақсылар".



Сур-2. Амалдық сопы мазары

Орыс отарлау әкімшілігінің мінездеме деректерінде төмендегідей мәлімет берілген: "Амалдық Мағанбай, құрметті қазақ, 57 жаста. Күлік болысында тұрады. Жеңілтек. Ақылы шолақ. Аса дәулетті. Руы Шобай-Наурыз. Жаңабатыр тұқымы. 1835 жылдан бері ауылнай қызметінде. 1833 жылы старшын атақ-дәрежесі берілді. Жаз жайлауы: солтүстік-батыс бағытында Еспе арқылы. Қыстау мекені Көктас - Қарасу, 60 шақырым". Кезінде патшалы Ресейдің отаршыл әкімшілігі өзіне қаратылған аймақтағы қазақ халқының танымал және дербес ой-пікірлі адамдарына өз тарапынан жүргізілген құпия досьелерде қасақана жағымсыз мінездеме жасап отырғанын ескертуге тиіспіз. Шамасы мұндай мінездеме оларды және олардан тараған ұрпақты әкімшілік қызметтен шектеп, бақылап отыру үшін жасалғандығы байқалады. Әсіресе Кенесары, Наурызбай бастаған ұлт-азаттық көтеріліске көбірек қатысқан Орманшы руының ел адамы жақсыларына берген жамандаушы мінездеме - досьеден осындай біржақтылық анық аңғарылады. "Сонау Шідерті өзенінің бойындағы, қазіргі Ертіс-Қарағанды су каналының су сорғыш бекетінің қасында Амалдық сопының қыл қосып илеген, қолдан құйған кірпіштен екі ғасыр бұрын көтерген, күркелеп жапқан биік зираты әлі тұр. Үлкендер бала күнімізде сопының шымылдық ішінде ғұмыр кешіп, фәни дүниенің күпірлік көрінісін көрмеуге бел буып сопылық өмір сүргенін және зират ішінде әрбір атқа ер салмай, аяқ артпай, жеке өзіне ғана тән мінгі ат ұстағанын, өзінің өсиетімен атының бас сүйегінің сонда қойылғандығын, оның кейінге дейін Зсақталғанын айтып отратын еді , - деп еске алады Алпысбес Әділханұлы (Әділханұлы 1997). Дерек беруші Жаңбырбай қария: "Амандық сопы 1830-1840 жылдар арасында өткен. Руы Күлік. Жайлауда дүние салған. Мазарды кейін көтерген. Зират ішінде өзі мінген сары жорға атының бас сүйегі тұратын. 1959 жылы әкем дұға оқығанда әлі жатушы еді , - деп мәлімдеме жасады.

Тамдыдағы Алшынбайдың тас мазары. Осы өңірде бір аймақ Тамды деп аталады, ол барымташы Алшынбайдың ажалы туралы әңгімемен байланысты, бірақ бүгінгі ұрпақ біле бермейді. Бұл арада тастан көтерілген күмбезді там салынған. Тамның кімге арналып салынуы жайлы деректі біз Шаймардан Торайғыровтың жарияланбаған қолжазбасынан кездестіреміз. Барымта жолымен келіп, Шоң мен Торайғырдың жылқысына тиген Алшынбай есімді жігіт мерт болып, оның жерленген жеріне там салынған көрінеді 6. Міне, осы оқиғаның куәсі ретінде тұрғызылған Алшынбай тас күмбезі алыстан көрінеді, жер аты да "Тамды" деп аталып кеткен. Архитектуралық кесімі де өте сирек. Табиғи тастан қаланғанына қарамастан, бүйір қабырғалары мен алдыңғы қабырғасының өлшемдері бір-біріне

өте жақын; жан қабырғасы - 5,20 м, ал алдыңғы қабырғасы - 5,40 м. Қабырғасының қалыңдығы - 1,40 м. Үш бөліктен тұрады, әрбір бөлігі 2 метрден артық. Есік жақ беті оңтүстікке қаратылған. Күмбездің ұшар басы біртіндеп үшкірленіп келе жабық күмбеге айналған. Белгілі архитектор М.Мендікұлов өз зерттеулерінде Қазақстан архитектурасына тән мавзолейлердің шошақ немесе пирамида тектес түрлеріне тоқтала келе былай жазады: "Среди многочисленных памятников зодчества Казахстана имеется тип мавзолеев с коническими или пирамидальными куполами, которые в местном строительстве в различных вариантах применяются с древнейших времен вплоть до конца XIX столетия. Мавзолеи с коническими или пирамидальными куполами широко распространены: они встречаются и южном, центральном, западном и восточном Казахстане"(Мендикулов 1951:с.229).

Құрманбай абыз зираты. Бабыр қорығы "тай жеген жерда" Құндыкөл елді мекенінен шыққанда Жаңатілек ауылы жағында орналасқан. Мәшһүр Жүсіптің ауызекеі айтылатын дерегінде: «Қара-қозы Бабырдан Байқонақ абыз, Құрманбай абыздар шығып Құрманбай абыздан Қасым ишан, одан Шәмендер (Кабдыжалел) бар, Қасым ишанның асасын Еламаннан шыққан Сүлеймен баласы Сағымбек дуанаға беріп, бұл күні нелік қылып жүр» , - деп, Құрманбай әулеті туралы мәлімет келтірілген.

Құрманбай абыз зираты төрт бұрышты төртқұлақ іспеттес табиғи тастан салынған, Алдыңғы қабырғасы - 10 м, жан қабырғасы - 8 м, бніктігі - 1,0 м. Қабырғасының қалыңдығы - 1,2 м. Зираттың қасбет қабырғасына құлпытас қойылған, Мұнда: "Байқонақ ұлы Құрманбай абыз 1821 жылы туып - 1891 жылы қайтыс болды", - деген жазу бар. Абыздың басында кейінгі уақытта бірнеше қайта ас берілген. Ел аузындағы аңыздар бойынша ауырған адамдар зират басына тәуіп қылып келіп, қонатын да болған. Аллаһ тағала олардың барлығына рахмат айласын!

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы сәулет өнерінің кең тараған түрінің бірі - төрт құлақты тамдар (қоршаулар). Бұлар көп жағдайда әулеттік, рулық бейіттер болып табылады. Төртқұлақты бейіттер тау сілемдеріне салынған, тастан қаланған үлкенді-кішілі жобада кездеседі. Мұндай тас зираттарды әдетте қайтыс болған адамның артында қалған туыстары мен ұрпақтары салады. Себебі мұндай бейіт салу үшін асқан шеберліктің қажеті жоқ. Ескерткіштердің кіші түрлері де бар. Кіші сәулеткерлік жәдігерлердің классификациясының күрделілігі олардың орналасу қалыптарының әр түрлілігіне байланысты.

Орталық Қазақстанның кіші сәулеткерлік қалыптағы ескерткіштерінің типологиялық ерекшелігін екі тұрғыдан қарастырамыз. Біріншіден, олар кешенді жәдігердің құрамдас бөлігі. Екіншіден, жеке сәулеткерлік туынды болып табылады. Қыз күмбезіндегі құлпытас ескерткіштің ішіне қойылған, яғни оны құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Қыз күмбезінің басындағы екі құлпытаста да арғынның "көз" рутанбасы салынған. Олардың ерекшелігі - бір таңба күмбездің ішінде, ал екіншісі тау етегінің біршама биіктігінде тұрғызылған. Құлпытастың бәрінде де арғын таңбасы бар, өте анық көрінеді.

Әдебиеттер тізімі

- Алпысбес М.А., Аршабек Т.Т., Қасен Е.Б., Кейкі Е. Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы (монографиялық зерттеу). - Астана: «Парасат Әлемі» баспасы, 2005. – 480б
Артықбаев Ж.О. Баянауыл. Менің Отаным Қазақстан . –Астана, 2009. 312б
Әділханұлы А. Төрімізді анықтап, төрт құбыламызды түгендеп жүреміз бе? // Сарыарқа самалы, 28 қазан, 1997 жыл, №127
Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. I том. – Алматы: Алаш, 2003. - 334б
Маргулан А. Архитектурные памятники долины реки Кенгир // Вестник АН КазССР, 1948, №4, С.119-122
Мендикулова М.М. Архитектурные памятники Средней Азии. – М., 1951. – С.319
Приймак Д.П. Баянаул заповедный. – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – 96 с.

A.B.Beibit

ARCHITECTURAL MONUMENTS OF SYMBOLIC SIGNIFICANCE OF THE BAYANAUL– KYZYLTAU REGION OF THE 18TH-19TH CENTURIES

The historical and cultural heritage of the Bayanaul-Kyzyltau region testifies to the ancient history, tells about our past, the protection and preservation of monuments that have survived to this day, their promotion contributes to the disclosure of compassion for the country, native land, care for cultural heritage of every citizen. In the article, I was interested in the architectural monuments of the region, which are of particular importance, and conducted research. The importance of the monuments remains to this day, and they do not lose their cultural identity. From the slopes of kyzyltau, the history of their land is told by domes, Tombs, Tombs, and other historical monuments that stand out in different places. As a result of the work carried out during the study, I would like to say that it is an open-air museum reserve, revealing the sanctity of monuments that tell about the ancient history of Bayanaul.

ЖЕТІ АТА ЗЕРДЕСІНІҢ ТАРИХИ МӘНІ

Қазақ тілі сөздігінде «тарих»: «Даму процесіндегі ақиқат болмыс. Заңдылығы, диалектикасы.»

Қола дәуірін зерттеуші ірі ғалым Ә.М. Оразбаевтың Қазақстан археологиясына қосқан үлесі туралы тұшымды зерттеу жасаған Ұ.Ұ. Үмітқалиев, Ә.М. Оразбаевтың Қазақстан жерін мекендеген қола дәуірі адамдары мен олардың заңды ұрпақтары ежелгі көшпелілер тарихына зерттеулерінің әлі де байыбына толықтай жетіп аңдамаған тұстарымыз баршылық дей келе: : «... ғалым зерттеулерінің жаңғыртпа жасаудағы құндылығы жай бір көркем суреттеме ретінде елестету емес, қоныстардың қазба мәліметтерін нақты дәйектермен сөйлетуінде.» (Үмітқалиев Ұлан 2010), - дейді. Осы, «қазба мәліметтерін нақты дәйектермен сөйлету» әдісімен бабаларымыздан жеткен ауыз әдебиетіндегі қанатты сөздерді «сөйлетсек», сол замандарда қалыптасқан «Жеті ата зердесінің» (Н.Назарбаев, 1999, 15-36 бб.) тарихи мәнін, оның «даму процесіндегі ақиқат болмысын» аша аламыз.

«Жеті ата зердесі» ұғымының қалыптасып жүзеге асу тарихын бабаларымыздың: «Баяғыда бай бопты, төрт түлігі сай бопты», - деген қанатты сөзбен ертегіні бастауынан 25 жыл зерттеуім, ол ұғымның, «ықлым заманда», толық көшпенділікте қыстаусыз: қыста, көктемде, жазда, күзде, қазақ үйін қатар тігіп төрт түліктің қамымен жайылым қуалай жеті буын бойы қазақ үйлерін қатар тігіп көшіп қонуда, сыйластықта, қайырымдылықта, үш жұртпен өзара қыз алыспай Текті өмір сүрген заманда, қалыптасып жүзеге асқанына көзімді жеткізді.

Қанатты сөздің бірінші қабаты: неге «бай болу үшін, төрт түлік сай болуы» міндет. Бір шаңырақта: 1 еле түйе, 1 үйір жылқы, 1 табын қара мал, 1 отар ұсақ мал болса ол шаңырақты бай деуге болар, тек қысы жоқ аймақта. Қысы бар аймақта, қыстауы, шөп дайындауы болмаған кезде, ол жеткіліксіз. Себебі, қалың қар түскенде ірі қаралар өз оттауын тауып қыстан аман шығуы мүмкін, ұсақ мал үшін оттауын табу қиыншылығы жұтқа әкелуі мүмкін. Тығырықтан шығар жол біреу, қыстан аман «бай болып» шығу үшін өзара бірігу. Қыстан, ««Баяғыда бай бопты, төрт түлігі сай бопты» деген деңгейде шығудың ең дұрысы кем дегенде 128 шаңырақтың бірігуі (Б.Болсанбек, 2022) болса керек. Себебі, 128 шаңырақтың ірі қаралары өз оттауын табуда ұсақ мал үшін жайылым дайындайды, 128 шаңырақтың ұсақ малдары сол дайын жайылымның шөбін оттап, ол аяқталғанша, жайылымды өзара ығысып қыстау етеді. Жайылымның оттауы аяқталғанда көшу басталады.

Біртіндеп, ең кемі бір шаңырақта екі ұл туса жетінші буында олардың саны 128 болатыны анықталады десек: әр шаңырақта екі ұлдың тууы, жетінші буынға дейін өзара қыз алыспай, тарамай, сыйластықта, қайырымдылықта бір «Әулет» болып өмір сүру дәстүрі қыстан аман, «бай болып» шығудың объективті (керек етсең де, керек етпесең де болатын іс) салдары деуге болады.

Осы, ықлым заманда дәстүрдің пайда болуының екінші пайымы, Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұртта тоқтағанда, Жаратушы қыстан қалай ««Баяғыда бай бопты, төрт түлігі сай бопты» деген деңгейде шығудың жолын сілтеген деуге де болады, оның ғылыми дәлелін дін тану мамандары табуы да ықтимал.

Осы зерттеуде екінші түсінгенім, «жеті ата» ұғымының, әр буында өз «атауы» (С.Кежехметұлы, 2006, 76 б.), «есімі» болатыны.

«Атаулары»: «Есімдері»:

- 7-ші буын, «Тек ата» 7-ші буын, Күнбасы
- 6-шы буын, «Түп ата» 6-шы буын, Сүйіндік
- 5-ші буын, «Баба ата» 5-ші буын, Атығай
- 4-ші буын, «Арғы ата» 4-ші буын, Меңей
- 3-ші буын, «Ата» 3-ші буын, Тазабек
- 2-ші буын, «Әке» 2-ші буын, Болсанбек
- 1-ші буын, «Бала» 1-ші буын, Болат

«Атаулар» «жеті ата» ұғымының мәнін ашады, «Есімдер» «шежіре» мәнін ашады.

Әр «Атаудың» астарында «жеті ата» қалыптасуы үшін кем дегенде, өзара қыз алыспайтын екі ұл (кенже, кенженің ағасы) «Өз жұрты» болатыны жасырылулы, оны білу, ескеру, жүзеге асыру парыз. Егер, «Тек ата» 2 ұл (кенже, кенженің ағасы) болса, «Түп ата» 4 ұл (кенжелер, кенжелердің ағасы), «Баба ата» 8 ұл (кенжелер, кенжелердің ағасы), «Арғы ата» 16 ұл (кенжелер, кенжелердің ағасы), «Ата» 32 ұл (кенжелер, кенжелердің ағасы), «Әке» 64 ұл (кенжелер, кенжелердің ағасы), «Бала» 128 ұл

(кенжелер, кенжелердің ағасы) болады. Осылар, «Өз жұрты», бір «Әулет», бір «Ауыл». «Есімде», «шежіреде» ондай қағида жоқ.

Әр «Атаудың» астарында, мысалы «Тек атаның»: 2 ұл, өзінің, ағасының «Бала» болғаны; осылардың ержеткенде, 4 ұл, «Балаға» «Әке» болып; 8 ұл, «немересіне» «Ата»; 16 ұл «шөбересіне» «Арғы ата»; 32 ұл, «шөпшегіне» «Баба ата»; 64 ұл, «неменесіне» «Түп ата»; 128 ұл, «туажатына» «Түп ата» болғаны, олардың қыз алыспайтын «Өз жұртындағы» туыстары болғаны жасырылулы, оны білу, ескеру, жүзеге асыру парыз. «Есімде», «шежіреде» ондай қағида жоқ.

Әр «Атаудың» астарында, мысалы «Тек атаның»: өзінің, өзімен бірге туған ағасының жұбайы болатыны, жұбайымен бірге туған ұл, қыздардан тараған ұрпақтардың (оларда да әр шаңырақта екі ұл тууы шарт) өзінің ұрпағымен жеті буын бойы қыз алысуға болмайтын «Нағашы жұрты» болатыны жасырылулы, оны білу, ескеру, жүзеге асыру парыз. «Есімде», «шежіреде» ондай қағида жоқ.

Әр «Атаудың» астарында, мысалы «Тек атаның»: өзімен, өзінің ағасымен бірге туған әкпе, қарындастары болатыны, олар ұзатылғанда олардан тараған ұрпақтардың (оларда да әр шаңырақта екі ұл тууы шарт) өздерінің ұрпақтарына жеті буын бойы қыз алыспайтын «Жиен жұрты» болатыны жасырылулы, оны білу, ескеру, жүзеге асыру парыз. «Есімде», «шежіреде» ондай қағида жоқ.

Әр «Атаудың» астарында, мысалы «Тек атаның»: өзінің, өзімен бірге туған ағасының қыз алыспайтын «Өз жұты» атауының астарында, өздерінің ұрпақтарының «Нағашы жұрты» үшін «Жиен жұрт» болатыны, ұзатылған «әкпе, қарындастарының жеті ұрпағы үшін «Нағашы жұрт» болатыны жасырылулы, оны білу, ескеру, жүзеге асыру парыз. «Есімде», «шежіреде» ондай қағида жоқ.

Осы, «Өз жұрты» бір мезгілде үш жұрттың да жүгін арқалайтынын түйсінгенде, Есік қорғанынан табылған, біздің заманымыздан бұрын V-IV ғасырларда өмір сүрген Алтын киімді Адам-ханзаданың киіміндегі алтын пластинадағы (тілімдегі) жануар нақыштың, Бабаларымыздан бізге жеткен «Жеті ата зердесімен» өмір сүрудің құндылығын меңзеген жәдігері, екенін түсіндім.

Жануар стилін зерттеуші ғалымдардың аңдардың бұралып бейнеленуі ол дүние мен бұл дүниенің бірлігін паш ететін әдіс және оның ақиқат екенін мойындауға болатынынан (Кажгалиулы, 2003, 11-12 с.) хабары бар адамның, жәдігерде бұралып жатқан жылқының басының алға ұмтылуынан, алдыңғы аяқтары алға көсіліп, артқы аяқтары көкке көтеріліп, кіндігі тұсынан бұралып жатқызылуы және жылқы құйрығының екіге бөлініп көтерілуінен (Сурет 1-ге көңіл аударсаңыз) «жеті ата зердесін» бейнелейтінін тану, әсіресе көшпенділер мұрагері (малды мүшелеп, жіліктеп таратушы) - қазақ ұрпағы үшін онша таң емес.

Көшпенділер мұрагерлеріне: жылқының «басы» (бастың жоғары бөлігі-екі шеке әке сыбағасы, тіл-жақ ана сыбағасы) екі «құлағы» (екі ұлдың сыбағасы) өмірдің ерлі зайыпты болып «бір бас» болудан басталатынын меңзейді. Бабаларымыздың, «өмір бір «бас» болудан басталады, басты құрметтендер, әкесі жоқ әкелер ұстасын», - деген өсиеттері мүлтіксіз орындалуда;



Сурет 1 V-IV ғасырларда өмір сүрген Алтын киімді Адам-ханзаданың киіміндегі алтын пластинадағы (тілімдегі) жануар нақышы

Жылқының алдыңғы мүшелері: екі «кәрі жілік», тісі шыққан балаларға қартайғанға дейін аман болуын меңзейтін сыбаға; екі «ортан жілік», ер жеткенге дейінгі ұлдардың сыбағасы; екі «жаурын», ер жеткен, әулеттің қорғаны бола бастағандардың сыбағасы - болашақты меңзейді;

Жылқының артқы мүшелері: екі «асықты жілік» «әке» болған еркектердің сыбағасы; екі «ортан жілік», балалары үйленбеген «әкелердің» сыбағасы; екі «жамбас» баласы үйленген «аталардың» сыбағасы;

Жылқының екіге жарылған құйрығы - Адам ата, Хау анадан бастап бақый болғандарды меңзейді.

Қыз алыспайтын үш жұрттағы: «Өз жұрты», «Нағашы жұрты», «Жиен жұртындағы» үрдістің бірдей болуының, «еске сақтап, көңілге түйілуінің» объективтілігінің сырын бүгінгі ғылымның жетістігі де ашты: әр балаға өз ата-анасынан 46 хромосома берілетіні, оның 23ХУ хромосомасы әкеден, 23ХХ хромосомасы анасынан берілетіні (Ұлттық код генетиктің көзімен – ЕІ kz) анықталды.

Осы заңдылыққа сүйенсек; кез келген «Өз жұртындағы» ұлдың өз әкесінен берілген 23ХУ хромосомасымен бірдей, әкесінің бауырлары («Өз жұрты») да, өз ұрпақтарына; әкесінің ұзатылған әкпе-қарындастарында да, өз ұрпақтарына («Жиен жұрты») 23ХУ хромосома береді. Осыған қоса 23ХУ хромосоманың құрамында, «Өз жұртындағы»: «Тек атадан»- 0,71875ХУ хромосома; «Түп атадан»- 1,4375ХУ хромосома; «Баба атадан»- 2,875ХУ хромосома; «Арғы атадан»- 5,75ХУ хромосома; «Ата атадан»- 11,5ХУ хромосома берілді деп, зерттелмеген, зерттеуді қажет ететін болжау айтуға болады.

Дәл осылайша, кез келген «Өз жұртындағы» ұлдың өз анасынан берілген 23ХХ хромосомасымен бірдей, анасының бауырларының, ұзатылған әкпе-сіңлілерінің өздері мен ұрпақтарының 23ХХ хромосомасында: «Нағашы жұрттағы» 7-ші «әжесінен»- 0,71875ХХ хромосома; 6-шы «әжесінен»- 1,4375ХХ хромосома; 5-ші «әжесінен»- 2,875ХХ хромосома; 4-ші «әжесінен»- 5,75ХХ хромосома; 3-і «әжесінен»- 11,5ХХ хромосома берілді деп зерттелмеген, зерттеуді қажет ететін болжау айтуға болады. Толығырақ Кесте1-де бейнеленген.

Ескерту: 1. Әкенің әр буындағы ұрпақ алмасуындағы хромосомадағы үлесі 50% сары түспен, Шешенің әр буындағы ұрпақ алмасудағы хромосомадағы үлесі 50% қызғылт түспен боялған;

2. «Өз жұрты», бір Тек Атада туылып, өрбіген: бала – Түп Ата, немере – Баба Ата, шөбере – Арғы Ата, шөпшек – Ата Ата, немене - Әке Ата, туажат – Бала Ата олардан тараған, өзара қыз алыспайтын жеті буын, жеті ұрпақ.

3. «Нағашы жұрты» бөліміндегі бағанның саны жетеу, себебі «Өз жұртындағы» жеті буындағы атаңның әрқайсысының әйелі бір адам деп шектелді. Шынайы өмірде әр атаның әрқайсысының неке қиған әйелдерінің саны да, ол неке қыйған әйелдердің бір ата-анадан бірге туған бауыр, әкпе сіңлілерінің саны да әртүрлі болуы объективті. «Нағашы жұрттағы» қыз алыспайтын туысқандар «Өз жұртындағы» жеті буындағы атаңның әрқайсысының әйелінің бірге туғандары және олардың жеті ұрпағы. Сол себепті, кестедегі «Нағашы жұрт» бөліміндегі жеті бағанның әрқайсысындағы жетінші буындағы атаның аты Тек Ата атауымен аталып, қалған буындағылар ұрпақ атауларымен берілді: бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.

4. «Жиен жұрты» бөліміндегі әр буынындағы бағанның саны, әкемен бірге туған, ұзатылған қыздардың санына байланысты. Кестеде, әр буында бір қыз ұзатылған деп алынып, жеті буында жеті қыз ұзатылған деп есептеліп, жеті Жиен жұрты жеті бағанда өрнектелді. Жиен жұрттағы ұзатылған қыздардың ұрпақтары ғана қыз алыспайтын туысқан болғандықтан жетінші атасының атауы - Тек Ата атауы аталып, қалғандары ұрпақ атауымен берілді: бала, жиен, жиеншар, дегеншар, келгеншар, туажат (атаулар әр жерде әртүрлі болуы мүмкін).

5. Кесте 4-тің электронды нұсқасын Бауржан Болатов, Амирхан Крымгереев, Аяна Мәди дайындады.

Қыстау пайда болуымен «Ықлым замандағы» толық көшпенділер жартылай көшпендіге айналды. Қыс түскенде, қыстауда, бір шаңырақта, бір мекенжайда: жұбын жазбай, аралас-құралас, сыйластықта, қайырымдылықта, «сегіз қырлы, бір сырлы», «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», «тура биде туған жоқ, туғаны барда иман жоқ» деп, ұрпағына «екі енші бөліп» аманшылықта, тек көп болса төрт буын өмір сүре алды: ата, әке, бала, немере. Шын өмірде, аманшылықта, үш буын: ата, әке, бала; немесе – әке, бала, немере. Қалған буындағы туысқандармен жайлауда араласты, біртіндеп ол да аяқталды.

Бүгін, «Жеті ата зердесін» толық сақтап өмір сүрудеміз деуіміз, әсіресе Кесте 1-ті мұқият зерделесеңіз, жеңілдеп айтсақ, орынсыз кеудемсоқтық екеніне көзіңіз жетеді.

XXI ғасырда адамзаттың ІТ технологияға қол жеткізуі «Жеті ата зердесін» «онлайн» қалпына келтіруге мүмкіндік туғызды.

Бүгінгі ІТ технология мүмкіндігі, сол заманда қалыптасқан күрделі туысқандық қатынасты, әр буында неке қиюда, бала туғанда, олардың құжаттарына қыз алыспайтын «Өз», «Нағашы», «Жиен жұрттағы» туысқандардың аты-жөнін тіркеу - қыз алыспайтын туысқандарды, «еске сақтап, көңілге түйносіз», компьютердің жады арқылы тануға мүмкіндік береді. Туысқандардың аты-жөні

компьютердің жадында орналасқандықтан, кез келген керекті жағдайда, жаңа адаммен танысушы, компьютерден сұрап, осы адамның қыз алыспайтын туысқанға жататын, жатпайтынын анық біле алады.

Мүмкіндікті жүзеге асыру үшін осы конференцияға қатысушылар мәжіліске сайланған алты партияның депутаттарына: Жаңа Парламенттің Күн тәртібіне «Жеті ата зердесін» «онлайн» қалпына келтіруді кіргізіп, оң шешімге қол жеткізуді ұсынуы ләзім.

Парламенттің оң шешімі Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың, алдыңғы Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі №2923 «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» (ҚР Президентінің Жарлығы, 1996) Жарлығына ұқсас: «IT-технология әдісімен ұлты қазақ азаматтардың жеті ата, жеті буын бойы: неке қыйғанда, бала туғанда үш жұртындағы қыз алыспайтын туысқандарының аты-жөнін жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы», - деген Жарлығын жариялауына негіз болады.

Президент Жарлығының берері мол:

Біріншіден, бірге тұрмасақ та, араласпасақ та компьютердің берік жадының арқасында жеті ата, жеті ұрпақ бойы қыз алысыпауды, қан тазалығын сақтауды жүзеге асырамыз;

Екіншіден, жеті буын бойы өзара үйленбеу, 3000-ға дейінгі әртүрлі, ауыр-жеңіл тұқым қуалайтын індеттен ада етеді;

Үшіншіден, ата-анадан балаға берілетін 46 хромосоманың 14 буын бойы алмасуындағы өзгерісін, палеогенетиктер және этногеномиктердің гаплотоптарда жіктеуі бойынша 420 жыл (ұрпақ алмасуы 30 жыл десек) ұзақтығында, үздіксіз зерттеулері барша мүмкін болатын індеттердің сырын ашып, олардың алдын алу мүмкіндігіне қол жеткізеді. Өмірдің - тек ер мен әйелдің некелерінің қиылуымен жүзеге асатыны орнығады;

Төртіншіден, Арнайы тәрбиемен құзырлылық бәсекелестікте басымдыққа, Абай хәкім айтқан: «Сыйласарлық тектінің, Кім танымас нұсқасын?» биігі; Әл Фараби ғұламамыз айтқан: «киіз» үйлі «қайырымды қала» қағидасы (Б.Болсанбек, 2021, 99-105 бб.), «тура биде туыс жоқ» деген сияқты озық өмір сүру дәстүрімізді қалпына келтіру мүмкіндігі биіктейді;

Бесіншіден, қазақ, қазақстандық халық қалыптасу барысында ру, тайпа, жүзге бірігу қажеттігі болмайды, онлайн, Әулетіміз арқылы тікелей халық қалыптастырушы екендігімізді берік сезініп, қазақ, қазақстан халықтығымызды қалыптастырамыз. Қазақ тіліміз де толыққанды мемлекеттік тіл биігіне көтеріледі

Төле би бабамыз айтқан: «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін», - дегенінің мәнін де жете түсініліп, ұғынылып біртұтас «Мәңгі қазақ халқы, қазақстандық» болуымыздың жарқын болашағына қадамымызды нықтаймыз. Иске сәт!

Әдебиеттер тізімі

Болсанбек Б. «Жеті ата зердесі» ұғымының мәні мен мазмұны. Авторлық құқық. 2022 жылғы «30» маусым №27602 – <http://copyright.kazpatent.kz>

Болсанбек Б. “Қайырымды қаладан” басталған сабақтастық. //Agigat. Ұлттық қоғамдық-саяси журнал. № 2 ақпан 2021 – б. 99-105.

Кажгали улы А. Органон орнамента. Алматы, 2003. С. 11-12.

Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы: «Атамұра», 1999. 15; 35; 36-37; 39 бб.

Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрі. Алматы: ТОО “Алматыкітап”, 2006. 76 б.

Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. Оразбаевтың Қазақстан археологиясына қосқан үлесі.- dereksiz.org <https://dereksiz.org> › [mitaliev...](https://dereksiz.org)

Ұлттық код генетиктің көзімен - El kz [https://el.kz/kz/news/ruhani.../ulttik_kod_genetikin_kozime...;](https://el.kz/kz/news/ruhani.../ulttik_kod_genetikin_kozime...)

«Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі №2923 Жарлығы

B. Bolsanbek

THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE INTELLIGENCE OF THE SEVEN ANCESTORS

The historical essence of the memory of the Seven Grandfathers. The article suggests the formation and implementation of the tradition of the memory of the Seven Grandfathers in the condition of continuous nomadism during winter, spring, summer and autumn for the purpose of four-season grazing. With the construction of winter quarters, this tradition gradually began to lose its possibility of execution, and finally it became impossible in the settled way of life. The author believes that modern Information Technology makes it possible to restore the memory of the Seven Grandfathers “online”. The observance of the memory of the Seven Grandfathers, starting from oneself: “Bala (child)” and then “Ake (father), “Ata (grandfather)”, “Argy ata (great-grandfather)”, “Baba ata (great-great-grandfather)”, “Tup ata (great-great-great-grandfather)”, “Tek ata (great-great-great-great-grandfather)” forms three types of kinship: “Oz zhurty (on the paternal side)”, “Nagashy zhurty (on the maternal side)”, “Zhien zhurty (on the female side of the father)”. These

relationships create mutual friendships, communication with each other, recognition, and remembering each other as oneself to not allow the marriage between relatives within the seven generations.

For the “online” restoration of the memory of the Seven Grandfathers, the author of the article proposes the need to issue a Decree from the President of the Republic of Kazakhstan: “On the procedure for solving problems related to writing a list of relatives of the Seven Grandfathers, seven generations of Kazakhstanis using Information Technology at occasions such as marriage and childbirth”.

ҚЫЗЫЛЖАР, КӨКШЕ Өңірлерінің Топонимикалық АТАУЛАРЫ ТАРИХЫНАН

Ата-бабаларымызға мыңдаған жылдар бойы құт-мекен болған қасиетті Көкше өңірі мен Батыс Сібір аймағы ықылым заманнан тарихы тереңнең тартатын байтақ өлке. Қазақ даласының әрбір сай-саласы, тау-төбесі мен өзен-көлдеріне шейін тылсым тарихты бауырына басып жатыр. Көшпенділік дегеніміздің өзі-табиғатпен үндесу. Түркілердің көшпелі өмірі табиғатпен біртұтас. Бес мың жылдық көне тарихы бар «мың өліп, мың тірілген» қазақ деген халықтың басынан талай-талай «тар жол, тайғақ кешулер» өткені тарихқа аян. Бойында ұлы бабаларының рухын бойына дарытқан дүлдүл ақын Мұқағалидың (Мақатаев): *«Пай, пай, пай! Киелі неткен жер! Батырлар дүрілдеп өткен жер, Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер, Фашиқтар бір-бірін өпкен жер. Сарылып сал-сері кеткен жер. Бас иіп, иіскеп топырағын, Тағзым жасамай өтпеңдер!»*, - деген атты өлең жолдары осы өңірге арналғандай. Әр тасы тарихтан сыр шертетін Қызылжар, Көкше өңірлерінің Кеңестік дәуірлердегі әкімшілік бөліністерге байланысты қысқаша тарихына көз жүгіртсек оның өзі жеке бір ғылыми зерттеулерге жүк боларын байқаймыз. Ғалым жазушымыз Мұқтар Мағауиннің: *«Біз атқа мінгенде бүкіл дүние жаяу жүр еді. Біз шалбар кигенде бүкіл дүние жалаңбұт жүр еді. Біз жазу шығарып, жыр толғаған кезде қазіргі Еуропа қараңғылық түнегінде жатқан. Біз айбынды мемлекет түзіп, жарты әлемді билеп отырған кезде бүгінгі заманның ең озық жұрттары тайпалық құрылым деңгейіне жеткен. Біртұтас ұлы түркі халқы мың жыл бойы салтанат құрды, ғылым мен өнердің озық үлгісін жасады, рухы биік, аруағы үстем, күші қуаты артық болды. Кім білер, кім сенер, біз сондай да сондай едік»*, - деген арқаны шымырлатып адамның делебесін қоздыратын рухты ойларында қаншама терең сырлы тарих жатыр.

Сонау ғұндар дәуірінен бастау алған көне тарихқа бір көз жүгіртіп өтсек белгілі ғалым, сыншы, аудармашы Сәйділ Талжановтың зерттеулері бойынша дүниеге мәлім ғұнның қолбасшысы Атилла жорығы төртінші ғасырда Тайға (Тоғай) арқылы терістік Қазақстан үстінен өткен екен. Ақындар «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» деп табиғатына тәнті болып жырға қосқан Көкше өңірі орта ғасырларда Қимақ хандығы, Жошы хандығы, Көк Орда хандығы, Ақ Орда хандығы, Қазақ хандығы алғаш мемлекет ретінде ту тіккен, Абылайды хан көтеріп, кешегі Кенесарының ізі қалған дегдар мекен, бітімі бөлек бекзат өлке. Ел басына күн туған қасіретті, жойқын соғыстар мен «ақтабан шұбырынды» жылдар да Қызылжар-Көкше өңірлерін айналып өтпеген. Қазақ жерінің байлығына қызыққан Ресей мен Қытай империялары құпия келісім-шарт жасасып Қытай жоңғарларды, ал Ресей қалмақтарды қарсы айдап салды. Мемлекет құрмақ түгілі жоңғарлар сияқты халық ретінде жойылып кетуге шақ қалған сол бір тарихи кезең, аласапыран заман зобалаңы Шоқан Уәлихановтың да жазбаларында бар. Шоқанның: *«Джунгары, волжские калмыки, яицкие казаки башкиры с разных сторон громили улусы казахов, отгоняли скот и уводили в плен целыми семействами»*, - деп жазған бір ауыз деректі сөздерінде қаншама мағлұматтар мен деректер жатыр [1, 99].

Сұрапыл да зұлматқа толы жылдар жылнамасы сол дәуірдің куәсі болған жыраулардың да отты жырларында молынан қамтылған. Тарихта әлі де болса өзіне лайықты орнына ие болмай жүрген тарихи тұлғаның бірі Қожаберген жырау Толыбайұлы (1663-1762). Бұқар жыраудың ұстазы, жырау, қолбасшы, мемлекет қайраткері. Ол Бұқараның, Самарқандтың және Үргеніштің медреселерінде араб және парсы тілдерін, сондай-ақ шығыс мәдениетін үйренген. Тәуке хан дәуірінде «Жеті жарғы» заңдар жинағын жазған авторлардың бірі. Жоңғарлар 1723 жылы қазақ жеріне басып кіргенде ұлы жырау «Елім-ай» өлеңін, содан кейін осы атаумен «Елім ай» дастанының жазып жоңғарлармен соғыс кезіндегі ахуалды: *«Орыс-қытай қалмаққа қару сатты, Айдап сап малғұндарды қоқандатты. Қырғызып қазақтарды қалмақтарға, Орыстар қамалдарын салып жатты. Жау болды ағайын ел Естек бізге, Жасады ол да жорық елімізге. Қоқан да күнгей беттен қоқандады, Соқтықпақ ойғыр, қырғыз тағы бізге»*, - деп іштегі шерін уытты жырларымен шығарып отырған [2,39]. Халық қаһарманы Бауыржан

Момышұлы ұлы жырау туралы: «Қожаберген жыраудай бұрын-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры - әскери дастан! Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?», - теберене айтқан мына бір сөздерінен артық қандай бағалау керек [3,18-19].

Зерттеуші ғалымдар: «Ең алдымен өзен, көл, тау сияқты табиғи нысаналардың аты пайда болған» деген болжамды пікірді алға тартады. Қазақстанның кең-байтақ аумағында көлдер көп. Жалпы еліміздегі көлдің 45 пайызы осы солтүстік өңірлерде шоғырланған. Осы пікірді қолдай отырып белгілі орыс ғалымы Н.Н. Надеждин: «Зерттеушінің мақсаты - топонимдер арқылы адамзаттың тарихын оқып шығу», - дейді. Шындығында да әрбір топографиялық атау ешқашан кездейсоқ және мағынасыз қойылмайды және әр топонимдік атаудың кумулятивті ақпараты болатындығы да ғылымда нақты дәлелденген. Көкше өңіріндегі әрбір төбе-төмпешіктердің де сонау бір жаугершілік замандардан қалған өз тарихы бар. Заңғар жазушымыз Мұқтар Әуезов жазғандай: «Жер-әңгімеші. Жер әңгімеші болған соң-ел де әңгімеші», дегендей бұл өлке ерекше табиғатымен, тау-тасы, шоғыр-шоғыр қайың-қарағайларымен, қазақ үшін киелі құс саналатын аққулар мекені болған толқынды көлдерімен бәрі - бәрі тұнып тұрған шежіре! Бір ғана Айыртау ауданына аялдап, сипаттама жасар болсақ оның әрбір тасы мен тауы тарихтан сыр шертетін - Айыртау, Имантау, Жалғызтау (кейде Жамантау аталған), Сырымбет деген таулар мен Саумалкөл, Сасықкөл, Сулықөл, Шалқар сияқты көлдері, Қамысақты сияқты өзені бар әдемі өлке екендігіне көз жеткізесіз. Жалғызтаудың баурайы қандай әдемі..... Атақты жазушымыз Сәбит Мұқанов осы таудың бауырында демалғанда таң қалып, риза болғандықтан: «Айыртаудың (ауданды айтады) Жаман тауы мынадай болғанда, жақсы тауы қандай екен», - деп таңдай қағыпты деседі куәгерлер [4, 208].

Сарыарқаның солтүстігінде орналасқан аумақ батыста Имантау және Сырымбет тауларымен шектелген. Есіл өзені – облыстың ең басты су арнасы. Ол теңіз деңгейінен 560 метр биіктіктегі Нияз тауынан басталып, Ертіске құяды. Өзеннің ұзындығы - 2450 (бұл әлемдегі ең ұзын сала). Есілдің Сарыарқадағы негізгі салалары Жабай, Ақанбұрлық, Иманбұрлық өзендері. Аудан аумағынан Ақанбұрлық, Қарасу, Тайсары, Құрқарағай, Иманбұлақ, Қамысақты деген өзендер ағады. Сонымен қатар, жері көлге бай. Олардың арасында Саумалкөл, Шалқар, Үлкен Қоскөл, Имантау, Жақсы Жалғызтау, Айыртаушық, Байсары, Әлжан көлдері үлкендігімен ерешеленеді [1, 36].

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. «Шөпсіз жер болмайды, батырсыз халық болмайды» дегендей кейінгі ұрпақ жадына сақтап біліп өсуге тиіс аталынған өңірге қатысты кейбір тұлғалар тарихына шолу жасап өтсек артық болмас. Қасиетті Қызылжар-Көкше топырағынан небір ақын жазушы, әнші күйші, батыр, шешендер шыққаны белгілі. Туабітті ақылман Токсан би(туған және қайтыс болған жылдары белгісіз), Токсан Жабайұлы XVII-XVIII ғасырлар шегінде қазақ ханы Тәукенің бастамасымен жасалған далалық «Жеті жарғы» заңдар кодексі туралы естелік әлі күшінде болып тұрған заманда өмір сүрген. «Өлеңге тоқтамаған» Шал ақын, шын аты Тілеуке Құлкеұлы (1748-1819), Абылай ханның замандасы, Серілердің түп атасы Сегіз сері, үзеңгі досы Нияз сері, арқа ән мектебін қалпастырған, Біржан сал Қожағұлұлы (1834-1897), Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Алаштың ән атасы Жанкісі мен Салғара, Шәрке, Дәстем сал мен Қарсақ ақын, айтыстың ақ берені Орынбай мен Тоғжан туған өңір бұл! Абылай ханның жорықтас серіктері Уақ Сары Баян батыр, Сүйір, Балта Керей Тұрсынбай, Еменалы Керей Жабай батыр жауды қуған сайын дала да осы өңір [5, 156]. Алайда, қазіргі уақытта қазақтың қадау-қадау ұлт зиялыларының кіндік қаны тамып, арқаның ән мектебін қалыптастырған, сал-серілердің ізі қалған киелі мекен қазіргі уақытта сол қасиеттерінен ада болғандай. Осылайша «қой үстіне бозтоғай жұмыртқалаған» замандарда базары тарқамаған Көкше өңірі Кенесары ханның басынан бақ тайған кезеңдерден бастап берекесі кете бастады. Осы кезеңді сәтті пайдаланған орыс империясы Ресейдің ішкі жағынан қарашекпен киген орыс мұжықтарын қазақ жеріне топ-тобымен қоныс аударуға мәжбүрлей бастады. Осылайша басқыншылық соғыс жүргізбей-ақ, қазақ жерін бірте-бірте отарлау кезеңі ғылыми деректерде барынша зерттелінген: «Ныне занимаемая Казахстаном территория претерпела три эпохи колониационной политики царизма: первая – вольная колонизация в конце XVI века, вторая – военно-административная колонизация в

начале XVIII века и третья – переселенческая колонизация, с конца прошлого столетия и продолжавшаяся до 1917 года. После окончательного закрепления по берегам рек, правительство с начала XIX века начинает проникать в глубь степей, охватывать колцом население. В целях усмирения возможных бунтов и волнений «киргизцев» создает военные укрепления (Акмолинск, Атбасар, Каркаралы, Кокпекты, Баян-аул, Актюбинск, Тургай, Перовск, Чимкент и проч.) [6,43-44]. Міне, осы деректердің өзінен ақ қазақ жері мақсатты түрде қалайша отарлық құрсауға түскенін байқауға болады. Зерттеушілердің пікірлері бойынша «Егер Ресей империясы қазақтың 45 миллион десятина яғни, 65 миллион гектар жерін тартып алмаған болса, олар соншалық аштық апатына ұрынбаған болар еді», деген де болжамдар айтады [7,114]. Ал қазақтардан тартып алынған егістікке қолайлы құнарлы жерлердің көпшілігі негізінен теріскей өңірлерге тән екендігі мұрағаттық деректерде нақты көрсетілген. «В Северном Казахстане к 1916 г. было изъято под переселенческие поселки 17 456 964 дес., а для казачества 11 227 000 дес ...» [8,92-97].

Кейіннен патша өкіметі қазақ жерін әкімшілік жүйе бойынша бөліске салу нәтижесінде ежелгі қазақи топонимдік атаулар да адам танымастай өзгеріп көпшілігі қоныс аударған келімсектер атымен аталынып кетті. Міне, осылайша ғасырға жетпес уақыт аралығында Көкше өңірі жер атаулары жағынан Ресей империясының бір бөлшегіне айналғандай болған-ды. Ел - жер тарихын жете білмей, байыпты көзқарас танытпаудың ақыры жергілікті халықтың жапа шегуіне әкеліп соқтырады. Қалыптасқан тарихи пайымдауларды ескермей әкімшілік - әміршілдік басқару жүйе салдарынан соңғы отыз жылда Қазақстан өңірі негізсіз әкімшілік бөліністерге ұшырады. Әсіресе, онсыз да ушығып тұрған солтүстік аймағымыз адам танымастай күйге түсті. Еліміздің Солтүстік аймағындағы жер атаулары әлі күнге дейін славян тіліндегі атауларға сіресіп тұр. Сондықтан да бұл өлкеге қоныс аударған Ресейліктердің өз еліне келгендей күй кешіп, еркін жүретіні айтпаса да түсінікті. Әр төбе басындағы еңселі кесенелер, қорымдар мен тас белгілерде ғасырлар бойы қолынан найзасын тастамай, елім деп ат белінен түспей, еңіреп өткен батыр бабаларымыздың сүйегі мен қоса рухы да жатқандығын көпшілік біле бермейді. Мұндай белгілі де белгісіз қорымдар Көкше өңірінде молынан кездеседі. Толықтай болмаса да кейбір антропонимдік топонимикалық атауларға шолу жасап шықсақ біраз деректерге қанығар едік. Қазіргі Ағынтай батыр ауылы бұрынғы «Мәнжүр» елді мекенінің атауы Ресейдің ішкі жағынан «перселендердің» келуімен Златогорка болып өзгерген. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 2000 жылдың 14 шілдесіндегі ұйғарымымен ауыл атауы жергілікті батырдың атына байланысты «Ағынтай батыр» ауылы деп өзгертілген. Ағынтай батыр (1598-1672 жж.) - батыр, Есім мен Жәңгір хандардың сенімді серіктерінің бірі. Осы Айыртау аданындағы «Құлшынбай төбе» деп аталатын жерде дүниеден озған [1,138].

Қазіргі Қарасай батыр бұрынғы «Қосағаш» ауылы бір уақ Кеңес дәуірінде Мәдениет ауылы деп өзгертілген. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 2000 жылдың 14 шілдесіндегі Ұйғарымымен ауыл атауы жергілікті батырдың атына байланысты Қарасай батыр ауылы деп өзгертілген. Кейбір тарихшылардың зерттеулері бойынша Шапырашты руынан тарайтын Қарасай батыр Алтынайұлы 1589 жылы Алматы облысының, Жамбыл ауданына қарасты Қарасаз елді мекенінде дүниеге келген. 1671 жылы Айыртау аданындағы Құлшынбай төбесі деп аталатын жерде жоңғарлармен соғыста қаза тапқан. Баян Қасболатұлы, Батыр Баян (болжаммен 1705/1710-1759), қазақ халқының жоңғар шапқыншыларына қарсы ұлт азаттық күресінің батыры. Қабанбай, Малайсары, Олжабай, басқа да батырлармен бірлесіп Ертіс өңірін, Қалба жерін және Тарбағатай өңірін азат етуге қатысқан. Оның ерліктерін XVIII ғасырдағы белгілі ақындар мен жыраулар Үмбетей мен Тәтіқара, XX ғасырда ақын Мағжан Жұмабаев жырлаған [1,139].

Орловка атауын иеленген село мен Ағынтай-Қарасай, Шауышкел-Бадырақ батырлар қорымы арасында, 5-6 шақырымдай ғана аралықта биыл жазда рухы өшпеген ұрпақтарының бастамасымен Жанатай батырдың да кесенесі бой көтерді. Арулап жерленген жері Мәдениет ауылына жақын, қазіргі Орловка селосының тұсы. Ошақтың үш бұтағындай болып, аралары көз жетер жерге жерленген батырлар тарихын зерттеу болашаққа аманат. Аумағы алақандай ғана болатын, бір-бірінен дауыс жетердей ғана жерге жерленген батырлар қорымы талай сырды ішіне бүккендей. Қарауыл Тоқтауыл Қарабұжыр Жанатай Ақанұлы (1723- 1819 жылдары), зерттеулер бойынша Абылай ханнан бір мүшел кіші, 96 жыл өмір сүрсе керек [5,270]. Ер жеткен соң Абылай ханның бас батырларының бірі болған Жанатай батыр туралы «Олжабай батыр» дастанында: «...Үлкен шайқаста Қабанбай, Бөгенбай,

Олжабай, Малайсары, Жанатай, Жасыбай, тағы басқа батырлар бірлесіп торғауыт хандығына алғашқы соққы берді», - деген деректер бар. Бұқар жыраудың «Қарабұжыр Жанатай, Шақшақұлы Жәнібек, Қарақалпақ Құлышбек, Бағаналы Баянбай, батырларың тағы бар Уақ Сары Баяндай», - деген ұзақ толғауында да Жанатай батырдың аты баяндалады [9,174]. «Біреулер тоңып секірсе, енді біреулер тойып секіреді дегендей» қазіргі кезеңде саяси әлеуметтік ахуалымыз онша емес. Солтүстік өңірде Ресей тарапынан жыл аралатып қозғау салып қоятын шекара мәселелері әлі күнге дейін толық шешімін тапқан жоқ. Бұл өңірге өткен ғасырларда қаптай қоныс аударып терістік өңір «тарихын», жер атауларын өз білгендерінше қойып алған «перселендерден» қалған мұралар әлі де сол күйінде, деколонизация жұмыстары жүргізілмеген, өзгерістер жоққа тән. Болса да өте баяу қарқынмен жүргізілуде. Кешегі сал-серілердің ізі қалған қасиетті өлкеде қазіргі уақытта олардың рухын сақтап, белгі қойылған киелі орын да жоқ. Арқаның ән мектебін қалыптастырған Көкше өңірі адам танымастай өзгерді. Оған осы күнге дейін сеңі бұзылмай тұрған елдімекен атаулары (комонимдер) куә. Мәселен, солтүстік аймақтардағы қазіргі жер атаулары Орловка, Красногорка, Кутузовка. Казанка, Прекрасное, Всеволодовка, Аксеновка, Высокое, Воскресеновка, Грачевка, Кирилловка, Антоновка, Комаровка, Карасевка, Елецкое, Колесниковка, Междоузерное, Качиловка, Юдинка, Кругловка, Лавровка, Константиновка, Цуриковка, Береславка, Гусаковка, Рузаевка, Лобаново,Заря, Целинное, Горное, Наследниковка, Матвеевка, Карсаковка, Карловка, Новоукраинка, Новосветловка, Никольское т.б. деген сияқты славян тілді этнопонимдердің әлі күнге дейін көбесі сетінемей, іргесі сөгілмей тұр (*Бұл атаулардың көбі кезінде баскесер казак Ермак сияқты жергілікті қазақтарға күн бермеген казактар атымен аталынып кеткен. Мұндағы атаулар тек бір гана Айыртау ауданына қатысты, ал Қызылжар өңіріндегі қалған он екі ауданды аралап шықсаңыз өзіңізді тура бір Қазақстанда емес Ресейде жүргендей сезінесіз*).

Бұл елдімекендердің көне атауларын қазіргі уақытта қысқа мерзім ішінде толықтай зерттеп шығу мүмкін емес. Дегенмен де жер атауларына байланысты белгілі кейбір мәліметтерге тоқталып өтейік. Жалпы, солтүстік өңірдегі жер атауларын патшалық Ресей отарлық тәсілдермен үнемі өзгертіп отырса, ал Кеңес дәуірінде елдімекендердің қазақша атауларын тез арада интернационалдандыру саясаты бір кезде дәстүрге айналған болатын. Қоғамдық формация жағынан екеуі екі әлем болса да, империялық отарлау тәсілдері ұқсас, сабақтастық байланысы жетерліктей болғаны ақиқат. Кеңестік дәуірде патшалық кезеңдегі әкімшілік бөліністерде кеңестік саясатқа сай жаңаша атау керек деген желеумен бұрынғы губерниялар облыстарға, үйездер округтерге, кейіннен аудандарға бөлініп нәтижесінде байырғы жер атаулары күрт бұмаланып адам танымастай өзгерді. Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1921 жылғы 17 қаңтардағы қаулысымен бұрынғы Омбы губерниясының төрт үйезі негізінде кеңестік Ақмола губерниясы құрылды. Олар: Ақмола үйезі – 75 болыс ел, Атбасар үйезі – 51 болыс ел, Көкшетау үйезі – 63 болыс ел және Петропавловск үйезі 44 болыс ел болды. 1928 жылға дейін өмір сүрген Ақмола губерниясының сол кездегі орталығы еліміздің ең солтүстік өңірінде орналасқан Петропавл қаласы болған еді. Осы үрдіске сай 1932 жылы Қарағанды облысы құрылғанда да облыс орталығы Петропавл қаласы болып қалды. 1936 жылы 29 шілдеде ВЦИК Президиумының Қаулысымен орталығы Петропавл қаласы болған Қарағанды облысынан Солтүстік Қазақстан облысы бөлініп, орталықтары Қарағанды және Петропавл қалалары болды. Солтүстік Қазақстанның кеңестік дәуірдегі қазіргі тарихы осы кезеңнен бастау алады. Еліміздің Солтүстік және Орталық бөлігіндегі территориялық бөліністер мұнымен шектеліп қалған жоқ. 1939 жылы Солтүстік Қазақстан облысынан Ақмола облысы, ал 1944 жылы Көкшетау облыстары бөлініп шығып өз алдына дербес облыстарға айналды. 1928 жылы ұйымдастырылған Айыртау ауданы Қызылжар (Петропавл) округінің, 1932 жылы Қарағанды облысының, 1936 жылы Солтүстік Қазақстан облысының құрамында болды. 1944 жылы жаңа құрылған Көкшетау облысының құрамында, 1997 жылдың мамырында Арықбалық ауданын қосып қайта Солтүстік Қазақстан облысының құрамына енді [1, 9].

Ел аузындағы мәліметтер бойынша «Орловка» селосы, 1911 жыл жаз мезгілінде Ресейден қоныс аударғандар келген кезде бүркіттер көп болғандықтан, село атауы «Орловка» аталған екен. «Қарақамыс» ауылы қамысы көп көл жағасында орналасқандықтан Қарақамыс атауын алған. «Казанка» елдімекеніне 1893 жылы Бульмен уезі, Самара губерниясынан жеті шоқынды татарлар отбасы көшіп келіп, «Балапан» учаскесіне қоныстанады, учаскенің атауын «Казанское» деп қойған. 1895 жылы император Александр III мен жергілікті қоғам мүшелерінің қаражатына мектеп салынған.

1899 жылы қазына қаражатына шіркеу салғынған. 1928 жылы коллективтендіру кезінде бұл жер «Завет Ильича» колхозы болып, ал 1955 жылы елді мекен атауы қайта өзгеріп, «Казанка» селосы атанған. «Карасевка» ауылы маңындағы «Жалтыр көл» елді мекеніне 1908 жылы қоныс аударушылар келіп, атауын өзгерткен. Ауыл маңында «Қарасу» атты көл болған. Ауыл аты ертеректе көлдің атымен аталған. Кейін қазақ жеріне қоныс аударған орыс шаруалары «Қарасу» атауын бұрмалап өздерінше «Карасевка» атап кеткен.

Саумалкөл ауылының атауы осы аймақтың географиялық ерекшелігіне байланысты қалыптасқан. Суының түсі ақшыл, дәмі қышқыл көл мағынасында. Соған байланысты «Саумалкөл» топонимі пайда болған. XVIII-XIX ғғ. осы жерде Саумалкөл (Сажанкөл) елді мекен болған. 1866 жылы бұл жерге Ресейден келген қоныс аударушылар жергілікті жер атауын «Кривоозерное» деп атап кеткен. Ал кейбір ресми деректерде «Кривоозерное» селосы 1890 жылдан құрылған деген мәліметтер де кездеседі. Кеңес дәуірінде «Кривоозерное» селосы 1923 жылы «Володаровское» болып өзгерді. Дерек бойынша В. Володарский (шын есімі Моисей Маркович Гольдштейн) Ресей революциялық қозғалысының қайраткері. Володарское селосы ҚР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1993 жылғы 04.05. №2189-Х-2 Қаулысымен «Саумалкөл» аулы болып өзгертілді [10, 327-328].

Көне Құмтөккен ауылы бір кездері Қызыләскер ауылы деген атауға да ие болған. Жердің астында ақшыл құм көп болғандықтан, елді мекеннің атауын бұған дейін жергілікті халық Құмтөккен атаған екен. 1941 жылыдың желтоқсан айында аядай ғана бір ауылдан 50 адам әскерге алынғандықтан, сол жылдан бастап «Құмтөккен» ауылы «Қызыләскер» ауылы атанып кеткен [4,18]. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі мен облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 5 маусымдағы бірлескен қаулысы және шешімімен Құмтөккен деген тарихи атауы қайтарылды.

1848 жылы қазіргі Нижний бурлук селосы маңында Үлкен Бабық ауылы болған. Ауыл Бабық байдың атымен аталған. Сол жерден ағып жатқан өзен Бабық борлық, ал төменгі ағысындағы село күні бүгінге дейін Нижний (Төменгі борлық) бурлук атауымен келе жатыр. 1895 жылы «Сасықбек» елді мекеніне табан тіреген қоныс аударушылар келіп, Борлық өзенінің маңынан тұрғызылған елді мекен атауын бастап келген адамның атымен «Кириловка» атап кеткен. 1905 жылы Харьков және Полтава губерниясынан кара шекпенділер көшіп келіп олар өзенге қарсы тұрған үлкен тас маңына қоныстанып село атауын «Каменный брод» деп атап кеткен. Өзеннің қарсы бетіне өту үшін олар тасты өткел пайдаланып, сол себепті «Тасты өткел» - «Каменный брод» топонимі пайда болған. Ол 1962-1996 жылдары «Кутузовский» совхозының орталығы болды. 1962 жылы «Тайынша» елді мекені «Новосухотино» селосымен бірігіп, «Красноармейск» қаласы болды. Ал, Тайынша жәрмеңкесі бүкіл Қызылжар, Көкшетау уездерінің жерұйығы болғаны тарихқа белгілі. Солтүстік Қазақстан облысының Бейнетқор, Қостанай облысының Меңдіқара, Қарабалық, Ұзынкөл аудандары сол саясаттың құрбандары болды [11,2]. Мінеки, Кеңестік дәуірге жалғасқан империялық саясат салдары күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл тізімдерді осылайша жалғастыра берсек бір кітапқа жүк болар еді. Тәуелсіздік алғанымызға отыз жылдан асса да күні бүгінге дейін арыла алмай келеміз. Ел - жер тарихын жете білмей, байыпты көзқарас танытпаудың ақыры жергілікті халықтың жапа шегуіне әкеліп соқтырады. Қалыптасқан тарихи пайымдауларды ескермей әкімшілік - әміршілдік басқару жүйе салдарынан соңғы отыз жылда Қазақстан өңірі негізсіз әкімшілік бөліністерге ұшырады. Әсіресе, онсыз да ушығып тұрған солтүстік аймағымыз адам танымастай күйге түсті. Көптеген ауылдарымыз иесіз қалды. Маңызы бар мектеп, аурухана, почта, мәдениет үйі секілді нысандар жабылды. Өткен ғасырдың елуінші жылдарындағы қазақ ауылдарына байланысты жағыдайлар қайталанып көптеген елді мекендер «болашағы жоқ ауылдар» санатына жатқызылып «жапандағы жалғыз үйге» айналды. Ауылдарымыз назардан тыс қалғандықтан, ауылдағы тұрғындар ауа көшіп, ол аймақтар бос қалды. Жастар жұмыссыз қалып, орта буын өкілдері қалаларға қарай бет алып, ауылдарда тек ата қонысын қимаған қарт адамдар ғана қалды. Мәселен, бұрынғы «Қопа» кейінгі «Политотдел» (1950-1960 жылдар аралығы) ауылында қазір бар жоғы үш-ақ үй қалған. Жасы тоқсанның жуан ортасына келсе де көшкен елдің жұртында Аюлов Зікірияұлы Әділбай ақсақал жеке үй болып отырған екі баласымен көшпей қалған. Әдекеңнің айтуы бойынша бұл ауыл 1921-1936 жылдар аралығында «Молотов» атындағы коммуна болып құрылған, ал жетпісінші жылдары ауылда үй саны жетпістен асып бастауыш мектебі, дүкені және конторы мен клубы да болған екен.



Ел тарихын айтудан жалықпайтын Әділбай қария мен осы жолдардың авторы.

Осы жағыдайларға нақты көз жеткізу үшін біз биылғы жаз айында өз тарапымыздан арнайы мақсатпен жолға шығып біраз ауылдарды аралап шыққан едік. Оқырмандарға осы сапар барысында өзіміз куә болған қолымызға тиген кейбір деректерді көпшілік назарына ұсынуды жөн көрдік. Мәселен, «Шүкірлік» ауылында елу шақты ғана үй қалған, ал тоғыз жылдық шағын мектепте 27 бала ғана оқиды екен. «Высокое» (бұрынғы атауы «Шаңғал» болған дейді жергілікті тұрғындар) ауылында қалғаны 25 үй, мектебі 6-7 жыл бұрын жабылған екен. Сол ауылға таяу орналасқан «Елтай» ауылы да осындай күйде, мектеп жоқ. Сол сияқты «Горное» селосында да елу шақты үй қалған, мектебі жоқ болғандықтан балалар бұрын аудан орталығы болған «Арықбалық» кентіне қатынап оқиды. «Верзний Бурлук» селосында 80 үй, бастауыш мектеп қана жұмыс істейді. «Ақанбұрлық» ауылында да мектеп жоқ, балалар интернатта жатып оқиды. «Карсаковка» ауылында да елу шақты үй, бұрын бастауыш мектебі болған екен, қазір ол да жабылған. «Целинное» ауылы, елу шақты үй, бастауыш мектебінде 11 бала ғана оқиды. «Мұқыр» ауылы, үй саны жиырмаға жетер-жетпес қана, мектебі жоқ. «Әлжан» ауылында да елу шақты үй бар. Тоғыз жылдық мектепте кейбір сыныптарда бала жоқ, ауыл тұрғындары бастауыш мектеп деңгейіне түсіп қала ма деп қауіптеніп отыр. Бір кездері «Таң нұры» деген атпен белгілі, қазіргі «Заря» ауылында негізінен орыс пен неміс ұлты мекен еткен. Ауылда 23 бала болса да мектеп жоқ, балалар Лобанова селосына автобуспен барып-келіп оқып жүр. «Орловка» селосында да елу шақты үй қалған. Бұрын тоғызжылдық, кейіннен бастауыш мектебі болған. Осылайша бұл тізімдерді жалғастыра берсек бір кездер сексенге тарта отбасы тұрған «Егіндіағаш» ауылында қазіргі уақытта небары жиырмашақты, ал «Междуозерное» кетінде небары 15 шақты ғана үй қалған екен. Сондай ақ, бір кездері совхоз орталығы болып берекесі мен мерекесі жарасып, қызу тірлігі толастамаған ауылдардың базары тарқап жартысы көшіп кеткен. Соның ішінде Кеңес дәуірінде мектебінде үш жүзге тарта бала оқыған толықтай қазақтар тұратын «Дәуқара» ауылында қазіргі уақытта бар болғаны 70-ке тарта үй қалған. «Светлыйда» (ел аузындағы мәліметтерге сенсек тыңға дейін «Жарқын-Жаркент» ауылы атанса керек) – 80 үй бар болса, ауылдағы «Целина» негізгі мектебінде небары 19 бала ғана оқиды екен. Бұрын жүзге тарта отбасы мекендеген «Қарақамыс» ауылында - 55 үй, аты «Үкілі Ыбырай» ауылы болып өзгерген бұрынғы «Өскен» ауылында – 45 үй, ауылдағы тоғызжылдық негізгі мектепте 29 оқушы, көршілес «Құмтөккен» ауылында 63 үйде болса, ондағы орта мектепте 51 бала оқиды. «Қарлықөл» (бұрынғы «Пахар») ауылында небары 60 үй болса, ауылдағы тоғызжылдық негізгі мектепте небары 24 бала ғана оқиды екен (бір ескертеріміз бұл ауылдар негізінен бұрын Көкшетау облысы құрамында болған). Бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге де болар еді, бірақ ол біздің басты мақсатымызға болмағандықтан толықтай қамти алмадық. Негізінен үкімет тәрпынан осы бағытта (демографиялық, этнографиялық, топонимикалық және т.б.) жұмыстар жүргізуге ниет болса тек теріскей аймақтың өзіне арнайы кәсіби ғалым мамандар тарта отырып экспедициялық жолмен толықтай зерттеп шығуға болар еді.



Тек орны ғана қалған көшкен ауылдардың жұртында Кеңес дәуірін еске түсіретін мындай ескерткіш белгілер әлі тұр



Ақансері ауылында ауыл түгілі аудан орталығынына көрік берер заманауи жобамемен салынып кәдеге жарамай қалған құрылыс нысандарының бүгінгі көрінісі осындай.

Қорыта айтқанда, біздің отаршылдық тарихымыз, отарланған тарихымыз әлі күнге дейін толық жазылып болған жоқ. Инаугурациядан кейін мемлекет басшысы іске пындап кіріскен сыңайлы. Ұлықтау салтанатынан кейін жаңадан сайланған Президентіміздің бірінші қолға алған жарлығы ауылға арналды: «Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл-ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы үкіметке ауылды дамытудың бес жылға арналған нақты жоспарын

әзірледі тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады, - деген мемлекет басшысының жаңа қадамынан күтер үмітіміз мол [12].

Әдебиеттер тізімі

- «Қызылжар елі - Жемчужина Севера». - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2007. – 496 с.
Збутәлиев Н. Сегіз сері - Алматы: «Жалын», 1991. -170 б.
Қарин Ғани. Бекет Тұрғараев және Қожаберген жырау //Қазақ әдебиеті. 16 желтоқсан, 2022 жыл. №50.
Оразалин Жетпісбай Ахметжанұлы. Өмір - дерек. Алматы: «Астана Медиа Пресс», – 2022. – 344 б.
Мұсатай Ғалым. Қарауыл шежіресінің деректері. - Көкшетау, 2018. -524 б.
Хрестоматия по истории Казахстана. 1890-1945 гг. (Составители Козыбаев И.М., Козыбаев М.К.). – Алматы: Атамұра-Казахстан, 1994. – с. 256.
Әсіп С. Қатерлі дерт, қалжыраған халық.-Алматы: Қазақстан. 1998.-336 б.
Журнал «Красный Казахстан». 1926. №4.
Адамбаев Балтабай. Тархан-батырлар //Жұлдыз. №4, 1979.
Северо-Казахстанская область. Энциклопедия. – Алматы, 2004. 430 с.
Қадырқұл Нарымбаев. Топонимикалық өзгерістер - тарихқа қайта оралу//Жас Алаш, 15 ноябрь, 1988 жыл.
Қ.К.ТоқаевтыңҚазақстан халқына жолдауы. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекеліқоғам//«Жас Алаш», 29 қараша, 2022 жыл. №95 <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>

D. Eskekbayev

FROM THE HISTORY OF TOPONYMIC NAMES OF KYZYLZHAR AND KOKSHE REGIONS

The article highlights topical issues related to geographical names in the Kyzylzhar and Koksha-northern regions of the country. Geographical names associated with the history of the region, which formed the state origins of the Kazakh people back in the Saka times, especially since the middle of the XIX century, were subjected to drastic toponymic changes by Russia during the tsarist period, and then in the Soviet era of the XX century during the period of further colonization, were scientifically studied and presented for public discussion in the form of cognitive a journalistic article.

ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ПЕРЕХОДА К ОСЕДЛОСТИ КАЗАХОВ В СВЯЗИ С МОДЕРНИЗАЦИОННЫМИ ПРОЦЕССАМИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ

Проблема процесса оседания кочевых народов интересовала исследователей в дореволюционный период. Ученые по-разному оценивали переход, к полuosедлости учитывая все факторы: эффективность, прогрессивность и рациональность перехода и его последствия. Существовало четыре концептуальных подхода к проблеме: POSSИБИЛИСТСКИЙ, геодетерминистский, эволюционный и стадиальный (к цивилизационные изменения). Одной из актуальных проблем в истории кочевниковедения является процесс перехода номадов к оседлости, трансформация их жизни и быта, связанная с изменениями общественно-экономических отношений.

Проблема трансформации кочевого скотоводства казахов находит свое отражение, хотя и фрагментарное, в дореволюционной русской литературе, начиная с конца XVIII в. в исследованиях П.С. Палласа (1776-1777), И.Г. Георги (1799), И.П. Фалька и др. В последней четверти XVIII в. российскими учеными С.Е. Десницким и И.А. Третьяковым была сделана попытка теоретически обосновать трансформационные процессы в Казахстане в пользу оседания (Десницкий, 1990; Третьяков, 1990).

Из дореволюционных исследователей сторонниками геодетерминизма были А.И. Левшин (Левшин, 1996), М.И. Красовский (Красовский, 2007), Л. Мейер (Мейер, 2007), А.Л. Трегубов (Трегубов, 1910), Ф. Щербин (Щербин, 1905), В.А. Тресвятский (Тресвятский, 1917), Н.М. Ядринцев (Ядринцев, 1892), П.М. Головачев (Головачев, 1902), И.А. Третьяков (Третьяков, 1990), С.Е. Десницкий (Десницкий, 1990) и др. К группе POSSИБИЛИСТОВ можно отнести В. Островского (Островский, 2007) и А.Н. Букейханова (Букейханов, 2007), к эволюционистам И.Г. Георги (Георги, 1776), В.В. Радлова (Радлов, 1989), А.Н. Байгурсьнова (Байгурсьнов, 1998), М. Дулатова (Дулатов, 1995), Р. Марсекова (Мэрсеков, 1998), А. Бекимова (Бекимов, 1998), А. Жанталипа (Жанталип, 1995) и др., а к цивилизационной М. Сералина (Сералин, 1995), К. Сулейменова (Сулейменов, 1995), М. Жалпакова (Жалпаков, 1995) и др.

Концептуальные проблемы, поднятые исследователями в конце XIX – начале XX вв. и дальнейшее изучение развития скотоводства и седентаризации ученые все больше склонялись к POSSИБИЛИСТСКИМ тенденциям во взглядах, считая важным шагом перевести кочевников к оседлости с модернизацией социальной структуры.

Более информативны и основательны в этом отношении работы русских ученых конца XIX – начала XX вв. В отличие от работ конца XVIII века, носящих чисто описательный характер, в исследованиях более позднего времени можно проследить моменты теоретического анализа, в частности, выяснение причин перехода кочевников к частичной оседлости. При этом одни ученые опирались на природно-климатические особенности региона, другие считали, что историческое развитие кочевников не зависело от природно-климатического фактора.

Существовало несколько точек зрения по поводу трансформации хозяйства и перевода кочевников сначала к полuosедлости, а позже и к оседлости.

Первый, крайне геодетерминистический, взгляд основывался на том, что кочевники зависимы от природно-климатических условий, и процесс перевода кочевников к оседлости, не учитывающий условий окружающей среды и хозяйственной потребности кочевников, не приведет к модернизации и улучшению.

Второй, POSSИБИЛИСТСКИЙ, подход, исходил из того, что кочевое общество живет по своим законам, вне зависимости от природно-климатических законов, и поэтому предполагал главным критерием для улучшения условий жизни для кочевого населения как альтернативы земледелие. Главным мотивом сторонников POSSИБИЛИСТСКОГО подхода против кочевого хозяйства было отрицательное воздействие кочевников на экосистему, что, в свою очередь, приводит к опустыниванию территорий.

Третий подход эволюционный, подразумевал постепенный естественный переход кочевников к оседлости.

Проблема эволюции традиционного хозяйства и ее модернизации стала освещаться в журнале «Айкап» (Айкап, 1995) и газете «Казах» (Қазақ газеті, 1998), причем среди авторов были как сторонники модернизации традиционного скотоводческого хозяйства, так и ее противники.

А. Байтурсынов (Байтурсынов, 1998), М. Дулатов (Дулатов, 1995), Р. Марсеков (Мәрсеков, 1998), А. Бекимов (Бекимов, 1998) и А. Жанталин (Жанталин, 1995) поддерживали идеи о необходимости постепенного перехода к оседлости и считали наиболее целесообразным животноводческую направленность сельского хозяйства.

О пользе перехода к оседлости в Казахстане писали М. Сералин (Сералин, 1995), К. Сулейменов (Сулейменов, 1995), М. Жалпаков (Жалпаков, 1995), они опирались на теорию стадий, полагая, что переход к земледелию приведет к цивилизационным изменениям.

В дореволюционных трудах были заложены теоретико-концептуальные основы для дальнейших развития проблем, трансформационных процессов в кочевом хозяйстве. Среди исследователей были как сторонники седентаризации (поссибилисты, приверженцы цивилизации), так и противники (геодетерминисты и эволюционисты), считавшие, что наиболее продуктивным хозяйством является скотоводство в Казахстане.

Вопросы оседания кочевого общества, рассмотренные учеными в конце XIX – начале XX вв. среди исследователей все больше стали преобладать поссибилистские взгляды. По утверждению большинства ученых, седентаризация один из важных этапов для модернизации кочевых народов империи. Опираясь на негативное воздействие кочевого образа жизни на экосистему степей, то есть опустынивание территорий разрабатывались крайне поссибилистские взгляды среди ученых. Однако, несмотря на это, среди ученых оставались сторонники геодетерминизма.

А.Н. Байтурсынов понимал, что казахам нужно приспособиться к капиталистическим условиям рынка и старался просветить казахский народ. Трансформационные процессы в хозяйственной деятельности не могли происходить отрывочно. По мнению А.Н. Байтурсынова переход к оседлости – это длительный эволюционный процесс, который протекает веками и тысячелетиями (Байтурсынов, 1998). В публикации «Об изменении хозяйства» автор отстаивал эволюционные пути перехода к оседлости, а не насаждение ее властями, полагая, что для этого администрации нужно создать подходящие условия: подобрать территории, благоприятные для земледелия, опираясь на природно-климатические данные, население должно иметь навыки обработки земли.

М. Дулатов, являясь сторонником обусловленности скотоводческого хозяйства в регионе природно-климатической средой, считал, что земли Казахстана не приспособлены к земледелию, условия в регионе пригодны лишь для скотоводства. Если культивировать земледелие, произойдет истощение почвы, а для их восстановления понадобится 20-25 лет (Дулатов, 1995, 84-85 бб.).

На рубеже XIX - начала XX вв. русские исследователи, такие как Н.М. Ядринцев (Ядринцев, 1892), П. Головачев (Головачев, 1902), А.А. Кауфман (Кауфман, 1903; 1908), П.П. Румянцев (Румянцев, 1905; 1910), И. Аничков (Аничков, 1902), О.А. Шкапский (Шкапский, 1906) положили начало анализу трансформационных процессов в кочевом казахском обществе в составе Российской империи.

Таким образом, традиционное хозяйство казахов постепенно претерпевает изменения, сложенные веками методы ведения кочевого скотоводства, приспособленные к природно-климатическим условиям Казахстана, трансформируются, это мы отчетливо видим по анализу дореволюционных исследований. Царское правительство, проводя в казахской степи реформы, приводит к тому, что коренное население начинает приспосабливаться к новой системе управления, которое отразилось на социальной структуре казахского общества. Отчуждение казахов от своих земель в пользу государства, строительство военных линий, дефицит зимних пастбищ, зачатки развития рыночных отношений в степи постепенно рушат устоявшиеся традиционные устои казахов.

Иными словами, установление окончательной верховной власти царизма в Казахстане, изъятие земель, лучших пастбищных угодий, летовок и зимовок усугубляло положение полноценного кочевого хозяйства, нанося не только серьезный ущерб скотоводству края, но и всей традиционной системе жизнеобеспечения казахов, ставя его в узкие рамки нормального существования.

Вопросы оседания кочевого общества, рассмотренные учеными в конце XIX – начале XX вв. среди исследователей все больше стали преобладать поссибилистские взгляды. По утверждению большинства ученых, седентаризация один из важных этапов для модернизации кочевых народов империи. Опираясь на негативное воздействие кочевого образа жизни на экосистему степей, то есть опустынивание территорий разрабатывались крайне поссибилистские взгляды среди ученых. Однако, несмотря на это, среди ученых оставались сторонники геодетерминизма.

Исследователь В.В. Радлов относился к геодетерминистам по своим воззрениям и считал, что если кочевники перейдут к оседлости это приведет к упадку. Он понимал, что не нужно вмешиваться

в жизнь номадов «дальнейшее развитие отношений и форм существования, несомненно, должно происходить в степях само собой». В.В. Радлов по нашему мнению этим хотел высказать идею, что оседание должно происходить естественным путем (Радлов, 1989).

В.В. Бартольд высказывал схожую точку зрения с В.В. Радловым и заключал: «Как ни велик был вред, причиненный народу насильственным, неумелым и непосредственным вмешательством в его жизнь, едва ли однако, непригодность отдельных местностей для земледелия исключают возможность перехода от кочевой жизни к усовершенствованному скотоводству, вполне совместимому с установлением мирных условий жизни и усвоением европейской культуры» (Бартольд, 1919, С. 164-189).

Концептуальные проблемы, поднятые в основном исследователями конца XIX – начала XX вв. и дальнейшее изучение развития скотоводства и седентаризации ученые все больше склонялись к POSSИБИЛИСТСКИМ тенденциям во взглядах, но считали важным шагом перевести кочевников к оседлости с модернизацией социальной структуры. Ученые конца XIX – начала XX вв. на основе анализа сведений, собранных предшественниками и сопоставляя свои данные, опираясь на социально-политические институты, историю номадов была сделана попытка концептуально раскрыть особенности истории кочевого общества. К началу XX века был собран большой объем историко-этнографического материала о кочевниках, который нужно было осмыслить и теоретически обобщить.

Список литературы

- Аничков И. Упадок народного хозяйства в киргизских степях// Русская мысль. 1902. №5. С.50-73.
Айқап. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 1995. 368 б.
Байтурсынов А.Н. Шаруашылық өзгерісі // Қазақ газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. Б.244 - 264.
Бартольд В.В. Памяти В.В. Радлова. 1837–1918// Известия Русского географического общества, 1919. Т.54. Вып.1. С. 164-189.
Бекимов А. Қазақ халқы жайынан. // Айқап. Алматы, 1995. 94 б.
Букейханов А.Н. Казахи: историко-этнографические труды. Изд. 2-е, доп. Астана: Алтын кітап, 2007. Т.14. 303 с.
Георги И.Г. Описание всех в Российском государстве обитающих народов так же их житейских обрядов, веры, обыкновений, жилищ, одежды и прочих достопамятностей. О народах татарского племени. Переведено с немецкого. Печатано в СПб, 1776. Ч. 2.188 с.
Грайворонский В.В. Проблема перехода кочевников на оседлость в советской и монгольской литературе// Страны Дальнего Востока и Юго-Восточной Азии (Вопросы истории и экономики)/ Отв.ред.И.С. Казакевич. М.: Наука, 1970. С.13-24.
Грайворонский В.В. От кочевого образа жизни: на опыте МНР. М.: Наука, 1979. 179 с.
Головачев П.М. Сибирь: природа, люди, жизнь. М.: Изд-во Ю.И. Базановой, 1902. 288 с.
Десницкий С.Е. Юридическое рассуждение о разных понятиях, какие имеют народы о собственности имущества в разных состояниях общежития // Русская философия второй половины XVIII века. Хрестоматия. Свердловск: изд-во Уральского университета, 1990. С. 59-73
Дулатов М. Көшіп жүру керек деушілердің пікірі // Айқап. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. Б.84 – 85.
Жанталин А. Күнелтуіміз турасында. // Айқап. Алматы, 1995.- Б.98-100.
Жалпақов М. Қазақтардың отырықшы туралы // Айқап. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. Б. 173-175.
Красовский М.И. Образ жизни казахов степных округов. Изд. 2-е, доп. Астана: Алтын кітап, 2007. Т.12. 287 с.
Қазақ газеті. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.560 б.
Кауфман А.А. Русская община в процессе ее зарождения и роста. М.: Тип-я т-ва И.Д. Сытина, 1908. 456 с.
Кауфман А.А. К вопросу о русской колонизации Уральской области: отчет чл. Ученой комиссии М.З. и Г.И. А.А. Кауфмана по командировке летом 1903 г. СПб: тип. В.О. Киршбаума, 1903. Ч.1. 78 с.
Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). Алматы: Санат, 1996. 656 с.
Мәрсеков Р. Ата қонысынан айырылған қазақ жайы. // Қазақ газеті. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. 54б.
Мейер Л. Казахская степь Оренбургского ведомства. Изд. 2-е, доп. Астана: Алтын кітап, 2007. Т. 17. 193 с.
Островский В. Киргиз – земледелец. 1897, №70. 25 сентября. С. 287 // Туркестанские ведомости – этнографические рассказы. Изд. 2-е, доп. Астана: Алтын кітап, 2007. Т. 44. 299 с.
Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника/ В.В. Радлов. М.: Наука, 1989.749 с.
Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб., 1910. 66 с.
Румянцев П.П. Социальное строение киргизского народа в прошлом и настоящем // Вопросы колонизации. 1905. №5. С. 79-137.
Сералин М. Отырықшы болған қазақтар туралы // Айқап. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. Б. 415-419.
Сулейменов К. Отырықшы болу турасында // Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. Б.366-369.
Трегубов А.Л. Переселенческое дело в Семипалатинской и Семиреченской областях. СПб, 1910. 78 с.
Третьяков А.И. Рассуждение о причине изобилия и медлительного обогащения государства // Русская философия второй половины XVIII века. Хрестоматия. Свердловск: изд-во Уральского университета, 1990. С.76-82.
Тресвятский В.А. Материалы по земельному вопросу в Азиатской России. Степной край. Составитель В.А. Тресвятский. Пг., 1917. Вып.1. 135 с.

Шкапский О.А. Переселенцы-Самовольцы и аграрный вопрос в Семиреченской области (Отчет чиновника по сельскохозяйственной и оброчной частям при Сыр-Дарьинском Областном Правлении О.А. Шкапского по командировки осенью 1904 г. в Семиреченскую область). СПб.: Издание Переселенческого Управления, 1906. 198 с.

Щербина Ф.А. Киргизская народность в местах крестьянских переселений // На Сибирские темы / под ред. М.Н. Соболева. СПб., 1905. С. 174.

Ядринцев Н.М. Сибирь как колония в географическом, этнографическом и историческом отношениях. СПб.: Тип. И.Н. Скороходова, 1892. 720 с.

A.A. Imanbekova

THEORETICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF THE STUDY OF THE TRANSITION TO THE SETTLEMENT OF KAZAKHS IN CONNECTION WITH THE MODERNIZATION PROCESSES IN THE KAZAKH STEPPE

The article discusses the theoretical and methodological foundations of the process of settling of nomadic Kazakhs in the pre-revolutionary period. Researchers evaluated the transition to semi-settlement in different ways, taking into account all factors: the effectiveness, progressiveness and rationality of the transition and its consequences. The author identifies four conceptual approaches to the problem of subsistence: possibilistic, geodeterministic, evolutionary and stadial (to civilizational changes). One of the urgent problems in the history of nomadic studies is the process of nomads' transition to settlement, the transformation of their life and way of life associated with changes in socio-economic relations.

The problem of transformation of the traditional economic activity of the Kazakhs unites into a set of issues, the resolution of which is important and relevant for modern Kazakh ethnological science and Kazakh society as a whole. The transformation of cattle breeding is an integral part of the main problems in historical and ethnographic works. Based on the analysis of scientific works of pre-revolutionary researchers, it is possible to identify the main transformational trends in the traditional economy of the Kazakhs.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТҰСЫНДАҒЫ «ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АНТРОПОЛОГИЯ» МАМАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы ғылым тарихымызды ұлттық мүдде мен еліміздің ізгілікке, елдікке ұмтылуының үздіксіз үдерісі, өткені мен бүгінінің сабақтасып, астасып халық жадында жанаруы тұрғысынан қарастыруды талап етеді. Әсіресе Қазақстан халықтарының тарихы мен мәдениетін, этносаяси, этномәдени, әлеуметтік-демографиялық тенденцияларын ғылыми кешенді түрде біртұтас зерттеу отандық этнология ғылымының маңызды міндеттерінің бірі.

Этнология – халықтану жөніндегі ғылым екендігі белгілі. Оның өзекті мәселелерінің бірі ұлттың мәні мен табиғаты, қоғамдағы этникалық және жалпыазаматтық мәселелер. Этнологияның зерттеу нысанына этностың шығу тегі мен этникалық тарихы, тұрмысы мен мәдениетіндегі ерекшеліктер ғана ембейді, сондай ақ, этникалық үдерістермен байланысты этносаралық, этнотілдік, этноконфессионалдық қатынастар, халықтар арасындағы мәдени өзара ықпалдастық, мәселелермен қатар этноәлеуметтік, этносаяси, этнопсихологиялық, т.б. аспектілер де қамтылады. Сондықтан да қай елде болмасын халықтың туу, өсу, өну не халық ретінде жоғалып кету мүмкіндігін этникалық және этномәдени үдерістерді саралай отырып зерттейтін этнолог ғалымдарға қажеттілік мемлекеттік деңгейде сұранысқа ие.

Еліміз тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары осындай қажеттілікті Қазақстан республикасы да сезінді. Оның үстіне Қазақстан республикасының озық елдер қатарына қосылудағы маңызды тетіктердің бірі маман кадрлар дайындау еді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі т.ғ.д. профессор Ә.Т. Төлеубаевтың ұсынысымен алғаш рет 1991 жылы «Археология және этнология» мамандығы ашылды. Қазақстан республикасы Білім және Ғылым Министрлігі мемлекеттік тапсырыспен грант бөлініп, нәтижеде толыққанды «археолог», «этнолог» мамандар дайындала бастады. Сол алғашқы түлектердің арасынан алды ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары шықты (Д.С. Байқонақов, М.Қ. Егизбаева, Ғ.Т. Бексейтов, т.б). Олар бүгінде кафедраның белді мамандары.

Республикадағы Жоғары оқу орындарының арасында жалғыз әрі «археолог», «этнолог» мамандардың шоғырланған бірден-бір білім беру мекемесі де осы Тарих факультетіндегі Археология, этнология және музеология кафедрасы еді. Этнолог мамандар дайындауда тәуелсіздіктің бас кезінде елімізге белгілі этнология ғылымының майталмандары, т.ғ.д. профессорлар: У.Х. Шәлекенов, Ә.Т. Төлеубаев, келісім шартпен Х. А. Арғынбаев, антрополог О.И. Смағұлов, олардың ізімен т.ғ.д. Б.К. Қалшабаева, А.Б. Қалыш, т.ғ.к., доценттер: С.П. Кульсариева, Д.Б. Ескекбаев, Е.М. Тұрғынбаев, т.б. дәріс берді. Кафедраның «этнолог» мамандар дайындау аясының кеңеюіне байланысты, мамандар қатарын белгілі этнограф т.ғ.к. С.Х. Шалғынбаева, т.ғ.к., профессор Т.Е. Қартаева, өзіміздің шәкірттер арасынан ғылым кандидаттары: М.Е.Егізбаева, Қ. Баудиярова, Г. Мейрмановалар толықтырды.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында мамандар дайындауда, Білім беру бағдарламаларын жасауда көп өзгерістермен қатар жетістіктерге қол жеткіздік. Археология, этнология және музеология кафедрасы аясында «5B020800-Археология және этнология», «6M020800-Археология және этнология», «8D020800-Археология және этнология», мамандықтарының мемлекеттік стандарттары жасалынып, республиканың ЖОО арасында осы саладағы мамандар дайындаудың бірден-бір жетекшісі болды. Ал, қазіргі кезеңде бірнеше жаңа Білім беру бағдарламалары дайындалып, «этнолог» және «антрополог» мамандықтары тереңдете оқытылып, маман дайындау 3 сатыда «6B2211-Этнология және антропология» (бакалавриат), «7M02220-Этнология және антропология» (магистратура), «8D02211-Этнология және антропология» (докторантура) деңгейлері негізінде жүзеге асырылады.

«Этнология және антропология» және «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығындағы Білім алушылардың практикалық қолданысына «Этнография» оқу-әдістемелік музейі, «Камералдық өңдеу» лабораториясы пайдалануға берілген. Бакалавр деңгейіндегі студенттердің өндірістік тәжірибелері қаражаттың мүмкіндігіне орай далалық этнографиялық материалдар жинауға машықтану мақсатында облыс, аудандарда халық арасынан этнографиялық, этносоциологиялық сұрақнамалар негізінде деректер жинайды. Магистратура, докторантура бағытында білім алушылар еліміздің белді

ғылыми зерттеу институттары мен мәдениет мекемелерінде, атап айтқанда Ә. Марғұлан атындағы Археология институтында, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында, ҚР Орталық музейінде, қалалық акиматтың әкімшіліктерінде тәжірибеден өтумен қатар, мемлекет тарапынан қаржыландыруға байланысты шетелдік ғылыми ортадан да тағылымнамадан өтеді.

Этнология саласында маманданушылардың терең білім алып, кәсіби маман болып қалыптасуында кафедраның этнолог мамандары аянбай еңбек етуде. Этнология ғылымына қатысты көптеген еңбектер мен оқулықтар, оқу құралдары жазылды. Кафедраның құрметті профессоры У.Х.Шалекенов қазақ тарихына жаңа көзқараспен, тұжырымдамаларын мына еңбектерінде айшықтады: «Түріктердің отырықшы өркениеті (2003)», «История и этнология народов Амударьи и Сырдарии в XVIII – XX вв (2009)» ; «Қазақ өркениеті(2009)», «Әлем халықтарының этнографиясы (1994)», т.б. Бұл еңбектерінде зерттеуші тарихымыздың ақтаңдақтарына, соның ішінде көшпенділер концепциясына жаңа тұрғыдан қарап, Орталық Азия түріктері ежелден жаппай көшпенді өмір сүрмеген олар кең байтақ, аймақтың табиғи жағрапиялық ерекшеліктеріне икемделіп, отырықшы, жартылай отырықшы және көшпенді тұрмыс кешкендігін баяндаған.

Білім алушылардың қазақ этнографиясына қатысты оқу курсында оқылатын пәндерді оқып үйренуде профессор Ә.Т. Төлеубаевтың «Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (1991)» еңбегінің маңызы зор. Ол қазақтың исламға дейінгі наным сенімдері жөнінде, оның қазіргі кезеңдегі сабақтастығы мен мәнін жазады. Аталған еңбек білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруда маңызды. «Қазақ халқы этнографиясының мәселелері» атты еңбегінде қазақ халқының ерте кезеңнен қазіргі кезеңге дейін келе жатқан әртүрлі наным-сенімдердің сарқыншықтарына арналған. Ғалым түрлі соқыр сенімдерге негізделген әдет ғұрыптар мен салт саналарды сипаттап жазумен қатар олардың ішкі тарихи мәнін де саралайды. Ғалымның жинақтағы «Қазақ халқының табиғат мінажаты», «Пережитки магии в традиционной детской обрядности казахов начале XX века», «О пережитках ранних форм верований и обрядов в современном быту казахов», «А. Байтұрсынов еңбектеріндегі қазақ қоғамының жай күйі, мәдениеті мәселелері», «Қазақтың этномәдени мұраларын жинау бағдарламасы(қолданбалы-оқу әдістемелік құрал) (2014)» т.б. еңбектері студент, магистрант, докторанттардың элективті курстарында кеңінен пайдаланатын еңбектерінің бірі.

Этнология және антропология маманданушыларының оқу курстарында пайдаланылатын маңызды оқулық, оқу құралдары белгілі этнограф ғалым А.Б. Қалыштың еңбектері. Оның еңбектері Қазақстанның қазіргі қазіргі этникалық және этномәдени үдерістермен, қазақ-репатрианттардың қазақ қоғамына интеграциялануын, қазақтардың генеалогиясымен (шежіре), қазақ халқының этногенезі және этникалық тарихы және көпэтносты Қазақстанның басқа да этностарының этнографиясына арналған. Олар мыналар: «Динамика социально-демографического развития казахов в 1959-1970 гг.» (2003), көптомдық «История казахских родо-племенных групп» (2005-2006), «Отантану» (2007), «Актуальные проблемы этнологии» (2007), «Этногенез и этническая история казахов» (2007), «Қазақстан тарихы» (2008), «Этнические аспекты семьи и брака народов Казахстана» (2012), «Фундаментальные проблемы этнологии» (2013), «Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы» (2013), «Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы» (2014), «Историческое краеведение Казахстана» (2017), «Historical local studies of Kazakhstan» (2019), «Историческое краеведение Казахстана по археологическим и письменным источникам» (2019), «Пути интеграции оралманов в казахстанское общество: реалии и вызовы» (2013), «Семья и брак в современном Казахстане» (2013), «Внутрисемейные конфликты и разводы в современном Казахстане» (2013 «Миграции казахов: вызовы этнической репатриации в условиях глобализации» (2015); «Проблемы устойчивости и конфликтности браков в Южном Казахстане (2016), «Қазақстан қырғыздары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» (2016), «Қазақстан эзербайжандары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» (2016), «Қазіргі Қазақстан: отбасы және ажырасу мәселелері» (2017), т.б. тақырыптағы еңбектері.

Мамандану барысында тереңдеп оқылатын базалық оқу курстарына арналған т.ғ.д. Б.К. Қалшабаеваның «Теориялық этнология (2016)», «Әлем халықтарының этнографиясы (2017)», «Орта Азия халықтарының этнографиясы 2003, 2017» оқу құралдары мен «Қазақ диаспорасы және репатрианттар проблемаларын зерттеудің методикалық нұсқауы (оқу- әдістемелік құрал) (2014), «Қазақтың этномәдени мұраларын жинау бағдарламасы(қолданбалы-оқу әдістемелік құрал) (2014)», «Этнология пәні бойынша тест сұрақтары (оқу-әдістемелік нұсқау) (2015)» оқу-әдістемелік нұсқаулар, мұнан басқа «Әлем халықтарының этнографиясы» бойынша МООК Онлайн 15 лекция (2017), 100 кітап аясындағы С.Лурьенің «Тарихи этнология» кітабы негізінде түсірілген 25 дәріс.- Қазақстанның ашық университеті (2019) сайтында жарияланған. Қазақ диаспорасына қатысты шет елдік басылымдарда **Tomsen Reuters, Scopus базасында:** Some Problems of Repatriation and Adaptation of Representatives of the Kazakh Diaspora of Central Asia in the Historic Homeland // Middle –East jornal of Scientific Research

15 (1);, 2013. - P. 20- 26. - ISSN 1990 – 9233 (в соавторстве); History of kazakhs resettlement to the territory of Altay republic in russian federation// Anthropologist, 24(2): 659 668 (2016) ©Kamla-Raj 2016 (Индия) (в соавторстве) **Tomsen Reuters және Scopus базасында**; Kazakh diaspora in Kyrgyzstan: history of settlement and ethnographic peculiarities //Folklore (Estonia) Volume 76, 2019 P. 155-178.**Scopus базасында жарияланды.**

Т.Е. Қартаеваның «Музей нысандарын реставрациялау және консервациялау: әдістемелік нұсқаулық (2017)», «Этнологиялық танымдар сөздігі (2017)», «Музей ісі және ескерткіштану терминдер сөздігі (2018)», «Әлемдік музейлер кеңістігі (2013)», «Музей ісіндегі инновациялар: оқу құралы (2021)» оқу құралдары этнологтарға беретін ілімі зор. Сол сияқты, Тургунбаев Е.М. «Шежіретарихи-этнографиялық дерек (2016)», С.Х. Шалғынбаеваның «Музеи под открытым небом (2013)», «Ашық аспан астындағы музейлер (2014), «Вопросник по этнокультурному исследованию городских казахов: этносоциологическое исследование (2016)», «Краткий словарь этнологических терминов (на русском, казахском, английском языках) (2018)», «Методические рекомендации по организации и проведению эдвайзерских часов (на казахском русском языках) (2021)», М. Қ. Егізбаеваның «Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті (2012)», «Түркі әлемінің этнографиясы (2019)» т.б., Г.А. Мейрманованың «Этнологиялық зерттеу әдістері (2017)», Қ. Баудиярованың «Қазақстандағы неке және отбасы мәселесінің зерттелуі» ұжымдық авторлармен «Проблемы устойчивости и конфликтности браков в Южном Казахстане» еңбектері жарық көрді.

Археология, этнология және музеология кафедрасының белгілі ғалымдары тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде ақ өз халқының тарихы, мәдениеті оның адамгершілік құндылықтары, дәстүрі, әдет ғұрыптарына деген қызығушылығын назардан тыс қалдырған жоқ. Себебі, әлемнің барлық халықтарының мәдени-тарихи дамуын жетілдірілуі этносаралық қатынас пен өзараықпалдылықпен байланысты. Кафедра ғалымдары ХХ ғ. 90 жылдарының басында алғаш рет шет жерлерде жүрген қандастарымыздың этникалық дамуын ғылыми зерттеу мақсатында кандидаттық диссертациялар тақырыбын бере бастады. Өздеріңізге белгілі еліміз тәуелсіздігін алғанға дейін алыс және жақын шет елдердегі қандастарымызды зерттеу былай тұрсын, оларды іздеудің өзі «ұлтшылдық» деген түсінікке әкелетін. Міне, бұл тақырыпта да ғылыми зерттеу жұмыстарымен ҚазҰУ этнолог ғалымдары көш бастады. Нәтижеде, Б.К. Қалшабаева «Өзбекстандағы қазақтар (солтүстік шығыс аймағы деректері бойынша)» (1994 ж. жетекшісі т.ғ.д. профессор У.Х. Шәлекенов), Д. Ескекбаев «Орынбор қазақтары» (1995 ж. жетекшісі т.ғ.д. профессор Ә.Т. Төлеубаев) кандидаттық диссертациялар қорғалса, 2010 жылы т.ғ.д. профессор Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігінде «Орта Азиядағы қазақтар (тарихи-этнографиялық зерттеу) тақырыбында Б. Қалшабаева докторлық диссертация қорғады. Зерттеу нәтижесі 2011 жылы «Орта Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» (25 б.т.) тақырыбында монография жарияланды, бұл еңбек ағылшын тілінде 2014 ж. «Арыс баспасынан» және Германияның «Scholars Press» баспасынан 2015 ж. «Central Asian Kazakhs (Historical-ethnographic research – 240 б.)- атаумен жарық көрді. Еңбекте 1924-1928 жж. Орта Азия республикаларымен этникалық-территориялық шекараны межелегуге байланысты құнды деректермен этнографиялық ерекшеліктері қамтылған, ондағы материалдар кейінгі кезеңдегі демилитациялау мәселелерінде қосымша болса да көмегі тиді. Кейін де кафедра этнографтары Б.К. Қалшабаева, А.К. Бейсеғұлова Түркиядағы қандастарымыздың арасына барып, елден көптеген құнды материалдар жинақтап, олардың дәстүрлі мәдениетті сақтауы мен жоғалтуы, ассимиляциялану проблемаларын зерттеп, нәтижесінде «Түркия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» тақырыбында монография жарыққа шықты. Осы еңбектердің сабақтастығы ретінде А.К. Бейсеғұлова «Қазақ диаспорасының бірегейлігі: Түркия және Өзбекстан қазақтарын салыстырмалы зерттеу» тақырыбында 2022 жылы докторлық диссертациясын (PhD) сәтті қорғады.

Этнографиялық ізденістер қай кезеңде болмасын саяси, әлеуметтік-мәдени үдерістердің күшеюімен байланысты болды. Этнология ғылымының дамуы халықтардың мәдени дамуындағы айырмашылықтарды, қалыптасу механизмін түсіндіру мен этникалық психологиялық, нәсілдік ерекшелігін анықтау, этникалық ерекшеліктердің өзара байланыстылығын құру және қоғамдық құрылымын, сол не басқа халықтың тарихи ролін ғылыми түрде түсіндіру қажеттігінен туындады. Сондықтанда этнолог ғалымдар әр кезеңде де мемлекетіміздің этникалық және этномәдени үдерістерін, қазақ халқының тарихи-мәдени дамуын, этникалық бірегейлік мәселелерін аймақтық шеңберде зерттеуге көңіл бөліп отырды. Кафедрамыздың қазіргі жас этнолог ғалымдары осы кезеңдерде этнографияның көкейтесті мәселелерімен айналысып, қорғауға шыға бастады. Мәселен, ғылыми жетекші т.ғ.д. профессор Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігінде Абдуллина А. «Современные этнокультурные процессы в среде сельского населения Жетысу (по материалам этносоциологического опроса)» (1998), Шалғынбаева С.Х. «Современные семейные традиции и социокультурный облик городского казахского населения (по материалам этносоциологического обследования г. Алматы и

Тараза» (2002 г.), Байгабатов Н.К. «Казахи Жетысу во второй половине XIX- начале XX вв. (историко-этнографическое исследование)» (2004), Егізбаева М.Қ. «XIX ғ. аяғы-XX ғ. басындағы Тарбағатай өңірі қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» (2007 ж.), т.ғ.д. профессор А.Б. Қалыштың жетекшілігінде Қ. Баудиярова «Оңтүстік Қазақстандағы бірұлтты және ұлтаралас некелердің тұрақтылығы мен сақталу мәселелері» (2009 ж.) т.б. тақырыптармен кандидаттық диссертациялар қорғалды.

«Археология және этнология» докторантура сатысында PhD – философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін этнология саласы бойынша докторлық диссертациясын қорғап, бірнеше жас ғалым қатары этнология ғылым мектебіне қосылды. Олар: А. Сейсенбаева «Жетісу аумағындағы репатрианттар: этномәдени және миграциялық үдерістері» (2014), «Қазақ даспорасының этникалық бірегейлігі: Түркия және Өзбекстан қазақтарын салыстырмалы талдау» (2022) жетекшісі Б.К. Қалшабаева, А.Б. Қалыштың жетекшілігінде Султаниярова А.Ж. «Оңтүстік Қазақстандағы этномәдени үдерістер (2015)», Е. Рахимов (Этнография казахов России в трудах отечественных и зарубежных исследователей (XVIII- начала XXI вв.) (2017), Ж. Терекбаева «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі» (2019), жетекшісі Ә.Т. Төлеубаев Иманбекова А.А. «Теоретические проблемы изучения традиционного хозяйства казахов XVIII- начала XX вв. (2019)» т.б. ізденушілер PhD – ғылыми дәрежесін қорғап, өзіміздің оқу орнымен, басқа да Жоғары оқу орындарында қызмет етуде.



Кафедраның «археолог» және «этнолог» мамандары «Оразбаев оқулары» Халықаралық конференциясында

Археология, этнология және музеология кафедрасының этнолог мамандары этнологияның әртүрлі бағыттарымен айналысады. Себебі, қазіргі кезеңдегі этнологияны өзінің осыған дейінгі дамуымен салыстырғанда оның зерттеу бағыты бай және алуантүрлі. Бұған дәлел қазіргі кезеңдегі этнологтардың кәсіби қызуғушылығына тек «дәстүрлі мәдениет», не болмаса «артта қалған халықтар» кірмейді, сонымен қатар қазіргі индустриалды қоғамдағы этникалық үдерістер де кіреді. Соңғы кезеңдегі әлемдегі терең саяси-әлеуметтік өзгерістер ғалымдарды этнология пәнінің мәселелеріне қайта алып келді. Бүгінгі таңда мынандай мәселелер өзекті: әртүрлі халықтардың мінез-құлық үйлесімділігі, әртүрлі мәдениет үлгілерінің өзараықпалдастығы мен қатар өмір сүруі, тұрақты мәдениаралық байланыс жағдайында этникалық топтардың психологиялық ерекшелігінің өзара бейімделуі, дәстүрлі емес жағдайында босқындар мен мигранттардың этникалық санасын дамыту,

басқа шаруашылық мәдени типтегі этностың экономикалық тәртібінің ерекшелігі, т.б. Осы тұрғыдан да кафедраның этнолог ғалымдары қоғамның көкейтесті мәселелерімен айналысады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ этнолог ғалымдарының зерттеулеріндегі негізгі тұжырымдары мен бағыттары

ҚазҰУ Тарих факультетінің этнолог ғалымдары У.Х. Шәлекенов, Ә.Т.Төлеубаев, А.Б. Қалыш, Б.К. Қалшабаева, Т.Е.Қартаева, М.Қ.Егізбаевалар бірнеше рет ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру негізінде іргелі ғылыми жобаларға жетекші, жауапты орындаушы болып зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сол зерттеулер нәтижесінде қазақ этнографиясының іргелі мәселелеріне қатысты теориялық-метеодологиялық ұстанымдар қалыптасты.

Еліміздің тәуелсіздігінің арқасында кеңестік кезеңдегі тарихтың кейбір бұрмаланған тұстарына ашық өз ой-пікірімізді, тұжырымдамамызды айта бастадық. Солардың бірі кафедраның ақсақалы, т.ғ.д. профессор марқұм **У.Х.Шәлекенов** еңбектеріндегі тұжырымдар мен бағыттар. Оның «Түріктердің отырықшы өркениеті (2003)», «Ежелден түріктер отырықшы. Қазақ өркениеті (2020)» деген еңбегінде түркілердің Орталық Азияға Сібірден, Алтайдан келгені туралы пікірлердің негізсіздігін көрсету. «Орталық Азия – әлем түріктерінің ежелгі отаны. Осы географиялық кеңістікте туып, өсіп, алғашқы өркениеттің негізін салған және оны үздіксіз жалғастырып келе жатыр», – дейді ғалым [1,]. Ғалымның бұл ойлары шетелдік зерттеушілердің идеяларымен қабысып жатыр. ХІХ ғасырда дат ғалымы П.Ф. Сум да осыған ұқсас пікір айтқан еді: түрік тайпалары сол қоныстанған жерлерінде тұрақты өмір кешкен, олар бір жаққа ауа көшіп кетпеген немесе олардың қонысына басқалар көшіп келмеген, тек қана олардың жалпы атауы өзгеріп отырған, ал бұл өзгеріс олардың қатарындағы скиф, сармат, алан, гунн, хазар, куман, болгар, татар сияқты қай тайпаның басымдық рөлі күшейгендігіне байланысты болған [2,28]. У.Х.Шәлекенов еңбектеріндегі аса бір маңызды идея – қазақ халқының өркениеттік негіздерін көшпенділікпен сипаттаудың негізсіздігін көрсетуі. «...Көшпелі өркениет деген тұжырымдама сын көтермейді. Ол ғылыми тұрғыдан дәлелденбеген және дәлелденбейді», – деп жазады ғалым. Өркениеттік тұжырымдама қоғамның дамуының негізін адамның дамуы, оның рухани дүниесінің (мәдениет, ғылым, білім, өмір сүру тәсілі мен тұрпаты, т. б.) дамуы құрайды деген идеяға негізделеді. «Өркениет» түсінігінің осы мағынасына «көшпенділер өркениеті» түсінігіне қарағанда «түркі өркениеті» және «ислам өркениеті» түсініктері неғұрлым сәйкес келетінін көреміз. Еуразия даласындағы халықтардың өркениетін «көшпенділер өркениеті» ретінде емес, «түркі өркениеті» ретінде қабылдау қажет. У.Х. Шәлекенов өз еңбектерінде түркі өркениетінің дербес, айрықша, жеке мәдени-тарихи түр немесе өркениет екендігін тіл мен салт-сана, рухани қазына ортақтығымен және басқа да дәлелдермен көрсеткен.

У.Х. Шәлекенов ислам дінінің таралуы барысында да түрік өркениетінің өзіндік бетін сақтап қалғанын айтады: «VII-VIII ғғ. ислам Орталық Азияға таралып, көп ұзамай оны түркі жұрты да қабылдап, мемлекеттік ресми дініне айналдырған. Бұл дін түркілердің рухани өрлеуіне айтарлықтай әсер етіп, орта ғасырларда әлемдегі үш өркениеттің біріне айналған» [3]. Шынында да, түркі өркениеті мен ислам өркениеті бірін-бірі жоққа шығармайды. Еуразия даласында екі өркениеттің – түркі және ислам өркениеттерінің тоғысуы болады. Мұндай тоғысудың кезінде дағдарыстық жағдайдағы немесе әлсіз өркениет қуатты өркениетке жұтылып, сіңіп кетуі мүмкін. Алайда бұл түркі өркениетінің қуаты әлсіремеген, оның да өркен жаю кезеңі болғандықтан тоғысу нүктесінде өркениеттің жаңа нұсқасы – түркі-ислам синтезі қалыптасқан Түркі өркениеті тарихының ақтандақтары баршылық. Ең бастысы – түркі өркениеті бүгінге дейінгі белгілі әлемдік өркениеттерді жіктеген ғалымдардың еңбегінде жеке, дербес өркениет ретінде өз орнына ие болып отырған жоқ. Оның себебі – түркілердің тілін, тегін және тарихын әрбір түркі мемлекеттерінің ғалымдары жеке-жеке, тек қана өз тарихына бейімдеп зерттеп, бірлескен, ортақ, кешенді зерттеулер жүргізуден кенже қалып отырғаны ма деген ой келеді. У.Х.Шәлекеновтің соңғы жылдарда көтеріп жүрген идеялары әлемдік тарих ғылымындағы негізгі озық ойлармен ұштасып жатқанын көріп отырмыз. Осыған орай ой-өрісі аса кең, білімі терең, ғылыми тәжірибесі мол Уахит Шәлекенов сияқты ғалымның көтеріп отырған мәселесі қазақ ғылымындағы жаңа бағыттың қалыптасуына негіз болуға тиісті деп ойлаймыз.

Этнология ғылымындағы қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне қатысты көкейтесті мәселелер профессор **Ә.Т. Төлеубаевтың** зерттеулерінде басымдыққа ие. Ғалым бірнеше рет осы тақырыптар аясындағы ҚР БҒМ гранттық қаржыландыруындағы іргелі зерттеулердің ғылыми жобаларын жеңіп алған. Соның бірі 2015-2017 жж. «Қазақтың дәстүрлі наным-сенімдері және соларға байланысты әдет-ғұрып-тардың тарихи-этнографиялық, семантика-семиотикалық, мәденигенездік зерттеулер» атты ғылыми жоба. Зерттеу барысында ғалым мынадай тұжырымдамаларға тоқталады.

Ұлттық болмысымыздың құрамдас бөлігінің бірі халықтың әдет-ғұрыптары, салт-санасы. Ұлттық мәдениетіміздегі дәстүрлі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, онымен байланысты наным-сенімдер

халқымыздың тарихымен, ұлттық болмыс-бітімімен, дүниетанымымен үндесе дамып келе жатыр. Ұлттық көзқарас, түсініктердің үлкен бір бөлегін халықтық наным-сенімдер, солармен байланысты ғұрыптар, жол-жоралғылар, ырымдар жүйесі құрайды. Тәуелсіз ел болып егемендігімізді алған жағдайда ұлттық сана-сезімнің кейбір томағаланған тұстары ашылып, жаңадан түледі. Осы жағдайда ел тарихы, ұлттық салт-дәстүрлерге деген қызығушылық арта түсті. Халықтың қалыптастырған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, онымен байланысты наным-сенімдердер халқымыздың тарихи дамуындағы дүниетанымы, салт-санасы, рухани мұрасының сақталуы, өзгерісі, жаңғыруын зерттеу бүгінгі күннің талабы. Осы тұрғыдан алғанда да зерттеудің ғылыми-тәжірибелік маңызы жоғары. Себебі, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастырған әдет-ғұрпы, наным-сенімдері халқымыздың дүниетанымынан, мәдениетінен мол мағлұмат, сан-алуан сыр-сипат береді. Қазақ халқының рухани мәдениетінде ерекше орын алатын әдет-ғұрыптар, салт-саналарды зерттеудің өзектілігі сонда, біріншіден, жаһандану заманында дәстүрлі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, онымен байланысты наным-сенімдері, мәдениет нысандары, өз мәнін жойып, не түрленіп өзгеріске түсуде. Екіншіден, зерттелініп отырған қазақтың дәстүрлі діни сенімдері, соған байланысты дүниетанымы, ырым-жырымдары, салт-санасын арнайы насихаттайтын, қорғайтын ешбір ресми идеологиялық құрылым жоқ. Жаһандану жағдайында кейбір ұлттық дәстүрлеріміздің, салт-санамыздың, дәстүрлі мәдениетіміздің түп-тамыры, сипаты түрленіп, өзгеріске түсіп жатқанда мәдени мұрамыздың түп тарихын біліп, оны болашақ ұрпаққа жеткізу біздің ұлт азаматы ретіндегі міндетіміз. Осы тұрғыдан алғанда қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарын және онымен байланысты наным-сенімдерін, діни сенімдерін, халықтық дүниетанымын тарихи-этнографиялық, мәденигенездік және семантикалық зерттеудің маңызы ерекше. Зерттеудің нәтижесінде қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріндегі наным-сенімдердің мән-мағынасы, гносеологиялық, этномәдени тамырлары анықталып, наным-сенімдердің мәденигенездік, семантикалық, тарихи этнографиялық түп тамыры көрсетілді.

Аталған тақырыпты зерттеу барысында Ә.Төлеубаев басқарған зерттеушілер тобы мынадай ғылыми нәтижелер мен жаңалыққа қол жеткізді:

Қазан төңкерісі және Кеңес дәуірі кезеңіндегі зерттеулер мен мерзімді басылымдарда жарияланған қазақ халқының дүниетанымындағы наным-сенімдердің семантикалық мән мағынасы талданып, ой тұжырымдалды;

Далалық этнографиялық экспедициялар нәтижесінде халық арасынан қазақтардың отбасылық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, наным-сенімдері жөнінде жиналған материалдар зерттеулердегі мәліметтермен салыстырылды;

Қазақтардың тұрмыс салты мен шаруашылық жүйесіндегі және күнделікті тұрмыста кездесетін наным-сенім, ырым жоралғылардың шығу тегі, мән-мағынасы, тарихи-этнографиялық сабақтастығы айқындалды;

Қазақтың отбасылық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарындағы наным-сенімдердің бүгіндегі сақталуы мен өзгерісі, сабақтастығының мәні далалық этнографиялық экспедиция материалдары негізінде қарастырылып, тұжырымдалды;

Зерттеудің мәденигенездік бағытымен қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріндегі наным-сенімдердің исламға дейінгі және исламмен байланыстылығы анықталды. Зерттеу жұмысының нәтижелері «Қазақтың дәстүрлі діни сенімдері (мазмұны, мәні, шығу тегі)» атты монографияның үш тарауында көрініс тапты. Осы жоба тақырыбы аясында жиналған материалдар, шыққан мақалалар Археология, этнология және музеология кафедрасында оқылатын «Қазақтың әдет-ғұрыптары», «Қазақтың рухани мәдениеті», «Қазақ халқының дүниетанымы», «Қазақ халқының шаруашылығы», т.б. элективті курстарында пайдаланатын болады. Сонымен қатар, осы жоба аясында жазылатын мақалалар, монография «Қазақ этнографиясы», «Қазақстан тарихы» бойынша да жазылатын оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдарға пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерін ЖОО, арнайы мамандырылған оқу орындарында мәдениет мекемелерінде әдістемелік ұсыным ретінде және келтірілген мәліметтер мен жасалған тұжырымдарды «Қазақ халқының этнографиясы», «Қазақ халқының рухани мәдениеті» бойынша жазылатын, оқулық, оқу құралдары мен ғылыми еңбектерде қосымша құрал, дерек көзі ретінде қолдануға болады. ҚР ЖОО, арнайы мамандырылған оқу орындарында мәдениет мекемелерінде әдістемелік ұсыным ретінде және келтірілген мәліметтер мен жасалған тұжырымдарды «Қазақ халқының этнографиясы», «Қазақ халқының рухани мәдениеті» бойынша жазылатын, оқулық, оқу құралдары мен ғылыми еңбектерде қосымша құрал, дерек көзі ретінде пайдалануға болады.

Зерттеудің ғылыми тәжірибелік маңыздылығы мен экономикалық тиімділігі сонда ол қазақтың дәстүрлі наным-сенімдерін зерттеудің ғылыми-тәжірибелік маңыздылығын көрсетеді, аталған зерттеу нәтижелерін халықтың жадынан өшіп бара жатқан дәстүрлі мәдениетіміздің кейбір тұстарын қайта

қалпына келтіруге ықпал етеді. Қайта жаңғырып келе жатқан ұлттық санамыздың нығаюына дәстүрлі ғұрыптар мен дүниетанымдық ұстанымдар рухани тірек болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасы сонау Кеңестік кезеңнің өзінде –ақ, ақ КСРО-ға енетін республикалардағы барлық халықтарды этникалық тегінен бұрын «кеңес халқы» деп атау, бағыты өрістеп тұрғанда алғаш рет шет жерлерде жүрген қандастарымызды зерттеудің бастамасын 1983-1984 жж. профессор Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен Орынбор, Астрахан қазақтарын зерттеу мақсатындағы этнографиялық экспедициялар материалдары құрайды. Бірақ аталған аймақтардан әкелінген материалдардың өңделіп, ғылыми айналымға енгізілуі тек еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Осы кезеңдерде тарихымыздың ақтаңдақ беттеріне назар аударып, көптеген жаңа деректер, мәліметтер пайда болды. Қазақ диаспорасына қатысты кандидаттық диссертациялар тақырыбы беріліп, жан-жақты зерттеулер, еңбектер көбейеді.

Алыс және жақын шет елдердегі қандастарымыздың тарихи тағдыры мен қазіргі кезеңдегі этникалық және этномәдени үдерістеріне арналған еңбектердің бірі тарих ғылымдарының докторы, Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры м.а. **Б.К. Қалшабаеваның** «Орталық Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)»-Алматы: Қазақ университеті, 2011. 406 б. тақырыбындағы монографиясы еді. Бұл еңбек қысқартылған түрде ағылшын тіліне өз елімізде «Central Asian Kazakhs (Historical - ethnographic research)».-Almaty:Arys, 2014.- p. 216. және Германияда «Central Asian Kazakhs (Historical- ethnographic research)-2015-05-06, - p. 216, Scholars' Press баспасынан жарық көрді.

«Орталық Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу) монографиясы Орталық Азия елдеріндегі қазақтардың тарихы, яғни «ирредент», «диаспора» этникалық тобындағы статусы, басқа этникалық ортада дәстүрлі мәдениетінің сақталуы мен ерекшелігі, жергілікті халықтармен мәдени ықпалдастығы деңгейі аясында қарастырылады. Еңбек бұрын-соңды ғылыми айналымға енгенімен Өзбекстан, Қырғызстан елдерінің мемлекеттік архивінен алынған деректермен, XIX-XX ғғ. зерттеулер және автордың далалық этнографиялық экспедициялық материалдары негізінде сарапталып, салыстырыла отырып, тарихи-этнографиялық тұрғыда жазылған.

Монографияда сарапталып, зерделенген деректер бір жағынан қазақ диаспорасының қалыптасуындағы кейбір аңтаңдақтарды көрсетсе, екінші жағынан бұрын соңды ғылыми айналымға түспеген архив деректерімен кеңінен таныстырады. Ондай деректер қатарына Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстан республикаларымен этникалық-территориалдық шекараны межелеу барысындағы құжаттар жатады. Соның бірі Өзбекстан архивінен алынған Өзбекстан мен Қазақстанның шекарасын межелеу барысындағы Ташкент уезінің Болат, Зеңгіата, Ниязбек болыстықтары төңірегінде дау. Ташкент қаласын солтүстік шығысында Ниязбек болыстығы, батысын Болат болыстығы, Оңтүстігін Зеңгіата болыстығы қоршады. Бұл үш болыстықта Шыршық өзенінің батысына қарай жатса, Шыршықтың келесі бетіндегі шығысында Ташкентке қарай күрішті аудандарды құрайтын алты отырықшы қазақ болыстықтары орналасқан еді. Қазақстан республикасына өткен өзбектер мен олар мекендеген шұрайлы жерлердің төлемі ретінде жоғарыдағы 6 отырықшы қазақ болыстықтары Өзбекстан территориясына енгізіледі [4, 20 п.]. Сол сияқты Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы этникалық-территорияны межелеуге байланысты да Атбашы бөлімшесінде тұратын 42 отбасы қазақтар (арғын руынан) өтініш беріп, осы бөлімшеден ешжаққа көшіп-қонбай иеленуде екендігін, сондықтан өздерін осы жерге қалдырып, бұл жерді Қырғызстан автономиялы облысына қосуды талап етеді» [5, 102-102а п.]. Бұл деректер қандастарымыздың өзінің тарихи Отанынан бөлініп қалып, Өзбекстан мен Қырғызстандағы «қазақ диаспорасын» қалыптастырғандығын дәлелдейді. Мұндай құжаттар сырттағы қандастарымыздың тарихи тағдырын, өсу, өну, дамуын айқындауда маңызы зор екендігі айқын.

Б. Қалшабаеваның «Орталық Азиядағы қазақтар (тарихи-этнографиялық зерттеу)» атты монографиясында қандастарымыздың тарихи тағдырымен қоса, бүгіндегі ұлт ретінде даму үдерісі, ұлттық болмысының, мәдениетінің сақталуы мен өзгерісі мәселелері де талданған. Бүгіндегі әлемдік өркениет жағдайында болып жатқан түбегейлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістер Орталық Азия аймағындағы елдерге де тікелей қатысты. Шет жерлердегі қандастарымыздың тарихи даму эволюциясы да, этникалық және этномәдени үдерістері де қазақ этносының дамуының тұтас бір бөлігі. Сондықтан да ерте кезеңнен ақ көршілес мемлекеттермен тарихи, геосаяси, этносаяси және геоэкономикалық өзара байланыста болған Қазақстан Республикасы сырттағы қазақтардың бөгде ортада этникалық даму мүмкіндігін, этнос ретінде саяси статусын, әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерінің орындалуын өзінің ішкі және сыртқы саясатында назардан тыс қалдырмауда.

Әлемдегі диаспораның үлкен бір қауымын қазақтар құрайтындығы белгілі. Өз республикасынан тыс, шет жерлер мен шет елдерге таралу жағынан да қазақтар алдыңғы орындарда тұр. Халқымыздың 5,5 миллионға жуығы төл ортадан жырақта өмір сүруде. Соның ішінде саяси-экономикалық құрылымы әртүрлі елдерде өз қандастарынан бөлек ортада өмір сүріп отырған қазақтардың үлкен бір қауымын Орта Азиядағы қазақтар құрайды. Қандастарымыздың шет жерлерге таралу тарихы да баршамызға аян. Ол XVII-XVIII ғ.ғ. халқымызға жасаған қыспақ жоңғар шапқыншылығының зардабы, XIX және XX ғасырдың бас кезеңіндегі патшалық Ресейдің отаршылық саясаты (қазақтардың дәстүрлі қоныстану тәртібін әміршіл-әкімшілік жолмен шешуі, шұрайлы жерлерді басып алуы, 1916 жылғы патша жарлығы), 1917-1918 жж. саяси экономикалық дағдарыс, онан кейінгі кезеңдердегі ауыртпашылықтағы қоғамдық саяси жағдайлар, күштеп коллективтендіру дәуіріндегі асыра сілтеу, ашаршылық, т.б. Міне, осындай Кеңес Одағы коммунистік партиясының және жергілікті жерлердегі қайраткерлердің солақай саясаты т.с.с. себептерден қазақ диаспорасы мен ирредентінің негізі қаланды. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап шетелдерде жүрген қандастарымызды өз ата мекеніне оралуға шақырды, сөйтіп 1991 жылы алғашқы көштің легі басталған болатын.

Бөлек этникалық ортада өмір сүріп отырған барлық диаспораның атамекенінде мемлекеті бар, ол сол халықтың дамуының этникалық кеңістігі болып саналады. Сондықтан да шет жерлерде төл ортадан бөлек өмір сүріп жатқан қандастарымыздың этникалық, мәдени-рухани дамуына мемлекетіміз бар мүмкіндігінше қамқорлық жасауда. Саяси экономикалық дамуы әртүрлі деңгейдегі елдер қандастарымыздың барлық қажетін қанағаттандырады деу қиын шығар. Қазақ жұртының арқа сүйер сүйеніші де, ұлт болып ұйып, берекеге кенеліп өсіп-өнетін атажұрты, киелі құт мекені де тек қазақ жері, Қазақстан мемлекеті. Міне, осыған байланысты Қазақстан Республикасы шетелдердегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдап, оларды мүмкіндігіне қарай елге қайтару не ұлттық сана сұранысына қарай жағдай жасауда. Осы орайда 1992 жылы Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығының құрылуы шетелдердегі қазақтармен байланыс жасауда маңызды іс-шаралар мен қызметтер етуде. Сондай ақ тарихи отанына қайтқысы келген қандастарымызға жағдай жасау, көші қон мәселелерімен айналысатын орталықтар құру т.с.с. шаралар жүргізіп отырғаны да белгілі. Шет жерлерде мекен етіп отырған қандастарымызды тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу ұлт бірлігін нығайтып, ұлтымыздың дамуына, жандануына ғана әкеліп қоймай басқа елдердің аз санды халыққа деген қатынас тәжірибесін анықтап, зерттеуге де мүмкіншілік береді. Сондықтанда шет елдердегі қазақтардың проблемалары, олардың этно-әлеуметтік мәселелері және этнографиялық болмысы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Себебі, шетте жүрген қандастарымыз қазақ этносының бір бөлігі, қазақ халқының тұтастығын, көздейтін болсақ, олардың дәстүрлі мәдениетімен қазіргі жағдайдағы этномәдени үдерістерін, этномәдени мұраларының сақталуы мен даму деңгейін, өзгерісін зерттеу, ҚР ұлттық идеясын қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі. Бұларды тарихи-этнографиялық тұрғыдан саралай отырып, зерттеу бүгінгі күннің талабы.

Зерттеу жұмысында Орталық Азия елдеріндегі қазақтардың тарихи-этнографиясының деректемесі мен тарихнамасына талдау жасалған, сыни көзқарас берілген. Еңбекте келтірілген көптеген архив құжаттары ғылыми айналымға түспеген құнды деректер болып табылады. Зерттеу Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан елдері Мемлекеттік Архивінен алынған деректер, патша өкіметі тұсы мен Кеңес дәуіріндегі және тәуелсіздік жылдарындағы статистикалық материалдар, XIX-XX ғғ. орыс зерттеушілерінің еңбектері, далалық этнографиялық экспедициялық материалдар, музейлік заттық мәдениеттер, фотоқұжаттар негізінде сараланған.

Монографияда «Орталық Азиядағы қазақтардың этникалық тарихы», «Орталық Азия елдеріндегі қазақтардың рулық құрамы, орналасуы және этнодемографиясы», «Орталық Азия елдеріндегі қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы және кәсібіндегі ерекшеліктер», «Орталық Азия елдеріндегі қазақтардың материалдық мәдениетіндегі ерекшеліктер», «Отбасылық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріндегі ерекшеліктер», «Қазіргі кезеңдегі Орта Азиядағы қазақ диаспорасының Отанға оралуы және бейімделу мәселелері» атты тараулардан тұрады. I тарауда Орта Азиядағы қазақтардың этникалық тарихы, аймақтың саяси әкімшілік-территориалдық бөлінісі, қазақтардың Орталық Азия ішкері аймақтарына қоныстану тарихы, олардың “ирредент” не “диаспора” этникалық қауым ретінде қалыптасуының кезеңдері отандық және шет елдік архивтік құжаттармен негізделі берілген. Жоңғар шапқыншылығы зардабы, қазақ даласындағы орыс отаршыларының тонаушылық әрекеттері, жайылым жерлердің тарылуы, 1916 ж. тарихи оқиға, 1917-1918 жж. қызыл террор жөніндегі құнды архивтік деректермен қазақ диаспорасының қалыптасуын, 1924-1930 жж. аралығындағы мемлекеттік-этникалық территорияны межелеу шаралары қазақ ирреденті негізін қалағандығын, сол сияқты 1947-1949 жж. Өзбекстанның Қазақстаннан жалға жер алуы, оның кейбір бөлігінің қайтарылмағандығын да архив

деректерімен дәлелдеп көрсетеді. Автордың этнографиялық далалық зерттеу экспедиция материалдары негізінде қазақтардың рулық құрамы, орналасуы, саны сипатталады.

Еңбекте XX ғ. бас кезеңіне дейін Ташкент уезіндегі қазақтардың сандық үлесі жергілікті өзбек халқымен салыстырғанда басым болғандығы тарихи және статистикалық мәліметтермен негізделіп, сарапталған. Зерттеудің келесі тарауларында Орталық Азия елдеріндегі қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы мен кәсібіндегі және материалдық мәдениетіндегі ерекшеліктер қарастырылған. Қазақтардың егіншілікпен айналысатын бөлігінің қанша га. жері, егістік түрлері, қаншасы көшпелілікпен айналысқандығын көрсетуде де XIX-XX ғғ. жылнамалық, статистикалық, зерттеулер мен архив құжаттарын пайдаланған. Сондай ақ, шаруашылықты жүргізу тәсілдері мен материалдық мәдениеті жергілікті халықтар мәдениетімен салыстырмалы сараптау жүргізе отырып берілген. Зерттеу нысанындағы қазақтардың мал шаруашылығы, егіншілік- отырықшылық сипаты сараланып, статистикалық комитеттердің тарихи демографиялық мәліметтеріне авторлық сараптаулар, талдаулар жасалған. Қазақтардың материалдық мәдениетінің сақталуы мен өзгерісі, аймақтық ерекшеліктері айқындалып, жергілікті халықтардың мәдени ықпалдастық деңгейі сарапталады. Келесі тараудағы отбасылық әдет-ғұрып, салт дәстүрлер ерекшеліктері де автордың далалық этнографиялық мәліметтері негізінде жергілікті халықтар дәстүрімен салыстырылып, этникалық мәдениеттің сақталуы мен өзгерісі ғылыми зерделенген. Отбасылық қатынастарында дәстүрлі мәдениет сақталғанмен әдет ғұрып, салт-дәстүрлердегі жергілікті халық мәдениет элементтерінің көрініс алуы яғни этникааралық коммуникацияның “мәдени өзара ықпалдастықтың” дамығандығын автор өзінің ғылыми тұжырымдамаларымен негіздейді. Соңғы тарауда қазіргі кезеңдегі Орталық Азиядағы қазақтардың тарихи Отанға оралуы және бейімделуіндегі саяси, әлеуметтік, мәдени проблемалар көрсетіледі. Ол мәселелерді шешу жолдары қарастырылып, ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстар берілген. Монографиядағы зерттеу нәтижелері карта, сызба, кесте, фотоқұжаттармен негізделген. Монография ғылыми айналымға электронды нұсқасымен бірге енген, ғылыми және ғылыми-танымдық ортада жоғары маңызға ие. Қазақ диаспорасы мен ирредентінің қалыптасу кезеңдерін, дәстүрлі мәдениетінің сақталуы мен өзгерісін, қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік және мәдени проблемаларын, тарихи Отанға оралу мен бейімделуіндегі қиыншылықтар мен жетістіктерін саралаған бұл зерттеу Орталық Азиядағы қазақ диаспорасын тарихи-этнографиялық тұрғыда зерттеген кешенді еңбек. Зерттеу қазақ диаспорасы мен ирредентінің жалпы сипатын, жат елдердегі қазақ халқының этникалық және мәдени дамуын зерделеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде Б.К. Қалшабаева мынадай ғылыми бағыттарда: «Қазақ этнографиясы», «Қазақ диаспорасы мен репатрианттары, тарихи Отанға бейімделуіндегі мәселелер», «Қазақстандағы этносаралық қатынастар», «Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі этникалық және этномәдени үдерістер», т.б. тақырыптарда зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Қазақ халқының отбасы және некедегі көкейтесті мәселелерді зерттеуде кафедра профессоры **А.Б. Қалыштың** еңбектерінің маңызы зор. Аталған мәселені, өзектілігіне қарамастан, отандық этнологтар, демографтар мен социологтар зерттеп үлгерген жоқ. Сондықтан, бұл мәселеге тек ғалымдардың ғана назарын емес, сондай-ақ, қоғамның, тиісті мемлекеттік органдардың назарын аудару қажет деп санайды ғалым. Ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігі төмендегілермен түсіндіріледі. Біріншіден, еліміздегі тұрғындардың басым бөлігі белгілі бір объективті себептерге байланысты отбасылық-некелік қатынастарға түспеген немесе бұзылған толық емес отбасын құрайды. Екіншіден, толық емес отбасыларда болашақта еліміздің толық құқықты азаматына айналатын жас буын өсіп келе жатыр. Үшіншіден, толық емес отбасыларды, әкесі мен анасы бір-бірін толықтырып отыратын толық және тұрақты нуклеарлы немесе кеңейтілген отбасылармен салыстырып қарайтын болсақ, олар өтпелі нарықтық қатынастардың ғана қиындықтарымен қатар, күнделікті тұрмыстық, материалдық, моральді-психологиялық және тағы басқа факторлардың қиыншылықтарын сезінеді. Қазақстан Республикасы Агенттігімен қабылданған жіктеме статистикасы бойынша толық емес отбасылар қатарына жас ерекшелігі алуан түрлі балалары бар (жесір) анасынан немесе әкесінен құралған, сондай-ақ, ажырасқан отбасылар жатқызылады. Мұндай отбасылар, терминнің өзі айтып тұрғандай, ата-анасының біреуі ғана болғандықтан, отбасының белгілі бір маңызды қасиеттерінен айырылған. Жалпы ортақ отбасының типімен салыстырғандағы осы аталған айырмашылық тек ресми айырмашылық емес, сондай-ақ, тұлғааралық қарым-қатынастардағы өзара түсінушілік жүйесінің бұзылуын білдіреді. Толық емес отбасылардың (ерлі-зайыптылардың біреуінің өлімі, ата-аналардың ажырасуы, некесіз баланың тууы) негізінде келесі үш себеп жатыр: 1. Отбасылардың ерлі-зайыптылардың біреуінің кәрілік, ауру бойынша немесе оқыс жағдайдың салдарынан өлуі нәтижесінде пайда болған бірінші типінің балалары бар жесір ер адамдарға қарағанда, балалары бар жесір әйелдерден құралған түрі жиі кездеседі. Мұндай қатынас, біріншіден, жесір қалған ер адамдардың

басым көпшілігі, жесір қалған әйелдермен салыстырғанда, тезірек жаңа отбасын құруға ұмтылатындығымен түсіндіріледі. Екіншіден, бұл жағдайға балаларды тәрбиелеудегі және үй шаруашылығын жүргізудегі қиыншылықтар ықпал етеді және де ер адамдарға әйел адамдарға қарағанда өзінің «екінші жартысын» табу әлде қайда жеңіл болады. Ажырасудың нәтижесінде толық емес отбасының пайда болуы бұрынғы ерлі-зайыптылардың жағдайына екі жақты әсер етеді. Осындай ажырасулардың басым бөлігінің бастамашысы болып келетін аналар үшін балалардың болуы екінші қайта некеге отырудағы негізгі бөгет болып саналады, ал әкелердің алдында жаңа жарын табу, ата-анасына көшіп бару немесе жалғыз бастылардың қатарына қосылу сияқты салыстырмалы түрде таңдаулар пайда болады. Үшіншіден басынан бастап-ақ, біз зерттеу жұмысын жүргізіп отырған отбасы типіне әкелетін дүниеге некесіз бала әкелу, негізінен, қалалық тұрғындарға тән. Мұндай отбасыларда бала туғанынан жалғыз анасымен, кейде оның ата-анасымен тәрбиеленеді. Аталған отбасы типі ерте кезде тек еуропа этностарының арасында кездесе, ал соңғы онжылдықта түрік этностарының, соның ішінде түпкілікті қазақтардың арасында кеңінен тарап кетті. Мұндай отбасылардың пайда болуына өмірде әліде кездесетін және еліміздің көптеген қалалары мен ірі елді-мекендерінде жасырын түрде жүзеге асырылып келе жатқан көп әйел алу дәстүрі өз ықпалын тигізіп отыр. Әдетте, мұны олардың заңды әйелдері, жақын туыстары, жұмыс бойынша әріптестері, қоғам біледі, алайда, оған қарсы тұруға қауқарлары болмай, осындай жағдайға мойын ұсынудан басқа шаралары болмайды. Осылайша, толық емес отбасылар мәселелеріне объективті және субъективті факторлардың әсері де анықталды, олардан біздің өміріміздің дәстүрлік және қазіргі кездегі жағдайы да анық байқалады. Оларды шешу, алдын-алу жолдары неке және отбасы, қоғам және мемлекет институттарының жетістіктері мен қиыншылықтарына тікелей тәуелді. Қарастырылып отырған материал біз зерттеп отырған отбасымен қатар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, олармен бірге қалған кәмелетке толмаған балалар күнделікті өмірде кездесіп отыратын мәселелердің күрделілігі мен маңыздылығын ашып көрсетеді. Осындай қиыншылықтар өтпелі нарықтық қатынастардың, инфляцияның, жасырын жұмыссыздықтың салдарынан күрделене түседі, ал оларды шешуге толық отбасылардың өзінің күші жетпеуі мүмкін. Сондықтан, қоғам, мемлекет өздерінің әкімшілік, әлеуметтік және басқа да атқарушылары, ведомстволары арқылы толық емес отбасыларға көмек көрсетуге, олардың қиындықтардың шешудің әрқашан жолы болатындығын және қоғам үшін олар әрқашанда қажет екендігін сезінуін қамтамасыз етуі тиіс.

Археология, этнология және музеология кафедрасы қазақ халқының этногенезі мәселесінде деректік рол атқаратын шежіре тақырыбын да үнемі назардан тыс қалдырмайды. Жалпы, қандай этнографиялық ғылыми-зерттеулер болмасын, ең алдымен зерттеу нысанындағы аймақтағы халықтардың қоныстану тарихын, шежіресін жан-жақты қарастырамыз.

Кафедраның аға оқытушысы, т.ғ.к. **Е.М. Тұрғынбаев** шежіренің этнология ғылымында этнографиялық дерек ретіндегі ролін көрсете отырып, төмендегідей ұсыныстар мен тұжырымдамалар жасайды.

Шежіре – түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы, дәстүрлі әлеуметтік құрылымы, дәстүрлі мәдениеті секілді әр-алуан салаларын зерттеудегі деректермен бірге басты тарихи – этнографиялық дерек болып табылады. Кеңестік идеология үстемдік құрған кезеңде шежіре деректері тарихшылар аса құпталмайтын тақырыптардың бірі болып, зерттелу жағынан сырт қалғанын, өкінішке орай, атап өтуіміз қажет.

Шежіренің ғылыми тұрғыда зерттелуінің отандық және шетелдік тарихнамада пайымдалынуының негізгі бағыттары, мазмұны мен көзқарастар эволюциясы, жетістіктері туралы терең білім алуға теориялық және методологиялық жағынан мүмкіндік жасау негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Сондықтан, тарихшылар мен этнологтар, шежіретанушылар мына міндеттерді назардан тыс қалдырмау керек. Олар:

Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ шежіресінің дамуы, зерттелу деңгейі және тарих ғылымындағы орны мен өзектілігі мәселелерін қарастыру;

Қазақ шежіретануы негізінің қалануы мен дамуының негізгі кезеңдері және олардың бағыттарын анықтау;

Көшпелі қоғамдағы шежіренің орны мен шежіретану мәселесіндегі тарихнамалық концепцияны анықтау;

Ұлттық төл дерек - шежіре жайлы жалпы тарихнамалық және ғылыми ой-пікір эволюциясын көрсету;

Этногенетикалық үдерістер, көш-кон мәселесі және әлеуметтік - мәдени құбылыстарды анықтаудағы орнын көрсету арқылы шежіре деректерін ғылыми айналымға түсіру мәселесін шешу қажет.

Кафедраның белгілі этнограф ғалымы **Т.Е. Қартаеваның** Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)» атты 2 томдық монографиясы. Монографияның 1-ші томында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі аралығында Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында орналасқан Перовск, Қазалы уездерінің саяси-әкімшілік бөлінісі, қазақ ауылдарының этнографиялық сипаты қарастырылған. Сыр өңірін мекендеген ру-тайпалардың этникалық тарихы, дәстүрлі мал шаруашылығын жүргізу әрекеттері, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі көшпелі шаруашылықтан жартылай отырықшылыққа өту үдерісіндегі бетбұрыстардың бағыттары ғылыми тұрғыда сараланған.

Автор Сыр өңірі қазақтарының этникалық тарихын саралау барысында тарихи дәуірлерге шегініс жасаған. Ол ежелгі тайпалардың Сырдария аңғарына қоныстануы тас дәуірінен бастап бірнеше тарихи дәуірлер мен кезеңдерді қамтитындығына, Сырдария оазисі мен Арал ареалы ерте тұрғындардың, андроновтықтардың, байырғы сақ-массагеттердің, көне түркілердің мекені болғандығына, Сыр өңірлік түрік тайпаларының қазақ халқы этногенезінің қалыптасуына қатысқандығына ерекше назар аударып, Сыр өңіріндегі ру-тайпалық құрамның аса күрделі компонент болғанын атап көрсетеді. Автор Алтай өңірінен түрік тайпаларының батысқа қарай қоныс аударуы Жетісу мен Сыр өңірі арқылы өткен, одан кейінгі кезеңдерде қазақ жерінде болған шапқыншылықтар әсерінен Сыр өңірінде бірнеше миграциялық ағымдар болған, міне, осындай тарихи үдерістердің барысы нәтижесінде қазақтың үш жүзінің ру-тайпаларындағы бірқатар ру-тармақтар Сыр өңіріне шоғырланады да, Сыр өңірінің этникалық құрамын күрделендіреді деген тұжырымға келеді. Сонымен бірге автор Сыр өңірлік ру-тайпалардың XIX ғасырдағы қоныстану аймағы мен қазіргі қоныстану аймағындағы сәйкестікті анықтай отырып, Сыр өңіріндегі ру-тайпалар XIX ғасырдағы этногеографиясын сақтап қалған деген қорытынды жасайды. Бірінші томнан оқырман «Сыр – Алаштың анасы» деген тұжырымның сырын ұққандай болады.

Сыр өңірі қазақтарының шаруашылықты жүргізу әрекетіндегі іс-тәжірибелері де тарихи дәуірлерден қалыптасып жетілді. Мал жылдың төрт маусымында да табиғи жайылымдарда бағылды. Перовск уезі қазақтарының жайлауға көшуі Қарақұм, Ырғыз, Торғай, Қостанай, Сарысу, Ұлытау, Кішітау бағыттарын құрады. Қазалы уезі ауылдарының негізгі бөлігі Ырғыз уезінің жерлеріне жетіп, жазда Буратал, Ащыбұлақ, Үшқамты, Жарбұлақ және Қандай өзендеріне дейін, ал, шектілер көші бұдан да әрі Мұғалжар тауларын бойлай отырып, Ембі өзені жағасына дейін барған.

Әрбір ру-тайпаның өзіндік дәстүрлі көш жолдары қалыптасты. Қашыққа көшіп жүру Қазақстанның Батыс және Сырдарияның төменгі ағысын мекен еткен тайпаларға тән болған. Аралдың солтүстік шығыс беті, Сырдарияның орта және төменгі ағысы мен Қаратаудың баурайында орналасқан қыстаулардан бастау алатын көшу бағыттары Ұлытау жазығы, Торғай, Ырғыз, Тобыл өзендерінің аңғарларындағы жайлауларға дейінгі аумақты қамтитын. Автор «Сәтбай жолы», «Тау жолы», «Сарысу жолы», «Ұлытау жолы», «Ырғыз жолы», «Елек жолы» көш жолдарының бағыттарын ашып көрсеткен. Монографияның 2-ші томында XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында орналасқан Перовск, Қазалы уезінде егіншілік пен бағбандықтың дамуы, қосалқы шаруашылықтардың дамуы қарастырылған. Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі материалдық және рухани мәдениеті кешенді тұрғыда зерттеліп, Сыр қазақтарының этнографиясына басқа өңір қазақтарының этнографиясымен салыстырмалы сараптау берілген.

Сыр өңірі байырғы егіншілік оазисі болғаны белгілі. Сыр өңіріндегі ежелгі қала-қоныстар орнындағы астық сақтайтын ұралар, суландыру жүйелерінің іздері тарихи дәуірлерде егіншіліктің дамығанын дәлелдейді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі көшпеліліктен жартылай отырықшылыққа өту кезеңі өлкеде егіншіліктің дамуын қарқындатады. Сырдарияның төменгі ағысы, Арал теңізі, Сыр өңіріндегі көлдер бойы балықшылық кәсібінің ерекше дамыған аймағы болды. Балық аулаудың түрлі әдіс-тәсілдері қалыптасты. Аңшылық жергілікті қазақтардың мал шаруашылығымен қатар айналысқан кәсібі болды. Жергілікті жердің ерекшелігіне орай кереге құру (жолбарыс аулауға), шатыр құру, қуалап аулау, тұзақ құру, тор жабу, тұзақ құру, қақпан құру, атып алу сияқты дәстүрлі әдіс-тәсілдерін қалыптастырды.

Сыр өңірінде сыртқы сауда-саттықтың дамуының тарихи тамырлары сақ-массагет, қаңлылар дәуірінен басталады. Тарихи дәуірлерде Ұлы жібек сауда жолының Сыр өңірі арқылы өтуі - Сыр өңірін шығыс және батыспен жалғап жатса, бұл тарихи дәстүр XIX ғасырда да жалғасын тауып, Сыр өңірінің үстінен өтетін Үргеніш, Хиуа, Бұқара, Хорезм өңірінен бастау алатын керуен жолдары Омбы, Орынборды, одан әрі батысты жалғап жатты. Сырдарияны кесіп өтетін бір керуен жолы Сарысу, Ұлытау, Кішітау арқылы Төмскіге апарса, тағы бір керуен жолы Бетпақдала арқылы солтүстік-шығысты жалғап жатты. Сыр өңірінен бірнеше керуен жолдарының кесіп өтуі өңірде керуенбасы,

кірекеш, ақшомшы, шапар кәсіптерін дамытқан, кеме, сал сияқты қатынас құралдарын жасау мен оның қолданыс аясы жетіле түскен.

Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі материалдық мәдениеті жергілікті жердің табиғатының ерекшелігіне қарай қалыптасты. Дәстүрлі баспана соғу ісінде бастырма, жертөле, жеркепе, қақыра, шым-үй, шошала, өлшек сияқты баспана түрлерін иемденген. Дәстүрлі киім түрлерін жергілікті жердің климатына қарай бейімдеген. Тұрмыстық және шаруашылық бұйымдарды саралағанда тек Сыр өңірлік аймақтағы ерекшелігі бар бұйымдар қамтылған. Дәстүрлі тағамдар жүйесіндегі айырмашылық осы өңірдегі қазақтардың дәстүрлі шаруашылығымен, тағы да экологиялық ортасымен байланысты қалыптасқандығы айғақталған.

Сыр қазақтарының рухани мәдениетінің айырмашылығын халықтық білімдер жүйесінен, отбасылық әдет-ғұрыптардан көрінеді. Сыр қазақтарының наным-сенімдер, ырым-тиымдар жүйесі байырғы архайкалық діни-нанымдардың күнделікті өмірге кірігуімен байланысты қалыптасқан. Сыр қазақтарының некелесу мен құда түсуі, өлікті жерлеу дәстүрлерінде байырғы көне дәстүрлер жиынтығының негізгі элементтері сақталып қалған. Сыр қазақтарының тіліндегі этнографиялық сөздер әр тақырып аясына топтастырылған. Сыр қазақтарының тілінде этнографиялық сөздердің мол болуы, оның тұрмыс-тіршіліктің барлық салаларынан көрініс табуы Сыр өңірінің шығыс пен батысты жалғап жатқан ареалда орналасуы және жергілікті халықтың негізгі денін қазақтар құрағандығымен байланысты болады.

Сыр өңірі қазақтарының тарихи-этнографиясын біртұтас еңбек ретінде «аймақтық этнография» бағытында қарастырудың, сол арқылы қазақ жерінің басқа өңірі қазақтарымен айырмашылығын айқындаудың этнография ғылымы үшін маңызы зор. Осы монографияның ішкі мазмұнындағы мәліметтер Сыр өңірін «этнографиялық аймақ», «қазақы аймақ» ретінде тануға толық мүмкіншілік береді.

Жоғарыда айтып өткендей, қазақ халқын тарихи-этнографиялық тұрғыдан қарастырғанда аймақтық түйісте зерттеудің маңызы зор. Сондай зерттеулердің бірі археология, этнология және музееология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. **М.Қ. Егізбаеваның** «XIX–XX ғ. басындағы Тарбағатай өңірінің қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» зерттеуі. Тақырыптың өзектілігі сонда, еліміз тәуелсіздігін баянды етуге ұмтылған, ғаламдану белең алған заманда халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан материалдық мәдениет түрлері, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін зерттеу арқылы ұлттық болмысты, менталитетті жете танып білудің көкейкестілігі артып отыр. Тоталитаризмнен кейінгі кезеңде отандық тарих пен төлтума мәдениеттің жете зерттелмей келген кейбір тұстарына жіті назар аударылып, соның ішінде қазақ мәдениетіндегі жалпы этникалық, аймақтық және жергілікті этнографиялық ерекшеліктерге арналған ізденістер жандана түсті. Сондай зерттеулердің бірі - XIX ғ. аяғы XX ғ. басындағы Тарбағатай өңірі қазақтарын тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу болып табылады. Мұндай этнографиялық ерекшеліктерді жіктеп, саралау арқылы біртұтас қазақ мәдениетінің кешенді төлтума бейнесі хақында, сондай-ақ көрші жұрттар арасындағы тарихи-мәдени ықпалдастық, байланыс туралы мағлұматтар кеңейе түседі, әрі ондай байланыстар мен өзгерістерге түсудің тетігі, себеп-салдары туралы кеңірек танып білеміз. Сол арқылы төл мәдениетімізді дәріптеудің, дамытудың жолдарына жауап таба аламыз.

Қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін зерттеуде белгілі бір аймақта өмір сүретін қазақтардың этнографиялық болмыс-бітімін сипаттай отырып, ондағы ерекшеліктерін, басқалардан даралап тұрған айырмашылығы мен ұқсастығын айқындаудың ғылыми маңызы зор. Тарихи-этнологиялық ізденістердің белгілі бір аймақтық, өлкелік аумақтағы зерттеулер аясында жүрілуі салыстырмалы-салғастырмалы материалдардың базасын толықтыра отырып, ғылыми теориялық, әдістемелік пайымдар жасау тұрғысында ғылым үшін аса үлкен маңызға ие екендігіне күмән тумаса керек.

Зерттеу үлкен локальдық қазақы аймаққа жататын Тарбағатай қазақтарын жан-жақты, терең де ауқымды, әрі жүйелі зерделеге арналған арнайы тұңғыш зерттеу. Зерттеу бойынша мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Зерттеу жұмысында Тарбағатай өңіріне қатысты ескіше және жаңаша көзқарас тұрғысында жазылған зерттеулер мен деректер мейлінше кеңінен қамтылып, ғылыми сараптаудан өткізілді.

2. Қазақ тайпа-рулары жоңғар шапқыншылығы аяқталғаннан кейін өздерінің байырғы мекені Алтай мен Тарбағатай, Жетісуға 1752-1763 жж. келіп қоныстанып, орналасу үрдісі XVIII ғ. соңына дейін жалғасқан.

3. XVIII ғ. екінші жартысының соңына ала Тарбағатай өңіріне найман тайпасының қаракерей, матай, дөртуыл руларының аталары, он екі ата абақ-керей рулары, азын-аулақ арғын мен уақтар келіп

орналасты. Сол сияқты бұлардың арасынан Ұлы жүзге кіретін аздаған шанышқылар мен Кіші жүз-алшын мен тамалар да ұшырасты.

4. XIX ғ. бас кезінде шаруашылық негізі болған төрт түліктің қамы, өріс-қоныс, жайылым үшін Тарбағатайдың күнге жағына да қоныстанды. Ресми статистикада көрініс таппаған ел ішіндегі қысқа мерзімдік маусымдық (қыстау-жайлау, мал отарлату, жылқы қыстату т.б.) миграциялар да көрініс берді.

5. Тарбағатай өңірінің табиғи-экологиялық ортасымен шаруашылық харекеттері өзара тығыз байланысты болды. XIX-XX ғ. басында негізгі дәстүрлі шаруашылық мал шаруашылығы және әртүрлі қосалқы кәсіптерден тұратын (балықшылық, аңшылық, қолөнер т.б.) тұтас бір жүйені құрады. Алайда, жетекші сала болып көшпелі мал шаруашылығы қала берді.

6. XX ғ. 20-30 жж. күштеп отырықшыландырудың салдарынан ру-тайпалық қауымның кейбір механизмдерінің мәні біртіндеп өгергеніне қарамастан, ру-тайпалық және жүздік құрылым өзінің өміршендігін көрсетіп, ол қазақ халқының дәстүрлі этномәдени ерекшелігі ретінде әлі күнге дейін маңызды екендігін көрсетті.

Этнологиядағы жаңа бағыттардың бірі этносоциологиялық әдіспен зерттеу жөнінде кафедра этнограф маманы **С.Х. Шалғынбаева** өз тұжырымдарымен бөліседі. Оның пікірінше, дәстүрлер мен инновацияларды қараудың өзектілігі республиканың жекелеген қалаларындағы қазақ халқы арасында этносоциологиялық сауалнама жүргізу, оны өңдеудің жаңа әдістерін, әдістемелері мен технологияларын қолдану негізінде бұқаралық сипаттағы жаңа ақпарат көзін алу қажеттілігімен байланысты. Атап айтқанда, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды (деректер базасының технологиясын) және контент-талдау әдістерін және дереккөз материалдарының деректерін математикалық-статистикалық тұрғыда талдауды пайдалану Қазақстан Республикасының жергілікті ұлты қазіргі урбанизацияланған өкілінің этномәдени бейнесін неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта қала тұрғындары арасында салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптар мен инновациялардың әсерін дәлірек көрсету, қалалық ортадағы қазіргі этникалық процестерді, қалалық мәдениет пен өмірдің әртүрлі салаларындағы өзгерістердің сипатын, модернизация мен урбанизацияның қарқынды өсуінің әсерінен этникалық дамудың негізгі тенденцияларын қарастырады.

Еліміздің қалаларына деген ғылыми қызығушылық демографиялық және этномәдени ерекшеліктермен анықталады, олар республиканың қала тұрғындары арасында ұлттық отбасылық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен әдет-ғұрыптар элементтерінің қазіргі заманғы жұмыс істеуіне және осы саладағы инновациялардың жалпы деңгейіне әсер етеді. Зерттеу жұмысыны қазақтардың қазіргі қалалық тұрмысында ұлттық отбасылық дәстүрлердің жұмыс істеу тенденциялары мен заңдылықтарын анықтау, осы салаға инновациялардың кіру механизмін ашу, этнографиялық сипаттағы ақпаратты өңдеудің жаңа әдістері мен технологияларын қолдану негізінде ерекше процестер мен құбылыстарды оқшаулау болып табылады. Мұндай зерттеулер XX ғ. 90-шы жылдары қазақтардың қалалық тұрмысындағы отбасылық дәстүрлер мен инновациялар проблемаларын алғашқы арнайы этносоциологиялық зерттеулер болды. Зерттеудің жаңалығы қала тұрғындары арасында ұлттық отбасылық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен салттар элементтерінің сақталуы мен жұмыс істеу дәрежесіне негізделді; этносоциологиялық зерттеуде отбасылық ырым-жырымдар мен этномәдени сипаттамалар проблематикасы бойынша этносоциологиялық сауалнаманың проблемалық-бағдарланған дерекқорын қалыптастыру әдістемесі сыналады, қалалық қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық, этномәдени сипаттамалары талданады.

Қорытынды

Қорыта келгенде этнография ғылымының қарқыны әсіресе Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттан қарқынды даму жолына түсті десек болады. «Мәдени Мұра» Ұлттық стратегиялық бағдарламасы, «Ғылыми қазына», «Тарих жылы», «Тарих халық толқынында», «Мәңгілік Ел», «Қасиетті Қазақстан», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының іске асуы этнография ғылымының зерттелмей келе жатқан тұстарын жаңа ғылыми көзқарас пен зерттеуге негіз болды.

- Всесоюзная перепись населения 1926 года. Том VIII. Казахская АССР. Киргизская АССР. Народность. Родной язык. Возраст. Грамотность. – М.: ЦСУ СССР, 1928. – 480 с.
- Всесоюзная перепись населения 1926 г. – Т. 42. – М.: Планхозгиз, 1930. – 324 с.
- Галиев А.Б. К истории миграции населения Казахстана // Вестник АН КазССР. – 1979. – № 5. – С. 54-56.
- Грозин И.В. Голод 1932-1933 годов и политика памяти в Республике Казахстан. – М.: ИВ РАН, 2014. – 178 с.
- Джикиев А. Материалы по этнографии мангышлакских туркмен // Труды ИИАЭ АН ТССР. – Том VII. – Ашхабад, 1963. – С. 192-202.
- Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 года. Казахская ССР. – М.: Госстатиздат, 1962. – 202 с.
- Кадыров Ш.Х. Становление и эволюция этнополитической организации у туркмен: дис. ... д-ра ист. наук. – М., 2004. – 370 с.

- Калыш А.Б. Туркменский этнический элемент в составе казахов // Инкорпорированные и внеузловые группы в составе казахов (XVIII – начало XX вв.): коллективная монография / [Абиль Е.А., Исин А.И., Калшабаева Б.К., Калыш А.Б. и др.]; Под ред. Смагулова Б.К. – Алматы: Изд-во ИП «Базарбаева», 2020. – С. 332-345.
- Камалов С.К., Ягодин В.Н., Кощанов А. и др. История Каракалпакской АССР: с древнейших времен до наших дней. – Ташкент: ФАН, 1986. – 364 с.
- Карпов Г.И. Племенной и родовой состав туркмен. – Полторацк (Асхабад): Наркомвмуддел Туркменск. ССР, 1925. – 9 с.
- Кыдырбекулы Д., Аннакулиева Г. Исторический обзор казахско-туркменских отношений // <http://forum-eurasica.ru/index.php?topic/5669> (Дата обращения: 9 марта 2018 г.).
- Михайлов В.Ф. Хроника великого джута: документальная повесть. Изд. 2-е, перераб. и доп. – Алматы: Жалын, 1996. – 400 с.
- Население Казахстана по Всесоюзной переписи населения 1939 года. В 5-ти томах. – Том 1. – Алматы: Арыс, 2009. – 400 с.
- Национальный состав населения Казахской ССР области и города Алма-Аты. Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 года. – Алма-Ата: РИИЦ, 1991. – 556 с.
- Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933 гг.). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 202 с.
- Омарбеков Т. Қасіретке толы қазақ тарихы // Қазақ әдебиеті. – 2017. – 2-8 маусым.
- Омарбеков Т. Үш жылда 372 көтеріліс болды // Егемен Қазақстан. – 2017. – 31 мамыр.
- Райымов М. Казахские и туркменские "басмачи", 1931 г. // <https://newsroom.kz/ru/6303> (Дата обращения: 16 октября 2019 г.).
- Соегов М. Мангышлакские туркмены в начале прошлого века глазами этнографа-немца и через призму последующих событий // Известия Иркутского государственного университета. Серия «Геоархеология. Этнология. Антропология». – 2017. – Том 19. – С. 184-194.
- Тлепов С.Т. Страницы истории Мангышлака. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 168 с.
- Туманович О. Туркменистан и туркмены. – Асхабад; Полторацк: Туркменское гос. изд-во, 1926. – 102 с.
- Түсіпбекұлы Ж. Қазақстандағы ашаршылық нәубетін геноцид деп танымайынша, тарихи әділеттілік қалпына келе ме? // Алаш айнасы. – 2011. – 31 мамыр.
- Шумов С.А., Андреев А.Р. Басмачество. – М.: Эксмо: Алгоритм, 2005. – 240 с.

A.B. Kalysh
ETHNODEMOGRAPHIC PROCESSES AMONG THE TURKMENS OF KAZAKHSTAN
IN 1920-1980-IES

Article is devoted to the study of the formation of the Turkmen ethnic community in Kazakhstan in the 1920-1980-ies. In the period we have specified, there are 2 trends in ethnic development: 1) a significant part of Turkmens who migrated to Kazakhstan several centuries ago, having experienced the influence of complex ethnogenetic processes, including assimilation, were a subethnic group within the indigenous Kazakh population, were part of some of its large tribal units located in various regions of Kazakhstan; 2) their other smaller part, who moved here in the second half of 19 - early 20 centuries and later, not incorporated and retaining their main ethnic components, remained based on the materials of the All-Union censuses.

In this article, we focus on the second group of ethnic Turkmens, first of all, their ethnodemographic indicators - the number and resettlement for seventy years associated with the Soviet period. Naturally, in the study of this process, we rely mainly on the materials of censuses of 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ӘШЕКЕЙІ – МОНШАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘДІГЕР РЕТІНДЕ

Қазақ халқында киім-кешегінің сәнді кешеніне әртүрлі тана, моншақ, түйме, түйреуіш, опа-далап салатын сәнді бөгіре т.б. әшекей түрлері жатады. Адамның мойнын, омырауын ажарлау мақсатында қолданылатын бұйымдар ертеде көп болған. Мойынға тағатын өңір әшекейлері тобына алқа, моншақ, тұмар сияқты бұйымдар жатады. Ертеде моншақ тағу салты әртүрлі наным-сенімге байланысты шыққан. Жіпке тізетін түрлі түсті тастарға үкі, бүркіт тұяғын, қасқырдың тісін т.б. қоса байлап, оны адамға қас күштерден, жаманшылықтан сақтану үшін таққан. Бұл мақалада моншақтардың шығу тарихы, қолдану аясы, түрлері қарастырылады.

Моншақ – әсемдік үшін түрлі түсті ұсақ және әртүрлі пішінде (шар тәрізді, сопақша қырлы) тастарды жіпке тізіп жасалатын әшекей (Энциклопедия, 217, 383 б.). Алғашқы моншақтар неолит дәуірінің ескерткіштерінде табылған. Сүйектен, тастан, қола дәуірінде металдан, ежелгі Египетте шыныдан, орта ғасырларда Венецияда, Русьте, Орта Азияда т.б. шыныдан жасалған. XI-XIV ғасырларда Русьте моншақты тау хрусталі мен ақық тастан даярлаған. Ақық меруерт, іншу тастары бар моншақтар барлық халықтарда, қазақтар арасында да қазіргі кезге дейін таралған (Тохтабаева 2011; 455 б.). Материалына қарай моншақтар ақық моншақ. Күміс моншақ, меруерт моншақ), інжу моншақ деп ажыратылады. Мәселен, қалампырдың дәнін араластырып тізген моншақ т.рін қалампыр маржан деп атаған.

Моншақ мойынға, қолға (білекке), баскиімге, көйлек т.б. сырт киімдерге, кейде киімнің ішкі жағына, аяқ киімге тағылған. Соған орай оның аттары да көп. Моншақтардың бірнеше атауларына тоқтала кетсек:

Көз моншақ - кішкентай ақ бүршіктен көз қондырылып жасалған моншақ; көз тимесін деген ырыммен балалардың кейде үлкендердің білегіне, баскиіміне таққан.

Күміс моншақ - күміс тиындары бар моншақ түрі.

Қызыл моншақ - қызыл маржаннан тізілген моншақ.

Меруерт моншақ - бірыңғай меруерттен тізген моншақ.

Су моншақ - ұсақ тастардан тізілген моншақ.

Тайтұяқ моншақ - кесек күмістерден араластырыла жасалған моншақ, басқаша айтқанда, тайтұяқ күмістен жасалған алқа. Дәстүрлі қазақы ортада тайтұяқ моншақты ер адамдар да таққан.

Тал-тал моншақ - бірнеше қатарлы моншақ; көбіне баскиім, сырт киімге тағылған.

Тана моншақ - жарқырап тұратын күмісті, асыл тасты моншақ.

Шаш моншақ - бұрымның ұшына тағылатын әшекей. Қырғыз дәстүрінде «чач мончок» - күміс тақтамен байланыстырылған, жіпке тізілген маржан, асыл тасты әшекей.

Шұбыртпа - баскиімге т.б. салпыншақ ретінде тағылатын моншақ; әртүрлі алтын, күміс салпыншақтар, бау, үзбелер. Дәстүрлі қазақ этнографиясы жөнінде біраз еңбек қалдырған Н.И. Ильминскийдің мәліметі бойынша, шұбыртпа - алқа дегенді білдіреді.

Ақ моншақ - жыланның ақ сүйек боп қалған жақ сүйегінен жасалған моншақ. Деректерге қарағанда, қазақ бақсылары таққан. Бақсының магиялық ең мәнді атрибуттарының бірі болды (1; 111б.).

Моншақтардың магиялық күш ретінде қасиеттілігі оның қандай материалдан жасалғандығымен қатар көптігімен негізделеді. Моншақтардың санының көптігі байлықтың, ұрпақтың көптігімен түсіндіріледі. Бұл түсінікті моншақтарды сақинамен бірге (немесе оның орнына) Солтүстік Қазақстан аймағында нәрестені қырқынан шығарып, шомылдырғанда суға салатын ырым, жоралғыны мысалға келтіруге болады.

Хакастарда осы бұйыммен байланысты қызық ғұрып сақталған. Қалыңдық үйге есіктен кірерде қыздарға моншақ лақтыратын болған, оны отбасы бақытының белгісі ретінде қарастырған.

Якуттарда моншақтарды аттың жүгеніне, қымыздың молдығын қамтамасыз ету мақсатында әшекей ретінде арнайы тігіп қоятын болған.

Сонымен қатар, кейбір моншақтар тіл-көзден сақтау үшін тағылған. Мысалы: сырғаға өткізілген немесе білезік ретінде қара-ақ, қара-көк немесе көгілдір моншақтарды пайдалану кең тараған. Мұндай

бұйымдарды нәрестеге, сондай-ақ қыздарда тағып жүрген. Сәбидің қолына көп жағдайда қара-ақ, қызыл-көк моншақтардан тұратын білезіктер де қолданылған (3; 381 б.).

Осындай моншақты білезіктерді көз өтуден сақтану үшін самарқандтық өзбектер, сондай-ақ жаңа босанатын әйелдерде қолдарына таққан (3; 382 б.).

Моншақтар емдік тәжірибеде де пайдаланылған. Егер, баланың құлағы ауыратын болса, анасы оны бұлаққа әкеліп, үш рет ауырған жерін сумен жуып, суға міндетті түрде моншақты тастаған. Содан кейін «Бұлағыңды алып, құлағымды бер!» деген қасиетті сөздерді үш рет қатты айқайлап қайталаған. Бұл жағдайда моншақ баланы ауруынан айықтыру үшін өтем ақы және бұлақтың тазартушылық магиялық күшімен байланыстырушы ретінде қолданылады.

Т.К. Баялиеваның зерттеу еңбегінде эпилепсия ауруында қолданылатын қызықты қырғыз ғұрпын келтірген: ешкіге, оның мойнына әртүрлі моншақтардан жасалған бойтұмар тағып магиялық түрде ауруды көшірген, сөйтіп табынға жібере салған. Бұл жағдайда моншақтар ешкіге берілген адамның ауруының өтемі түрінде немесе ешкінің жарқын әшекейі жын-перілерді қызықтырып, жан ауруын өзімен бірге алып кетеді деп сенген. Бұл жағдайда көптеген халықтардың дәстүрінде жануардан ешкінің тандалуы оның түрлі бәле-жәлелермен байланысы түсіндіріледі (Қазақ мәдениеті, 2005; 83 б.). Сондықтан, қазақтар ешкіні түлік санатына қоспайды. Кесірлі жынға баланатын безгек ауруы сазды, ой жерлерде иесіз мекиен далада ешкі кейпінде жүреді деп санайтындықтан жапанда жүрген жалғыз жарым ешкіден қазақтардың үрейі ұша қорқады. Ешкіні қазақтар шайтанның малына балайды, себебі ол зиратқа шығады деген. Ел аузындағы аңыздарда шайтанның кебісі ешкінің тұяғы пішінінде бейнеленгендіктен, қатты қорқып, үрейленетін болған (Шойбеков 2011; 127 б.).

Моншақ тағу салты ертеде әртүрлі наным-сенімге байланысты шыққан. Жіпке тізген тастарға үкінің, бүркіттің тұяғын, қасқырдың тісін т.б. қоса байлап, қас күштерден сақтану жолы ретінде тағылған. Қазақ, өзбек, қырғыз т.б. түркі тілдеріндегі «көз моншақ», қарашай-балқар тіліндегі «көз моншақ», «қараңғылық моншақ» (қараңғыда қорықпау үшін таққан), тәжік тіліндегі «чашми» (чашм-глаз, сглаз) т.б. сияқты моншақтарды тіл-көзден сақтану ырымы бойынша қолданылғандығы соның айғағы (Энциклопедия 2,17; 128 б.).

Бұндай әшекейлерді таққан балалар, ересек адамдар тіл-көзден, бәле-жаладан, ауру-сырқаудан аман болады деген түсінік ел арасында қазір де кездеседі. Сондықтан сәндік өнер туындылары халықтың байырғы наным-сенімінің өнердегі көрінісі болып табылады.

Енді қазақ зергерлері жасап, қазақ әйелдері тұтынған сәндік бұйым -моншақтарға қысқаша сипаттама берсек, сол арқылы ұлттық нақыштағы сәндік өнердің өзіндік ерекшеліктері айқындалады.

Қарапайым сияқты көрінгенімен әйел моншағын жасаудың да өзіндік қиындықтары бар. Ауқатты адамдардың әйелдері мен қыздары мойынға салатын моншақтар маржан, меруерт тәрізді асыл тастардан жасалған. Сонымен бірге жартылай асыл тастардан, сүйектерден жасалатын моншақтар да болған. Олардың үлкен-кішілігі, пішіні, түсі біркелкі болуы шарт емес. Үңіліп қарайтын болсақ, «моншақ» сөзінің шығу тегі «мойын шақ» сөзімен тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Бірақ қыздар моншақтарды тек мойындарына ғана салып қоймаған. Тақия, сәукеле тәрізді сәнді бас киімдерге де тізіп тағатын болған (Тохтабаева 2001, 17 б.).

Ал, су моншақтың аты араб сөзінен «бусер» жасанды моншақ дегенді білдіреді. Су моншақ б.з.б. IV ғасырда шыны зерттеген кезде пайда болған. Осы кезде әр түрлі формадағы моншақтар әшекейлеу үшін қолданыла бастады. Бірте-бірте моншақтар ұсақталып, біркелкі болып, ертедегі египеттіктердің киімдерін әшекейлеуге айналды. Шыныдан жасалатын қазіргі біз пайдаланып жүрген моншақтардың өзіндік тарихы бар. Аңыз бойынша өте ерте уақытта бай саудагер Жерорта теңізінен Африкаға табиғи сода әкеле жатып құмды жағалауға түнеп түнде от жағады. Оттың қасына үлкен кесек содаларын түсіріп қояды. Таңертен, оттың қолаң тасынан ғажайып тас сияқты, қатты су сияқты мөлдір, таза күн сәулесіне қызған тасты-кристалды көреді. Бұл қазіргі әйнек еді. Осыдан бастап әйнектен түрлі формадағы моншақтар жасала басталған. Ортасынан жіп өткізілетін дөңгелек, сопақша, қырлы моншақтарды әр түрлі халықтар сәндік бұйым ғана емес, оны қаржы орнына (ақша) да пайдаланады. Су моншақ ертеде тау хрусталі мен ақық тастардан даярланған. Бағалы тастарға - алмас, лағыл, изумруд (зүбәржат), сапфир (жақұт), табиғи інжу, александрит, янтарь (кәріп тас), маржан, жарқырауық тастар жатады. Сердолик (ақық тас) моншақтар әшекейдің сәндігі үшін ғана емес, көз-сұқтан да сақтайды деп түсінген. Ақық тас негізінен жүректің толқуын басып, дұшпаныңа сұсты болуға игі әсер етеді. Інжуден жасалған моншақтар тақса көздің қарашығын шел басудан, көз сүйелінен қорғайды десе, ал құлпырма тас көз тиюден қорғап, әрі дұрыс жолға бастайтын қасиеттері бар деп есептеген (Шойбеков 1991; 5 б.).

Су моншақпен сәнді бұйымдарды жасау ерте кезден орын алған, сондай-ақ қолданбалы сән өнері шеберлерінің сәндік бұйымдары осы уақытқа дейін сақталып келген. Қазіргі сәнгерлерде су моншақтарды киімді және аксессуарларды әшекейлеу үшін қолданады.

Сондай-ақ, Сыр өңірінде жүргізілген археологиялық қазбалар барысында, яғни Шірік-рабат, Жетіасар ескерткіштерінен көптеген моншақтар табылған. Шірікрабат мәдениетінің ескерткіштерінен табылған моншақтар көптігімен және әртүрлілігімен ерекшеленеді. Олар ақықтан, жылтыр теңіз қабыршағынан, металл төсемелерден, гагат, тау хрусталі, коралл (маржан), бисерден (шытыра моншақ) жасалған.

Шірікрабаттық моншақтардың көпшілігі Еділ бойындағы, Оңтүстік Орал маңы, Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы эллинистік және римдік кезеңдермен сәйкес келетін ескерткіштерден табылған моншақтармен ұқсас болып келеді.

Жетіасар ескерткішінен табылған көптеген тасты моншақтар (сердолик (ақық), агат, халцедон, тау хрусталі) өз бастауын Үндістаннан алады.

Әртүрлі сәндік бұйымдар жетіасарлық әйелдердің киімдерінің құрамдас бөлігі болып табылған. Бұл моншақтар мәдени байланыстар мен сауда қатынастарының жоғары деңгейде дамығандығын көрсетеді. Б.з.д. ІҮ-ІІ ғғ. кезеңделетін Шірік-рабат қалашығынан табылған әшекей бұйымдармен қатар басқа да жәдігерлер ҚР Орталық Мемлекеттік мұражайы қорында сақтаулы (Шойбеков 1991; 121-122 бб).

2013 жылы ғылым комитеті тарапынан қаржыланған «Оңтүстік-шығыс Арал маңын мекендеген ежелгі тайпалардың дүниетанымы мен идеологиясы және наным-сенімдері мен ғұрыптары» атты жоба бойынша Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы орналасқан Сеңгір-там қорымында археологиялық қазбалар жүргізу барысында да ескерткіштің беткі қабатынан 23 түрлі моншақтар табылған (Курманкулов 2011; 18-22 б.).

Археологиялық зерттеулерден табылған бұл моншақтар бүгінгі қазақ әйелдерінің пайдаланып жүрген моншақтарының шығу тарихы мен таралу аймағының терең, әрі ауқымды екенін көрсетеді.

Дәстүрлі сәндік қолданбалы өнердегі әшекей бұйым моншақтардың көркем жасалуы болашақ жастарды тәрбиелеуде әсемдікке деген қызығушылығын туғызады. Жеке тұлғаны рухани мәдени байытуға бағытталып, ұлттық өнерді бағалауға, түсінуге, қастерлеуге үйретеді.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің сәндік-қолданбалы өнердің құрамдас бір көрінісі болған дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнер туындылары сан ғасырлар қойнауынан бастау алады. Бүгінгі таңда оның көркемдік, мәдени-рухани, әлеуметтік тарихын, заңдылығын, ерекшелігін танып білудің маңызы зор және елімізде өзінің өзектілігін қазіргі жаһандану дәуірінде арттыра түсуде.

Әдебиеттер тізімі

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Алматы: ТОО «Алем даму интеграциясы» 2017. 832 б.

Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтама. Алматы: Аруана 2005. 656 б.

Тохтабаева Ш.Ж. Обряды и обычаи казахов, связанные с произведениями прикладного искусства // Обычаи и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. С. 373-386.

Ниязова Н. Н. Әсемдікке құштарлық академиясы. Алматы: ЖАҚ «РОСТ», 2001. 168 б.

Тохтабаева Ш.Ж. Қазақтың зергерлік өнері. Алматы: «Алматы кітап», 2011. 384 б.

Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991. 86 б.

Курманкулов Ж., Торежанова Н.Ж. Роль и место ювелирных украшений в исследовании Чирикрабдской культуры // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов Круглого стола, посвященного 20-летию Независимости Республики Казахстан. Караганды, 2011. 160 с.

G.A. Meirmanova

JEWELRY OF KAZAKH WOMEN-BEADS AS AN ETNOGRAPHIC RELIC

The article is devoted to jewelry, beaded accessories, which are of great importance in traditional culture of the Kazakh people. The problems concerned with the history of the origin, application ways, semantics, their magic and medicinal properties and types have been investigated in the article.

All kinds and types of beads, their peculiarities have been described and the role of wearing these jewelry for women of syrdariya region have been pointed out in the given work.

The article consists of photos of beads from the Chirik- rabat expedition report.

Е.К. Рахимов¹, Д.Ж. Тыныбеков²

¹Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі,
²С. Торайғыров атындағы №22 гимназия-мектебі
Астана қ., Қазақстан
Екібастұз қ., Қазақстан
vernur_rakhimov@mail.ru, tynybekov.1977@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЛЖЫНДАСУ МӘДЕНИЕТІ ЖАЙЫНДА

Мәдениеттің мәні адамның өзі туралы, оның қоғамда өмір сүруінің мәні туралы түсініктерінен көрінеді. Бірақ мәдениет басқа әлемнен оқшауланбайды, адамдар арасындағы қарым-қатынас нысаны ретінде қалыптасады, өйткені қарым-қатынаста ғана өзін-өзі тану мүмкін. Бұл тұрғыда кез келген мәдениет диалогтың белгілі бір түрі болып табылады, ал оның бар болуы басқа мәдениетпен шекарада өмір сүруі.

Дегенмен, мәдениет құрылымының өзі монологтық емес. Ережелер құраушы, тежеу функцияларымен сипатталатын ресми мәдениетпен қатар, табиғи түйсіктердің шығуға мүмкіндік туғызатын, қоғам қабылдаған формада басқа мәдени қабат бар. Бұл дәстүрлі қоғамның этникалық мәдениетінің ерекше құбылысы ретінде ерекшеленетін бейресми, фольклорлық мәнге ие қалжындасу мәдениеті (орысша баламасы - *смеховая культура* немесе *культура подиучивания*) (Бахтин, 1990).

Күлкі-қалжын бір уақытта өзінде жойқын және шығармашылық бастамаларды қамтиды. Қалжындасу өмірдің қалыптасқан байланыстары мен мағыналарын қиратады. Күлкі-қалжын әлеуметтік әлемде қалыптасқан қатынастардың: себеп-салдарлық, бар құбылыстарды түсінетін, адам мінез-құлқы мен қоғам өмірінің шарттылығының мағынасыздығын көрсетеді.

Күлкі-қалжын «анығына жеткізеді», «ашып береді», «әшкерелейді». Бұл әлемге өзінің бастапқы кездейсоқтығын қайтаратын сияқты. Ол қоғамдық қатынастардың теңсіздігін жоққа шығарып, осы теңсіздікке әкелетін әлеуметтік заңдарды жояды, олардың әділетсіздігі мен кездейсоқтығын ашып көрсетеді.

Бірақ күлкі-қалжынның де, тек қиял әлемінде болса да, белгілі бір шығармашылық бастамасы бар. Қиратып, ол өзінше бір нәрсені құрастырады: бұзылған қарым-қатынастар және абсурдтар әлемін, логикалық негізделмеген қарым-қатынастарды, шарттылықтан еркін әлемді, демек, белгілі бір дәрежеде қалаулы да абайсыз да. Этнопсихологиялық тұрғыдан алғанда, күлкі-қалжын адамды белгілі қоғамда қалыптасқан ережелерге сәйкес әрекет ету міндетінен аз уақытқа болса да босатады.

Қалжындасу адамға өзінің «қоштасу» сезімін береді, не болғанына және не болып жатқанына қызығушылық танытпайды. Күлкі-қалжын психологиялық жарақаттан арылтады, адамның қиын тіршілігін жеңілдетеді, тыныштандырады, тіпті жанды емдейді. Күлкі-қалжын өз саласында адамдар арасындағы басқа салада үзілген байланыстарды қалпына келтіреді. Өйткені күліп қалжындасатындар бұрын көрмеген немесе басқалар көрмейтін нәрсені көріп, түсінетін «қыршыншылар» тәрізді (Ромах, Редкозубова, 2016).

Осыдан күлкі-қалжын әлемі неге біртұтас емес екені белгілі. Ол жеке этностар үшін де, жекелеген дәуірлерде де әртүрлі, ал мәдениетте жеке дара, тұлғалық принцип үстемдік ететін жерде әр күлуші, немесе қалжындасушы үшін белгілі бір дәрежеде әр түрлі болады.

Қазақ қоғамының дәстүрлі және қазіргі қалжындасу мәдениеті зерттелмеген. Оның ерекшеліктерін, тарихын, дәстүрін, қазіргі қоғамда алатын орнын анықтау әрекеттері жасалған жоқ. Оны зерттеу өзекті болып көрінеді, өйткені күлкі-қалжын этникалық мәдениетте функционалды рөл атқарады, адамдар қарым-қатынас кезінде өткір сәттерді тегістейді, қолайлы әзіл-оспақ диалогтар мен келіссөздер барысында қосымша дипломатиялық әдіс болып табылады.

Бір жылы, туған адамдар құрдас деп саналады. Халық ғұрпы бойынша олар бір-бірімен әрі тату, әрі қатты қалжындасып, тіпті бірі екіншісінің сыртынан да әзіл айта береді. Айы, күні қатар құрдастар «түйедей құрдас» деп аталады. «Екі аяқтыда құрдас, төрт аяқтыда бота тату» деген осыдан шыққан. Құрдастардың әйелдері де құрдас болып есептеледі. «Әкесі құрдастың баласы құрдас» деп, олардың балалары да әзілге араласып отырады. Бір ерекшелігі, құрдастық қалжындар басқа түркі халықтарының арасында кездесе бермейді (Артықбаев, Сәбданбекова, Елемесов, 2008, 304 б.).

Ел аузында, классик жазушылардың шығармаларында құрдастық қалжындардың күлкілі әрекеттері мен сөздері көптеп кездеседі. Мысалы, «Абай жолы» романындағы Абай мен Ерболдың қалжындары және т.с.с.

Қазақ дәстүрінде бірге өскен жамағайын құрдастар арасындағы қарым-қатынас та көңіл аударарлық жай. Құрдастар қазіргі күні де бір-бірімен өте қатты қалжындасады. Мәселен Екібастұз

өңіріне қатысты Ақкөл ауылында қонақта болғанда екі құрдас әйел өте қатты қалжыңдасыпты. Олар бір-бірінің руын атап, бірі - «наймандар жаулап» алды, екіншісі – «таза қазақ емес» деп бір-біріне қалжың айтты.

Сонымен қатар құрдастар бірінің әйелін бірі «өз әйелім», баласын «өз балам» деп әзілдеп отырады. Бұлардың арасындағы өзара қалжыңдарды әйелдері де, күйеулері де, тіпті олардың балалары да жақсы түсінгендіктен, қандай ауыр әзіл болса да шамданып ренжімейтін, қайта бұған қарсы шешендік тәсілге сүйенген әзіл жауап қайтаруға дағдыланған (Ақкөл-Жайылма, 2008, 104 б.).

Осыған орай, қазақта «Әкесі құрдастың баласы да құрдас» деген мақал да қалыптасқан. Мұндай әзілдер бірге өсіп, бір-бірімен достасқан тату құрдастардың арасында ғана болады. Бұдан әрине, тосын кездесіп танысқан құрдастардың арасында құрбылық әзіл-оспақ болмайды деген ұғым тумайды, қандай жағдайда болсын, құрдастар бір-бірімен, әйелдерімен ұялмай, еш нәрседен қымсынбай еркін, жарасымды, әзілдескен. Кейбір құрдастар арасындағы қарым-қатынас, олардың туыстық жақындығына қарамай, достыққа айналып, араларында алыс-беріс үзілмей, өле-өлгенше сыйласып өтеді (Артықбаев, 2001, 169 б.).

Тағы классикалық бір мысал келтірейік. Бүкіл қазақ халқына белгілі Сарман Қарабайұлы (1781-1848) Кіші жүздің Табын руының Жолый тармағынан шыққан, шешен, өткір тілді, мысқылымен-ақ мысыңды басатын әйгілі адам болған. Сарман Қожанасыр, Алдаркөсе сияқты, білек күшімен емес, қалжың сөздерімен-ақ елдің есінде қалған халықтың адамы.

Сарман – Жолый руынан шыққан, шешен, өткір тілді, мысқылымен-ақ мысыңды басатын әйгілі адам болған. Қазақтарды алдаған талайларды өткір қалжыңдарымен-ақ сан соқтырып, ел ішінде Сарман қу атанған. Қара сөзбен-ақ қақ басқа салып жібергендей ғып осып өтетін қасиетінен, елді алдайтын алаяқтар аяқ тартқан. Осындай бір-ақ сәтте көзіңнен жас аққанша күлдіріп, тәтті күлкіні сыйлай салатын қабілеті бар бұл адамды халық ұмытпағанымен, әдебиеттен өз бағасын ала алмай келеді.

Өмірінің ең айтулы және қызықты жылдарын Сарман ата Ресей империясының қол астындағы Орынбор генерал-губернаторлығына қарасты Доңызтау, Оймауыт өңірлерінде және Орта Азиядағы Хиуа хандығы кезінде Хорезмге таяу аумақта, әсіресе Бесқала аймағында өмір сүргені күмәнсіз.

Қазақтарды алдаған талайларды өткір қалжыңдарымен-ақ сан соқтырып, кезінде серілігімен, қалжыңбастығымен ел ішінде «Сарман қу» деген лақап ат иемденген тұлға. Қара сөзбен-ақ қақ басқа салып жібергендей ғып осып өтетін қасиетінен, елді алдайтын алаяқтар аяқ тартқан. Осындай бір-ақ сәтте көзіңнен жас аққанша күлдіріп, тәтті күлкіні сыйлай салатын қабілеті бар бұл адамды халық ұмытпағанымен, әдебиеттен өз бағасын ала алмай келеді.

Өзі өмір сүрген ортасында халқының әдет-ғұрпын, салтын кемсітіп келеке етпек болған өзге ұлт өкілдеріне өткір әжуаларымен соққы беріп отырған. Атамызға байланысты әзіл-қалжыңдардың негізгі тақырыптары - Хиуа хандығы дәуіріндегі рақымсыз бай, саудагерлерді әшкерелеу болса, кейбіреулері қашаннан аралас-құралас өзбек, қарақалпақ пен қазақ арасындағы жарасымды қызықты қалжыңдардан тұрады. Сарман туралы әңгімелердің кейбіреулері дені ұят сөздерден құралады. Ол туралы баспасөздерде жарияланбай, соңғы кездерде ел аузында жиі айтылмай келуінің басты себебі де осында.

Сарман қу жайлы қағаз бетіне түскен дерек аз. Қарақалпақтар Сарман қуға тиесілі әңгімелердің көбін өздерінің Өмірбегіне теліп жүр. Ел тарихынан көп хабардар Тәжіғали ағамыз Сарман қуды да өз өлеңіне қосады.

Ой мен қырға атағы кеткен тарап,
Аталарды отырсам түгел санап.
Тізбектеліп кететін жағдайы бар,
Алыстан Сарман келді ойымды орап.
Жақсының да, жаманның да тілін тапқан,
Сарман ата жасынан арға шапқан.
Аңғал, аңқау қырдың бір қазағы деп,
Талай қуы Хиуаның құрған қақпан.
Сол қулардың басын жеп жаман ойы,
Сармам атын еске алған жылдар бойы.
Арға шауып ит етін жегізіпті,
Базарда өтпей жүргенде жұрттың қойы.
Ел ішінде ақылымен аты қалған,
Пәнт жемепті қулардан атам Сарман.
Қазақ атын биікке көтеріпті,
Солардан да өтіпті мына жалған.

Аталар көп боларлықтілге тиек,
Бұл Жолыйдың негізі төре сүйек.
Ата жолын қуғаның абзал бауырым,

Бір-біріңе жүрген жөн арқа сүйеп (Қалыш, 2002, 5-6 бб.).

Күлкі-қалжын мәдениетін зерттей келе тағы бір көтерілетін мәселе, қаншалықты қалжын орынды, оның өһзіндік шекаралары бар ма? Қоғамның түрлі жас-жыныстық топтары арасында қалжындасудың өзіндік сипаты, ерекшелігі, тіпті тыйымы мен шектері болады ма екен?

Мысалы, қазіргі уақытта қоғамдық орындарда жігіттер мен ерлер және қыз-әйелдердің саудасаттықта, жұмыста, тіпті ойын-сауық кештері мен тойларда араласып, ашық әңгімелесулері кең етек жайды. Қыз бала немесе ересек әйелдің бөтен бейтаныс жігітпен (еркекпен) әңгімелесіп, сөздерді, саясатты, қоғамдағы мәселелерді талқылайтынын, қалжындасып күлетінін күнделікті өмірден көріп отырмыз. Кейбір қоғамдарда жағдай бұдан да жоғары деңгейге жетіп, әйел адам еш ұялмай, қысылмай, керісінше бұны кәдімгідей жай нәрсе деп санап, бейтаныс ер адамбен билейтін дәрежеге жетті.

Негізінде, әйел адам ашық әңгімелесіп, қалжындасып, бірге билеп жатқан адамның не әкесі, не аға-інісі, не ұлы да, күйеуі де емес екеніне мән беруі керек. Әке, аға-іні сияқты туыскандармен қанша ашықша сөйлесіп, қалжындасып отыруларынан ешқандай да, тыйым салынған іс шықпайды. Өйткені, еркек әйелден, әйел еркектен дәмеленбейді. Ал бұлардан басқа туыстығы жоқ еркектер, қыз-әйел үшін мүлде бөтен. Сондықтан еркек те, әйел де бір-бірімен қатынас жасағанда, ар-ұят, әдеп, салмақтылық деген сипаттарды бірінші орынға қоя отырып, әдепсіздік және бұзықтыққа себепші болатын нәрселерден аулақ болып, өздерін сақтаулары керек. Осыдан күлкі-қалжынның жастар арасында қаншалықты дәрежеде және реттелуә тиіс деген сұрақтар туады.

Қорытындылай келе айтатымыз, біз көтеріп отырған тақырыптың зерттеуді қажет етеді. Жалпы, қазақтың этномәдениетінде күлкі-қалжынның өз орнын алып, толық ғылыми баға алу келешектің ісі деп түсінеміз.

Әдебиеттер тізімі

«Ақкөл-Жайылма» локалды этномәдени кешені «Ақкөл-Жайылма» локальнй этнокультурный комплекс. Монография. / ред. басқарған проф. Ж. О. Артықбаев. Павлодар: Алтын кітап, 2008. 235 б.

Артықбаев Ж. Этнология и этнография. Астана: Фолиант, 2001. 304 с.

Артықбаев Ж. О., Сәбданбекова Ә. Ә., Елемесов Ә. Қ., Дәуенов Е. Н. Дәстүрлі қазақ этнографиясы: Оқу-әдістемелік құралы. Павлодар: ПМУ баспасы, 2008, 1 бөлім. 344 б.

Бахтин М. М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса. М.: Художественная литература, 1990. 541 с.

Қалыш А.Б. Сүйеубайдың асы. Алматы: Жуалы-7, 2002. 128 б.

Ромах О. В., Редкозубова О. С. Смех и смеховая культура // Аналитика культурологии, 2016, №1 (34). [Электрондық ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/smeh-i-smehovaya-kultura> [қатысу мерзімі: 31.03.2023].

E.K. Rakhimov., D. Zh. Tynybekov **ABOUT THE KAZAKH CULTURE OF JOKING**

The article touches upon the problem of studying the culture of joking, or the laughter culture of the Kazakh people. The authors note that this aspect of ethnocultural research still remains unexplored in the system of traditional values of the Kazakh people. Its study seems relevant, since joking plays a functional role in ethnic culture, smooths out sharp moments in communication, appropriate and well-aimed humor is an additional diplomatic technique in negotiations. Nevertheless, many examples in the oral and written literature allow us to talk about the rich empirical material on the culture of laughter among the Kazakhs. As an example, the authors cite examples from the legends about the elder Sarman. Also, in the novel «The Way of Abai» you can find examples of joking with peers and friends. The authors of the article note that in domestic ethnological and culturological science, methodological principles for studying the laughter culture of Kazakhs have not been formed, field collections of folk laughter material are not conducted, genres and categories of joking from an ethnological or cultural point of view have not been identified. Standing apart are studies of the culture of banter in modern culture, correctness when shown on television, in the theater, cinema and in direct communication between people of different age categories and genders.

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨЛКЕСІНЕ ЖҮРГІЗГЕН КОНФЕССИОНАЛДЫҚ САЯСАТЫ (XIX Ғ. ОРТАСЫ- XX Ғ. БАСЫ)

Зерттеу нысаны болып отырған Қазақстанның батыс өңірлері XIX ғасырдың екінші жартысында әкімшілік-территориялық жағынан Ресей империясының саяси орталығына бағынатын әртүрлі құрылымдардың ішінде болып келгені мәлім. Алғашында Қазақ даласын әскери-саяси бақылау мақсатымен Орал, Орынбор әскери шептері құрылып, белгілі кезеңде Орынбор шекаралық комиссиясы (1799-1859 жж.), т.б. құрылымдар пайда болып өңірдің «бұратана» халықтарын саяси, мәдени, рухани жағынан империя заңдарына бейімдеу шараларын іске асырып отырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында саяси-әкімшілік реформаларына байланысты қазіргі Қазақстанның батыс өңірлерін мекендеген қазақтар жаңа әкімшілік статуспен кездесті. 1867-1868 жылдардағы реформалардың бағыттарының бірі отаршылдық әкімшіліктің қазақ даласын қарқынды отарлау талпынысы болды. XIX ғасырдың 90-шы жылдарында жүзеге асырылып болған осы реформалар нәтижесінде Қазақстан аумағы әкімшілік қатынаста Орынбор (Орал мен Торғай облыстары), Батыс-Сібір, Түркістан генерал-губернаторлықтары, Астрахань губерниясы (Бөкей ордасы енген) мен Кавказ әскери округы (кейін Маңғышлақ приставствосы енген Закаспий облысы) арасында бөлінді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды басқару жүйесі Ресей империясына интеграциялауға мақсатталған «ерекше» әкімшілік-аймақтық бөлініспен және әкімшілік-отаршылдық аппаратты құрастырудың сәйкес жүйесімен сипатталды. Қазақ далаларының аймақтары басшылықта отаршылдық басқарудың тармақталған аппараты тұрған, өз кезегінде бірқатар әкімшілік-аймақтық бөліктерге бөлінген үш генерал-губернаторлықтар арасында бөлінді. Бұл реформалар бойынша қазіргі Қазақстанның батыс өңірлері екі генерал-губернаторлықтар арасында, ал қазақтар қоныстанған басқа бірқатар аймақтар басқа әкімшілік бірліктерге енді, мысалы Бөкей ордасы мен Маңғыстау түбегі тиісінше Астрахань губерниясы мен Оңтүстік Кавказ өлкесінің құрамына енді [1, с. 81].

Қазақстанда (Ішкі Орда мен Маңғышлақ приставствосын есепке алмағанда) облыстардың бас басқармасы (басшылықта генерал-губернатор), облыстық басқармалар (басшылықта әскери губернатор), үйездік және жергілікті басқармалар құрылды. Патша үкіметі Қазақстанда 1867-1868 жылдары жүргізген әкімшілік құрылымның реформасының ресми-саяси мәні өлкені ресейлік капитализмнің отары ретінде біржола заңнамалық рәсімдеуге негізделді [2, с. 291-292].

Мақсатқа жету үшін XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақ даласындағы исламның даму формаларын, дәстүрлі ислам тұлғалары қызметін анықтау үшін пәнаралық әдіс және «аймақтық ислам» теориясы пайдаланылды. Бұл арқылы әр аймақтағы дәстүрлі мәдениеттің түрлілігін, ерекшелігін байқаймыз әрі исламның жергілікті формалары теңқұқылы деген ой-тұжырым негізге алынады.

Сондықтан ғылыми мақалада Қазақстанның батыс өңіріндегі Ресей империясының конфессионалдық саясатының ерекшеліктерін және аймақтағы діни ахуалды зерттеу барысында жаңа методологиялық тұжырымдама ретінде С.М. Прозоров, С.Н. Абашин, сол сияқты Девин Де Виз, Джон Фрэнк Аллен, А.К. Муминов сынды қазіргі заманғы исламтанушыларының ұсынып негіздеген «аймақтық ислам» теориясы басшылыққа алынды.

Қазақ елінің рухани-мәдени, діни-конфессиялық жағынан алғанда жергілікті тұрғындар – қазақтар ежелден Орта Азиямен тығыз байланысты ханафи мазхабы мен сопылық (кейінгі ишанизм) негізінде дамып тараған дәстүрлі ислам моделін ұстанып келді [3]. Ғылыми зерттеуде аймақтық принцип жүзеге асырылғандықтан, Қазақстанның батыс өңірлеріндегі діни-конфессиялық үдерістер өзіндік ерекшеліктерімен белгіленді. Қазіргі Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарын қамтыған территорияның патшалық кезеңінде империяның саяси орталығына жақындығымен татар, башқұрт, Кавказ, Қырым мұсылмандары орналасқан аймақтармен шекаралас немесе жақын орналасып тығыз коммуникацияда болуы бұл өңірлердегі діни дәстүрлерге, сөзсіз, өзінің ықпалын тигізіп отырды [4]. Концептуалдық плюрализмге, көптеген дискуссиялар мен қайшылықтарға қарамастан Ресейдің Қазақстанға қатысты саяси, экономикалық, сол сияқты жалпы мәдени саясаты отандық және шет елдік тарихнамада бірсыпыра жақсы зерттелді. Керісінше, біздің ойымызша, Ресей империясының мұсылман халықтарына, соның ішінде діни тұлғалар мен дін

кадрларына қатысты саясаты әлі де толық ашылмай, жан-жақты зерттелмей келе жатқан тақырып. Мәселен, саясаттың қазіргі заманғы Қазақстанның әртүрлі аймақтары тарихына байланысты ерекшеліктері, сол сияқты империяның «өркениетті» ислам моделі мен дәстүрлі қазақы ислам өкілдерінің арасындағы қайшылықтар мәселелеріне соңғы нүкте қойылған жоқ.

Алайда, қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерде Ресейдің империялық діни саясаты негізінен Еділ-Орал өңірі, т.б. аймақтардағы мұсылман, әсіресе татарлар мен башқұрттардың тарихына қатысты талданып, Қазақстан территориясына жете көңіл бөлінбей жатады. Сонымен бірге қазақ этносынан шыққан бейресми молда-ишандардың, қожалардың империя саясатына көзқарасы және олардың қызметі көрсетілмейді. Айталық, Бөкей Ордасындағы діни-ресми қарым-қатынастар моделі жалпыресейлік ережелерден өзгеше дамыды және дін мен модернизмнің жақындауын жақтаған Жәңгір хан дәстүрлі дін өкілдері – қожалар эгидасымен дамыған ортаазиялық исламды да жоққа шығармай, халықаралық мәдени байланыстарды қолдап отырды.

Ғасырлар бойы ислам Ресей тарихының ажырамас бөлігі болып келді. XX ғасырдың басында Ресейде ислам дінін ұстанатын мұсылмандар саны 25 миллион адамнан астам болды. Олардың арасында бірінші орында қазақтар тұрды – 3 236 394 тұрғын [5, с. 126]. Ресей патшалығының Қазақстандағы дін мен діни қызметкерлерге қатысты саясаты шартты түрде бірнеше кезеңдерден тұрды. Әдетте іргелі зерттеулер мен жинақтарда империялық саясаттың күрделілігі, қайшылығы айтылса да белгілі схематизм үстемдік құрған. Ал шын мәнінде Ресейде конфессиялық саясат ешқашан бір бағытты, біркелкі болған емес деп атап көрсетіледі [6, р. 11-12]. Ресей патшалығы Еділ татарлары арқылы Қазақ даласына ресейлік модельге жақын өркениетті исламды таратып, оны Орта Азиялық дәстүршіл, кертартпа діни модельге қарсы қою керек деп есептеді [7, с. 483-486].

Мұрағат құжаттарында миссионерлердің жылдық есептерінде қазақ елімен қарқынды, ұзақ мерзімді және тікелей байланыс жүргізілгендігі айтылады. Орынбор мұрағатында сақталған деректе Қазақ даласы мен ауылдарына миссионерлік сапарлар кезінде қазақтарға православиені үйрету кезінде, қазақ тіліндегі миссионерлік басылымдар қолданылғандығы айтылады. Орыс-православиелік насихаттар Қазақстанда жүзеге асырылған. Мұрағатта сақталған деректе Ішкі Ордадағы зұлым пікірлерді таратушылар және орыс-православие дұшпандары деп саналған молдалар, ишандар, судьялар, даладағы татар-түрікпен және бұқарлықтардың исламды нығайтуға күш салуда деп атап өтіледі. Мұндай жағдайға сақтықпен қарауды жөн санаған миссионерлер, олармен күрес жүргізу қажеттігінде айтқан [8, 57-п.].

Ресей өкіметіне XIX ғасырда жан-тәнімен беріліп қызмет еткен молдалардың бірі – Батырхан Шағимарданов В.В. Григорьевке жазған рапортында өз сөзімен айтқанда «во первых, Бог... во-вторых, Пророк в-третьих, Великий государь» деген формуланы, яғни өз кредосын империялық бодандыққа мойынсұнған барлық діни қызметкерлер (мемлекеттік молдалар, мүфтий, ахундар) атынан жеткізгендей болды [9, 4-п.].

Белгілі ғалым Роберт Круз өзінің «Пайғамбар мен патшаға тағзым» (For Propher and Tsar) монографиясында Қазақ даласындағы діни-конфессиялық саясаттың бір сарынды болмағанын анықтайды [10].

ОМДМ 1788 жылы 22 қыркүйекте империялық бұйрықпен Уфада Қазан татарлары молдаларынан тұратын және оларды тағайындау мен қоса діни мансап үміткерлерін тексерумен айналысатын мүфти төрағалық ететін мекеме болып құрылды [11, т. XXII, № 16710]. Кейін 1797 жылдан бастап 1918 жылға дейін аталмыш құрылым Орынбор мүфтилігі деп аталды [12, 21-23 бб.]. Бұл ұйымдарды құрудың мұсылман қауымына және көршілес қазақтарға үкіметтік бақылау құру сияқты саяси есебі және империялық басшылардың исламды және мұсылман татарларын Орталық Азияға қоныстандыру ниеті себеп болды. Бұл әрекеттер, жалпы, Ұлы Екатеринаның саясатымен сәйкес келді, ол діни шыдамдылық идеяларына мүмкіндік беріп, сондай-ақ діни өмірге және діни институттарға үкіметтік бақылау орнатуға бағытталды [6, р. 15-16].

Айта кету керек, тіпті ОМДМ (кейін – Мүфтияты) тұсында да әр кезде көптеген өңірлерде үкіметтік мекемелерге тәуелді болмаған және ресми молдалармен қатар өздігінен қызмет еткен молдалар мен ишандар басқарған мешіттер жұмыс істеді. Нұсқауларды орындау үшін астанадан барон А.О. Игельстром жергілікті бастықтарға нұсқаулық жүргізу үшін өз қызметкерлерін бұхарлықтардың осы жерлерге келуі жағдайында олардың ойларының жүзеге асырылуына жол бермеу мақсатында бағыттады [13, с. 73-74].

Алайда округтардың кең аймағы (XX ғасырдың басында Орынбор мүфтиятының құзыреті Орталық Ресейдің, Орал-Еділ бойы мен Сібірдің 84 губерниясында, 5 облыс, 6 басқарушы қалаларға таралды, ал Таврида басқармасының округтеріне Батыс өлкенің 10 губерниясы, Севастополь мен Керчь-Еникалдык басқарушы қалалар кірді) кейбір мүфтилердің мұсылмандық дін ілімі мен құқығы

сұрақтарында білімінің жетіспеушілігі, биліктің жоғары мұсылмандық діни мекемелерге көрсеткен қысымы мүфтияттардың қызметінің тиімділігін төмендетті [14, с. 281-282, 283-284, 285-286].

1822 жылғы Сібір қазақтары туралы Жарғы қазақ қауымына молдалар тағайындау талабын енгізіп, заңдастырды және жергілікті әкімшілікке округтік бұйрықпен мешіттер мен діни мектептердің құрылысын міндеттеді. Патша үкіметі қазақтарды дін істері жөнінен басқаруды Орынбордағы татар мүфтиіне тапсырды. Патшаның қолдауымен татар молдалар Қазақ даласында діни әдебиетті кеңінен таратты. Қазақстанда исламның таралуына ықпал етіп және отаршылдық саясатты өз мүддесіне қарай қолдаған патша монархиясы дінге саяси көзқарас тұрғысынан қарады [15, с. 63-64].

ОМДМ-дың жанында сынақтан өткен молдалар Орынбордағы губерниялық басқарманың жарлығын алғаннан кейін ғана Қазақ даласына жол тартты. Олар империяның мұсылмандық діни әлеуметтік иерархиясында ерекше орынға ие болды. Ресми тіркелген мұсылман діни кадрларды азаматтық шенеуніктер тағайындап, бекітетін Ресей мемлекетінің ресми өкілдері жатты. Олардың қызметі ортодокстық исламды уағыздаумен шектелмеді. Татар молдалары өз мұсылман халқын заңға бағыну мен ресейлік империялық таққа адал болуға тәрбиелеулері қажет еді.

Этникалық шығу тегін алсақ, ресми қызмет атқарған молдалар негізінен Қазан губерниясы мен Орынбор губерниясының Сеитов посадының татарларынан, жерлері қазақтардың табын, тама, жағалбайлы, жаппас руларының қоныстарымен шекаралас орналасқан 6, 9, 12-кантондар башқұрттардан; 1, 3-кантондар мишарлардан құралды. Орынбор облысының ресми мұрағатында 1800-1820 жылдары Қазақ даласына Орынбор губерниялық басқармасы жіберген молдалардың атаулы тізімі сақталған. Осы құжатқа сәйкес Батыс Қазақстан аймағына мишарлық 3-кантоннан 5 адам, башқұрттық 9-кантоннан 17 адам жіберілген болатын [16, с. 147].

Қазақ даласындағы исламның таралуынан алғашында екіжақтылығын байқауға болады. Ресей әкімшілігі қазақтардың сенімдерінде ежелгі шаманистік діндердің қалдығы мен мұсылман элементінің екі бағыттылығын көрді. Л.А. Словохотовтың көзқарасы бойынша қазақтар «өзінің бұрынғы пұтқа табынушылық дінін біртіндеп ұмытып, исламның белсенді жүргізушілерінің бірі – татарлар мен сарттардың фанатикалық ықпалымен мұсылман бола түсуде. Исламның бұл ку агенттері айла-тәсілдері арқылы алыстағы қазақ болыстарымен ауылдарына еніп, мұсылман ілімдері бойынша ең жақсы маман ретінде халық арасында үлкен ықпалға ие болды. Қазіргі уақытта ислам Қазақ даласына екі жағынан: Қазан мен Бұхарадан кең толқынмен барады. Оның үстіне қазақтардың мұсылман жоралғылары көптеген жағдайларда пұтқа табынушылықтың қалдықтарымен араласады деген күдікпен діни саясатын жүргізеді» [17, с. 33-34].

Шекаралық комиссияның анықтауынша 1851 жылы Кіші жүз жерінде әр қашықтықта («дистанцияда») 17-20 молда болды [18, с. 149]. 1850-1852 жылдар аралығында Статистикалық кеңесшісінің мәлімдеуі бойынша Бөкей Ордасында діни ахуал туралы былай делінген: «Қазақтар мұсылмандық сенім бойынша сүннит бағытын ұстанады. Барлық Ордада 128 мешіт болса, оларда 1 ахун және 130 молда бар» [19, 28-п.]. Еділ бойындағы татарлар арасынан шыққан Қазақ далаларындағы молдалар XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында шекаралық облыстардағы бірбеткей көшпенділерді «өркениеттендіруге» тырысып ресейлік империялық ықпалды насихаттаушылар қызметін атқарды [20, с. 51].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресейдегі мұсылмандардың өмірін қадағалау ПМ-нің қарауында болған. Нақты айтқанда 1880 жылы 6 тамызда құрылған ол бұратана діндерге қатысты және полиция департаменттерінің құзырына жатқан. Олардың функционалды міндеттеріне мұсылмандар өмірінің барлық мәселелері: ғибадатханалар, көшіп-қону, шетелдік төлқұжат беру, кітап шығару және т.б. кірді. Негізінен үкіметтің конфессионалды саясатын жүргізу әр облыстардың губернаторларына тапсырылған болатын. Олар үкіметтің діни-конфессионалды саясатын ұстанып, исламның нығайып таралуына кедергі жасап отырды [21, с. 80].

Қазақстандағы патша үкіметінің конфессиялық саясаты уақыт өте келе мұсылмандық мектептерді бақылауға, зиялыларды, басылымның цензурасын қадағалауға және мұсылмандық дін мен ұлттық зиялылар арасынан басқа пікірлерді «исламшылдық», түрікшілдікпен байланыстыру мен үкіметке қарсы әрекеттерге айыптау бойынша қуғындауға әкелді.

Патша үкіметінің бұратана халқын орыстандыру мақсатында қазақтардың арасында христиан дінін таратуға тырысты. Дінді таратушылардың күш салуы мен жаңадан шоқынғандарға үй салуында шіркеудің көмегіне, ашыққандарға көмек көрсетуге қарамастан қазақ-христиандар басқалармен салыстырғанда нашар өмір сүрді [15, с. 83-84].

Қазақ даласында патша билігінің «жаңа низам» ережесін, яғни 1867-1868 жылдары отаршылдық-әкімшілдік реформаны енгізу алдында Ресей империясы қазақ жерін мемлекет меншігі деп жариялады. Қазақ елінің жерінде бір жағынан Қытай империясы, екінші жағынан Ресей империясының шекарасы

ресми түрде белгіленіп, картасы сызылып бекітілген соң, патша үкіметі бұрынғы уақытша ислам дінін тарату саясатынан бас тартып, 1862 жылдан бастап қазақ халқын ашық шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастады. Бұл кешенді тұрғыдан қойылған саяси-әлеуметтік әрекеттерді жүзеге асырудың шешуші кілті болды.

Екінші жағы Александр патшаның 1865 жылы 5 шілдеде арнаулы раскриптімен байланысты. Өйткені, ресми саяси құжатты ескеріп осы патша қолымен жазылған раскриптіге сүйене отырып, екі нәрсеге айрықша назар аударылды. Оның бірі – қазақтардың бәрін бірыңғай билеп-төстеудің жаңаша жүйесін жасап, яғни «жаңа низам» деп аталатын ережені 1867 жылдан бастап өмірге нақтылы түрде ендіру мақсаты көзделді. Екіншіден, қазақтарды келешекте православие дініне ендірудің бар мүмкіндіктерін қарастыру арқылы көзделген орыстандыру саясатының түпкі мақсатына меңзейді [22, с. 13-14].

Сөйтіп, Ресейдің конфессиялық саясаты протекционизмнен бас тартып, исламды шектеу саясатына айналдырды. Мұсылман дінбасылар мәселесі және оның мансабының басшылықпен қарым-қатынасы бірнеше жыл өткеннен кейін басқарушылар ортасында қайтадан талқыланып, императорға жолданған 1865 жылдың ақпаны мен 1866 жылдың наурыз аралығын қамтыған жеке есепте («Всепоподанический отчет») және Ішкі Істер министрі Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановскийге жіберілген соңғы нұсқауында бұл мәселе қайта көтерілді. Тұрғындары әртүрлі дінді (пұтқа табыну, ислам, ескі дәстүршіл, ортодокс) ұстанған аймақ басшысы ретінде Н.А. Крыжановский бұл көп діни сенімдерді «зиян» деп есептеді. Әсіресе, ол ислам дінінің таралуынан күдіктенді.

Отаршылдық бағыттағы реформаға жергілікті қазақтардың қарсылығы Орал, Торғай облыстары мен Маңғыстаудағы ұлт-азаттық халық көтерілістеріне әкелді. Ал осы жерде атап өту керек жәйт: батыс өңірінде көтеріліске қатысушылар діни істердің басшылықсыз қалуына қатты алаңдап, ОМДМ-ға қосылу немесе Қазақ даласы үшін арнайы мүфтиат құруды, сол сияқты тек орыс өкілдері емес, мұсылмандар арасынан да үйезд басшыларын тағайындауды және жергілікті билік пен сот органдарын қалыптастырудағы сайланбалы бастауды талап етті [15, с. 28-32]. Қазақ жерлерін отарлаушы орыс әкімшілігіне жаңа заңдық негізде 1891 жылы 25 наурызда қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» үлкен септігін тигізді.

Айта кету керек, келесі жылдары әкімшілік жүйелерінде кейбір өзгерістер орын алды. Мысалы, 1872 жылы Бөкей Ордасының аймақтары толығымен Астрахань губерниясының құрамына кірді. Маңғышлақ приставтосы 1870 жылы Кавказ әскери округінің басқаруына өтті, біраздан кейін Закаспий облысына енді.

Орал облысына Орынбор ведомствосының қазақтарының, сондай-ақ Орал казак әскерлерінің жерлері кірді. Ол келесі үйездерге бөлінді: Орал, Гурьев, Калмыков, Ембі (Темір), Маңғышлақ түбегі жеке приставство ретінде. Торғай облысының құрамында Торғай, Николаев (Қостанай), Ырғыз, Илецк (Ақтөбе) үйездері болды; 1872 жылға дейін Бөкей Ордасы да Торғай облысына енді. Облыстың әкімшілік орталығы Торғай облысына кірмеген Орынбор қаласында қалдырылды. Орал, Торғай, Ақмола мен Семей облыстарындағы басқару туралы уақытша Ереже бойынша Қазақстандағы «жергілікті» әкімшіліктің құрылымы бірыңғайланды. Барлық аймақтарда ол әр болыста халық үш жылға сайлайтын 4-тен 8 адамға дейін болыстық басқарушы, ауылдық старшин мен билерден құралды. Ал 1891 жылғы Далалық облыстарды басқару туралы Ереже «жергілікті» әкімшіліктің құрылымына ешқандай өзгерістер енгізбеді [23, с. 286-288].

Қорыта айтқанда, XVIII-XIX ғасырларда Ресей империясының Қазақстан мен шекаралық мұсылман аймақтарында жүргізген діни саясаты бірнеше ұқсамайтын кезеңнен тұрғанын көреміз. Бірінші кезеңі XVIII ғасырдың соңынан басталып, XIX ғасырдың 70-шы жылдарына дейін жалғасты. Ол дәуірді шартты түрде либерализм саясатына ұқсас деп атауға болады. Орынбор мүфтилігінің қызметі, татар ахундарының ағартушылығы белгілі жемісін берді. Бұл Қазақстан жерін толық отарлау барысында дін саясаты өзгеріп, Ресей әкімшілігінің түрлі діни реформалар енгізуімен болды. Алғашында Қазақ даласында мектептер мен медреселер салынып, мешіттердің көбеюі және татар молдаларының келуімен діни ахуалдың күшеюін байқаймыз.

Орыс православие шіркеуі қазақтарды патша билігіне сенімге шақыруда қаражатты кең түрде пайдаланды. Осы орайда ислам дініне қысымшылықтың барлық түрлері болды. Бірақ тарих тәжірибесін ойламаған православиелік уағызшылар діни қудалау мен қысымшылықтың көбінесе керісінше нәтиже беретіндігін есепке алмады. Мұсылмандар осы саясатқа қарсылық ретінде бірікті және бұлпатша үкіметі үшін жаңа проблемалар туғызды. Миссионерлік епархиялардың қызметі жыл сайын әлсіреп, мүшелерін жоғалта бастады. Православие дінінен басқа діндерге өтуге кедергі жасай отырып, шіркеу қызметкерлері православие дінін қабылдауға келіскен қазақтарға үлкен назар аударып қолдау көрсетті. Мұндай бағыт патшалықтың отарлау саясатының мақсаттары және міндеттерімен де

Курган Хохлач был открыт в 1964 г. в ходе строительных работ. Исследователи относят его к культуре сарматов. Золотая диадема также украшена вставками граната. Причем камень на женской скульптурной головке и овальные камни–вставки по периметру обода диадемы различны по цвету. Предполагается, что для украшения диадемы использованы две из трех разновидностей граната – пироп, альмандин или родолит. В центре диадемы помещена фигурка женщины, в ее верхней части расположены скульптурные изображения оленей и деревьев, в нижней – короткие подвески. Деревья имеют пышные кроны, а олени – массивные ветвистые рога. Считается, что данные мотивы впоследствии нашли свое дальнейшее развитие в золотых коронах корейского царства Силла.

Для украшения диадемы использованы разнообразные драгоценные камни. К примеру, расположенный в центре бюст одетой в греческий хитон женщины изготовлен из аметиста. Части скульптуры различаются между собой по цвету: лицо выполнено из белого и прозрачного материала, а волосы – из фиолетового. Таким образом древние мастера оптимально использовали природную цветовую гамму минерала. На голове женщины – золотой венец с инкрустацией гранатом. По обе стороны от женской фигуры помещены гнезда овальной формы, также с гранатовыми вставками, за ними – фигуры хищных птиц (орлов), украшенные бирюзой, кораллом и стеклом. По краям диадемы расположены ободки из золотых бусин, бляшек и жемчужин. Гнезда для инкрустации имеют округлую или овальную форму. В них вставлены кабошоны полусферической формы. Лицевая поверхность камней выпуклая, тщательно отполирована. (Син Сук, 2018, с.535-569).

Много общего также в предметах украшений. Можно отметить золотую серьгу и золотое ожерелье, в технологии изготовления, приемах оформления которых присутствуют элементы сходства. Бесоба могильник, находящийся в верховьях р. Илек. В кургане номер 9 была найдена золотая серьга. Она состоит из кольцевой дужки, длинной цепочки и полой шаровидной бусины. Кольцо для крепления подвески присоединено к дужке с помощью пайки. Оно разъемное, что позволяет вставлять в него дополнительные подвески. К нему присоединяется цепочка, соединенные звенья которой напоминают восьмерку. На конце цепочки находится полая округлая бусина. Бусина изготовлена из двух спаянных полусферических половинок. В ее верхней части находится кольцо для крепления к цепочке. На поверхности бусины хорошо заметны следы использования припоя.

Золотое ожерелье из гробницы Хваннам Дэчхон периода Троецарствия. Южная гробница кургана Хваннамдэчхон датируется концом IV или началом V вв. Присутствие в материалах культуры Силла (VI - V вв.) ювелирной техники, которая появилась раньше. Кёнджу Хванам Дэчхон состоит из северной гробницы и южной гробницы, и большое количество аксессуаров было также извлечено из южной гробницы, где предположительно похоронен мужчина. Среди аксессуаров, извлеченных из южной гробницы, наиболее показательным является золотое ожерелье, обозначенное как национальное достояние № 194. Это ожерелье длиной 33,2 см состоит из поочередного соединения 4 золотых цепочек и 3 полных золотых бусин и отличается тем, что сделано полностью из золота без использования нефрита. Они соединенные между собой цепочкой. Цепочки в составе ожерелья из Хваннамдэчхона представляют собой объемный вариант плетения восьмеркой, что отличает их от изделия из могильника Бесоба, однако тип плетения у них одинаковый.

Следовательно, мы приходим к выводу, что было взаимодействие между древней Кореей и культурой населения казахской степи. Возможно, существовали древние торговые коммуникации. Доказательством является камень гранат, который могли носить только знать государства Силла. Это связано с тем, что не было в просторах Кореи драгоценного камня граната. Наибольшее подтверждение сходства двух культур мы видим в полихромном стиле золотых изделий.

Список литературы

Бернштам А.Н. Находки у озера Борового в Казахстане // Сборник музея антропологии и этнографии. Т. XIII. М.-Л., 1951. С. 216 -229.

Засецкая И.П. Культура кочевников южнорусских степей в гуннскую эпоху (конец IV-V вв.). – СПб: «Эллипс ЛТД», 1994. – 224 с.

Син Сук. Золото и драгоценные камни– древние украшения с драгоценными камнями с территории Кореи и Казахстана// Золото властелинов казахских степей. Национальный научно–исследовательский Институт культурного наследия Республики Корея. – Тэджон, 2018. С. 535-569.

Серьга. Описание коллекции //Золото властелинов казахских степей. Национальный научно–исследовательский Институт культурного наследия Республики Корея 34122 Тэджон, Йусон–гу, Мунджи–ро 132 (Мунджи–дон 472), 2018. С. 268-269.

이경희기자.1500

년전신라황금보검,

주인은카자흐사람일까[сайт].URL:<https://www.joongang.co.kr/article/3994923#home> (дата обращения 15.03.2023) – интернет ресурс

Хансан Ли. Золотая корона Силла[сайт]. URL:<https://encykorea.aks.ac.kr/Article/E0068699>(дата обращения 25.03.2023) – интернет ресурс

Хансу. Символ Силла, страны золота, Золотая корона ХваннамДэчхон//Национальный музей КореиКураторский исследовательский центр, 2013. С. 88-89

URL: http://www.daps_a.kr/blog/?p=61041 (дата обращения 15.03.2023) – интернет ресурс

T. A. Toleubek

HISTORICAL AND CULTURAL SIMILARITY OF ANCIENT KOREANS AND KAZAKHS

The article presents the archaeological facts of the Hunnic era, showing the historical similarity of ancient Koreans with the culture of the population of the Kazakh steppe. In the history of Koreans and ancient cultures of Kazakhstan, the stage of similarity is determined by the monuments of the Silla era (VI century). The similarity is manifested in the finds of polychrome style objects and gold jewelry.

Consequently, we come to the conclusion that there was an interaction between ancient Korea and the culture of the population of the Kazakh steppe. Perhaps there were ancient trade communications. The proof is the garnet stone, which could only be worn by the nobility of the Silla state. This is due to the fact that there was no garnet gemstone in the expanses of Korea. We see the greatest confirmation of the similarity of the two cultures in the polychrome style of gold products.

АҒАШ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ, МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ АДАМҒА БЕРЕР ПАЙДАСЫ (ҚР МОМ КОЛЛЕКЦИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Халықтың тұрмыс-тіршілігіне қажетті көптеген бұйымдар ағаштан жасалды. Өйткені, кейбір зерттеулерден халық өміріндегі маңызды орындардың бірін ағаш және оған қатысты барлық жабдықтар алғандығын көруге болады. Мындаған жылдар барысында біздің ата-бабаларымыз орманды және орманды-далалық кеңістікті белсене игеріп, шикізаттар ішінен ең қолайлы осы материалды өздерінің тұрмыстық қажеті үшін лайықтады.

Ағаш өнерінің дамуы XIX және XX ғасырдың басында кең етек алды. Сол тұста ағаштан жасалған үй ішкілік жиһаздар қолданысқа енді. Қазақтың баспанасы – киіз үйдің қосалқы бөлшектерінен бастап, қарапайым қасығына дейін ағаштан жасалған. Себебі, ағаштан жасалған бұйымдар көші-қон кезінде сынбайтын, әрі тұрмыста қолдануға ыңғайлы болды. Сонымен қатар, музыка аспаптары, ыдыс-аяқ, үй жиһазының көпшілігі ағаштан жасалатын болған.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейінің (одан әрі ҚР МОМ) қорында ағаштан жасалған, күнделікті шаруашылықта пайдалануға арналған құрал-саймандар, ыдыс түрлері, киіз үйдің қосалқы бөлшектеріне дейін көптеген жәдігерлер сақтаулы.

Олардың ішінен қазақтың тұрмысында ерекше орын алған, сәби денсаулығына пайдасы зор, аптап ыстықтан, желдің өтінен, жердің суық сызынан сақтап, оның тез ширауына ықпалын тигізетін арнайы жасалған бесіктерді кездестіруге болады. Бесіктің жасалу техникасы мен безендірілген нақышына қарай, қолданған отбасының әлауақытынан көрініс беретіндей.

«Бесіктен түскен бөпеге, есікке дейін ен дүние», «Бесік - ұшар ұяң, есік - алтын шыған», «Бесік көрмеген ессіз болып есікке енеді, Ер бесіктен танылады» деген ел арасында тараған мақал-мәтелдерден бесіктің қазақ халқы үшін орны ерекше, маңызды қасиетті мүлік деп есептелінгеннің дәлелі.

Бесікті көбіне қарағайдан, қайыңнан немесе басқа да иілгіш ағаш түрлерінен жасайды. Осының арқасында бесік мықты, экологиялық түрде таза және жеңіл болды.



Сур-1. Бесік

Бесік жасау алдында шеберлер ата-бабалары мен ұстаздарына сыйынып, Алла Тағаладан жұмыстың сәтті аяқталуын тілейді. Бесікке пайдаланылатын ағаштарды арша түтінімен үш қайтара айналдырып, аластап тазартып алғаннан кейін ғана іске кірісетін. (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі.5-том. – Алматы, РІПК «Слон», 2013. – 489 б.) Бесік тәтті ұйқының кепілі ғана емес, сондай-ақ тәрбиемен және сәбидің анамен рухани байланыс орнатуының элементі деп саналады. Бала онда жатып, анасы шырқаған бесік жырын естиді. Әуеннің мотиві мен ананың дауысы балаға өзін қауіпсіз сезінуге мүмкіндік береді, ал бесікті тербеу нәрестені тыныштандырып, жүйке жүйесінің дұрыс дамуына көмектеседі. Баланың қолы мен аяғы мықтылап

байланып тұратындықтан, бұл оған қолының сермеуінен ауып кетпей, ұзақ уақыт бойы тыныш ұйықтап жатуына мүмкіндік береді. Ал, бесікке орнатылған шүмек аналарды сәбидің жаялығын уақытында ауыстыру қажеттілігі туралы алаңдаушылықтан босатады. Сонымен қатар, баласы бесікте жатқан аналар әрдайым нәрестені біраз уақытқа жалғыз қалдырып кетсе де, сәби одан құлап кетеді деп алаңдамайды.

Сондай-ақ, ағаштан бедерлі, әшекейлі суреттер, оюлар жасау, яғни ағаштан «түйме түю» де халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлі өнерлердің бірі. Тіпті киіз үйдің ағаш бұйымдарының бәрін дерлік үйдің сәндік жиһаздарына сай көркемделген екен. Ағашқа оюлар оюдың көркемдік мәнері үйге көрік берерліктей нәзік нақышталған басқа да бұйымдарды ою-өрнекпен түр-түсі жағынан ұқсас тіпті толықтырып тұрушы әсем, сәнді келеді. Ағаштан ою оятын шеберлерді халық «ағаш ұстасы» деп атаған (Тәжімұратов, 1977, 63).

Халық шеберлері ағаштан ойып әр түрлі үй іші жиһаздарын да дайындаған. Осындай күнделікті тұрмыста, пайдаланатын төсек ағаш, жастық ағаш, кебеже, сандық, әбдіре, саба аяқ, піспек, астау, табақ, тегене, шара аяқ, тостаған, ожау, қасық, күбі, ағаш, шелек, келі-келсап секілді халыққа қажетті түрлерін айтуға болады. Аталған ағаш ыдыстардың көптеген түрін ҚР MOM қорынан кездестіруге болады.



Сур-2. Табақ. ҚР MOM қорынан (КП 6083)



Сур-3. Астау. ҚР MOM қорынан (КП 6078)

Қыз жасауының құрамындағы шешесінің өз қолынан табысталған ыдыс-аяқ қыздың тәрбие көрген жерден шыққандығының айғағы іспеттес болды («аяғына қарап асын іш, шешесіне қарап қызын ал» принципі бойынша). Ыдыс-аяқтың кейбір түрлері халық медицинасында магиялық қасиеттері бар деп саналды және ырым-тыйымдар жүйесінде ғұрыптық қызмет атқарды. Ыдыс-аяқтар көшпелі тұрмыстың талаптарына сай көбінесе ағаштан және теріден жасалған. Мұндай ыдыс-аяқтар көші-қон кезінде оңайлықпен бүлінбейтіндігімен әрі жеңілдігімен ерекшеленген. (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5-том. – Алматы, РПК «Слон», 2013. – 756-б.).



Сур-4. Ожау. ҚР MOM қорынан (КП 2044)

Осындай күнделікті тіршілікте пайдаланатын ағаштан жасалған ожаудың бірнеше түрі ҚР MOM қорында сақтаулы. Ожаудың жасалу техникасы мен безендірілген нақышына қарай, қолданған отбасының әлауақытынан көрініс беретіндей.

Ожау дастарханның шырайын келтіретін мүлік ретінде ерекше бағаланған екен.

Оны қазақ шеберлері әр түрлі ағаштардан ойып дайындаған және кейбір кезде сабын ою-өрнектермен безендірген. Ауқатты отбасылар сәндік бұйым есебінде ожауды алтынмен, күміспен қаптатып, кейде сабына асыл тас орнаттырған екен.

Сондай-ақ, үнемі қолданыста болған тағы да бір тұрмыстық бұйымдардың бірі жастықағаш. Жастықағаш көшпелі өмірде көп пайдаланылған. Жастықағаш – адамның басын биіктету үшін жастықтың астына қоюға ыңғайланып жасалған бұйым. Оның екі аяғы, жастықты жерге түсірмей тіреп тұратын тақтай кермесі және жастықтың астына қоюға лайықты жасалған көлбеу тақтай төсеніші болады. Қазақстанның әр өңірінде кездесетін төсек ағаштардың сыртқы кескініне қарай жіктелгенде бірнеше түрі бар екені байқалады. Солтүстік, оңтүстік, шығыс және орталық аймақтарына кең тараған төсек ағаштың ең көне түрінің екі басы тым шалқақ және жойдақ болады, төрт аяғы ішке қарай кіріңкі не тік келеді, екінші түрі шығыс және оңтүстік аймақтарда кездесіп бастары тым шалқақ алты не сегіз аяқты төсек ағаштар бар.

ҚР MOM қорында тұрған жастықағаштың екі жақтауы, арқалығы бүтін жасалып, құлаққа (төрт қырлана келген) сұғындырылып бекітілген (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 2-том. – Алматы, РПК «Слон», 2013. – 246-б.).



Сур-5. Жастықағаш. ҚР MOM қорынан (КП 1514)

Дана қазақ халқы «ағашты жердің ырысы мол» деп айтып кеткені де осыған байланысты болған шығар деген тұжырым жасауға болады. Ұйықтау жағдайынан басқа, күндіз жастықағашты үй жиһазы көрпелерді жинап қою мақсатында пайдаланған. Қазіргі таңда жастықағаш қолданыстан шығып қалды.

Осындай ата - бабамыздан мұраға қалған ағаштан жасалған бұйымдарды зерттеу барысында қазақ халқы - табиғи, денсаулыққа пайдалы шикізатты (ағашты) ақылмен пайдалана білгені анық.

Ғасырлар бойы халқымыздың кәдесіне жараған бұйымдарды, ұлт жәдігерлерін зерттеп, ұрпағымыздың ел тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне қызығушылығын арттырып, қадір-қасиетін түсіндіру әрбір саналы азаматтың міндеті десек те болады.

Әдебиеттер тізімі

Қазақ қолөнер энциклопедиясы

<http://koshpendi.kz/index.php/kolone>

<https://kk.wikipedia.org>

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Алматы, РПК «Слон», 2013
Шебердің қолы ортақ. «Қазақстан» баспасы, Алматы -1977

A.B. Balayeva
**THE ESSENCE, MEANING AND BENEFITS OF WOOD PRODUCTS FOR HUMANS (BASED ON THE
COLLECTION OF THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN)**

Article is devoted to the description of some wood products of the Kazakh people – cradle and pillow wood and wooden dishes. Based on information from various sources, the author reported on the role and function of wooden products in everyday life, everyday life, and the benefits for the human body. In the article, along with the characteristics of the use of wood products, the author made his own research on how much this wood product has a good effect on human life, and developed a conclusion as useful and necessary products in human life.

ҚОРҚЫТ АТА MEMOPIAЛДЫ KЕШЕНІ KИЕЛІ ОРЫНДАРЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫНДА

Қорқыт ата – күллі түркі дүниесі оның ішіндегі Сыр өңірі тарихында, рухани өмірінде айрықша орын алатын, түркі кезеңі деп аталатын тұтас бір дәуірдің болмыс-бітімін, таным-түсінігін, саяси-әлеуметтік және діни дүниетанымын өн бойына жинақтаған бірегей тұлға. Қазақстан тарихының Оғыз-қыпшақ дәуірін, оның арғы тегі түркі тайпаларының тарихын зерттеуде Қорқыт Атаны айналып өту мүмкін емес. Себебі, Қорқыт бейнесі Шығыс Түркістаннан бастап Кіші Азияға дейінгі аймақта таралған түркі халықтарының ауызша, жазбаша деректерінде кездеседі (Байпаков, 2007, 35-71; Құрманқұлов, 2011, 370-371; Толстов, 1947, 55-102).

Қорқыт ата мемориалды кешені қазіргі таңдағы Қорқыт ата мемориалды кешені Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Жосалы кентінің солтүстік-батысындағы 18 шақырым жердегі Қорқыт станциясына жақын табиғи төбе үстінде орналасқан. Кешен құрылысы 1980 жылы архитектор Б.Ә.Ибраев пен С.И.Исатаевтың жобасы жасалынып, Елеу Көшербаевтың бастамасымен салынған болатын (Күзембай, 2011).

Ғалым Ә.Х. Марғұланың еңбектерінде Қорқыт Атаның аңызы жайлы көптеген деректерді қарастырған. Ғалымның пікірінше Қорқыт Ата Сыр бойын мекен оғыз тайпаларының арасынан шыққан данышпан қария, болашақты болжап сөйлейтін қария болған. Қорқыт туралы аңыз әңгімелер қазіргі уақытта қазақ түркімендер көбірек жолығады деп айтқан. Қорқыт ата туралы аңыздың көбі ауыздан беріліп отырған. Қорқыт ата туралы XIX ғасырдың екінші жартысынан белгілі бола бастады. Зерттеуші ғалымдар Ш. Уәлихановтың, В.В. Вельяминов–Зернов, П.И.Лерх, Л. Герн, Л. Мейер, Г.Н. Потанин, Радловтың еңбектерінде кездеседі.


Қорқыт ата туралы өзге ғалымдардың ойлары қосылып, байтақ үлкен әдебиет кеніші қалыптасты. Қорқыт атаның қазақ халқы айтатын аңыз әңгімелерін жазып алуда еңбек сіңірген ғалымдар, В.В. Бартольд, Ә.А.Диваев, И.В. Аничков, И. Жетпісбаев, В.А. Каллаур, И. Кастанье, П.И. Спиридоновтың еңбектерін айтуға болады. Қазақтар айтатын Қорқыт ата аңыз әңгімелерін әдемі жазып алған В.В. Радлов, П.И.Спиридонов, В.В. Бартольд жазбаларында кездеседі.

Қорқыт атаның Сырдарияның бойында өмір сүргені халық жадында сақталып келе жатқан тарихи әфсана екені көрініп отыр. Осы өңірдегі қалаларды суреттейді әр бір өсиет сөздерінде шындықты бейнелеген.

Жазып алған аңыздарда Қорқыт ата Ақмешіт қаласы маңайы мен Жанкент қала жұртымен тығыз байланысты, оларды көп келтіретін ғалымдар И.И.Крафт, Ю.Новицкий, И.Гейер, Л.Берг, Г.Грум–Гржимайло, Х. Кустанев сынды ғалымдардың еңбектерінде жолығады. Қорқыт ата туралы түрікмен, қарақалпақ айтатын аңыздарын тереңінен зерттеген ғалым, В.М. Жирмунский болып табылады.

Ә.Х.Марғұлан еңбегінде В.В. Бартольдтің Қорқыт ата туралы жарияланбаған еңбектерін талқылаған, В.В. Бартольдтің Ғылым академиясында сақталған архив материалдарын қарап отырып ғалымның Германияның Дрезден қаласында сақталған «Деде Корқыт» әңгімесін көшіріп алу, «Оғыз-наме» шығарамасымен салыстыру ойы бар екенін айтады. Қорқыт әңгімесінің негізгі сюжеті оғыздардың кавказға барғанда жасалған түрі қортындылайды (Бартольд, 1971; Мәми, 2000, 120; Марғұлан, 1982, 10-11; 1985, 85; Қоңыратбаев, 1996).

1998-1999 жылы Қорқыт ата кешені аумағында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы Т.Мәмиевтің жетекшілігімен археологиялық барлау және шағын қазба жұмыстары жүргізілді (сурет 1-2). Т. Мәмиевтің ғылыми мақалаларында Қорқыт ата маңын темір жолға дейінгі арылықты Сырдарияның сол жақ жағалауында шайып жатқан қорымдарды зерттеу барысында 76 бейіт есепке алынған. Есепке алынған бейіттерді шартты сандармен есепке алып, ортақ картасын жасаған. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында көптеген ауқымды жұмыстар қолға алынып, Қорқыт ата маңындағы ескерткіштер тізімге Қызылорда облысының қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген тізімдеріне енгізілген болатын.




Сурет 1. Қорқыт ата мемориалды кешені жоспары Т. Мәмиев бойынша 1998 жыл.

Жалпы музей кешен аумағы - 8,295 шаршы метр жерді алып жатыр. Музей экспозициясының көлемі-163,81 шаршы метр болып келген.

Т. Мәмиевтің пікірінше көп жерлеу қорымдарында: тас бейіттердің 43-тен астамы белгіленді, көбісі қазылып, бүлінген деуге болады, үстіндегі саағана орнына үйілген тастар бор жасайтын қарақоңыр тасты, не домалақ майда тас. Бір ерекшелігі кейбір сыртқы бейнесін сақтағандарында дінгек тас құлпы таста ру белгісі қашалған. Онда әсіресе, Жаппас, Алтын, Телеу, Тама, Жағалбайлы т.б. рулардың таңбалары сызбаланған.

Сырдария өзені суы шайып жатқан кейінгі ортағасырлық қорымына қаба жұмыстары жүргіліп, бетіндегі тасы алынғаннан кейін, майда құмды бейіт шұңқырынан бейіт дағы көрініп, мәйіттің бұрын бүлінгені байқалды. Бейіт шұңқырының қималық көрінісіне қарағанда, оның үстін 8 см қалыңдықта ағаш қабығымен жапқан. Қазылған бейіт шұңқырының теңдігі жер бетінен 80 см. Оның өлшемі 2,30 м x 40 см бұрыштары жұмырланған сопақ бейнелі (сурет 2).



Сурет 2. Қорқыт ата мемориалды кешеніндегі қорым жоспары Т.Мәмиев бойынша 1998 жыл.

Зерттеушілердің деректерімен баламалап тұжырымдағанда көшпелі тайпалар жерлеу мәдениетінде қола ғасырынан бастап, обалы тас бейітті жерленіп кейінгі көшпелілерде XIII-XV ғасырларға дейін сақталған.

Т. Мәмиевтің пікірінше Қорқыт Ата қорымдардағы бейіттер сыртқы бейнесіне қарай үлгілерге (типтерге):

- Тас бейіт (дөңгелек, төрт бұрышты түрдегі);
- Шеңберлі (қойқорған)
- Сатылы сағана (бесік);
- Үстінде сағанасы жоқ;
- Мазар ;

Қорқыт Ата мемориалдық кешені туристік нысанына, оның сол өңірдің тарихы мен мәдениетіне қатысы, аңызы мен ақиқаты фольклорлық, этнографиялық археологиялық деректері осындай. Аталған кешендегі алынған мәліметтер жергілікті тұрғындардың жадынан тыс қалмасын деп тағы да қайта тұжырымдалып отыр. Осы тұрғыда Түркі дүниесін байытатын уақыт көрпесін жамылып іздеушісін күтіп қордаланып зерттелмей жатқан өзекті этномәдени мәселелер баршылық.

Қорқыт ата ескерткіші 2017-2019 жылдары «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» және «Сыр бойының сакральді ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар» атты жинақтарға енгізілген. Бұл жинақтарда Қорқыт атаның анықтамалары беріліп, бұл нысандарды республикалық және сыр өңірінің қасиетті орындар тізіміне енгізілген (Құрманқұлов, 2017:533).

Барша түркі дүниесіне ортақ тұлға, сар даланы қобыз үнімен тербеткен күй атасы Қорқыттың Сыр топырағында өмір сүріп, мәңгілік тыныштығын осы мекеннен табуы киелі өңірдің қасиетін одан әрі арттыра түсетіні рас. Мыңжылдық өркениеттер мен теңдессіз мәдениеттердің ошағы болып табылатын Сыр өңірінің тарихында ғана емес, рухани дүниесінде де ойып орын алатын Қорқыт

тұлғасы мен тағылымын тану, зерттеу, насихаттау және оны мақтан ету – осы өлкеде туып-өскен әрбіріміздің парызымыз.

Әдебиеттер тізімі

Байпаков К.М. Огузы, туркмены и сельджуки в городах Жетысу и южного Казахстана // Известия НАН РК, 2007. – №1. – С. 35-61.

Бартольд В.В. Работы по исторической географии и истории Ирана // Сочинения. – М.: Наука, 1971. – Том VII. – 664 с.

Күзембай С. Қорқыт Ата және қазақстың көне музыкалық фольклоры. // Қорқыт және ұлы дала сазы. Алматы, 2011. 72-бет.

Қоңыратбаев Т. Ертедегі ескерткіштер. Алматы, 1996. 145-бет.

Құрманқұлов Ж. Қорқыт ата мемориалды кешені // Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы: Қызылорда облысы. Жауапты редактор М.Елеуов, Ж.Жетібаев- Алматы: Аруна, 2011.370-371 бб.

Құрманқұлов Ж.Қ. Қорқыт ата мемориалды кешені // Қазақстанның киелі орындарының географиясы // Табиғат, археология, этнография және сәулет өнері нысандарының тізілімі. Жалпы редакциясын басқарған ҚР ҰҒА академигі Байтанаев Б.Ә. Алматы: Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты, 2017. 1- шығарылым. 533-538 бб.

Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. –Алматы: Жазушы, 1985. -135 б.

Марғұлан Ә. Қорқыт туралы жазбалар. Қазақ әдебиеті, 1982, 12 ноябрь, 10-11-беттер.

Мәмиев Т. Қорқыт ата туралы аңыз бен ақиқат (Арал өңірінің ежелгі тарихы мен қала мәдениеті). Оқу құралы, Қызылорда, 2000. 120 б.

Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар // жоба авторы: С. Қосан; жауапты редактор: А. Жұмабекқызы. – Қызылорда : «Тұмар» баспасы, 2019. – 432 б. : суреттер, аудиожазба. – (Рухани жаңғыру).

Толстов С.П. Города гузов // СЭ. 1947. – №3. – С. 55-102.

O. Begaliev

KORKYT ATA MEMORIAL COMPLEX IN THE GEOGRAPHY OF SANCTUARIES

The article contains information about Korkyt Ata, according to the results of the research conducted by the archeological expedition of Kyzylorda University named after Korkyt Ata in 1998-1999 under the leadership of candidate of historical sciences T. Mami, ancient cemeteries, late medieval graves made of adobe and blue stone castles written in Arabic script were found, interestingly from the Oghuz-Kipchak period. you can see the symbols engraved on the faces of the tombstones. In a small museum located near the Korkyt ata memorial complex, exhibits on the history and archeology of the region are displayed. Today, some of the monuments of these graves have been washed away by the Darya River. These cemeteries were included in the protected area of the Korkyt Ata memorial complex, and special roads were built for worshipers and tourists.

ЖАМАЛ ОМАРОВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БЕТТЕРІНЕН (ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Музей, мұрағат және жеке коллекциялардағы фото, құжат, жеке заттар бүкіл бір елдің, ұлттың тарихи тағдыры, мәдениетінен мәлімет беретін дереккөздер әрі маңызды жағдайлар туралы естеліктер болып табылады.

Екі ғасырға жуық тарихы бар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің (әрі қарай – ҚР МОМ) 270 мыңнан аса сақтам бірлікті құрайтын қорында қазақ халқының тарихы мен мәдениет жүйесінде есімі ерекше аталатын көрнекті тұлғалардың жеке заттары жетерлік. Оларды зерделей отырып, қазақ мәдениеті мен өнері, оның ішінде қазақ музыка өнерінің қалыптасуынан мағлұмат беретін деректерді қарастыруға болады. Бұл ретте, музей қорында сақтаулы деректердің тәуелсіз мемлекет үшін, болашақ ұрпақ үшін ғасырлар үндестігі, білім мен мәдениет жалғастығының құралы (транслятор) ретіндегі құндылығы мен маңыздылығы аса жоғары екенін естен шығармаған абзал.

XX-ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстан халық шығармашылығында – ерекше композиторлық және поэтикалық қабілеттері бар халық және халықтық-кәсіби әншілер мен аспапшылардың өнері жақсы дамыды. 1921 жылы негізгі саяси-ағарту комитеті құрылды. Оның музыка бөлімі халық музыкасын жазумен, музыкалық топтарды ұйымдастырумен айналысты. Халықтық-кәсіби әншілер, ұлттық мәдени дәстүрлерді насихаттаушылар жарқын вокалдық қабілеттерге ие болды. Олар халықтың әртүрлі топтарынан шыққан – мұғалімдер, қызметкерлер, колхозшылар, жұмысшылар, шопандар. Олардың мазмұны мен жанрлары бойынша көп қырлы ән мұрасы қазақтың дәстүрлі музыкасына ерекше үлес болды.

Сол жылдары Қазақстанда музыкалық ұйымдар құру, көркемөнерпаздарды дамыту жұмыстары жалғасып, көптеген клубтар, халық үйлері, драмалық және хор үйірмелері пайда болды. Олармен бір мезгілде халықтық-кәсіби авторлардың шығармашылығы да жанданды. Сол жылдары көркемдік дәстүрлерді дамыту және халық таланттарын анықтау үшін жыл сайын өткізілетін халық шығармашылығының слеттері, байқаулар, айтыс түрі бойынша жарыстар үлкен маңызға ие болды. Кенен Әзірбаев, Жаяу Мұса, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, бертін келе Жамал Омарова, Күләш Байсейтова, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев және т.б. әнші, композиторлардың және инструменталистердің шығармалары көпшілікке танылды (Кистаубаева, 2020, с. 422).

XX ғ. 30-жылдарындағы Қазақстандағы музыкалық мәдениеттің дамуында - республикадағы фортепиано өнерінің негізін қалаушылар А. Затаевич пен А. Жұбановтың есімдері ерекше аталады. Қазақстандағы композиторлық мектептің негізін қалаушы Е. Брусиловскийдің де қазақ фортепиано музыкасын шеберлікпен, жанрлық әртүрлілікпен байытқан қызметі маңызды әрі жемісті (Искусство Казахстана, 1985, с. 16).

Е.Брусиловский қазақ радиосында жұмыс істеп жүрген кезінде жас әнші Жамал Омаровамен керемет тандемі қалыптасты. Е.Брусиловский ол туралы өзінің естеліктерінде былай деп жазды: «Янгиюльден қабілетті жас әнші Жамал Бисембиева (кейіннен Жамал Омарова болды) келді. Оның дауысы әдеттегі халық әндерін орындаушының дауысы – альт (фа малой және си бемоль бірінші) болды. Алғашында ол театрда жұмыс істегісі келген, театрға жарамаған соң, филармонияға жұмысқа ауысты. Мен Жамалдың «Түркістан Қараторғайы», «Ертіс» және «Бес қарагер» шығармаларын жаздым. Сонымен қоса көптеген эстрадалық әндерін жаздым және Жамал олардың барлығын дерлік сәтті шырқады («Гүлден Қазақстан», «Алтай», «Майданнан келген хат» және т.б.). Ал Жамал жазған «Ертіс» әнін «Қарлығаш» әні ретінде «Қыз Жібекке» енгіздім (Серкебаева, 2016, с. 30).

Қазақ музыка тарихында ерекше ардақталатын сахна тарланы, күміс көмей әнші Жамал Омарова өнер жолына ерте жастан келген. Өнер жолын көркемөнерпаздар үйірмесінен бастаған. Мектеп қабырғасында-ақ тамылжыта ән салып, көзге түсе бастаған жас Жамал 1925 жылы Ташкентте өткен Орта Азиялық балалар олимпиадасында әншілік өнерімен көзге түсіп, бірінші жүлдеге ие болған. Ж.Омарова фортепиано әуендерінің сүйемелдеуімен түпнұсқа шығарманың алғашқы орындаушыларының бірі болды. Оның репертуары кейіннен халықтық-кәсіби әндерден тұрды.

Ол 1925-1927 жж. Ташкенттегі қазақ, қырғыз, өзбек жастарына арналған педагогикалық училищеде оқыды. Жамал Алматыға Мәскеуде өткен қазақ өнері онкүндігінің аз-ақ алдында келген.

Келген бетте 1934 жылы Қазақ музыкалық драма театрының (қазіргі Қазақ опера және балет театры) құрамына қабылданды. Ол Мақпал («Шұғада»), Қамқа («Қыз Жібекте»), Айман («Айман-Шолпанда») образдарын жасады.

ҚР MOM қорында Ж. Омарованың 60-тан аса жеке заттары сақтаулы. Өншінің Мәскеуде өнер көрсеткен кезінде киген киімдері – шапаны, көйлегі мен сәукелесі жеке тоқталып өтуге тұрарлық мұралар қатарынан.

Сәукелесінің төбесі кесілген конус пішініне ұқсаған, ақ шұғамен тысталып, қызыл жібекпен астарланып, қатайтылып жасалған. Төбесіне ұшында моншақтары бар шашақ айналдыра қадалған. Тәжінің өн бойына тұтасымен зер жіппен көгөріс және зооморфтық өрнектер кестеленген. Кесте үстінен екі қатар етіп шынжыр салпыншақ бекітілген. Ол үш қатар шынжырды, кішкентай ғана көзтасы бар құймаға бекітіп жасаған. Милығының жиегін зер оқамен айналдыра көмкерген. Музейге 1973 ж. Қаз КСР ҒА Тарих, археология және этнология институтынан алынған (сурет-1). Ал шапан тысы қызыл күрең түсті барқыттан, астары сұр түсті жібектен тігілген. Астары тысына қолмен көктеп тігілген. Пішімі трапеция пошымды. Өңірдің алқым тұсы үшкірленіп шығыңқы келген. Жеңі жең ойындысына сәл бүрмеленіп қондырылған. Өңіріне, жеңінің аузына, етегіне айналдыра оқа бастырылған, кестеленген. Жағасы, өңірі, етегі, жеңінің аузы ішіне қарай қайырылып әдіптелген. Өңірінде шыныдан көз орнатылған үлкен металл түйме қадалған. Музей қорына 1974 ж. түскен (сурет-2). Тік етекті көйлегінің кеуделігі мен жеңі қызыл атластан, белдемшесі таңқурай түсті барқыттан пішілген. Кеуделігі қызыл борлатпен, белдемшесі қара және ақ ала шытпен астарланған. Алдыңғы өңірінің иініне екі бүкпе тігіс түсірілген. Алқымынан беліне дейін түсірілген тік тілік (35 см.) бойына «қақпақша» салынған және оған төрт түйме қадалған. Кеуделіктің арқа тұсының қақ ортасына және иініне, беліне таналған бүкпе тігістер жүргізілген. Жеңі қусырылған, ұшына қарай тарылып келген қондырма жең. Жең ұшы әдіптелген, онда седептен жасалынған бір түйме қадалған. Жағасы тік. Етегін айналдыра көгөріс өрнек кестеленген және зертаспа бастырылған. Зертаспадан жоғарыда екі қатар етіп алтындаған шашақтар төгілген. Көйлек әнші мұрагерлерінен 1974 ж. алынған (сурет-3).



Сурет-1. КП 13077/1 – Сәукеле. Сурет-2. КП 13077/3 – Шапан. Сурет-3. КП 13077/4 – Көйлек.

Ж. Омарова 1937 жылы Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясына солист болып қабылданды. Ешқандай музыкалық білімі мен дайындығы жоқ болса да ол ноталарды жұмыс барысында оқыды, бұл ретте дирижер Борис Васильевич Лебедев үлкен рөл атқарды.

Жамал Омарова Ұлы Отан соғысы жылдарында Отан үшін от кешкен жауынгерлердің жігеріне жігер қосқан қазақ әйелі. Майданда мәдени қызмет көрсету мақсатымен 1941 жылы Алматыда майдандық концерт бригадалары ұйымдастырылды. Олардың құрамында республиканың көрнекті әнші-актерлері К.Ж. Байсейітова, Ж. Елебеков, М. Ержанов, Ғ. Құрманғалиев, Ж. Омарова, Е. Өмірзақов, Ү. Тұрдықұлова, Ә.Ә. Үмбетбаев, М. Абдуллин, Б. Артықова, Н. Әбішев, Ш.Бейсекова, Қ. Лекеров; бишілер Ш. Жиенқұлова, З. Розмұхамедова; домбырашы Л. Мұхитов болды. Оның алғашқы сапары Солтүстік-Батыс майданға болды. Бұл кеңінен танымал факт, бірақ, өкінішке орай, кеңес армиясының жауынгерлері үшін өнер көрсеткен әртістердің есімдерін тізімдейтін барлық дереккөздерде оның есімі жоқ.

(Серкебаева, 2016, с. 66). Ж. Омарованың концерттік бригадаларда өнер көрсеткенін растайтын құжаттар мен фотолар ҚР МОМ қорында сақтаулы.

Өнер адамдары солдаттардың көңілін аулап, қолдау үшін, рух беріп, жігерлендіру үшін, туған жерін еске түсіріп, аз ғана уақытқа болсын қарапайым өміріне оралу үшін күні-түні концерт беріп, қойылымдар қойды. Барлығы әскери киімде болғандықтан, сарбаздар бір сәтке соғысты ұмытқылары келіп, әртістерден көйлек киюлерін сұрады. Алаңдар салынып, сарбаздар шеңбер жасап отырып, өнерпаздар өнер көрсетті (сурет-4).



Сурет-4. КП 16689/1 – Ж. Омарова Солтүстік-Батыс майдандағы Қызыл әскер жауынгерлері алдында өнер көрсетуде. 1942 ж.

Фотода әншінің жанында цимбалист-аккомпаниатор Иосиф Жинович пен пианист Саксонский отыр. Жамал бұл фото түсірілген күнді балаларына үнемі толқумен еске алып, айтып отыратын. Ол ән айта бастағанда, кенеттен бомба жарыла бастайды. Әскерилер ешқандай сиренасыз, жай ғана «ауа» деп айқайлап дереу әуе ескертуін жариялады. Біреуі әртістерді тасаға тығады. Бомбалау басылған соң қорыққаннан жартылай өлі күйде бәрі концертті жалғастыруға алаңға қарай жиналады. Келсе сахна әуе бомбасының тікелей соққысынан қирап қалған екен. (Серкебаева, 2016, с. 70).

Әнші майданда жалпы саны үш рет: Солтүстік-Батыс майданда, екі рет Қиыр Шығыста болған. Жамал Омарова Қиыр Шығыста майданға 1941 жылы қосылған 25-ші армия құрамында болды. Бригада құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қуан Лекеров, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Бибі Артықова, көрнекті Қызыл Армияның ең виртуоз музыканттарының бірі, домбырашы Лұқман Мұхитов, жас бишілер Темершинова мен Сәрсембаева да болды. Дәл осы құраммен Жамал Киров крейсерінде де өнер көрсетеді (сурет-5).




*Сурет-5. КП 27821/3 – Ж. Омарова Киров крейсерінде. 1942 ж.
Оңнан солға қарай төртінші тұр.*

Қиыр Шығыс майданында Қазақстанның халық әртісі атағын да алды. Бұған дәлел Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында сақтаулы тұрған 1943 жылғы 7 шілдедегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы А.Қазақпаевтың қолы қойылып, бұл жоғары атақ Жамал Омароваға берілгендігі жазылған Құрмет грамотасы бар.

Әнші еңбегі жоғары бағаланып, 1946 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. (сурет-6,7). Сонымен қоса Ленин орденімен және ондаған медальдармен марапатталды. КСРО Мәдениет министрлігінің «Мәдениеттің озық қызметкері» значогымен үш дүркін наградталуының өзі оның өнер өрінде ерекше орын алғанын сипаттайды.



Сурет-6. КП 15650 – №38867 Еңбек Қызыл Ту Ордені. 1946 ж.



Сурет-7. КП 15661 – Ж. Омарованың №38867 Еңбек Қызыл Ту орденіне №557046 Орден кітапшасы. 1946 ж.

1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі халқымыздың болашақ өнеріне ашылған алтын қақпаның жалғасы іспеттес болды. Сонда көзге түсіп, көп көңілінен шыққандардың ішінде атақты әнші Жамал Омарова да бар еді. Мұнда Жамал Омарова үш ән шырқаған: «Ертіс», «Қараторғай», «Ләтипа». Бұрын мұндай әдемі дауысты тыңдамаған, талап-талғамы жоғары Мәскеу жұртшылығының риза болғаны соншалық, әр әнді әдеттен тыс екі реттен орындатып, үсті-үстіне қол сокқан (сурет-8).



Сурет-8. КП 3279/5 Ж. Омарова – Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігіне. 1958 ж.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны ерекше. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағлым алу – патриотизмді қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...», - деуі қазіргі музей қызметінің басты ұстанымы болуға тиіс. (Т. Молдабекова, 2018, 518 б.).

Әуесқой өнерімен ұлт сахнасына шығып, қазақ музыка өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Жамал Омарованың рухына тағзым ету және өнердегі сара жолын дәріптеу, насихаттау ісінде «ұлт тарихының көрмесі» болып саналатын музейлердің қызметі ерекше.

Осылайша, ХХ ғасырлардың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның мәдени өмірі тарихтың алдыңғы кезеңдерінен, ең алдымен жаңа жанрлардың пайда болуымен, көп жанрлы, кәсіби өнердің қалыптасуымен, ғасырлар бойғы қазақ мәдениетіне енуімен ерекшеленеді. Қазақ театр, музыка, бейнелеу өнері мен халық шығармашылығының өркендеу кезеңі, халықтық білім беру жүйесінің түпкілікті рәсімделу уақыты саналады.

Әдебиеттер тізімі

Искусство Казахстана. Алма-Ата: Өнер, 1985. 16-17 с.

Кистаубаева А.К. Изучение мемориальных комплексов Амре Кашаубаева и Дины Нурпеисовой (на основе фондов Центрального Государственного музея РК) // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «XII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. Р.С. Жұматаев. (17-18 сәуір, 2020 ж.). Алматы: Қазақ университеті, 2020. 422-427 бб.

Молдабекова Т. XX ғ. 20-30 жж. қазақ театры және Қалыбек Қуанышбаев (фотоқұжаттар қоры негізінде) // «Қазіргі заман этнография ғылымы және оның қоғамдық жаңғырудағы ролі» атты «III Арғынбаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / жауапты ред. Н. Өлімбаев. (13-14 сәуір, 2018 ж.). Алматы: Қазақ университеті, 2018. 514-518 бб.

Серкебаева И. Жамал Омарова. Талант, признание, судьба... Алматы: Жибек Жолы, 2016. 314 с.
<http://www.tarih-begalinka.kz/>

A.E. Beisebayeva

JAMAL OMARANYN OMIRI MEN SHYGARMASHYLYGY BETTERINEN (KR MEMLEKETTİK ORTALYK MUSEUM MATERIALDARY NEGIZINDE)


The article is about the artistic path of the singer Zh.Omarova who held a significant and special position in the art of music in Kazakhstan in the 20-60s of the 20th century. In particular, the article describes her creative activity, heroism and awards during the war.

Looking back on the path of the singer's work, the aim is to show the value and significance of the private collection preserved in the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan as an instrument (translator) of the harmony of the ages, the continuity of education and culture for an independent state and for future generations, and to present it to the wider public. More than 60 of Zh.Omarova's personal belongings are in the collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan., including photographs, documents, clothes and awards.

In popularizing and promoting the singer's path in the arts and worshipping the spirit of Zhamal Omarova, who took to the nation's stage with her amateur art and made an invaluable contribution to the development of Kazakh musical art, the activities of museums, which are considered "exhibits of the nation's history", stand out. The folk art of Kazakhstan provides information on the art of traditional and professional singers and instrumentalists, people with special compositional and poetic abilities.

ДӘРІҚҰТЫ – КІСЕ БЕЛДІКТІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Ертеде мылтықты атуға қажет оқ-дәріні сақтайтын көлемі шағын ыдысты құты немесе дәріқұты деп атаған. Оны XVIII-XIX ғғ. саятшылық, аңшылық, жаугершілік кезінде мылтықтың құрғақ, ұнтақ күйдегі оқ-дәрісін ылғал тигізбей сақтау үшін қолданған. Қазақтың белгілі қарутанушы ғалымы Қ.Ахметжан дәріқұтының теріден, ағаштан, металдан жасалатынын және қазақтар көбінесе ағаштан әзірлейтінін, оның сырт формасы дөңгелек пішінді болып келетінін айтады (Ахметжан, 2016, 153). Мұндай үлгіде жасалған дәріқұтылар қазақ ғалымы Ш.Уәлихановтың (Валиханов, 1985, 39), Маңғыстау қазақтарын зерттеген неміс этнографы Р.Карутцтың (Карутц, 1911, 160) еңбектерінде көрсетілген (сурет 1,2). Бізде мақала барысында дәріқұтының ағаштан жасалған түрін



Сурет 1. Кісе белдік: 1) кісе қалта, 2) дәріқұты, 3) оқиантай, 4) қын. 1862 ж. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.4. (Алма-Ата, 1985) атты еңбектен



Сурет 2. Дәріқұты. Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке (СПб., 1911) атты еңбектен

зерттеп, атрибуциялауға тырыстық. Дәрікұтының сыртқы бетін терімен, ағашпен бедерлеп, түрлі ою-өрнектермен нақыштаған. Мысалы, зерттеуші Р.Карутц дәрікұтының дөңестелген бетіне парсының өсімдік өрнегінің жекелеген үлгілерінің оймышталып түсірілгенін айтады (Карутц, 1911, 146). Тіпті тапсырыс берушінің талғамына қарай, дәрікұты сыртын күміс, асыл тастарменде безендірген. Ауызы ағаштан немесе тоздан жасалып, оған тығын салынған. Мойнына қайыстан бау тағып, кісе белдікке бекіткен.

Қазіргі таңда дәрікұты қолданыстан шығып қалғандықтан, оны көбінесе музейлер қорында сақталған. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі (әрі қарай – ҚР МОМ) әр жылдары жүргізген ғылыми-зерттеу жобалары аясында Қазақстан, Ресей музейлері қорындағы қазақ коллекцияларымен танысып, оларды зерттеп, кейбір жәдігерлердің көшірмелерін алған болатын. Соның айқын дәлелі, «Ресей Ғылым Академиясының Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорындағы қазақ тарихи этнографиясына қатысты коллекциясы» (№0212РК00042) бойынша Ресей Ғылым Академиясының Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейінде (әрі қарай – Кунсткамера) 439-18 нөмірімен тіркелген дәрікұты. Аталған дәрікұтыны 1899 жылы Кунсткамера қорына Торғай облысы, Ақтөбе уезінен Л.Беркімбаев пен Х.Имамбаев өткізген (сурет 3). Дәрікұтының материалы ағаш, былғары, сүйектен жасалған. Өлшемі: диаметрі 17 см, оның ішінде дәрі құты



Сурет 3. Дәрікұты. Кунсткамера қорынан (439-18)

бөлігі 5,5 см, орталық розеткасы (жапырақ формалы әшекейі) 8 см. Кунсткамера берген аннотацияға сүйенетін болсақ, М.Садықованың 1967 ж. берген жазбасына сәйкес (бастапқы жазбасын 1899 ж. Д.А. Клеменц жазған) дәрікұты ағаштан дөңгелек пішінді етіп жасалған. Беті дөңестеліп, артқы жағы жалпақ келген. Оқ-дәрі дөңестелген бөлікте сақталды. Оның сыртқы жағы терімен қапталып, беті өрнекпен бедерленген. Өрнегі жапырақтары бар бұралған бұтақты бейнелеп тұрғандай. Құтының керттік жиектері айналдыра пошымы арқанға ұқсас етіп таспадан есілген. Дәрікұтының жиектері айналдыра кертіліп (24), олардың әрқайсысы жарты шар тәрізді безендірілген. Терімен қапталған мойны, сүйектен жасалған шүмегімен біріктірілген. Тығыны жоқ.

Кунсткамера қорындағы қазақтың келесі бір дәрікұтысына тоқталып өтсек, 5235-1 музейлік нөмірімен тіркелген құты 1895 ж. Терісаққан болысынан алынған. Кунсткамера қорына 1934 ж. Әскери-Медицина Академиясынан түскен. Материалы: мүйіз, тері, ағаш, қаңылтыр. Өлшемі: ұз. 9 см, ені 3 см, биікт. (мойнын қоспағанда) 7 см, тығынының ұз. 4 см. Э.Гаффербергтің 1934 ж. сипаттамасы бойынша: дәрікұты дөңгелек пішінді етіп



Сурет 4. Дәрікұты. Кунсткамера қорынан (5235-1)

жасалған. Ағаштан жасалған құтының беткі жағы өсімдік өрнектерімен нақышталып, темір шегелермен безендірілген. Мойыны терімен қапталып, шүмегі қаңылтырдан жасалған. Тығыны ағаштан жасалып, сырты мүйізбен қапталған. Тығыны мойнына есілген жіппен жалғанған. Мойнында қайыстан бауы бар (сурет 4).

Ал, «Ресей этнографиялық музейі қорындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты этнографиялық коллекциялар» (№0114РК00532) ғылыми-зерттеу жобасы негізінде Ресей этнографиялық музейі (әрі қарай – РЭМ) қорынан алынған дәрікұты (4532-60) ХІХ ғ. соңында Ақтөбе губерниясында жасалған (сурет 5). РЭМ қорына 1927 ж. В.Глухов пен Ф.Фиельструп өткізген. Материалы: ағаш, тері, сүйек. Өлшемі: диаметрі – 17-18 см. Дәрікұты тұтас ағаштан оймышталып жасалған. Өсімдік тәрізді өрнектермен



Сурет 5. Дәрікұты. РЭМ қорынан (4532-60)

нақышталған дөңгелек пішінді дәрікұтының жиектері дөңестеліп жасалған. Жиектері айналдыра дөңестелген ортасымен алмакезек үшбұрышталып түскен бұтақшалармен бекіген. Ортасында саңылау тесігі бар. Мойны терімен қапталып, шүмегі сүйектен жасалған.

ҚР MOM қорында КП 1225 нөмірімен сақталған дәрікұтының диаметрі 9,5 см (сурет 6). Материалы: ағаш, қайыс, қаңылтыр, шеге, лак. Бұйым ағаштан ойылып, оймышталып жасалып, қоңырқай түсті лакпен боялған. Беткі және астыңғы бөліктері өзара беттестіріліп, шегемен біріктірілген. Астыңғы бөлігі жалпақ келген, одан ортасы



Сурет 6. Дәрікұты. XIX ғ. ҚР MOM қорынан (КП 1225)

тесілген екі құлақша шығарылып, оған қайыстан бау байланған. Үстіңгі бөлігіне шүмек орнатылып, оның аузы ағаш тығынмен жабылған. Дәрікұтының дөңестелген бетіне өрнек оймыштау тәсілімен түсіріліп, орта тұсына қайырма шегемен дөңгелек келген жез пластина орнатылған. Келесі ҚР MOM қорындағы КП 1210 нөмірлі дәрікұтының орта тұсы ағаштан ойыс дөңгелек етіп жасалынған (сурет 7). Материалы: ағаш, тері, қайыс, қаңылтыр, шеге, лак. Өлшемі: диаметрі 8 см. Беткі бөлігі дөңес, асты жалпақ келген. Дөңестелген беті қоңырқай түспен лакталып боялған. Астыңғы бөлігі қаңылтырмен қапталып, ол ойыс келген үстіңгі бетінің ортасына өткізілген үлкен қайырылған шегемен



Сурет 7. Дәрікұты. ҚР MOM қорынан (КП 1210)

бекітілген. Мойнына теріден шүмек кигізілген. Шүмек ұшында ағаштан жасалған жұмыр тығын бар, ол шүмектің мойнына баумен біріктіріліп байланған. Дәрікұтының шетінің дөңгелек келген корпусы айналдыра темір пластинамен құрсауланған. Шүмектің екі жағынан металл тойнақ салынып, оған бау бекітілген. Баумен дәрікұты кісеге бекітіледі.

Кісе белдіктің құрамдас бөлігі болған, мылтықтың құрғақ, ұнтақ күйдегі оқ-дәрісін сақтауда маңызды рөл атқарған – дәрікұты, уақыт өте келе қару-жарақ түрлерінің жетілуіне байланысты қолданыстан шығып қалды. Дегенмен, дәрікұты қазақтың тұрмыс-тіршілігінде қолданған бұйымдардың бірі ретінде өзіндік орны бар.

Әдебиеттер тізімі

Ахметжан Қ. Қазақтың отты қаруларының тарихы. – Астана: Фолиант, 2016. – 320 б.

Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 463 с.

Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. – Санкт-Петербург: изд. А.Ф. Девриена, 1911. – 189 с.

T. Bolsynbek

THE DARIQUTY IS A COMPONENT OF THE WINTER BELT

Article tells about powder-flask («dariquty»), which was a part of Kazakh traditional hunting belts of XVIII-XIX centuries – «kise beldik». Thus, in the course of the research the powder flasks / «kise beldik» were studied as sources on Kazakh ethnography on the basis of works of the first Kazakh scientist Shokan Ualikhanov, Richard Karutz - German ethnographer, who studied Kazakhs' lifestyle in Mangystau region, scientific works of Kazakh scientist and gunsmith Ahmetzhan Kaliolla, as well as fund collections of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (CSM RK). In this study we studied also the materials of the research results of the CSM RK, obtained within the framework of scientific-applied projects, conducted jointly with the Pyotr Velikiy Anthropology and Ethnography Museum, Russian Academy of Sciences (Kunstkamera) and the Russian Ethnographic Museum (Saint-Petersburg, Russia).

ЖЕНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ В XIX–XX ВВ.

Конец XIX – начало XX вв. в Казахстане характеризуется большими переменами в народном образовании. В 1870 г. правительством России был принят закон «Правила о мерах к образованию населения России инородцев» всю систему просвещения в национальных школах и на национальных окраинах делил на 3 категории: 1) для весьма мало обрусевших; 2) для живущих в местностях, где много русских; и 3) для достаточно обрусевших. Для 1-й категории предписывалось устраивать школы, где обучение должно было осуществляться на родном языке по учебникам, написанным русскими буквами. Для второй категории должны были создаваться русские школы, в них предусматривалось обучение и русских, и "инородческих" детей совместно, родной язык должны были применять только при устных объяснениях. Для третьей категории создавались русские школы, обучение в которых велось только на русском языке (Сборник постановлений по Министерству просвещения, 1870, с.1558).

Благодаря «Правилам о мерах к образованию населения России инородцев», значительно возросло количество школ в Акмолинской области. Открылись учебные заведения среднего образования:

1) Учебные заведения начального образования, к которым относились: неполные гимназии, городские училища, приходские школы, русско-казахские и русско-туземские школы и училища, сельские школы;

2) Учебные заведения среднего образования: женские и мужские гимназии и реальные училища. К учебным заведениям среднего образования можно отнести и учительские семинарии, однако уровень образования в семинарии был низким;

3) Учебные заведения по подготовке специалистов: учительские семинарии, сельскохозяйственные и фельдшерские школы.

В Казахстане стали открываться школы разного типа: в Акмолинской и Семипалатинской областях были созданы школы-интернаты и сельскохозяйственные начальные училища, в Тургайской и Уральской – аульные школы, волостные (одноклассные), двухклассные училища, в Семиреченской и Сырдарьинской – "русско-туземные" школы, во Внутренней (Букеевской) Орде – старшинские и участковые училища.

Политику царского правительства в области народного образования можно охарактеризовать следующей цитатой: «Конечной целью образования всех инородцев, живущих в пределах нашего отечества, бесспорно, должно быть, – заявил министр народного просвещения Д.А. Толстой, – обрусение их и слияние с русским народом». Данное высказывание характеризует русификаторские установки, которые были положены в основу изданных в 1870 году правил «О мерах к образованию населения России инородцев».

Научные исследования по народному образованию велись как в досоветский, так и в советский период, а также в период обретения Казахстаном независимости.

В «Докладной записке директора народных училищ» детально рассмотрено положение девочек-казашек и необходимость русского образования в русско-казахских школах в материалах Центрального государственного архива РК (ЦГА РК, Ф.27.Оп.1. Д.2. Л. 1–16).

В «Очерке народного образования в Тургайской степи: летопись 1744–1898 гг.» Аллекторов А.Е. предоставил хронологию возникновения государственных школ в Казахстане.

Известный казахский ученый Ч.Ч.Валиханов в своих работах «Статьи-переписки» был сторонником открытия русских школ в Казахстане. И.Алтынсарин – основатель казахской педагогики в своей статье «По поводу голода в Киргизской степи» разработал несколько проектов организации школьного образования для казахских детей, основанного на изучении русского языка и начальных светских знаний.

В работе Тажибаева Т.Т. «Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века» считает, что в Казахстане существовали две системы школ: для русского и нерусского населения, связывая с общегосударственной образовательной политикой царской России.

В статье Тулеуовой Б. Т., Шотбаковой Л. К., Смагуловой Г. М. «Формирование системы школьного обучения казахского населения Центрального Казахстана во второй половине XIX – начале

XX веков» рассмотрены проблемы, касающиеся темы просвещения казахского общества в рамках образовательной политики Российской империи, которые нашли свое отражение в трудах представителей российской педагогической мысли второй половины XIX века – Н.И. Ильминского, В.В. Григорьева, В.В. Катаринского.

Относительно просвещения казахов в начале своего педагогического пути Н.И. Ильминский считал, что «киргизов и сартов вовсе не следовало бы привлекать и допускать в гимназию». Однако служба в Оренбургской пограничной комиссии в качестве младшего переводчика с 1858 по 1861 годы, знакомство с ярким представителем казахской просветительской мысли Ибраем Алтынсариним изменило отношение Н.И. Ильминского к вопросу просвещения казахов. В своем письме редактору «Современных известий» Н.П. Гилярову-Платонову в 1868 г. он писал: «Судьба меня занесла в кочевья киргизов, народа кочевого, следовательно, по-нашему полудикого, стоящего на самой низкой степени гражданственности. Грамотный киргиз – редкость, но за всем тем я с изумлением замечал в них хороших говорунов и импровизаторов». Очутившись в новом крае, он, помимо своих служебных обязанностей, активно начинает изучать казахский язык, составляет самоучитель русского языка для инородцев и т.д. (Tuleuova B., ShotbakovaL., с.1614).

А. Алекторов, выпускник Оренбургского учительского института, свободно владевший казахским языком, близко знавший жизнь местного населения, много лет учительствовавший в Казахстане, опубликовал более 200 работ по истории, этнографии и фольклору казахов. Также он составил для казахских детей «Киргизскую хрестоматию» (Омск, 1907 г.). (Tuleuova B., ShotbakovaL., там же).

Важную роль русско-казахских школ в деле просвещения кочевого социума также отмечали и представители казахской интеллигенции. По мнению И. Алтынсарина, счастье человека заключается в его знаниях, в его образованности. Он был уверен, что русско-казахские школы являются главными пружинами образования, в них сосредоточена будущность казахского народа, а воспитанники этих школ, представители кочевого социума, пропитанные духом науки и здорового взгляда на вещи, станут в будущем хорошим примером для своих соплеменников. (Tuleuova B., ShotbakovaL., с.1615).

Почти до середины XIX века обучение казахских детей осуществлялось в мектебах, где главным считалось механическое зазубривание сур из Корана. Функции учителя выполнял преимущественно мулла. Мусульманские мектебы в основном посещали мальчики. В 1884 г. в мусульманских школах Верненского, Капальского и Сергиопольского уездов обучалось 47,5 тыс. мальчиков и всего 17,3 тыс. девочек.

В Казахстане народное образование развивалось по двум направлениям: религиозному и светскому. Казахские дети религиозное обучение получали в мектебах и медресе, которые содержались на средства родителей.

В начале XX в. в мектебах начались реформы, организаторами преобразований стали джаддисты. Они предлагали заменить буквослагательный метод обучения звуковым, доказывали, необходимость преподавания в мектебах светских дисциплин – арифметики, географии, естествознания, истории и др. Несмотря на положительные преобразования такие мектебы не получили широкого распространения.

Светские учебные заведения стали открываться после присоединения края к России. Данные учебные заведения готовили чиновников для колониального аппарата, переводчиков, учителей, медиков. Так, в 1786 г. в Омске открылась Азиатская школа, в 1789 г. – правительственная школа при меновом дворе г. Оренбурга. Эти учебные заведения обучали детей, в том числе казахских, профессиям переводчика, писаря. Военных специалистов и административных чиновников готовили Неплюевский кадетский корпус, открытый в 1825 г. в г. Оренбурге и Омский кадетский корпус, основанный в 1846 г.


Первая казахская светская школа начала функционировать с 1841 г. в Букеевской Орде по инициативе хана Джангира. Ученики этой школы изучали русский язык, математику, географию, восточные языки, а также религию – ислам. Следующим учебным заведением для казахских детей стала семилетняя школа при Пограничной комиссии в г. Оренбурге.

В 1850 г. при Оренбургской Пограничной комиссии открылась другая светская школа. За 19 лет существования она выпустила 48 человек. В 1857 г. школу успешно закончил И.Алтынсарин.

В последней трети XIX в. открылись городские училища, прогимназии, русско-казахские и русско-туземные училища и школы, аульные школы и школы первоначальной грамотности. Они финансировались государством и функционировали как начальные учебные заведения. Стоит отметить, что в Букеевской Орде создавались старшинские школы. Особенностью стал тот факт, что учителями в них были казахи, окончившие курс двухклассного училища и сдавшие экзамен в

учительской семинарии на звание учителя. С 1898 по 1914 г. количество начальных школ в Казахстане выросло с 730 до 1988, а численность учащихся в них – с 29,1 тыс. до 101 тыс. человек.

Необходимо отметить, что во Внутренней Орде направляли наиболее способных казахских мальчиков на обучение в Оренбург:



Ф.6.Оп.19. Д.28 – Дело о приеме детей киргиз Внутренней орды в Оренбургскую фельдшерскую школу.

В Представлении говорится о том, что Председатель Временного совета по управлению Внутренней ордой рекомендует генерал-губернатору направить на обучение семерых мальчиков-киргиз в фельдшерскую школу в Оренбург. В Представлении было отмечено на острую нехватку фельдшеров во Внутренней орде, а также о том, что по окончании фельдшерской школы все семь киргизских мальчишка должны будут вернуться и работать фельдшерами.

Прогрессивным явлением в школьном образовании стало развитие женского образования. Благодаря стараниям И.Алтынсарина в 1887 г. было открыто женское училище в Иргизе. В 1890–1896 гг. открылись русско-казахские женские училища в Тургае, Костанае, поселке Карабутак, в Актюбинске. К 1896 г. в них обучались 211 девушек, в том числе 70 казашек. В составе учащихся начальных и средних учебных заведений доля казахских детей была незначительна. Так, в Верненской мужской гимназии в 1911 г. обучалось 316 русских и всего 10 казахов. В Сырдарьинской области, по данным 1912 г., имелось 56 русско-туземных училищ, в которых обучались 3 тыс. детей коренного населения, что составляло 2% от общей

численности учащихся.

Архивные документы Государственного архива Оренбургской области (ГАОО) дают информацию о том, что количество казахских детей, взятых на обучение в светские школы России, было мизерным.

В отчетах губернаторов подчеркивалось, что положение женского образования среди киргизского и оседлого населения нельзя назвать удовлетворительным. О настороженном отношении к женским учебным заведениям свидетельствует факт, связанный с не востребованностью интернатов при них в связи с враждебной настроенностью со стороны коренного населения Степи. О развитии женского образования у туземного населения свидетельствует процент вовлеченных в обучение среди детей школьного возраста. Так, среди мальчиков он был в 2–3 раза выше, чем у девочек, например, в Акмолинской области обучаются 20,7% мальчиков и 9,7% девочек в 1896 г., в 1901 г. – 30,7% мальчиков и 14,2% девочек. На фоне общего увеличения числа учащихся из детей школьного возраста тенденция увеличения учащихся-девочек не наблюдается (Рыгалова, 2020, с. 243).

О росте числа обучающихся девочек говорят следующие данные: в Уральской области в 1885 г. составляло 1238 учащихся-девочек, то в 1913 г. – 2062 ученицы. В начале XX в. в средних учебных заведениях отмечены случаи незначительного увеличения численности девочек из числа коренного населения. Так, например, в Семиреченской женской гимназии в 1901 г. среди учащихся впервые появляются две девочки-казашки (из 297 учениц), на следующий год к ним добавилась еще одна. Для сравнения в мужской гимназии в этот период обучалось 22 мальчишка (из 288 учащихся). (Рыгалова, 2020, с. 243).

В Тургайской области по данным на 1913 г. обучалось 2 девочки из инородцев (из 235 учениц). Такие показатели свидетельствуют о том, что, получив, элементарные навыки в чтении и письме, девочки в большинстве случаев не продолжали образование в средних учебных заведениях, так как были сильны национальные традиции.

Общество относилось к женским учебным заведениям крайне неоднозначно. Мужчины часто не отпускали женщин обучаться в силу традиционных представлений о женщине как хранительнице


домашнего очага. Однако имеются и неоднократные прецеденты, когда отдельные представители казахского населения или местные общества выступали с инициативой открытия женских школ, выделяли средства на ремонт или обустройство школ. (Рыгалова, 2020, с. 243).

Следует отметить, что рост учащихся девочек из числа коренного населения в XIX –нач. XX вв. был не значительный, но в начале XX в. их численность увеличилась.

Одной из ярких представительниц казахской интеллигенции, получивших русское образование в XIX –нач. XX вв. является Асфендиярова Умми-Гульсум. В фондах Центрального государственного музея РК имеются фотокопии личных документов из Ленинградского государственного исторического архива. В автобиографии (КППМ 3992/15) Г.Асфендияровой подробно описывается место и год рождения (12 ноября 1880 г. город Чимкент), происхождение. В 1881 г. её семья переехала в Ташкент в связи с переводом отца по службе. Первоначально образованием Гульсум занималась ее мать. Когда ей исполнилось девять лет в 1891 г. её отдали в женскую гимназию. Согласно Копии аттестата об окончании Ташкентской женской гимназии Гульсум закончила успешно и получила общую отметку 4,7. На основании Положения о ташкентской женской гимназии Асфендиярова получила право на получение свидетельства на звание домашней учительницы, но с «правом заниматься обучением и воспитанием детей лишь своих единоверцев-магометан» (КППМ 3992/13).



Умми Гульсум Асфендиярова




КППМ 3992/13– Фотокопия. Аттестат
У.Г.Асфендияровой об окончании Ташкентской женской
гимназии

Еще, учась в гимназии, Гульсум приняла решение посвятить себя врачебному делу, так как понимала, что из-за отсутствия врачебной помощи умирали женщины и дети. С декабря 1900 г. она начала учить латинский язык и уже весной 1901 сдала экзамен.

В 1901 г. Г.Асфендиярова пишет заявление на имя директора женского Медицинского института о зачислении её в слушательницы данного учебного заведения. К заявлению прилагались следующие документы: метрическое свидетельство о рождении, свидетельство об окончании курса в Ташкентской женской гимназии, свидетельство о сданном экзамене по латинскому языку, свидетельство о согласии родителей, удостоверение о политической благонадежности, две копии с послужного списка отца, свое жизнеописание, три фотографии с собственноручной надписью и удостоверение Канцелярии Туркестанского Генерал-губернатора о пособии (КППМ 3992/16).

Следующий архивный документ свидетельствует о том, что Асфендиярова Г. училась в Медицинском институте Санкт-Петербурга с 1901 по 1908 гг. и являлась степендианткой Туркестанского Генерал-губернатора (КППМ 3992/17 – Приложение к диплому Г.Асфендияровой).



КППМ 3992/17 – Фотокопия. Приложение к диплому Асфендияровой У. Г. об окончании Санкт-Петербургского медицинского института (КППМ 3992/9-а,б)

За месяц до окончания учебы, 11(25) апреля 1908 г. Г.Дж. Асфендиярова обратилась с письмом о принятии на работу в Туркестанское военно-медицинское управление: “Кончив курс в Санкт-Петербургском Женском Медицинском Институте, хорошо зная, как сартовский, так и киргизский языки, мне очень было желательно работать среди знакомой и близкой мне национальности. Обращаюсь к Вам, с покорнейшей просьбой назначить меня Тамерлановским сельско-участковым врачом Чимкентского уезда”.

Почти в это же время, 16 мая 1908 года она обратилась с письмом к царю Николаю II-му: “Имея желание поступить на службу Вашего Величества участковым врачом в Туркестанский военный округ, в село Тамерлановку Чимкентского уезда Сыр-Дарьинской области, всеподданнейше прошу: Дабы повелено было сие прошение мое принять и меня вышепоименованную определить на службу в Туркестанский военный округ” (Махмудов М.,1988, с.68.).

5 июня 1908 г. Г.Дж. Асфендиярова была принята на государственную службу и назначена врачом в Тамерлановский врачебный участок Чимкентского уезда. Она прибыла на место службы 27 июля, а на следующий день начала прием больных. “Здесь на каждом участке, площадью в 24 тысячи квадратных метров, проживало в среднем 84 тысячи человек. Бедность и недоступность медицинской помощи являлись источниками санитарно-эпидемического неблагополучия населения” (Махмудов М.,1988, с.69.).

По службным спискам, Г.Дж. Асфендияровой, она ежегодно, в первых числах октября получала 10 дневный отпуск, а по истечению 4-лет службы – четырехмесячный. За это время, она ездила к родителям, в Ташкент, виделась со своими родственниками. (Махмудов М.,1988, с.69.)

После 3-х лет работы, в 1910 году Г.Дж. Асфендиярова попросилась на работу в Папский сельский врачебный участок Наманганского уезда. Хотя и здоровье жителей этого участка было намного лучше, чем на прежнем месте, однако, сохранялись те же проблемы с низким уровнем жизни, санитарным состоянием мест. Г.Дж. Асфендиярова была высококлассным акушером-гинекологом. Однако, одновременно с лечебной работой, приходилось заниматься и социальными проблемами, в особенности, связанными с женщинами и детьми. (Махмудов М.,1988, с.69)

23 сентября 1913 года Г. Асфендиярова прибыла в Хиву и начала работу вместе со старшим врачом Алексеем Федоровичем Ансимовым. Здесь она, впервые в ханстве, провела кесарево сечение, благодаря чему была спасена жизнь роженицы и ее ребенка.

Г.Асфендиярова, по совету отца, вернулась в Ташкент, где начала частную практику, открыла акушерско-гинекологическое отделение на 30 коек. В Ташкенте она также активно включилась и в политическую жизнь. Помогала отцу в казахско-киргизском обществе, участвовала на его Первом организационном съезде. (Махмудов М.,1988, с.70)

В 1918 г. в г. Казань состоялся Всероссийский съезд мусульманок, делегатами на котором из Ташкента была — Гульсум Асфендиярова, из Тургайской области — Аккагаз Дошанова. Они были избраны членами Временного центрального организационного бюро мусульманок России.

По возвращению в Ташкент, Гульсум продолжает работу в женской больнице, помогает членам Сырдарьинского комитета борьбы с голодом, где работал её брат Санджар Асфендиаров. По поручению Мусульманского бюро, возглавляемого Т. Рыскуловым, Г. Асфендиарова приступает к созданию женских курсов, по подготовке акушерок. А сама она, по-прежнему, вела занятия по физиологии беременных женщин. Впоследствии, женские акушерские курсы были переданы в ведение медицинского техникума, где Г. Асфендиарова преподавала еще долгие годы.

С 1922 г. Г. Асфендиарова начала работать в Ташкентской детской больнице. Вскоре помощницей её стала – выпускница медфака Среднеазиатского университета, Аккагаз Дошанова. Они были знакомы еще с 1918 г., когда впервые встретились в Казани.

В 1920 году Гульсум становится создателем курсов по подготовке акушерок при поддержке Мусульманского бюро, а также лично ведет занятия по физиологии беременных женщин. Чуть позже курсы были переданы в Ташкентский медицинский техникум, в котором Гульсум преподавала еще долгие годы.

Она успешно совмещала преподавательскую деятельность с новой работой в Ташкентской детской больнице, которую начала в 1922 году. Гульсум также избиралась членом городского совета, писала в журналы статьи о проблемах материнства и детского здоровья.

Гульсум Асфендиарова так и не вышла замуж, не имела детей – очевидно, это была расплата за независимый образ жизни. В последнее время Гульсум вела закрытый образ жизни в связи с тем, что младший брат Санжар был объявлен врагом народа.

Гульсум Джафаровна скончалась в 1937 г. в Ташкенте, похоронена на Боткинском кладбище.

Подводя итог, следует отметить, что развитие женского образования на территории Казахстана в XIX в. можно охарактеризовать низкими показателями казахских девочек обучаемых в средних школах. Но в начале XX века положение меняется, так как происходит рост женского образования в крае среди казахов. Традиционное воспитание казахских девочек теперь включался и элемент просвещения. Государство стимулировало женское образование через денежные сборы на строительство женских учебных заведений с гарантией предоставления льгот для казахских девушек, выделяя им места и увеличивая стипендии.

Список литературы

- ОГАОО. Ф.6.Оп.19. Д.28. Л.1–12.
ЛГИА. Ф.436. Оп.1. Д.9404. Л.1–
Рыгалова М.В. Развитие женского образования в Степном крае и Туркестане в 1880-е гг. – нач. XX в. // Самарский научный вестник. 2020.Т.9, №4. С.240-245.
Сборник постановлений по Министерству просвещения. 1870. С.1558.
Bakhytgul T. Tuleuova , Lyzzat K. Shotbakova , Gulnara M. Smagulova.
Formation of the System of School Education of the Kazakh Society of Central Kazakhstan
in the second half of the XIX – the beginning of the XX centuries // Bulye Gody. 2018. P.1612–1624.
ЦГАРК. Ф.27. Оп.1. Д.2. Л.1–16.

Zhapakova G.S.

WOMEN'S EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE XIX-XX CENTURIES.

Article is devoted to the overview of public education, main types of educational institutions, age limits for pupils in Kazakhstan in XIX - beginning of XX centuries, about the Russification policy of the tsarist government.

Particular attention is paid to the development of women's education and the problems associated with men's negative attitudes towards the education of Kazakh girls. Ybyrai (Ibrahim) Altynsarin made a great contribution not only to the establishment of Russian-Kazakh male schools, but also to Russian-Kazakh female colleges Turgai, Kostanai, Karabutak village in Aktyubinsk.

This article provides archival materials from the (Regional State Archive of the Orenburg Region (RSAOR/OGAOR in Russian) on the public education of Kazakh children are cited. The most able boys were sent to schools, colleges and courses in Orenburg, Omsk and other Russian cities.

In this article is reviewed the activity and contribution to the history of medicine of Ummy-Gulsum Asfendiyarova, a bright representative of the Kazakh intelligentsia. Her biography has been studied due to photocopies of archival materials from the Leningrad State Historical Archive (LGIA). The following documents were used among the archival materials: G. Asfendiyarova's autobiography, certificate of graduation from Tashkent Gymnasium, application for admission to the St. Petersburg Medical Institute, Appendix to the diploma of graduation from the Medical Institute.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ – ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ (ҚР МОМ КОЛЛЕЦИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Тоғызқұмалақ – сабырлықты, математикалық ойлауды, ұстамдылықты, шыдамдылықты, ұқыптылықты қалыптастыратын ойын. Ойынға қарап отырып, қазақ халқының ұлттық ойыны – тоғызқұмалақты, ата-бабамыздың қалдырып кеткен бір мәдени байлығы, қазынасы деп, аса зор құрметпен қарауымызға тұрарлық құнды дүние екендігін атап айтып кеткеніміз жөн сияқты. Аталмыш тоғызқұмалақ ойынның негізгі құралы арнайы ағаштан немесе тастан жасалған ойын тақтасы мен құмалақ немесе дөңгелек ұсақ тастар. Тоғызқұмалақтың тақтасында ойылып жасалған 2 қазан, 18 отау болады. Әр отауға 9 құмалақтан салынатындықтан ойын барлығы 162 құмалақпен ойналады. Тоғызқұмалақ екі адам арасында болатындықтан олардың әрқайсысына 1 қазан, 9 отау мен оларға тоғыз-тоғыздан салынған 81 құмалақ тиесілі болады. Зерттеушілер мәліметінше, тоғызқұмалақ ойынының тарихы 4 мың жылдық кезенді қамтиды (Әбдіқадырова, Чныбаев, 2011, 6-7).

Тоғызқұмалақ ойынның көнеден бастау алатындығын дәлелдейтін археологиялық деректер мен мәліметтер де жетерлік. Айталық, қазақ жерінің Қаратау мен Тараз өңірлерінде жартастарда тасқа қашалып жасалған тоғызқұмалақ тақталары көптеп кездеседі. Тастағы тоғызқұмалақ тақтасында отаулар мен екі қазаны қашалып, анық етіп түсірілген. Сонымен қатар Маңғыстау өңірінен тастан жасалған трапеция тәрізді тоғызқұмалақ тақталары мен әктен жасалған тақталар да табылған. Сондай-ақ Үстірттен, ескі кесенелер мен бейіттерден табылған тоғызқұмалақ тақталары аталмыш ойынның көшпелі ортада ертеден бастау алатындығын көрсетсе керек. Тоғызқұмалақ тақталарының жоғарыдағы табылу ерекшеліктеріне қарап, тұрақты тақталар отырықшы өңірлерде, ал кішігірім көтеріп жүруге ыңғайлы келген тақталарды көшпелі тұрмыс кешкен малшылар пайдаланған деп топшылауға болады. Мәліметтерге сүйенсек ертеде тоғызқұмалақ ғұндардың әскери-танымдық ойыны болған екен. Мөде қаған басқарған ғұндар кезінде тоғызқұмалақ ойынын «Орда» деп атаған. Ежелгі ғұндар қытай әскерін талқандауда, соғыс барысын осы ойынның әдіс-тәсілдері мен тактикаларына сүйене отырып жүргізген деседі. Сол кезде ойынды «Орда» деп аталуының да өзіндік сипаты бар. Бұл ойынды «Қойшылар алгебрасы» яғни, малшылар математикасы деп те атайды. Себебі, тоғызқұмалақты ертеректе ауыл қойшылары жайлауда бір төбенің басына жиналып, қойдың құмалағымен ойнайтын болған. Бұл ойында өз қарамағындағы құмалақтарды басқару арқылы ойыншы қарсыласына шабуыл жасай алады, бірнеше жақтан қыспаққа ала алады, тосын шабуылдар жасайды. Онымен қоса, қарсыласынан қорғана отырып, не болмаса бейтараптық сақтай отырып алдағы шабуылдарына дайындалады. Тұзақ құрады. Қарсыласының жүретін жүрісі мен мекенін қысқарта алады. Бір сөзбен айтқанда «тақта үстіндегі шайқас» (Молдахметова, Байзақова, Молдахметова, 2020, 9).

Тоғызқұмалақ ойынының аса бір өзіндік ерекшелігі күрделі құрал-жабдықтарды қажет етпеген. Бұрын ойыншылар жерді қазып, ойын тақтасын дайындаған. Бұл ойынның халық арасында кеңінен таралуына толық мүмкіндік туғызды. Тіпті, мықты ойыншылар өзімен ойнауға тұрады-ау деген қарсыластарын басқа рулы елдің арасынан іздеп барып ойнағанда жанкүйерлерін, ақыл-кеңес беретін адамдарын өздерімен бірге ертіп те жүрген. Тоғызқұмалақ ойыны туралы ең алғашқы деректер XIII ғасырдан бастап, қағаз бетіне түскен. Оны сол уақытта Жетісу мен Тарбағатайды басып өткен кезде, осы өңірді мекендеген ру тайпалардың тұрмысы, әдет-ғұрыптары, ойын-сауықтары жайлы көптеген этнографиялық материалдар жинап, Еуропа жұртшылығына таныстырған итальяндық саяхатшы Плато Карпини болды. Одан кейін де қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинаған ғалымдар бар. Соның бірі этнограф Н.Пантусов ең алғаш рет «Тоғызқұмалақ» ойынының фотосуреті мен ойнау тәртібін қағаз бетіне түсірген. 1906 жылы Н.Пантусов «Бұл ойын өте көне және кім ойлап тапқаны белгісіз. Ол қазақтың үш ордасының барлығына тегіс тараған» деп жазды (Несіпбаев, 2003, 198).

Жалпы тоғызқұмалақ ойынының атауына тоқталатын болсақ неге тоғызқұмалақ деп аталған екен басқаша емес дәл тоғызқұмалақ деп аталуында қандай сыр қандай құпия жатыр екен сол бойынша кішкене тоқтала кетсек. «Тоғызқұмалақ» деп аталуы жайында түрлі пікірлер қалыптасқан. Десек те, басқа сан емес, 9 санының болуы қазақы түсініктегі 9 санының қасиетті саналғандығына байланысты қалыптасса керек. Сонымен қатар қазақы ауызекі тілде 9 саны көбірек айтылады. Мәселен, «тоғыз жолдың торабы» немесе «тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» деп келетін бірқатар сөз орамдарының



Сурет 1. Ұлы ақан Абай қолданған тоғызқұмалақ тақтасы. ҚР MOM қорынан (КП 28091)

калыптасуы тегін болмаса керек. Сол себептен де ойын атауы басқа емес дәл «Тоғызқұмалақ» деп аталған болса керек. Алайда ғасырлар бойы халқымыздың ең бір ерекше интеллектуалды ойыны болып саналатын тоғызқұмалақ ойынына кеңестік кезеңде тыйым салынып, біраз уақыт ойналмады. Десек те, кеңестік саясат дәстүрлі ойынды ұмыттыра алған жоқ. XX ғ. 50–60 жылдары ойын қайта қолға алынып, дойбы, шахмат сынды ойындармен қатар ойналатын дәрежеге жетті. Аталмыш ойын туралы және оның ережелеріне қатысты бірқатар зерттеушілер еңбектер жаза бастады. Осы кезден бастап тасада қалып бара жатқан тоғызқұмалақ ойынына деген қызығушылардың саны арта түсті (Төтенаев, 2013, 41-42).

Қазақ даласының ұлы ойшылдары, даналары жастайынан тоғызқұмалақ ойындарын ерекше сүйіп ойнаған. Ұлы даланың даналарының ішіндегі бірі де бірегейі Абай Құнанбаев жастайынан тоғызқұмалақ ойынын ерекше жақсы көріп ойнаған, сондай-ақ тоғызқұмалақ ойынын ерекше шебер ойнаған деген мәліметтерде бар. Абай Құнанбаев тоғызқұмалақ ойынын өзі ғана ойнап қана қоймай сол тоғызқұмалақ ойынын жетік меңгерген кәсіпқой ойыншыларды жинап алып, ауық-ауық жарыстар ұйымдастырып тұрған. Мұндай кезде ойынға бәйге ұйымдастырылып жүлде тігілетін. Осылайша арнайы дайындалып ойнағанда, ойын тіпті 1 немесе 2 күнге дейін созылып кететін болған деседі. Қазақтың ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың өзі ойнаған қолдарының ізі қалған тоғызқұмалақ тақтасы қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінде сақтаулы тұр (сурет 1). Оны біз ҚР MOM музейінің «Қазақ этнографиясы» залынан көре аламыз. Жалпы ҚР MOM музейінде Абай Құнанбаевтың бір емес екі бірдей тоғызқұмалақ тақталары сақталуда. Олардың бірін біз музейге келген көрермендердің назарына ұсынып отырсақ ал екіншісін музейдің ағаш бұйымдар қорында сақталуда. Абай Құнанбаевтың тоғызқұмалағы музейге 1938 жылы ҚР MOM музейінің қызметкері әрі директоры болған Ә.Жиреншин Семей облысына іс-сапармен барған уақытында бұрынғы Шыңғыстау ауданының тұрғыны Мұсажановадан сатып алып музейге өткізген болатын. Музейге тіркеу АКТ № 52 29.12.2016 ж. (КП 28091). Тоғызқұмалақтың сақталынуына сипаттама бере кетсем сақталынуы жақсы тоғызқұмалақ тақтасында қаз-қатар орналасқан екі жағында тоғыз-тоғыздан он сегіз отау мен екі қазандықтан тұрады. Тақтаның бір жақ құлағының қазанының жиегінің ағашы сызат алғандықтан бір тұстары жіңішке етіп тілінген және мыс қаңылтырмен шегеленген. Келесі бір құлағына жібек жіптен екі тін етіп ширатылған бау тағылған. Сондай-ақ ҚР MOM музейінде Абай Құнанбаевтың тоғызқұмалағынан басқа да бірнеше тақталар бар олардың бір (КП 1702) ағаштан жасалған. Оның отаулары ортадағы екі қазанды айнала, иіле орналасқан. Тақтаның оң жақ



Сурет 2. Тоғызқұмалақ тақтасы. ҚР MOM қорынан (КП 1702)

шетіне орнатылған темір ілгекке қайыс бау арқылы қайыстан жасалған құмалақ салуға арналған кішкене қалташа (дорба) тағылған. Аталмыш қалташалар ағаштан жасалған тоғызқұмалақ тақталарының көпшілігінде кездеседі. Өйткені ойыннан басқа уақытта аталмыш қалтаға құмалақтарды салып қоюға немесе жоғалтпай алып жүруге қолайлы болған (сурет 2). Тоғызқұмалақ ойының пайдалы түстар өтте көп. Жалпы ойын танымдық, эстетикалық, спорттық, тіпті ғылыми аспектілерге ие (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2014, 426-428).

Тоғызқұмалақтың емдік қасиеті де бар, ол жасөспірімдер миын дамытады. Сондықтан ол жергілікті, ұлттық деңгейден асып, әлемдік маңызға ие. Тоғызқұмалақ дамытып қана қоймайды, ол тәртіпке үйретеді. Тоғызқұмалақ ойнайтын бала өскен соң, күнделікті жоспарын оңай құра алады, кез-келген жағдайда өзін тұлға ретінде көрсете алады, белгілі бір оқиғаға байланысты өзіндік ұстанымы, көзқарасы болады. Ойын халықтың мінезін танытады. Ондағы әрбір ереже дүниетанымдық ерекшеліктерден туындайды. Көріп отқандарыңыздай тоғызқұмалақ ойыны жас балардың миының жақсы дамуына өзінің еркеше әсрін тигізеді оны біздің ата-бабаларымыз ежелден-ақ біліп тоғызқұмалақ ойынын ойнау арқылы өздерінің интеллектуалды потенциалын жоғары деңгейге көтеріп отырған оның айқын дәлелі қазақтың ұлы ақыны, данагөй ойшылы Абай Құнанбаев және әйгілі ойыншылар қатарына қазақтың ең алғашқы ғалымы – Шоқан Уәлихановты да қосуға болады. Қазақтың әйгілі жазушысы Мұхтар Әуезов пен Ұлы Отан соғысы жылдарының атақты соғыс стратегі Бауыржан Момышұлының да сүйікті ойыны болған деседі. Бұл ойынды тіпті әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби де сүйіп ойнаған, терең зер салып, зерттеп, өз жазбаларында қалдырып кеткен. Егерде бізде тоғызқұмалақ ойынын жүйелі түрде шебер меңгеретін болсақ ата-бабалармыз сынды ақылды әрі данышпан болар едік. Бұл жолда қазіргі таңда елімізде жақсы жүйелі жұмыстар жасалынуда жыл сайын еліміздің аумағында тоғызқұмалақ ойынынан жарыстар ұйымдастырылып ол әлемдік дейгейдегі жарыстарға ұласуда осындай жұмыстардың нәтижесінде тоғызқұмалақ ойынын әлем елдері арасында дәріптеудеміз. Сондай-ақ 2020 жылы 19 желтоқсан күні халықаралық ЮНЕСКО тоғызқұмалақты адамзаттың мәдени мұралары тізіміне қосты. Білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрліктерінің қолдауымен қазір барлық денешынықтыру мұғалімдеріне тоғызқұмалақ үйретіліп, мектеп бағдарламасына енгізуге дайындық жүруде (Атабаев, 2006, 275).

Жинақтай келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен көнеден бастау алатын тоғызқұмалақ ойыны қазіргі таңда жастардың қызығып ойнайтын ұлттық ойынына айналып еліміз аумағынан тысқары әлемдік жарыстар өткізіліп тұратын дәрежеге жетті. Жарыста ойыншылардың саны тым көп болғандықтан ойынды уақытпен ойнап арнайы төрешілердің басқаруымен өтеді. Төрешілер ойынның ережелерінің сақталуын қадағалап отырады. Ойыншылар төрешілерге бағынады. Қазір тоғызқұмалақ тақтасы әдемілеп ағаштан немесе темірден жасалып, қойдың құмалағының орнына моншақ тастар қолданылады. Тақтадағы отаулардың тұсында жаңылмас үшін сандар немесе әріптер жазылып қойылады. Сонымен қатар қарсыластардың отаулардың жанында, нақты болу үшін қиғаш түскен «бастаушы» және «қостаушы» деген жазуы бар. Ертеректе тақтадағы қазандар дөңгелек болып келсе,

қазіргі кезде олар отаулардың ортасына ұзынынан қатар орналасады. Тақтаның жиектері қазақы ою-өрнектермен әсемделеді. Қазіргі таңда тоғызқұмалақ ойыны кеңінен тараған көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Алтай халықтарымен халықаралық дәрежеде жарыстар өтіп тұрады. Айта кететін жайт, соңғы уақытта тоғызқұмалақ ойынының электрондық нұсқасының ойлап табылуы дәстүрлі ойынға бірқатар батыс елдерінің қызығушылығын арттырып, тіпті олардың бір-бірімен тоғызқұмалақ ойынын ойнауға мүмкіндік туғызды. Осылайша, 4 мың жылдық тарихы бар қазақтың төл ойыны Тоғызқұмалақ – қазіргі заман талабына сай жетіліп, әлемдік дәрежеде ойналатын танымал ойынға айналды. Егер де осы асыл қазынамызды бағалай біліп, жоғарғы деңгейде ұстап, болашақ өсіп келе жатқан ұрпақтар мен жастарды тәрбиелеуде, болашақ ғалымдарды даярлауда, олардың ойлау деңгейлерін ұшқырлауда қолданар болсақ, бұл ойынның өте көп пайдасы тиер еді. Шынын айтқанда, өзіміздегі құндылықтың деңгейін танып, басқаларға да таныта білсек қана, ұлт мәдениеті мен тарихын әйгілей түсуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- Әбдіқадырова Д.Р., Чныбаев М.М. «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойыны. Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2011. 36 б.
Молдахметова А.Ш., Байзақова Н.О., Молдахметова Р.Ш., «Тоғызқұмалақтың үйрету әдістемесі», Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: «Қазақ университеті», 2020. 94 б.
Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері», «Білім» 2003. 198 б.
Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары Алматы: «Балауса» баспасы, 2013. 96 б.
Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-том. – Алматы: «Азия Арна» баспасы, 2014. 840 б.
Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар-халық мұрасы», «Кітап» 2006. 275 б.

O.S. Karim, D.A. Serik
KAZAKH NATIONAL GAME-TOGYZKUMALAK
(BASED ON THE COLLETS OF THE MINISTRY OF FOREIGN AFFAIRS OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN)

Article provides information on one of our national games, an interesting one that needs to be deeply thought through. The togyzkumalak game shows our people's wisdom. Togyzkumalak is well established in our country and has a continuation and demand among young people. According to our scientists, the origins of the game of togyzkumalak span four thousand years of history. The game's history dates back to the Hun tribes, a stone board was found to play togyzkumalak. There is a wide-ranging discussion of the rules and features of the game of togyzkumalak. The main feature of togyzkumalak is that it does not require very sophisticated equipment. Also, this article will provide information on the togyzkumalak boards that belonged to our great thinkers and wise ancestors. These togyzkumalak boards are kept in the collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan.

ҰЛТТЫҚ АСПАПТАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ халқының аспаптық музыка саласы сан ғасырлар бойы қаншама тарихи кезеңдердің рухани нәрін бойына жинап, өзіндік айрықша үнмен, өзгеше нақышпен, шебер шыңдалып, кемел дамып, ұлттық сипатта қалыптасты. Музыкалық аспаптар, оның ішінде ұлттық музыкалық аспаптар туралы алғашқы деректер түркі халықтарының музыкалық аспаптарына қатысты еңбектерде кездеседі.

Музыка мен музыкалық аспаптардың пайда болуын, дамуы жолдарын зерттеу қазіргі музыкатану саласындағы маңызды жұмыстардың бірі саналады. Музыкалық аспаптарды зерттеу және қайта жасау ісі Қазан төңкерісінен кейін қолға алынды. Осы орайда А.Агажанов, И.Жинович, А. Руднева, М. Лисенко, А.Гуменю, Г. Благодатов, С. Абдуллаева, Ф. Соколов, К.Вертков, А. Мирек және тағы басқа музыка зерттеушілерінің еңбектерін атау керек.

Белгілі этнограф ғалым С. Е. Малов V-XV ғасырларға жататын ежелгі түркі жазу-сызуларын көп уақыт бойы зерттегеннен кейін: «Осы ескерткіштердің бәрі немесе осы ескерткіштердің бәрінің айтары түркі тілдес халықтар тарихы үшін ортақ арқау болып табылады»-деген еді. Қазақтың музыкалық аспаптары Батыс Сібірді мекендейтін түркі тілдес халықтарының, сондай-ақ қалмақтар мен монғолдардың музыкалық аспаптарына көп ұқсастығы бар (Малов, 1951, 3).

Бізге белгілі бір тектес аспаптар өзара ұқсас болғанымен, олардың жасалуында бірқатар айырмашылықтар бар. Сібір халықтары: алтайлықтар, хакастар, тувалықтар, тофылар, шорлар өз музыкалық аспаптарының бұрынғы құрылысын өзгертпей, сол күйі сақтаған. Әр түрлі халықтардың бір тектес аспаптарын зерттегенде оның эволюциялық дамуының кейбір жақтарын аңғаруға болады. Үрлеп және ұрып ойналатын аспаптар ерте заманда адамдардың бір-біріне дыбыс беруі үшін немесе аң мен құстың даусын салу үшін пайдаланылғаны ешқандай дау туғызбаса керек. Мұндай аспаптарды біздің арғы аталарымыз жорыққа шыққандарында, аң аулағанда өздерімен бірге ала жүрген, сондай-ақ діни салт-жораларда, бекзадальардың сауық-сайранында пайдаланған. Әсіресе, дабыл қағуға өте қажет болғандықтан көне аспаптардың үрлеп тартылатын және мембраналық ұрып ойналатын түрлері өте көп болған, өйткені, бұлардың даусы қатты шығады. Ал, кейін келе сирек қолданылатын болғандықтан осы айтылған аспаптардың кейбір түрлері мүлде ұмыт болды. Көне аспаптардың бір қатары ән мен жырды сүйемелдеу үшін пайдаланылды. Халықтың ән-күйінің дамуы аспапты жетілдірумен және орындау шеберлігін арттырумен қатарласа жүріп отырған.

Түркі тілдес тайпалар арасында үрлеп және ұрып ойналатын аспаптармен бірге ішектегі, тілшелі және сілкі арқылы дыбыс шығаратын аспаптар да қолданылған. Кейбір мәліметтерге қарап бұлардың қай топқа жататынын анықтауға болады. Көне аспаптардың көптеген аттары XI-XII ғасырлардағы ежелгі түркі жазбаларында кездеседі. Мысалы, Жүсіп Баласағұнның «Қалай бақытты болу жайындағы ғылым» деп аталатын этика-дидактикалық поэмасында (XI ғасыр) былай делінген: «bulīt kökrädi urdī pävbat tuvi» (күн күркіреді бұл қарауыл барабанның даусы) (Ежелгі түркі сөздігі, 34). Немесе Сутренің «Алтынша жылтырауында» ежелгі ұйғыр тілінде: «nomluy kövrüqüq toqirnomluy labajıy ügür» ілім барабанын ұрып қалып, ілім трубасын үрлеп» деп келеді. «Қарауыл барабанын», «ілім барабаны» немесе «ілім турбасы» деген аттарына қарап-ақ бұл аспаптардың қандай мақсатта қолданылғанын аңғаруға болады. Мұндай сөздер басқа да көптеген деректерде кездеседі. Соларға қарап, сыбызғы, сырнай, карнай, керней, бырғу, абырға, чан, чанг, лютня, қобыз, дабыл сияқты музыкалық аспаптар түркі тілді тайпаларында болғанын аңғару қиын емес (Индекс сөздік, 1967, 202).

Аспаптардың кейбір атаулары ортақ: кубыз, комуз, комус, хомус, хомыс, қобыз. Бұл мысалдан айқын көретініміз, аталған аспаптардың түрлері ғана емес, сондай-ақ үні жағынан да бір-бірінен өзгеше болып келетін аспаптардың о бастағы атаулары бірдей болған. Ұрып ойналатын аспаптар ішінен ежелгі деректердің бәрінен де барабан мен бубен тәрізді аспаптар жиі аталады. Ежелгі ұйғыр әдебиетінде арфа аспабы туралы мәліметтер көп кездеседі. Шертіп ойналатын аспаптың бірі – арфаның алғашқы түрі садаққа ұқсас болып келген. Варган (шаңқобыз) тәрізді сым тілшелі аспап, флейта секілді үрлеп тартылатын аспап, қобыз тектес қияқпен ойналатын аспап, барабан, бубен сияқты ұрып ойналатын аспаптардың тағы да басқа түрлері бұрын біршама халықтарда болды.

XI ғасырдағы араб мәдениетінің мұрасында «Дивону лугатит туркте» ежелгі түріктер пайдаланған музыкалық аспаптардың сегіз түрі аталады. Олар – қобыз, чаң, buḡī, ikämā (соңғы екеуі

лютя тектес шертіп ойналатын аспаптарға жатады); үрлеп тартылатын аспаптар - борғуі; ұрып ойналатын аспаптар - құврұқ немесе төтрұқ товіл туғб (Ежелгі түркі сөздігі, 31). Осы аспаптар атауларының ішінен қазақ лексиконында қобыз, шың, сыбызғы, дабыл ғана сақталған.

Булгар-қыпшақ ақыны Ғалидың «Жүсіп пен Зылиха» поэмасында үрлеп тартылатын көне аспаптар – бырғу, карнай, наккар және ұрып ойналатын тыйбл жайында айтылады. Бұл дерекке қарағанда, Қазан хандығында музыкалық аспаптардың түрлері көп болған, олар: үрлеп тартылатын-бырғу, карнай, курай, наккар, сырнай; шертіп ойналатын-етиген, тунбур, домбыра, саз; қиякпен ойналатын-кобас, сым тілшелі аспаптар кубыз; ұрып ойналатын тыйбл, бубен. Египетте мамлюк қыпшақтарының тілінде басып шығарылған түрік-араб сөздігінде «сыбызғы, сыбызғышы» деген сөздер бар (Ежелгі түркі сөздігі, 34).

Музыкалық аспаптарға аса қызығушылық танытқан зерттеушілердің біріне әлемнің екінші ұстазы саналатын Әбу Насыр әл-Фарабиді (873-950) жатқызуға болады. Ол іргелі еңбектер жазып қалдырды. Музыканың теориясы мен тарихы жөніндегі зерттеулерінде әл-Фараби көптеген ойшылдардан асып түсті. «Китаб әл-мусики әл-кабир» («Музыканың ұлы кітабы») деп аталатын еңбегі жарық көрген соң-ақ оны дүние жүзінің барша ғалымдары Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» деп таныды. Әл-Фараби музыкалық аспаптарда шебер орындаушы болды, музыканы зерттеді, аспаптардың жаңа түрлерін өзі ойлап тауып, жасап шығарды және жетілдірді, өз замандастары қобызшы Нышан Абызбен, аты аңызға айналған күйші Қорқытпен таныс болған. Олардың орындауында «Құс жолы», «Жез табақ», «Сыр сандық», «Желмая» күйлерімен танысады және осы күйлерден алған әсерінен соң «Шұбар айғыр» күйін шығарады. Музыка теориясы саласында әл-Фараби араб философы әл-Киндидің (800-879) еңбегімен танысады. «Кітап әл-мусики әл-кабир» араб тілінде жазылады.

Әл-Фарабидің өз заманындағы музыкалық аспаптарды зерттеуі, олар жөніндегі еңбектердің маңыздылығын ашады. Олар: үрлеп тартылатын: най, сыбызғы; ішекті уд, чанг, рубаб, шахруд, дутар, қобыз, танбур, канун; ұрып ойналатын: нагора, тыйбл, дойра және басқалар. Аталған аспаптардың кейбірі бұл күнде жоқ немесе жетілдіріле келе едәуір өзгерген. Әл-Фараби көне музыкалық аспаптардың шығу тегін табиғаттағы дауысқа балап соны қайта жаңғыртумен байланыстырады. Мысалы, құмның сусылы, үңгірлерде желдің үлдеп соғуы, қамыстың сыбдыры тағы басқалары. Қазақтың үскірік аспабының аталуы желдің үскіріп соғуына байланысты туған. Ал, ұрып ойналатын аспаптар негізінен ағаш пен көн теріні, сүйекті пайдалану негізінде дамыған. Мүйізден, қамыс сабағынан үн шығару үрлеп тартылатын аспаптардың бастамасы еді. Шығаратын үнінің ақырын немесе қатты естілуіне, сондай-ақ сыр-сипатына қарай музыкалық аспаптар тұрмыста түрліше дамып отырған. Бұл жайында әл-Фараби: «Соғыстар мен шайқастарда пайдаланатын; би, үйлену тойы, сауық-сайран үшін қолданылатын және махаббат жырларын сүйемелдейтін аспаптар болады» деп жазған. Үрлеп тартылатын аспаптардың ащы дауысын және ұрып ойналатын аспаптардың күшті дауысын ұрыстарда, аңға шыққанда, шамандардың бақсылық құру кездерінде пайдаланған. Кейбір үрлеп тартылатын және ішекті аспаптарда музыканттар құстың сайрауын, аңдардың ақыруын, табиғатта болатын басқа да түрлі дауыстарды шебер сала білген, сондай-ақ әншінің салған әнін айнытпай келтірген (Әл-Фараби, 1975, 73).

Сонымен бірге, ұлттық музыкалық аспаптардың атаулары фольклорлық жыр-дастандарда да кездеседі. Белгілі композитор, академик А.Қ. Жұбанов: «Халық аспаптарының ішектерінде ғасырлар бойғы даналық тұнып тұр», - деген еді. Қазақтың көптеген музыкалық аспабы халық поэзиясында аталатыны тектен-тек емес. Батырлар жырында үрлеп және ұрып ойналатын аспаптардың аттары кездеседі, бұл аспаптарды дабыл қағу үшін жорықтарға алып шығатын болған. Мұндай аспаптарға тән ортақ қасиет олардың даусы күшті болып келеді. Үрлеп ойналатын аспаптарда дабыл қағу белгісі қысқа қайрылатын әуен, орындаушының қажет деп табуына қарай бірнеше рет қайталанатын болған. Жорықта пайдаланылатын ұрып ойналатын аспаптардың көлемі үлкен, даусы зор. Оның жер күңіреткен күшті даусымен жауынгерлер өз жауларының үрейін ұшыруды көздеген. Мысалы, «Қамбар батыр» дастанында (XVI ғасыр) былай делінеді:

Тоғыз санды торғауыт,
Он сандайын оймауыт,
Барабан соғып, шың қағып .

Дабыл қағу мақсатында мүйіз сырнай мен керней кеңінен қолданылған. Бұл жайында бұрынғы замандардағы батырлар жырында жиі айтылады. Мысалы, «Алпамыс батыр» дастанында (XVII ғасыр) мынадай жолдар бар:

Керней-сырнай тарттырып,
Даңғыра дабыл қақтырып,
Барып түсті Алпамыс,

Қаракөзайым үйіне.

Бір жолы Алпамыс батыр, жорықтан қайтып келе жатып, ойламаған жерде байқамай терең орға құлап түседі. Одан шықпақ болып қанша тырмысса да шыға алмайды. Сонда Алпамыс өзінің бұл халін сүйгені Қаракөзге хабарлау үшін терең ордың түбінде отырып сырнай жасайды (Алпамыс батыр жыры, 1968, 127).

Сырнай халық поэзиясында жиі еске алынады, Семей облысының қазіргі Аякөз ауданында туған ақын Әріп Тәңірбергенов (1856-1924) өз өлеңінде былайша толғайды:

Сыбызғы, сырнай қызығы әлі-ақ кетер,
Білдірмей жүргенінде ажал жетер.

Халық тұрмысында, сонау бағзы заманнан бері, қоңырау, көлемі әр түрлі сақиналар және басқа металл заттар қолданылған. Жауынгерлер жорыққа шығарда оларды өздерінің найзаларына тағады, сөйтіп даңғұр-дұңғыр дауысты көбейтіп жауларын сескендірмек болады екен. Осындай көп жорық, шайқастарға қатысқан халық ақыны Ақтамберді Сарыұлының (1675-1768) дастанынан да музыкалық аспаптар атын кездестіреміз. Қазақ бақсылары да өздері ем жасаған кездерінде жынын алдырғандай болып ақыра-бақыра отырып, қоңыраулар мен сақина-шығыршықтарды қоса даңғырлатып-күңгірлететін болған. Оларды көбінесе музыкалық аспаптар даңғыраға, асатаяқ пен қылқобызға тағып алады, домбыраға сирек таққан, сондай-ақ бақсы салт бойынша қолына ұстап жүретін бұйымдары мен үстіне киетін киімдеріне де қоңыраушалар байлап алатын болған. Жоғарыда айтылған аспаптардан басқа «Ер Тарғын» жырында ұрып ойналатын тағы бір көне металл аспап шың, жайында сөз болады. Дастанда ол туралы былай делінген:

«Тоғыз санды торғауыт,
Он сандайын оймауыт,
Барабан соғып, шың қағып

Алдына әскер жүргізіп (Батырлар жыры, 1963, 360).

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде Қазақ ССР Ғылым академиясы, Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Б. Бафин: «шың», тегінде, ежелгі түркі тайпаларында болған музыкалық аспап «чанның» көне түрінің көп атауларының бірі болар,- деп түсіндіреді. В. В. Радловтың сөздігінде былай делінген: «Чын (чан) деген сөзбен түркі тілді халықтар металл аспаптан шығатын үнді айтқан».

Қазақтарда үрлеп тартылатын даусы ащы аспап болғанын баяндайтын басқа да бірқатар деректер бар. Мысалы, этнограф Г. Загряжский Қазақстанның оңтүстік аудандарында болған кезінде басқа да заттармен бірге «сурнай» деп атаған үрлеп тартылатын аспап тапқан. Ол: «қазақтар соғысқа қатынасқанда және барымтаға шыққанда сурнай аспабын дабыл қағатын кернейдің орнына қолданған», - деп жазады. Тегінде, бұл мүйізден жасалған аспап болса керек. Этнограф Н. Слюз қазақтардан бақташының кернейіне ұқсас үрлеп тартылатын аспапты көреді. Орыс Географиялық қоғамының мүшелері О. Финш пен А. Брэм Батыс Сібірде экспедицияда жүріп зайсандыққазақтардың (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы) аулынан сыбызғы мен қамыс сырнайға мүлде ұқсамайтын үрлеп тартылатын аспапты кездестірген, оның ұқсамау себебі «мүйіз мундштугті бар» екен.

П. Юдиннің «Қырғыздар» атты этнографиялық очеркінде автор өзі Орынбор қазақтарының арасында тапқан үрлеп тартылатын бірегей аспап жайында айтылады. Құрылысы жағынан оның басқа аспаптардан едәуір айырмашылығы болған: қысқа екі қамыс түтік үрген қарынның аузына қосып байланады, ал оның шығаратын үні «волынканың үніне ұқсас». Бұл мәліметтерден көретініміз бұрынғы заманда қазақтар сыбызғымен қоса үрлеп тартылатын аспаптардың да бірнеше түрін қолданған.

Этнографтар көне аспап қылқобыз жайында көп мәлімет жинаған. Ежелгі қалпын сақтаған бір қылқобыз «Семей облысы қырғыздарының әдет-ғұрыптары» деген мақалада әңгіме болады. Шанағы үлкен етіп дөңгелете жасалған, былғарымен қапталмаған, үш ішекті қобыз. Құрылысы нақ осындай аспап жайында белгілі этнограф А. Диваев та жазып қалдырыпты. 1860 жылы қазақ ауылдарында болған И. Завалишинның жазғандарынан да

құрылысы қарапайым қобыз жайлы қызғылықты деректерді кездестіреміз. Ол былай деп жазыпты: «Ұзын ағаш ожау, іші қой терісімен қапталған. Ортасында дөңгелекше және кішкене алты тесік, олардың арасында ішектің астынан қойылатын тиек орнатылған. Ішек екеу ғана: жіңішкесі аттың алты қылынан тұрса, ал жуан дауыс шығаратыны тоғыз қылдан қосылған». А. Эйхгорн да үш ішекті қобыздарды көргенін өзінің жолжазба күнделігінде жазып қалдырған (Завалишин, 1867, 202).

Этнографтардың кейбір еңбектерінде домбыра, қобыз және сыбызғымен қатар «гитар тәрізді», көбінесе үш сым ішекті болып келетін шертіп ойналатын аспап жайында да айтылады. Мұндай аспапта

екі не үш саусаққа арнайы оймақ киіп ойнаған. Москвада 1879 жылы Антропологиялық көрме ашылуына байланысты жазылған мақалада нақ осындай аспаптың бірі жайында мынадай хабар бар: «Домбыраның немесе гитар тәрізді үш ішекті аспаптың сүйемелдеуімен ән шырқайтын әншіні қырғыздар рахаттана отырып тыңдайды».

Қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов халық музыкасы мен музыкалық аспаптарына қатысты біршама еңбектер жазып қалдырған. Оның шығармаларынан белгілі бір музыка аспаптары жоғалып кетуінің немесе таралуының халық тұрмысында музыка жанры өркендеуінің себептерін анықтауға болады. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтар арасында сыбызғышылар мен қылқобызшылар анағұрлым белгілі болған, олардың басым көпшілігі халықтың жыр-дастандарын орындаған. Жыршылар жыр-толғау дастандарын әдетте қыл қобызбен сүйемелдеген. Сондықтан бұл аспап ел арасында кең тараған. Ш.Уәлиханов «Дала жыршыларының бәрі әдетте қобыздың сүйемелдеуімен ән салады», - деп жазды. Қылқобыздың бірте-бірте азаю себебін Ш.Уәлиханов халық музыкасында әндерді аспаппен орындалатын күйлер көбейді, осыған орай домбыра көп тарады деп топшалайды. «Қазақ халық поэзиясының түрлері» туралы мақаласында Ш.Уәлиханов «балалайка мен жаңа әндер енді жыр мен қобызды мүлде ығыстырып шығарады» деп ашық айтқан .

Ш.Уәлиханов қылқобызды этнографтар сияқты скрипкамен емес, альтпен салыстырады. Өйткені қылқобыз дыбысының диапазоны, құрылысы, құбылуы және көлемі жағынан шынында да альтке жақын келеді. Бұдан кейін Ш.Уәлиханов : «Бұл аспап орындаушыларға өте қиын, ал дыбысы өте ұнамады», -деп жазған (Уәлиханов, 1985, 491).

Ш.Уәлиханов қылқобыз бен домбырада орындалатын «Шаңды жорық», «Қоржын қақпай» сияқты музыкалық пьесаларды бейнелеп жазады, олардың мазмұны Абылай хан кезіндегі жорықтарға байланысты. Сол замандағы батырлардың ерлігін музыканттар әнге қосып оны Ш.Уәлиханов «дудка» және «хонбе» деп аталатын аспаптармен сүйемелдеген. Осы аспаптардың біріншісі жорықтарда пайдаланылатын үрлеп ойналатын аспап екені сөзсіз.

Жалпы алғанда аспаптану ғылымы енді ғана өркендеп келе жатыр. Бұл саладағы арнайы жұмыс Қазақстанда 1964 жылдан бері ғана қолға алынды. Ұзақ уақытқа дейін музыкалық аспаптың төрт түрі ғана белгілі болып келді, ал халқымыздың музыкалық тұрмысында домбыра, қылқобыз, сыбызғы ғана пайдаланылатын. Ал қазір музыкалық аспаптардың жиырма тоғыз түрі белгілі болып отыр (Сарыбаев, 1981,35) .

Қазақ халқының ұмыт бола бастаған музыкалық аспаптары өте көп. Сол аспаптарды қайта жаңғыртып, олардың кең түрде насихатталуына мол еңбек сіңіріп, артына үлкен мұра қалдырған Б.Сарыбаев еді. Б.Сарыбаев көне аспаптарды жинауға 1960 ж. бастап кіріскен. Сол жылдары Алматы консерваториясының ұстазы Б. Сарыбаевтың үйі ерекше мұражайға айналды. Ол жинаған аспаптар саны 300 - ге жетті. Зерттеуші еліміздің түрлі аймақтарынан көне аспаптарды тауып, оларды зерттеп, жетілдіріп, орындау әдістерін меңгерді, шәкірттерін баулыды. 1968 жылы көне ұлттық музыкалық аспаптардан ансамбль ұйымдастырды. Б. Сарыбаев аспаптарды ойнау тәсіліне қарай келесідей жіктейді: үрмелі, ұрмалы, шулы,ішекті шертпелі,ішекті ыспалы,тілшелі. Бүгінгі таңда осы жіктеме негізінде Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің экспозициялық залдары орналастырылған.

Қорытындылай келе Ұлттық аспаптар біршама уақыт ұмыт бола бастағанына қарамастан бүгінгі таңда қайта жаңғырып ансамблдерде және жеке орындауларда ойналып, қазіргі музыканың кәдесіне жарауда. Музыкалық аспаптар мен музыкалық мұралар қазақ халқының ежелгі құндылықтары. Халықтардың тарихи туыстастығы оның тарихы мен тілінде ғана емес, музыкалық өнерінде де сақталған. Тарих қойнауынан бүгінгі күнге жеткен музыкалық аспаптар түрлерінің әр қайсысын тарихи айғақ, шежіре, дәдел ретінде қарастырсақ артық етпес.

Әдебиеттер тізімі

- Алпамыс батыр. – Алматы: Жазушы, 1968, – 127 б.
Әл-Фараби. Музыка туралы трактат. – Алматы. – 1975. – 73 б.
Батырлар жыры I том. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет, 1963. – 360 б.
Индекс сөздік. Дивону лугатит турк. – Ташкент. – 1967. – 202 б.
Завалишин И. Сібір-Қырғыз даласы. – Москва. – 1867. – 202 б.
Ежелгі түркі сөздігі. – 34 б.
Малов С.Е. Ежелгі түрік жазу-сызуларының ескерткіштері. М-Л., 1951. – 3 б.
Сарыбаев Б.Ш. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Өнер, 1981. – 35 б.
Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. 4-том, – 1985. – 491 б.

B.M. Kengesbek
STUDY OF NATIONAL INSTRUMENTS

This article discusses the origin, development and research. In the course of writing the article, various scientific works were used. Examples of comparisons of Kazakh folk instruments with the instruments of the Turkic-speaking peoples were given. The instrumental music industry of the Kazakh people over the centuries has accumulated the spiritual essence of many historical periods, has developed in a national character, with its own unique sound, unique style. The first data on musical instruments, including national ones, are found in works related to musical instruments of the Turkic peoples.

ФАЯНСОВАЯ ЧАША ИЗ КОЛЛЕКЦИИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В фондах Центрального государственного музея имеется замечательная коллекция фарфора, которая начала формироваться еще с конца 19 века и представляет образцы лучших мировых производителей фарфора. Среди них особо выделяется клад фарфоровых чаш и бронзовых блюд, найденный на средневековом городище Талгар и поступивший в музей в 1941 году (Нифонтова, 1948, с. 116-124, Байпаков, Савельева, Чанг, 2005, с.106, рис. 1, 3; Археологическая карта Казахстана, 1960, с. 312, рис. 31). Из этого клада интерес представляет чаша полусферической формы на кольцевом поддоне, выполненная из плотного фаянса белого цвета (ЦМК КП 2340, рис.1 а, б). Внутренняя и внешняя стороны ее богато орнаментированы. По краю внутренней стороны идет полоса из заштрихованных треугольников, сделанных позолотой на коричневом фоне. Сразу же за полосой идут поясные изображения сидящих человеческих фигур (сохранилось 12 фигур. Одиннадцать мужских и одна женская. Между ними извивается чешуйчатое тело дракона. Пустые пространства между фигурами заполнены волнами, а в трех местах схематично изображенными горами. Персонажи одеты в богатые, покрытые позолотой одежды, фон одежды у пяти фигур – коричневый, у шести – черный. Над головами у всех сплошные позолоченные нимбы. Десять мужских фигур изображены безволосыми, со сдвинутыми густыми темными бровями, характерно изогнутыми мясистыми носами, сильно оттянутыми мочками ушей. Одна фигура с отвисшими черными, три безусые. Несмотря на эти общие черты, каждая фигура индивидуальна. Одиннадцатая фигура изображена крупнее других. У мужчины длинные волосы, спускающиеся на лоб, клинообразная борода и отвислые усы. На голове золотая корона, а за ней нимб. В правой руке длинный обоюдоострый меч, поднятый вверх на уровне плеча. Женское изображение находится примерно в центре группы. Лицо длинное, узкое, с тонкими бровями, глаза небольшие, с косым надрезом, нос прямой, губы маленькие. Волосы длинные, спускаются на плечи и уходят под одежду. На голове высокий головной убор и также нимб. На внешней стороне чаши изображены те же человеческие фигуры в два ряда, разделенные белым чешуйчатым телом дракона. Глаза, некоторые детали фигур и тело дракона выполнены точечными рельефными украшениями эмалью. На донце имеется клеймо производителя, выполненное на коричневом фоне позолотой в прямоугольной рамке крест в круге под ним три японских иероглифа (рис 2) (Нифонтова, 1948, с. 118-120, табл. 3; Байпаков, 1968, с. 76-81; История Алматы, 2006, с.187-188). Надо отметить, вероятно, в следствии того, что клад был найден на средневековом городище, исследователи эту чашу датировали XII-XIII вв. И долгое время эта чаша была выставлена в экспозиции музея в разделе средневековья. Позже некоторые исследователи стали задумываться о не соответствии датировки. Главным аргументом было развитие производства фарфора в Японии с XVII века. По рекомендации казахстанских археологов А.Акишева и Ольги Кузнецовой, была более тщательно изучена история возникновения японского фарфора. В результате изучения открылись удивительные факты.



Рис. 1 а, б. Японская чаша из фондов ЦГМ РК КП 2340.



Рис. 2. Японская чаша из фондов ЦГМ РК КП 2340. Марка: фамильный крест Шимазу.

У японцев есть одна из самых продолжительных непрерывных керамических культур в мире, с самой ранней керамикой, датирующейся приблизительно 10 000 годами до н.э. Возрастающая популярность чайной церемонии (Kakuzo Okakura, 1964. p. 1-76; Акишев, 2008, с. 35) в XV столетии способствовала эстетической оценке керамики. Особенно много в Японию было импортировано китайской посуды, которая стала цениться, как произведения искусства. Большой спрос на керамику привел к волне развития творческого потенциала во время периода Момойама (Momoiyama 1573-1603 гг.), со строительством тысяч мастерских в различных областях страны, что способствовало развитию фарфора с отличными региональными особенностями.

Ранняя японская керамика находилась под влиянием китайских и корейских традиций. Корейские керамические мастерские существовали в Японии еще с VIII века. Собственное керамическое производство развивалось с XIII века. В те времена выросло потребление чая, и на заводе в городе Сето начали копировать китайскую керамику для чайной церемонии. В XV веке, после завоевания Кореи, на острова были перевезены опытные корейские гончары. Лучшие предметы для чайной церемонии, украшенные незатейливыми рисунками, иногда искусственно состаренные мастерами, выпускались в Сето, Киото, Сацуме, Карацу до XIX века. Одни и те же фамильные клейма использовались на протяжении нескольких веков, и определить точный возраст таких изделий трудно (Жушиховская, Понкратова, 2000, с. 103-150).

Японские мастера XVI-XVIII веков успешно экспериментировали с различными технологическими вариантами глазурей, эффектами обжига, изобразительными приемами – результатом этого стали их замечательные изделия, образцы высокого художественного вкуса. В XVII веке в Японии были освоены новые виды гончарной продукции – фаянс и фарфор (Ксенофонтова, 1980, с. 12).

На стиль японского фарфора также повлияли китайские фарфоровые предметы. Формула фарфора была получена японцами в начале XVI века (Baker, 1995. P. 40). Центром фарфорового производства стал город Арита, неподалеку от которого были найдены месторождения каолина. Приблизительно с 1615 года в Арите на японском острове Кюсю начали производство самой популярной посуды этого района – сине-белого фарфора (Арапова, Егорова, 2012, с. 288). Этот фарфор расписывался подглазурно кобальтом. Фарфор арита прочнее китайского, но его легче поцарапать. Часто использовалась свободная интерпретация популярных китайских узоров с цветами и фигурами по фарфору поздней Мин. Фоновый узор на сине-белом фарфоре арита обычно плотный и сложный,

на внутренней части горлышка кувшина можно определить грубость черепка, небрежно нанесенную глазурь, поверхность края довольно неровная, неглазурованный край имеет розоватый оттенок, валик или небольшое утолщение внизу сосуда указывает на фарфор арита. Кусочки гравия в дне изделия появлялись в результате часто производившегося японцами обжига на гравии.

Большую известность получил японский фарфор Имари названный по имени порта Имари – через который экспортировали фарфор, находившийся поблизости селения Арита. Фарфор Имари расписывали темно-синей подглазурной росписью в сочетании с рыжевато-красной, золотой, желтой, зеленой, иногда бирюзовой и фиолетовой эмалевой краской, все эмали, кроме красной, выступают над глазурью, что можно почувствовать на ощупь. Узоры крупных декоративных изделий и столовой посуды созданы по образцу декора тканей, поздние изделия имари расписаны сплошным узором, главным образом, в красной гамме.

Фарфор какиэмон назван по имени японского живописца XVII века Сакайды Какиэмона, автора стиля полихромной росписи фарфора эмалевыми красками. Фарфор какиэмон достиг своего расцвета в 1680-х гг. Его можно отличить от другого японского фарфора по следующим признакам: молочно-белый фарфоровый черепок покрыт скудными ассиметричными узорами, выполненными эмалями красного, оранжевого, голубого, бирюзового, желтого и иногда фиолетового цветов. Изделия из фарфора какиэмон – это небольшие блюда, миски и вазы с нежными узорами.

Керамика кинкозан носит имя японской семьи гончаров, работавших с конца XIX века близ Сацумы. Здесь производились изделия от дешевого грубо раскрашенного фарфора до искусно выполненных рисунков с изображениями воинов. Посуда кинкозан очень похожа на сацуму, их легко спутать. На изделиях имеются картуши (медальоны, вставки), часто с изображениями миниатюрных бытовых сценок, щедрое покрытие позолотой, которая легко откалывается или стирается. Это цветочные вазы, сосуды для благовоний, декоративные панно. Фарфор обычно подписывался художником.

Красный кутани – тонкий, как яичная скорлупа, фарфор производился примерно с 1880-х гг. Фарфор кутани в больших количествах экспортировался в Европу и США. Качество изделий – от низкого до среднего. Отличает его надглазурная эмалевая роспись в преимущественно рыже-красных тонах, местами со щедрой позолотой, часто с монохромными черными или серыми деталями, основные мотивы росписи фарфора красный кутани – фигурки в пейзаже, гейши, цветы, деревья, птицы.

Клан Набесима правил областью Японии, в которую входил район Арита. С 1650 по 1870 г. там изготовлялась посуда только для членов семьи. Изделия набесима встречаются редко и высоко ценятся. Фарфор набесима можно отличить по следующим признакам: серовато-белый безупречный фарфор, покрытый серой или голубоватой глазурью, отсутствие марки. Фарфор декорирован мотивами стилизованных листьев и цветов.

Изящно смоделированные изделия стиля хирадо из фарфора выпускались в XVIII веке неподалеку от Ариты, здесь создавались белые фигурки детей и животных, рыб, драконов и уток. Это чистый белый фарфоровый черепок, похожий по текстуре на сахарную глазурь, покрывался мягкой голубоватой глазурью. Детали фигурок иногда подчеркивались красно-коричневой эмалью. Декор сине-белых изделий из фарфора включал в себя изображения играющих детей, пейзажей с соснами, стилизованной листвы и геометрические узоры.

Истоки Сацума возвращают нас примерно на 400 лет назад. Производство фарфора Сацума началось еще в 3-м году Кэйте (1598 год), когда 18-й феодал клана Сацума, Симадзу Есихиро, после похода в Северную Корею, привез оттуда в княжество Сацума более 80 корейских мастеров по фарфору. Сам Симадзу Есихиро, бывший учеником Сэн но Рикю (1521-1591 гг.) – известный чайный мастер, окончательно разработавший основные принципы японской чайной церемонии, создавал такие фарфоровые изделия, как чашки для чайной церемонии – его любимой японской традиции. Эти чашки высоко ценятся, и по сей день. Произведения мастера создавались им по технологиям 3-х школ: Наэсирогава и Тацумондзи, Татэно, а также школы Нисимотита-Хираса.

Среди изделий Сацума есть те, которые относят к Черной Сацума (Куромон) и Белой Сацума (Симорон). Первый тип изделий пользовался повышенным спросом у простого народа и нашел применение в повседневной жизни. Для изделий второго типа характерны изящность и тонкая работа, которые отличают дорогие произведения из фарфора, вызывавшие интерес у феодалов.

В XVIII веке японские мастера стали изготавливать посуду из керамики и фаянса, в которых преобладание цветочных орнаментов сменили темы самурайских хроник, изображения гейш, сцен из жизни горожан, японской истории, мифологии и литературы (Каневская, 2004).

С конца периода Эдо (1603-1868гг.) (он же период сегуната Токугава бакуфу) – период правления феодального военного правительства Японии, основанного в 1603 г. Токугава Иэясу и возглавляемое

сегунами из рода Токугава. Ставка сегуната находилась в замке Эдо. В мастерских Сацума стали появляться изделия с разноцветным узором, а в Европу стал импортироваться фарфор с золотым узором. С конца периода сегуната изделия Сацума завоевывают приз на выставке в Париже в 3-м году Кэйю (1867 год) и окончательно очаровывают европейцев. Некоторое время спустя японский фарфор становится призером на выставке в Вене, столице Австрии, и название фарфора «САЦУМА» приобретает мировую известность (Японская керамика Сацума, 2009; Гизела, 2004).

Даже сейчас, после многих лет развития Сацума, эти уникальные фарфоровые изделия, по всему миру признанные произведения искусства, продолжают очаровывать сердца людей из поколения в поколение. Они способны погрузить нас в мир, наполненный творческой силой и неутомимой энергией известных мастеров. С середины XIX века в мастерских Сацума было массовое производство на экспорт. Сацума отличается керамикой кремового цвета, глазурью «кракле», сверху наносился толстый слой эмали, сверху этого слоя наносилась позолота. Главные мотивы – пейзажи, цветы, животные и жанровые сценки, тщательно разработанные фигурки гейш, воинов и святых, и яркими рельефными драконами. Обязательна подпись или марка с именем мастера на лучших образцах.

Фарфоровые изделия, изготовленные в Авата или Киото периода Эдо называют «Киото Сацума», позднее фарфор в стиле сацума изготавливали в Йокогаме и Токио. И одним из общепринятых знаков «Киото Сацума» является дракон (рис. 3, 4, 5). Его изображение встречается во второй половине периода Мейджи (1868-1912 гг.), то есть Хочузан (Кондратова, 2013, с. 74-80; Арапова, Егорова, 2012, с. 293). На это указывают мнение авторитетных японских ученых (Фумио, 1995; Mitsuoko, 1960). Стиль Сацума имеет фамильную марку крест в круге. Марки обычно читаются сверху донизу, и справа налево. Подписи обычно сопровождаются суффиксом, например Sei, tsukuru или saku все имеют значение «сделанное», или Ga, Dzu или Fude в значении «нарисованный».

Исходя из выше сказанного, можно сделать вывод, что чаша из фондов Центрального Государственного музея изготовлена в Японии, относится к Сацума, марка – фамильный крест Шимазу, период Мейджи или Хочузан – орнаментирован драконом с белой окантовкой, т.е. «Драконовая чаша» (1868-1912 гг.). В процессе исследования чаши из Японии появилось множество вопросов, на которые нам еще предстоит найти ответы.

В наши дни интерес к восточной культуре, к уникальному китайскому и японскому фарфору давних времен не иссяк. Лучшие европейские мануфактуры уже несколько столетий производят повторы старинного восточного фарфора – вначале для возмещения утраченных образцов, а затем – по заказу ценителей прекрасного, изящного, элитного фарфора. С подобными образцами можно познакомиться и изучая коллекцию фарфора Центрального государственного музея. Она до сих пор еще таит много загадок.



Рис. 3. Япония. Фарфор, стиль Сацума, фамильный крест Шимазу. Марка: Риозан, период Мейджи. Датирован началом 20 века



Рис. 4. Япония. Марка: фамильный крест Шимазу. Датирован периодом Мейджи (1868-1912гг.). Изготовлено - 1868-1900 гг.



Рис. 5. Япония. Семейный крест Шимазу. Датирован началом 20-го века. 1940г.

Список литературы

- Акишев А.К. Книга Чая. Какузо Окакура. // Тамыр. // № 5 2008. С. 35.
- Арапова Т.Б. Егорова А.А. Японский фарфор и керамика в собрании Государственного Эрмитажа // Санкт Петербург. Япония XVIII-XXI вв. Санкт-Петербург, 2012. С.284-301.
- Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата: Изд-во Акад. наук КазССР, 1960. 449 с.
- Байпаков К.М. Раннесредневековые города и поселения Северо-восточного Семиречья. // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата; Наука, 1968. С. 76-81.
- Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселения северо-восточного Жетысу // Алматы. 2005. С.106. Рис.157,158
- Бернштам А.Н. Памятники старины Алма-Атинской области // Известия АН КазССР // Серия археологическая. Алма-Ата, 1948. № 8. Вып. 1. с. 83-84, рис.5.
- Гизела Я. Керамика Мэйдзи: искусство японского экспортного фарфора и посуда Сацума 1868-1912. Штутгарт: Арнольдшце, 2004. 360 с.
- Жушиховская И.С., Понкратова И.Ю. Сырьевая база, климат и традиции древнего гончарства (по материалам культур Восточной и Северо-Восточной Азии) // Вперед...в прошлое. Владивосток, 2000. С. 103-150.
- Каневская Н.А. Японский фарфор XVII – XIX вв. По материалам коллекции Государственного Музея Востока. М.: ГМИНВ, 2004. 74 с.
- Кондратова А.О. Особенности стиля и декора керамических изделий Японии эпохи Мэйдзи (1868-1912) // Международный научно-исследовательский журнал. Екатеринбург, 2013. № 6-3 (13). С. 74-80.
- Ксенофонтова Р.А. Японское традиционное гончарство XIX-первой половины XX в. М., 1980. С. 12.
- Нифонтова Л.К. Последние археологические поступления в Центральный Государственный музей КазССР // Известия АН КазССР / Серия археологическая. 1948. Вып. 1. № 46. С. 116-124, рис. 1,3.
- Фумио Н. Якимоно (Фарфоро-керамические изделия). Токио: Кайся сэйтося, 1995. (на яп.яз.).
- Японская керамика Сацума в собрании Эрмитажа: каталог выставки / Государственный Эрмитаж; сост. Т.Б. Арапова, А.А. Егорова. СПб: Издательство государственного Эрмитажа, 2009. 168 с.
- Baker J. Japanese art. New-York, 1995. P. 40.
- Mitsuoko T. Ceramic Art of Japan. Tokyo: Japan Travel Bureau, 1960. (на яп. яз.)
- The book of Tea. Kakuzo Okakura. Dover Publications. 1964. Pp. 1-76.

O. Myakisheva
FAIENCE BOWL FROM THE COLLECTION OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

The article gives a detailed description of the Japanese bowl from the funds of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. The purpose of the article is to attribute the bowl, determine the author of the manufacture and the place of production. A brief history of Japanese porcelain style and production is presented. The history of Arita porcelain, one of the leading ceramic centers in Japan, is given. The founders of Japanese porcelain are called. Attribution of the brand and the author's inscription is carried out. With the help of comparative typological analysis, the study of the styles of making the bowl and the author of its production was carried out. The article notes that since the middle of the XIX century there has been mass production for export. Satsuma is distinguished by cream-colored ceramics, "crackle" glaze, over which a thick layer of enamel was applied, gilding was applied on top of this layer. The main motifs are landscapes, flowers, animals and genre scenes, carefully designed figures of geisha, warriors and saints, and bright relief dragons. A signature or stamp with the name of the master on the best samples is required.

Based on the above, it is concluded that the bowl belongs to the Satsuma style, the stamp is the Shimazu family cross, the Meiji or Khochuzan period is ornamented with a dragon with white edging, i.e. «Dragon Bowl» (1868-1912).

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САУСАҚ ПЕН ТІС ӨРНЕКТЕРІНДЕГІ ЭТНОГЕНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ АСПЕКТІСІ

Қазақстанда кешенді антропологиялық зерттеулердің нәтижелері, қазақ халқының антропологиялық тарихы қола заманнан бастап, қазіргі кезеңге дейін үзілмей ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, генетикалық қоры Қазақ даласында қалыптасқанын айғақтайды (Исмагулов, 1970, 56-77). Аталмыш мақалада қазақтардың этногендік ерекшеліктерін анықтау үшін саусақ пен тіс өрнектерінің анықтамаларының этноисторикалық көрінісін жан-жақты зерттеуді жөн көріп отырмыз. Себебі, топаралық корреляция этноисторикалық процестердің пайда болуы мен қалыптасуын зерттеуде маңызы зор. Ресей және Белорус антропологі Тегако Л.И. дерматоглифика мен одонтологиялық анықтамалардың топаралық корреляция көрсеткіштерінің халықтардың расалық типінің қалыптасуында өзіндік ерекшеліктерін айқындайды деген (Тегако, 1971, 133-136). Сондықтан қазақ халқының дерматоглифика мен одонтоглифика анықтамалары бойынша тарихи байланысты (топаралық корреляция) анықтау үшін Спирмэннің талдау әдістемесі бойынша дерматоглифика (ерлер тобы), одонтоглифика (ерлер мен әйелдер тобы) анықтамаларына топаралық корреляцияның коэффициент көрсеткіштері есептеліп шығарылды. Дерматоглификалық анықтамаларға (Сихымбаева, 1987, 23) 18 (саны 2171) және 35 (3279) қазақ топтарынан алынған (r_s) коэффициент көрсеткіштері анықталды. Зерттелген 18 қазақ топтарының басым бөлігі батыс, ал 35 топтары Қазақстанның барлық өңірлерінің жергілікті тұрғындары болып саналады. Нәтижесінде 18 қазақ топтар арасында нақтылы деңгейде корреляция коэффициенттері тек қана білік үшбұрышы мен гипотенар өрнегінде теіс байланыстың (t -Ну) $r_s = -0,53$ барлығы анықталды. Аталмыш байланыс қазақтардың расогендік қалыптасуын көрсетеді. Еуразия аумағында осындай байланыс тек қана еуропеоидты халықтар тән екені анықталған (Хитъ, 1983, 105-109). Ал 35 топтар бойынша Камминс индексі мен тенар өрнегі ($Ic - Th/I$) $r_s = -0,36$ арасында теріс, ал білік үшбұрышы мен шығыстық комплекс (t -ВК) $r_s = 0,62$ арасында оң байланыстың барлығы белгілі (Сихымбаева, Исмагулова, 2007, 117-120) болды. Осындай корреляциялық көрсеткіштер қазақтардың антропологиялық типіндегі расалық элементтерінің негізгі қорында ежелгі бабаларымыздың гендік қорының жалғастығын дәлелдейді. Одонтоглификалық анықтамалардың өзара корреляциялық көрсеткіштері 5 топтар бойынша (саны 720) олар батыс өңірінің жергілікті тұрғындары болып саналады. Корреляциялық коэффициент көрсеткіштері төмендегідей жоғарғы бірінші азу тістің проконус төмпешігінің бірінші жылғасының екінші фиссурада аяқталуы ($M^1 Ipr(II) - M^1 Tme$) жоғары дәрежедегі теріс ($r_s = -0,90$), ($M^1 Ipr(II) M^1 2medII$) ($r_s = 0,90$), жоғарғы бірінші азу тістің эоконус пен метаконус төмпешіктерінің байланысы ($M^1 eo-me 2+3$) варианты ($r_s = 0,90$), жоғарғы бірінші азу тістің протоконус төмпешігіндегі трирадиус пен төменгі бірінші азу тістің энтоконидті жылғасының төртінші фиссурада аяқталуы ($M^1 Trg - M^1 2end IV$) ($r_s = 0,80$), сонымен қатар «шығыстық» тармақтағы жоғарғы бірінші азу тістің метаконус төмпешігінің жылғаларының бірінші фиссурада аяқталуы ($M^1 me I$) және жоғарғы бірінші азу тістің эоконус төмпешігінің $1eo$ (3) вариантының басқа «батыстық» бағыттағы $M^1 2end(IV), M^1 2medII$ анықтамалармен теріс байланыстары ($r_s -0,90; -0,70, -0,80$). Анықталған корреляция көрсеткіштері территориялық байланысқа қарағанда, статистикалық бағытты айғақтайды. Жалпы тарихи корреляция көрсеткіштері қазақтардың антропологиялық құрамында монголоидтық пен еуропеоидтық элементтердің кездесу деңгейін, қалыптасуы процесі туралы ғылыми мағлұматтарды дәлелдейді.

Сонымен қатар осы әдістеме бойынша алғаш рет 19 одонтоглификалық пен 6 дерматоглификалық анықтамалар арасында тарихи байланысты анықтау үшін топаралық корреляция (r_s) коэффициенттерінің көрсеткіштері есептелді (1- кесте). Жоғарғы бірінші азу тістің протоконус төмпешігінің бірінші жылғасының екінші фиссурада аяқталуы $Ipr(II) -$ білік үшбұрышы (t) мен саусақаралық қосалқы үшбұрыш (DMT) арасында нақтылы дәрежедегі коэффициент көрсеткіштері ($r_s - 0,80$), жоғарғы бірінші азу тістің эоконус төмпешігіндегі трирадиус варианттары (T) – Камминс индексімен (Ic) тура нақтылы байланысын көрсетеді. Жоғарғы азу тістің эоконус пен метаконус төмпешіктерінің бірінші жылғасының байланыс формалары ($1eo - 1me 2+3$) – Камминс индексімен теріс байланысы – $r_s = -1,225$ коэффициент көрсеткіші жоғарғы деңгейдегі айырмашылықтарын айғақтайды. Жоғарғы бірінші азу тістің метаконус төмпешігіндегі трирадиус (Tme) пен білік үшбұрышы (t), қосалқы саусақаралық үшбұрыштар (DMT) корреляция көрсеткіштерін $r_s = -0,90, +0,90$

құрайды. жоғарғы екінші азу тістің алдыңғы шұңқыры мен гипотенар өрнегі, төменгі бірінші азу тістің энтоконид төмпешігінің IV фиссурада аяқталуы мен білік үшбұрышы және жоғарғы бірінші азу тістің эоконус төмпешігінің бірінші жылғасының 1eo 3 варианты мен білік үшбұрышы, саусақ аралық қосалқы үшбұрыштардың арасындағы байланыстар нақтылы дәрежедегі көрсеткіштерді анықтайды ($r_s = -, + 0,900, P > 0,99$). Негізінен аталмыш анықтамалардың корреляциялық коэффициенттерінің көрсеткіштері мен бағыттары қазақтардың этногенетикалық даму процесінің қалыптасуы туралы мағлұматтар береді (Зубов, 1974, 11-43). Сонымен қатар талдау барысында қазақтардың тіс пен тері өрнектерінің нәтижелерінің сәйкестіктігі, олардың өзара тарихи байланыстарының тереңдігін аңғартады. Әсіресе, жоғарғы бірінші азу тістің протоконус пен эоконус төмпешігінің байланысы (2pr - 2eo 2+3) және осы тістің эоконус пен метаконус төмпешіктерінің (1eo-1me 2+3) варианттары, төменгі бірінші азу тістің метаконид төмпешігінің M12med (II) мен дельта (D110), Камминс (Ic) индекстердің корреляциялық көрсеткіштерінің тарихи маңызы зор. Осы екі тістегі жылғалардың үшбұрыш формасы (M¹Tme) мен саусақаралық қосалқы үшбұрыштар (DMT) арасындағы байланыстар қазақтардың тарихи этногенетикасын зерттеуде негізгі құрал ретінде қарауға болады, яғни метисация (араласу) процесінің нәтижесі тері және тіс өрнектерінде сақталғандығын байқатады. Негізінен аталмыш анықтамалардың өзара байланыс таңбалары раса аралық бағытты анықтайды. Сонымен қатар екі бағыттағы анықтамалар оң таңбалы байланыста да кездеседі. Бұл корреляциялық коэффициенттер қазақтардың екі система бойынша, яғни дерматоглификалық пен одонтоглификалық анықтамалардың салыстырмалы сәйкестігін көрсетеді. Негізінен «батыстық» бағыттағы анықтамалардың ауытқу деңгейі, «шығыстық» көрсеткіштерге қарағанды тұрақты және төмен екені байқалады. Бұл одонтоглификалық анықтамалары бойынша да қазақтардың физикалық типіндегі еуропеоидтық компоненттердің тамыры тереңде арғы ата-тегімізден бергі этнотарихи жалғастық екенін айғақтайды.

Қазіргі кезеңде алақан мен саусақ өрнектерінің генетикалық, анатомио – физиологиялық ғылыми нәтижелері тек қана этникалық антропологияда ғана емес, медицинада, спортта, криминалистикада, сот т.б. салаларда кең қолданып жатыр. Зерттеу нәтижесінде дельта индексінің төменгі көрсеткіші спорттың жеңіл атлетика, гимнастика, коньки, жүгіру, ал оның жоғарғы көрсеткіші күрделі, ауыр түрлерімен шұғылдануға болатынын айғақтайды. Сонымен қатар саусақтағы доға өрнектері бар адамдар ауыр жұмысқа төзімсіз екені, ал ілмек өрнектері бар адамдар жұмысқа төзімді, тез ашуланып, тез қайтады, орама өрнектері басым адамдар жоспары көп өте ойшыл болып келеді (Мглинец, 1991, 54-547).

Генетикалық зерттеулердің нәтижелері дауна ауыруына шалдыққан адамдардың басбармақтарында доға (A), ульнарлы ілмек (U), білек үшбұрышының жоғарғы көрсеткіші (t) және саусақтарында ульнарлы ілмектер жиі кездесетінін анықтады (Войтенко, Помохова, Колодченко, 1979, 1317-1326).

Дерматоглификаның негізгі таксономиялық анықтамаларын бимануальды, яғни екі қолдағы өрнектерді бөлек талдау, кең көлемде зерттелмеген, тек қана белорус ғалымы Л.И. Тегаконың монографиясында аздаған мәлімет берілген (Тегако, 1989, 68-726.). Аталмыш еңбекте дельта, Камминс индекстері, гипотенар өрнегінің жоғарғы көрсеткіштері екі жыныс бойынша оң қолда кездесетіні анықталған. Ал білік үшбұрышы, тенар мен қосалқы саусақаралық үшбұрыш өрнектері екі жыныс бойынша да сол қолда жиі кездеседі. Зерттеу нәтижесінде сол мен оң қол арасында айырмашылықтың айтарлықтай екені байқалады, ал тарихи байланыстың қаншылықты қалыптасқанын статистикалық анализ арқылы зерттелмеген.

Ресейдің ғалымдары еуропеоидты, монголоидты және негроидты расаға жататын екі жыныс тобы бойынша 3651 адамды зерттеген болатын (Хитъ, Широкобоков, Славолубова, 2013, 375 б.). Аталмыш еңбекте ерлер тобында дельта индексі мен Камминс индексі, радиальды өрнектердің көрсеткіштері оң қолда, ал тенар өрнегі сол қолда жоғары екені анықталды. Сонымен қатар еуропеоидты раса өкілдерінде білік үшбұрышының жоғары көрсеткіші сол, ал монголоидтарда оң қолда кездесетіні анықталды. Қосалқы саусақаралық үшбұрыштар еуропеоидтарда оң қолда, ал монголоидтарда сол қолда кездеседі. Гипотенар өрнегі барлық раса өкілдерінде сол қолда жиі кездеседі. Бұдан басқа дерматоглификалық анықтамалар, атап айтқанда қосалқы саусақаралық үшбұрыштар мен білікті үшбұрыштар бойынша бимануальды айырмашылықтың жоқтығы байқалады. Сонымен қатар расогенездік зерттеуде оң қолдағы анықтамалардың ғылыми маңыздылығы жоғары екені анықталды.

Енді қазақтар арасынан жиналған дерматоглификалық материалдарды екі жыныс бойынша жіктеп, бимануальды талдау жүргізілді. Өйткені осы уақытқа дейін талдау жұмыстары екі қолдың өрнектері біріктіріліп зерттелген. Қазақстанның барлық облыстарынан жиналған дерматоглификалық материалдар төрт өңірге: оңтүстік, шығыс, солтүстік және батыс аймақтарға бөлінді. Барлығы екі жыныс бойынша 5978 адам зерттелді. Негізінде саусақтарда өрнектердің төрт түрі кездеседі. Олар доға

(А), шатыр тәрізді доға (Т), ілмек (U,R), орама (W). Доға өрнек жер шарындағы адамдарда өте сирек кездеседі. Қазақ топтарында да аталмыш өрнек сирек кездеседі. Бұл өрнектің кездесу жиілігі ерлер тобында 3,8-5,6, әйелдерде 4,7-7,9 пайыз аралығында ауытқиды. Екі қолда да төменгі пайызы батыс өңір қазақтарында ұшырайды. Жоғарғы пайызы екі топта да сол қолда кездесіп отыр. Әйелдер тобында доға өрнегі ерлер тобына қарағанда жиірек кездесетіні байқалады. Ілмек өрнегі орналасу бағытына қарай радиалды, улнарды болып екіге бөлінеді. Радиалды (R) ілмек өрнегі екі жыныс тобы бойынша екі қолда сирек кездеседі ерлерде 2,0-4,2, әйелдер тобында 1,8-2,6 аралығында ауытқиды. Жоғарғы көрсеткіші оңтүстік өңірдің ерлер тобының оң қолында ұшырайды, ал басқа өңірдің қазақтарында аталмыш өрнектің кездесу деңгейі екі қолда да бірдей деңгейде екені анықталды. Ілмек өрнегі (U) ерлер тобының сол қолында 48,1-52,1, ал оң қолында 39,9-42,7 аралығында ауытқиды. Батыс өңірде сол қолдың жоғарғы көрсеткіші, ал оң қолдың жоғарғы пайызы шығыс өңірдің қазақтарында кездеседі. Орама (W) өрнегінің ауытқу жиілігі ерлер тобында 41,0-51,8, әйелдерде 40,9-44,6 аралығында ауытқиды. Саусақтағы басқа өрнектер бойынша нақты бағытты көрсету мүмкін болмай отыр, кездесу деңгейлері шашыранды екені байқалады.

Жалпы зерттеу барысында қазақтарда анықталған тарихи байланыстардың тұрақты еместігі, топаралық корреляцияға қарағанда, статистикалық тенденциясының басымдығы байқалады. Корреляция коэффициенттерінің белгілері қазақтардың антропологиялық типінде еуропеоидтық пен моңғолоидтық элементтердің байланысын анықтайды. Сонымен қатар саусақ өрнектерінің оң мен сол қолда кездесу деңгейінде айырмашылықтың жоқтығын, тек қана радиальды ілмек пен орама өрнектерінің ерлер тобында оң қолда жиі кездесетіні байқалады. Болашақта бұл зерттеу нәтижелері медицина, генетика салаларында маңыздылығы зор деген үміттеміз.

1-кесте. Қазақтардың одонтоглификалық және дерматоглификалық анықтамаларының топаралық корреляциясы (одонтоглифика ерлер мен әйелдер дерматоглифика ерлер топтары)

	Анықтамалар		rs
1.	Вариант 1pr (II M ¹) - D1 ₁₀		-0,100
2.		Ic	0,300
3.		t	-0,800
4.		Hу	-0,400
5.		DMT	0,800
6.		Th/I	0,100
7.	Вариант 1pr (II M ²)	- D1 ₁₀	0,500
8.		Ic	0,600
9.		t	0,150
10.		Hу	-0,800
12.		DMT	0,100
13.		Th/I	0,800
14.	Трирадиус 1мен2pr M ¹	- D1 ₁₀	-0,200
15.		Ic	-0,100
16.		t	0,500
17.		Hу	-0,200
18.		DMT	-0,500
19.		Th/I	0,200
20.	Трирадиус 1-2 eo M ¹	- D1 ₁₀	0,600
21.		Ic	-0,800
22.		t	0,300
23.		Hу	-0,600
24.		DMT	-0,300
25.		Th/I	0,900*
26.	2pr – 2eo M ¹ қат. (2+3)	- D1 ₁₀	0,825*
27.		Ic	-1,225**
28.		t	0,025
29.		Hу	-0,425
30.		DMT	-0,375
31.		Th/I	0,775
32.	Вариант 1me M ¹	- D1 ₁₀	0,000
33.		- Ic	0,100
34.		t	-0,600
35.		Hу	-0,700
36.		DMT	0,600
37.		Th/I	0,300
38.	Трирадиус 1 – 2 me M ¹	- D1 ₁₀	0,300

39.		Ic	-0,600
40.		t	0,900*
41.		Hy	0,000
42.		DMT	-0,900*
43.		Th/I	0,300
44.	Вариант 2ме (III) M ¹	- D ₁₀	0,600
45.		Ic	-0,700
46.		t	0,300
47.		Hy	0,000
48.		DMT	-0,300
49.	Вариант 2ме (III) M ¹	- Th/I	0,600
50.	1eo -1ме M ¹ қат. (2+3) -	D ₁₀	0,600
51.		Ic	-0,300
52.		t	-0,200
53.		Hy	0,100
54.		DMT	0,200
55.		Th/I	0,100
56.	2/ ме M ¹	- D ₁₀	0,700
57.		Ic	-0,600
58.		t	-0,100
59.		Hy	-0,300
60.		DMT	0,100
61.		Th/I	0,500
62.	M ² алдыңғы ойығы -	D ₁₀	0,000
63.		Ic	0,300
64.		t	-0,300
65.		Hy	0,900*
66.		DMT	0,300
67.		Th/I	-0,600
68.	Вариант 2мед(II) M ₂	- D ₁₀	-0,200
69.		Ic	-0,100
70.		t	0,500
71.		Hy	-0,350
72.		DMT	-0,500
73.		Th/I	0,200
74.	1/med M ₁ -	D ₁₀	-0,100
75.		Ic	-0,200
76.		t	0,700
77.		Hy	-0,400
78.		DMT	-0,700
79.		Th/I	0,100
80.	2/ med M ₁ -	D ₁₀	0,100
81.		Ic	-0,300
82.		t	0,200
83.		Hy	-0,900*
84.		DMT	-0,200
85.		Th/I	0,500
86.	Вариант 2end (IV) M ₁ -D ₁₀		0,000
87.		Ic	-0,400
88.		t	0,900*
89.		Hy	-0,200
90.		DMT	-0,900*
91.		Th/I	0,300
92.	Вариант 2end (IV) M ₂ -D ₁₀		0,900*
93.		Ic	-0,700
94.		t	-0,300
95.		Hy	0,100
96.		DMT	0,300
97.		Th/I	0,600
98.	1eo (3) M ¹ -	D ₁₀	-0,300
99.		Ic	-0,100
100.		t	0,900*
101.		Hy	-0,300
102.		DMT	-0,900*
103.		Th/I	0,000
104.	2med (II) M ₁ -	D ₁₀	0,600

105.	-	Ic	-0,500
106.	-	t	-0,300
107.	-	Hу	-0,600
108.	-	DMT	0,300
109.	-	Th/I	0,700

2-Кесте. Қазақ топтарында саусақ өрнектерінің оң және сол қолдарында кездесу деңгейі (%) ерлер

Аймақтық топтар	Сол қол					Оң қол			
	саны	A+T	R	U	W	A+T	R	U	W
Оңтүстік	672	4,3	2,0	48,5	45,1	4,1	4,2	40,3	51,3
Шығыс	873	5,6	2,0	50,1	42,2	5,0	3,5	42,7	48,6
Солтүстік	709	4,4	2,1	49,5	43,9	4,3	4,0	39,9	51,8
Батыс	1022	5,5	2,3	52,1	41,0	3,8	3,8	41,6	50,7

3-Кесте. Қазақ топтарында саусақ өрнектерінің оң және сол қолдарында кездесу деңгейі (%) әйелдер

Аймақтық топтар	Сол қол					Оң қол			
	саны	A+T	R	U	W	A+T	R	U	W
Оңтүстік	557	6,2	1,9	50,4	41,6	4,7	2,3	48,4	44,6
Шығыс	543	6,9	1,9	49,0	42,2	5,6	1,8	47,6	45,0
Солтүстік	659	7,8	2,5	50,4	39,3	6,5	2,5	50,1	40,9
Батыс	943	7,9	2,6	49,4	40,1	6,1	2,4	48,9	42,6

Әдебиеттер тізімі

Аксаюнова Г.А. Одонтоглифика как инструмент расового и этногенетического анализа//Материалы к серии «Народы и культуры» выпуск X, Антропологические исследования, книга 1, материалы и исследования по антропологии 80-х годов. Москва, 1982, 109-142б.

Войтенко В.П., Полохова А.М., Колодченко В.П. О наследовании пальцевых узоров человека // Генетика. 1979. №7. С. 1317-1326.

Зубов А.А. Одонтоглифика // Расо-генетические процессы в этнической истории. М., 1974. С. 11-43.

Зубов А.А. Методическое пособие по антропологическому анализу одонтологических материалов. Библиотека «Вестника антропологии» М., 2006. 70 с.

Исмагулов О., Сихымбаева К., Исмагулова А.О. Этническая дерматоглифика казахов. Алматы, 240 б.

Исмагулов О. Населения Казахстана от эпохи бронзы до современности. Алма-Ата: Из-во «Наука», 1970. 237 с.

Исмагулов О., Исмагулова А.О. Очерки по антропологии казахского народа и его предков. Нур-султан: 2021. 125 с.

Мглинец В.А. Связь изменчивости дерматоглифики с длиной пальцев при генетических нарушениях: Синдром Дауна // Генетика. 1991, Т. 27. С. 54-547.

Сихымбаева К.Б. Антропологический состав населения Западного Казахстана по данным одонтологии и дерматоглифики. Автореф. канд. дисс. Москва, 1987. 23 с.

Тегако Л.И. Материалы по корреляции между одонтологическими и дерматоглифическими признаками // Вопросы антропологии. Вып. 38. 1971. С. 133-136.

Тегако Л.И. Дерматоглифика населения Белоруссии. Популяционные аспекты изменчивости. Минск: Наука и техника, 1989. 181 с.

Хить Г.Л., Сихымбаева К.Б. Киргизы в дерматоглифической и одонтологической стратификации южносибирской расы // Вопросы этнической истории киргизского народа. Фрунзе. 1989. С. 127-141.

Хить Г.Л., Халдеева Н.И. Внутригрупповые связи элементов дерматоглифики и одонтологии // Вопросы антропологии. Вып. 52. 1976. С. 101-107.

Хить Г.Л., Ширококов И.Г., Славлюбова И.А. Дерматоглифика в антропологии. Санкт-Петербург: Из-во «Нестор-История», 2013. 374 с.

К. В. Sikhimbayeva

ASPECT OF ETHNOGENIC FEATURES OF THE KAZAKH PEOPLE IN FINGER AND TOOTH PATTERNS

Results of a study on the spatial relationship between dermatoglyphic and odontoglyphic traits are presented in this article. According to the method of rank intergroup correlation, the absence of historically established complexes among the Kazakhs was established. There is only the frequency of the proximal palm triradius and the hypothenar patterning, the Cummins index and the hypothenar patterning are associated with each other with moderate magnitude and inverse sign correlation. These complexes are not geographically localized and are only statistically significant. Correlations between dermatoglyphic and odontoglyphic traits are sufficient. They are statistically trendy rather than strongly correlated across territorial complexes. The coefficients' signs indicate consistency with inter-racial correlations at the level of second-order comparisons of races. Probably, in this case the Europoid racial basis of the aboriginal steppe population of the Bronze Age, which through multiple mestization was transformed into the type of modern Kazakhs, was manifested. Besides, by results of the analysis of finger-patterns it has been revealed that in male samples the frequency of radial finger-patterns and scrolls is higher on the right hand. For the other finger patterns no strict regularities could be identified.

МУЗЕЙДЕ МӘДЕНИ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУ БАҒЫТТАРЫ: ЫҚЫЛАС АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР МУЗЕЙІ ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ

Халықтың музыкалық аспаптарын бір жерге тоғыстырып отырған Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі Орта Азия аумағындағы бірегей музейлердің бірі ретінде танылған. Алғашқы жылдары халық музыка аспаптары музейін ұйымдастыру барысында Өзбекәлі Жәнібековтың бастамасымен ұлт аспаптарын ғана емес, көршілес республикалар мен әлем халықтарының аспаптарын жинақталған (Жәкішева, 2011, 2-3).

Музейде ерте кезеңдерде бақсы-балгерлер тұтынған жәдігерлерден бастап, еліміздің ұлы тұлғалары, жыршы, әнші, күйші-композиторлар ұстаған музыкалық аспаптары – қобыз, домбыра, сырнай, сыбызғылардың мол қоры сақталған (Мерекеева, 2009, 66). Музейдің залдары шетелдік музыкалық аспаптармен де толыққан. Музейде қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен қатар, әлемнің 50-ге жуық елінің мәдениетімен таныстыратын жәдігерлер 9 экспозициялық залға орналастырылған. Музейдің тарихи-мәдени құндылықтарын сақтау, экспозициялау және насихаттау үшін жаңа ақпараттық, цифрлық және басқа инновациялық технологиялар кеңінен қолданылады (<https://almatymuseum.kz/yhlasa-kz/>).

Музей қазіргі таңда негізгі мынадай бағыттар бойынша жұмыс атқарады: ғылыми-қор жұмысы, ғылыми-экспозициялық жұмыс және көпшілік-ағарту жұмысы. Бүгінде музей ғылыми-экспозициялық жұмыспен ғана айналысып қоймай, көпшілік-ағарту қызметін де жүргізеді.

Халық музыкалық аспаптар музей қорындағы жәдігерлердің көпшілікке насихатталуы тікелей көрмелер, жылжымалы көрмелер, шеберлік сыныптар, тақырыптық дәрістер, конференциялар мен музейдің концерт залында ұйымдастырылатын түрлі музыкалық кештер арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ республикалық деңгейдегі телеарналар мен газет-журналдар және «ВКонтакте», «Instagram», «facebook» сынды әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау да қолға алынған. Музей қабырғасында өтіп жатқан шаралар, қоғамдық жұмыстар, дәрістер мен шеберлік сыныптар, т.б. барлығы дерлік ақпарат құралдары арқылы көпшілікке насихатталады.

Музейде «Қазақстан», «Abai tv», «Хабар 24», «Елерна» сынды республикалық деңгейдегі телеарналардың арнайы жобалары бойынша әр түрлі тақырыптық түсірілімдер жүргізіліп, көпшіліктің назарына ұсншып жүр. Сонымен бірге, «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» және «Алматы ақшамы» сынды газет-журналдарда музейдің ғылыми қызметкерлерінің түрлі мақалалары жарыққа шығып отырады.

Оған қосымша, музейге келушілерді әр экспонат жайында толық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін музей залдары 2 ақпараттық киосктар және бейне-контенттік проекторлармен жабдықталған. Киосктар арқылы әр экспонат жайында ақпарат берілсе, бейне-контенттен сол аспаптың дыбысталуы, аспапта ойналатын музыкалық шығармалар көрсетіледі (Ибрашева, 2017).

Сондай-ақ, музейдің барлық залдарында фондық музыка ойнап тұруын қамтамасыз ететін арнайы дыбыс құрылғылары орнатылды. Нәтижесінде, музейдің Кіріспе, Үрмелі және ұрмалы музыкалық аспаптар, Мемориалдық музыкалық аспаптар және Қобыз залдарында домбыра, қобыз, сыбызғы аспаптарында ойналатын халық күйлері, ал әлем халықтарының музыкалық аспаптарына арналған залдарда сол елдердің аспаптарында ойналатын шығармалар фондық музыка ретінде қойылды, ал 120 орындық концерт залында тұрақты түрде дәстүрлі ән-жыр және күй кештері өткізіліп тұрады (Қор материалдары, 2017-2022).

Сонымен бірге, музей республикалық түрлі маңызды іс-шараларға, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысады. Соның бірі, «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының «Туған жер» кіші бағдарламасын іске асыру аясында Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Рухани қазына – 2018» І фестивалінде 16 аймақтан қатысқан 53 музейдің арасынан «Үздік облыстық маңызы бар мемлекеттік музей» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, 500 000 теңгелік сыйақыға ие болған еді (Қор материалдары, 2017-2022).

Елбасының жарлығымен елімізде алғаш рет аталып өтілген «Ұлттық домбыра күніне» орай музей 2018 жылы Нұр-Сұлтан қаласында жылжымалы көрме ұйымдастырды. Көрмені Елбасы Н.Ә.

Назарбаев тамашалап, жылы лебізін білдіріп, көрмеге оң бағасын берді. Мереке құрметіне музей қорынан бірқатар музыкалық аспап түрлері мен мемориалдық аспаптар көпшілік назарына ұсынылды (Қор материалдары, 2017 -2022).

Оған қоса, музей қабырғасында әр түрлі сипаттағы тақырыптық дәрістер мен семинарлар, ауқымды конференциялардың өткізілуі музейдің көпшілікке насихатталуы барысында жолға қойылған маңызды іс-шараларының бірі.

2018 жылы 23 қараша күні «Археологиялық қазба жұмыстарынан табылған музыкалық аспаптар: жиналу және зерттелу мәселелері» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар өтті. Семинарға елімізге белгілі археолог ғалым, профессор Зейнолла Самашевтің шәкірттері, Қарақабә қорымдарынан музыкалық аспап табылған қазба жұмыстарына қатысқан археологтар Чотбаев Айдос, Қиясбеков Ғалымжан және Бесетаев Бауыржан қатысты. Сонымен қоса музейдің ғылым бөлімі және қор қызметкерлері өз баяндамаларын оқыды. Нәтижесінде, музей қорында сақталған музыкалық аспаптар жайында ақпараттар жиналып, аспаптардың хронологиялық шеңбері, Саратов облысынан табылған аспаптың ыспалы музыкалық аспап екендігі анықталды. Онымен қоса, Қазақстан және шет елдерде табылған археологиялық музыкалық аспаптар анықталып, оларға қатысты ақпараттар жиналды (Қолжазба, 1994-1996).

Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру іс-шаралар тізіміне алынған және Халықаралық ЮНЕСКО ұйымының 2018–2019 жж. атаулы күндер күнтізбесіне енгізілген күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдық мерейтойы аясында «Құрманғазы домбырасы музей сахнасында» атты күй кеші өткізілді. Іс-шараға Алматы қаласы әкімі Бауыржан Байбек, ЮНЕСКО кластерлік бюросының басшысы Криста Пикат, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Оспанқұлов Ғабидулла, РФ Астрахань облысы, «Құрманғазы атындағы мәдени орталық» қызметкері Светлана Альбикова, Батыс Қазақстан және Атырау облысы өлкетану музейлерінің директорлары Мирболат Ерсәев пен Рашида Харипова қатысты. Нәтижесінде Құрманғазы Сағырбайұлының Астрахань облысында сақталған домбырасының көшірмесі және де төл шәкірті Ерғали Есжановтың түпнұсқа домбырасы музей қорына алынды (Қор материалдары, 2017-2022).

Бағдарлама аясында, Алматы қаласы күніне орай БҚылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің ұйымдастыруымен 2018 жылы қыркүйектің 14-і күні домбыра аспабын жасаушы қолөнер шеберлерінің ІІ Республикалық «Аңыз домбыра» байқау-бәйгесі өткізілді. Байқау - бәйгеге еліміздің әр түкіпірінен 39 шебер қатысып, келіп түскен домбыраның жалпы саны - 59 дананы құрады.

БҚылас музейі жыл көлемінде Әлем халықтарының музыкалық аспаптарын жинау мақсатында шет елдермен бірлескен іс-шараларды да атқарып отырды. Олардың ішінде: Алматы қала күніне орай, Алматы қаласы мен Вильнюс (Литва), Минск (Беларусь), Будапешт (Венгрия) қалаларының арасындағы бауырластық пен ынтымақтастықты нығайту мақсатында халықаралық «Әлем музыкалық аспаптары музей сахнасында» атты фестивалі өтті. Екі күнге созылған фестивальде Беларусь, Литва, Венгрия өнерпаздарының скрабалай, канклес, скрипка, бирбине, бубен, трещотка, цымбалы секілді аспаптарда шеберлік сыныптары ұйымдастырылды. Шара «Әлем музыкалық аспаптары музей сахнасында» фестиваліне қатысушы өнерпаздардың Жібек жолы көшесі бойындағы жаяу жүргіншілер жолында «Аспан астындағы музыка» атты концертпен жалғасты. Екінші күні фестивальдің гала-концерті өтіп, гала-концертте Литва Республикасының музыканттары Жемина Тринкунайте «Дәбесис» әнімен, Регимантас Шилинскас «Швентиме полькасы» әнімен, «AVE VITA» ансамблі «Луч надежды» шығармасымен, Венгрия елінен фестивальге қатысушы «Фоно зенекар» ансамблі «Бақташылар әуенімен», Беларусь елінің «Ярыца» халық музыка және ән ансамблі халық әндерімен, «Беларусь билері» туындысымен өнер көрсетіп, халықтың ықыласына бөленді. Онымен қоса Мәдениет ісінің үздігі Гүлфайруз Далбағайдың жетекшілігіндегі «СазАрт» сазсырнайшылар ансамблі «Үш теке» күйін, Мәдениет қайраткері, күйші Мұрат Әбуғазы Дәулеткерейдің «Саржайлау» күйін, Мәдениет қайраткері, әнші Нұржан Жанпейісов әнші Дәнеш Рақышевтың әні «Жер сұлуы - Жетісу», танымал орындаушы Нұргүл Жақыпбектің жетекшілігіндегі «Кәусар» жетігеншілер ансамблі Н. Тілендиевтің «Аққу» күйін орындаса, фестивальге қатысушы жоғарыда аталған Литва, Венгрия және Беларусь елдерінің өнерпаздары өнер көрсетіп, концерт фестивалінің барлық қатысушылары орындаған қазақ халық әндерінен құралған попуримен аяқталды. Фестивальге қатысушы мемлекеттер – Венгрия Республикасы – кечкедуда, Беларусь Республикасы – дудка, Литва Республикасы – канкляс, рожок, скудучей, литва ағаш қоңырауы, бирбине атты музыкалық аспаптарын музей қорына салтанатты түрде табыстады (Қор материалдары, 2017-2022).

Аталған шараға Алматы қаласының әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Венгрия Республикасының Қазақстандағы Бас консулы Юдит Ланг, ЮНЕСКО клубтары Беларусь Ассоциациясының төрағасы, ЮНЕСКО Ассоциациялары, орталықтары және клубтарының Әлемдік

Федерациялар Вице-Президенті, Беларусь Республикасының ЮНЕСКО істері бойынша Ұлттық комиссиясының мүшесі Дмитрий Субцельный, Литва Республикасының Қазақстандағы Бас консулы Дариус Виткаускас, ҚР Мәдениет қайраткерлері мен дәстүрлі өнер жұлдыздары қатысты.

Сонымен қатар, 2018 жылы музей қабырғасында Қазақстандағы Индонезия елшілігімен бірлескен шеберлік сынып өтті. Индонезия елінің музыканты сасандо аспабында өнер көрсетіп, бишілері ұлттық билерінен шеберлік сағат көрсетті. Шеберлік сағат соңынан музей қорына сасандо және анклунг аспабын Индонезияның Қазақстандағы елшісі Рахмат Промоно өзі сыйға табыстады. Ал күз мезгілінде Индонезияның Қазақстандағы елшісі Рахмат Промоно музейге индонезия халқының гамелан, генданг және ребаб музыкалық аспаптарын сыйға тарту етті. Онымен қоса «Масис» «Қазақстандық армян қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігімен бірлескен «Армян халқының музыкалық аспаптары музей сахнасында» атты концерт өтті. Концерт барысында Армения өнерпазы Врам Минасьян ұлттық музыкалық аспаптары Дудук, Зурна, Пку, Шви, Дхолды таныстыра отырып, өнер көрсетті. Шараға қатысқан «Масис» «Қазақстандық армян қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Мнацакян Родик Гайкович пен орынбасары Арам Навасардян сөз сөйлеп, мұндай ізгі шаралар екі елдің арасындағы достық пен ынтымақтастық, рухани қарым-қатынастардың ілгері дамуына үлкен үлес қосатынын ескеріп, алғыстарын білдірді. Кеш соңынан аталған музыкалық аспаптар музей қорына салтанатты түрде сыйға тапсырылды (Қор материалдары, 2017-2022).

Бүгінгі таңда Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі көрме-экспозициялық жұмыстарынан бөлек тұрақты түрде ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарлар, лекциялар мен экспедициялар ұйымдастыратын ғылыми орталық ретінде де қызмет етуде. 2019 жылдың 25 қазан күні Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Археологиялық қазба жұмыстарынан табылған көне музыкалық аспаптар: жиналу және зерттелу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті (Қор материалдары, 2017-2022).

Конференцияға ҚР музейлері мен ғылыми-зерттеу орталықтарынан археолог және этнолог мамандар, ғылыми қызметкерлер қатысып, Қазақстан аумағынан табылған көне музыкалық аспаптар және Қазақстандағы музыкалық археология мәселелері жайлы баяндамалар оқыды.

Конференцияның ерекше қонағы 25 жылдың көлемінде музыкалық археологияны зерттеумен айналысып жүрген норвегиялық ғалым, Осло университетінің профессоры, тәуелсіз зерттеуші Гермунд Коллтвейт болды. Доктор Коллтвейт Скандинавия елдерінің көне музыкалық аспаптары туралы өзінің зерттеулерімен және тәжірибелерімен бөлісті.

Сонымен қатар, 2014 жылы Алтай өңірінен табылған ішекті аспап пен Украина жерінен табылған қобыз аспабының көшірмелері таныстырылып, музей экспозициясына қойылды. Конференцияда археологиялық қазба жұмыстарынан табылған көне музыкалық аспаптардың жиналу және зерттелу мәселелері, музыкалық аспаптардың бүгінгі жай-күйі, аспаптарда орындалатын шығармаларға арналған зерттеулер қарастырыла отырып, төмендегідей бағыттар қамтылды:

- Қазақстандағы музыкалық археологияның зерттелу мәселелері;
- ҚР музейлері қорындағы археологиялық музыкалық аспаптар және олардың сақталу деңгейі;
- Әлемдік тәжірибедегі музыкалық археология;
- Қазақтың дәстүрлі музыка мәдениеті.

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі қазіргі таңда музейдің туристік ортадағы маңызын арттыру мақсатында, музей қорында сақталған әлем халықтарының музыкалық аспаптарын толықтыру үшін Қазақстандағы өзге елдердің елшіліктерімен тығыз байланыстар орнатуда. Нәтижесінде, музей қоры қарқынды түрде әлем халықтарының музыкалық аспаптарымен толығып келеді.

Осыған орай, 2020 жылдың 14 ақпан күні музейде 8-ші зал «Азия халықтарының музыкалық аспаптары», 9-шы зал «Еуропа халықтарының музыкалық аспаптары» қосымша залдары ашылды. Бұл музейге келушілердің санын арттырып, музейдің туристік ортаға айналуына үлкен жол ашады. Музейге келушілерді әр экспонат жайында толық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін, музей залдары заманауи ақпараттық киосктар және бейне-контенттік проекторлармен жабдықталды.

2022 жылы «Дүние жүзі халықтарындағы ішекті музыкалық аспаптардың шығу тегі және даму барысы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияда қазақ халқының және әлем халықтарындағы музыкалық аспаптардың пайда болуы мен даму барысы, олардың ұқсастықтары және бүгінгі таңдағы жағдайы мен өзгеріске ұшырауларына арналған кешенді зерттеулер қарастырыла отырып, төмендегі бағыттар қамтылды:

- Әлем халықтары ішекті музыкалық аспаптарының шығу тегі және даму барысы;

- Ішекті музыкалық аспаптарда ойнау тарихы: дәстүр және жаңашылдық;
- ҚР және әлем музейлері қорындағы ішекті музыкалық аспаптар: олардың сақталу және зерттелу деңгейі.

Сондай-ақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында музей қорында сақталған мемориалдық музыкалық аспаптардың дыбысын қайта жаңғырту мақсатында «Жәдігер» атты музыкалық антология жарыққа шықты. Антологияда музей қорында сақталған тарихта «Алтын ғасыр» атанған ХІХ ғасырдың ірі тұлғалары күй атасы – Махамбеттен бастап, Құрманғазы, Есбай, Ақан сері, Жамбыл, Қазанғап, Дина, т.б. күй тарландары мен күміс-көмей әншілердің домбыраларының дыбыстары жазылып, цифрлық форматта дискі ретін басылып шықты. Антологияда осы тұлғалардың домбырасымен қазіргі таңда ізін жалғастырып жүрген дәстүрлі өнер майталмандары белгілі бір шығармасын орындап, домбыраның қайталанбас дыбыстары жазылды (Қор материалдары, 2017-2022).

Музейді жыл сайын ұйымдастырылып отыратын тақырыптық көрмелерден бөлек жылжымалы көрме ұйымдастыру арқылы таныстыру шаралары да жолға қойылған. Бұл ретте республикалық және шетелдік мекемелермен байланыстар орнатылған.

2021 жылы шілде айында Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде Ұлттық домбыра күніне орай музей қорында аспаптары сақталған ұлы тұлғаларға қатысты «Дәуір даналары» көрмесі ашылды. Көрмеге музей қорында сақталған ұлы тұлғалардың музыкалық аспаптары қойылды. Сонымен бірге, Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі Ұлттық домбыра күні қарсаңында «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында өз экспонаттарынан «Ұлы дала мұрасы – музыкалық аспаптар» атты 1 ай мерзімге жылжымалы көрме ұйымдастырды. Жылжымалы көрмеге музей қорында сақталған бірқатар мемориалдық музыкалық аспаптар – Құрманғазы Сағырбайұлының Жамбыл Жабаевтың, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Кенен Әзірбаевтың домбыралары мен қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптары – жетіген, шертер, адырна, шыңдауыл, мүйіз сырнай, шаңқобыз және өзге аспап түрлері қойылды.

2022 жылы Түркия Республикасы Стамбул қаласында Алматы қаласы музейлер бірлестігінің «Дала даусы» атты халықаралық көрмесі өткізілді. Көрме Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 30 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Тарихы, тілі мен мәденеті тамырлас, дүниетанымы жақын екі ел арасындағы қарым-қатынас қарқынды түрде дамып келеді. Бұл көрменің негізгі мақсаты – келушілерді түбі бір түркі халықтарының көнеден жеткен тарихымен, музыкалық мәденетімен таныстыру. Көрме барысында Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі қорындағы бірегей, құнды жәдігерлер Түркия жұртшылығы назарына ұсынылды (Қор материалдары, 2017-2022).

Байқап отырғанымыздай, бүгінгі күнде Халық музыкалық аспаптар музейінің көпшілікке насихатталуы бір жолға қойылған. Музей қорындағы әрбір экспонат өзіндік тарихынан сыр шертеді. Музейге келген кез-келген адам музейдің 9 залында орналасқан құнды жәдігерлер арқылы музыка мәдениетінің бай тарихымен сусындай алады. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманаттау қазіргі негізгі мақсат болуы тиіс. Сондықтан да музейге бару, музейді тану, музейді бағалау мәдениетін қалыптастыру біздің әрқайсымыздың өз қолымызда.

Әдебиеттер тізімі

- Жәкішева З.С. Өзбекәлі Жәнібек тағылымы. – Алматы, 2011. – 162 б.
- Ибрашева Ш.О. Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі – мәдени жаңғырудың алтын бесігі // Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің ресми сайты – URL: <https://yqlasmusmuseum.kz/kk/post/33>
- Қазақтың халық музыкалық аспаптар музейі /Қолжазба/. Археологиялық қазба және мүсін-сурет экспонаттарға арналған ғылыми құжат. – Алматы, 1994-1996 жж.
- Мерекеева С.К. Қазақстан музейлері. – Алматы: Алматыкітап, 2009. – 280 б.
- ХМАМ. Қор материалдары. – 2017-2022 жж.
- Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің ресми сайты – URL: <https://almatymuseum.kz/yhlasa-kz/>

R.A.Sovetkhan

DIRECTIONS OF PROMOTION OF CULTURAL HERITAGE IN THE MUSEUM: BASED ON THE EXPERIENCE OF THE MUSEUM OF FOLK MUSICAL INSTRUMENTS NAMED AFTER YKLAS

This article shows the main exposition features of the Museum of Folk Musical Instruments named after Ykhlalas, its activities on the path of preserving and protecting cultural heritage and activities carried out during the implementation of the program "Rukhani Zhangyru". Museums are like a mirror of our country. An important reason for saying so is that a museum is the first place to visit when visiting any country. Information about the history, culture, life and customs of this country can be obtained at the museum. In recent years, activities aimed at presenting and popularizing our national history have been widely developed. If we take into account

that the center of nomadic civilization is still flourishing in the Kazakh steppes, there is no doubt the relevance of introducing the younger generation to the historical and cultural monuments of the regions. In this regard, intensive activities aimed at preserving and protecting cultural heritage in the country's museums do not lose their significance.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЙТАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚАЗЫНАСЫ
«ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ: ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР ЖАУҒАРЛАРЫ» АТТЫ КӨРМЕСІНІҢ
КОРЕЯ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІНДЕ ҚОЙЫЛҒАН ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ.**

Корея Ұлттық музейінде - Еуразия жүрегіндегі Қазақстанның ұлы даласының өркениеті мен мәдениетін кәріс жұртшылығына арнайы таныстыру үшін «Ұлы дала мұрасы: Зергерлік өнер жауһарлары» көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорынан төрт жүзден астам жәдігер экспозицияға қойылды. Аталған көрмеге кәрістердің қызығушылық танытқаны соншалық, үш айға жалғасқан көрмені тамашалаған халықтың саны сексен төрт мыңнан асқан.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорларынан ұсынылған алтын заттар – Еуразия дала мәдениеті мұрасының өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Өткен дәуір хас шеберлерінің түрлі саладағы еңбектері, зергерлік бұйымдар, қолөнер туындылары сол замандағы көркемөнер мәдениетінің үздік жетістігінен хабар береді. Көрмедегі әр жәдігер Қазақстан тарихынан сыр шертіп, қазақ халқының рухани мұрасын насихаттайды.

Атап айтсақ, екі бөлімнен тұратын көрмеде ерте темір дәуірінен этнографиялық кезеңге дейінгі ежелгі және дәстүрлі өнердің туындылары орын алды. Бірінші бөлімде – Есік обасынан табылған Алтын адам мен Алтайдың көне қазынасы саналатын Берел қорымының және Орталық Қазақстан аумағындағы Талды-2 обасындағы сақ кезеңінің жерлеу орнынан табылған жәдігерлер, алтын заттардың топтамасы. Екінші бөлімде VI-XX ғғ. дейінгі аралықты қамтитын қазақ халқының төл мәдениетін танытатын сәндік-қолданбалы өнер туындылары қойылды.

Ж.с.д IV-V ғасырда сақ көсемінің аса бай жерлеу орны, Жетісудегі Есік обаларының бірін қазу барысында табылған төрт мыңнан астам алтын бұйымдары, сонымен қатар зергерлік өнердің туындылары табылып, бұл мұралар тарих қойнауына «Алтын адам» атауымен енгізілгені анық.

Көрмеге қойылған археологиялық жәдігерлер қатарын Қазақ Алтайының сақ кезеңіне жататын Берел қорымынан табылған жәдігерлер құрайды. Түрлі әшекейлер мен әбзелдер грифондар түрінде бейнеленіп, ағаш, сүйек, мүйіз, металлдан жасалып, алтынмен қапталған. Көне дәуір шеберлерінің қиялынан шыққан барлық сәндік-қолданбалы өнер туындылары күллі адамзатты таң қалдырары сөзсіз. Қазақстандағы бейнелеу өнері тарихының тамыры ғасырлар қойнауында жатыр. Тас дәуірінің адамдары тастан, сүйек пен ағаштан еңбек құралдары мен ғұрыптық заттарды жасағанда сыртқы беттеріне түрлі символикалық белгілермен, ою-өрнектермен әшекейлеген. Олар өз кезегінде қауым мүшелерінің дүниеге қатысты түсініктерін, адамзат бірлестіктерінің технологиялық даму деңгейін көрсеткен.

Бейнелеу өнері ескерткіштері ежелгі уақытта тіпті көркем шығармашылықтың көптеген бағыттары –кескіндеме, графика, ою-өрнек түрлері: геометриялық, зооморфтық, өсімдік тектес, космогониялық, олардың орындау техникасы, мал өнімдерін өңдеу (сүйек, мүйіз, жүн, тері), ағаш, тас, сондай-ақ монументалды туындыларды жасау - мүсіндер, петроглифтер. Бұның барлығы кейінірек қазақ өнерінің дамуына зор үлес қосты.

Қазақ көркемөнер саласының түп-тамыры біздің ата-бабаларымыз – ежелгі түркілерден ғана емес, ерте темір дәуірінен бастау алған десек, қателеспейміз.

Сақ әлемінің даму кезеңіне қарай, өнер салалары түрлі деңгейде дамыған. Бірақ, зооморфтық бейнелердің семантикалық мазмұны өзгеріссіз қалған сияқты. Себебі жәдігелер арасында ерте кезеңдегі қимыл үстіндегі жыртқыштардың, тұяқ ұшымен тұрған жануарлардың, көгілдір ақиқты қондырмамен безендірілген тұмсықты бұғылардың бейнелері көрініс тапқан. Ал кейінгі дәуірге тән бұйымдарда жамбасы артқа қайрылған, аяқтары қысылған, синкретикалық жаратылыстағы аңдардың бейнесі сомдалыпты. Авторы белгісіз, сол заманның хас шеберлері аң стиліне тән зергерлік өнер туындыларын жануардың белгілі бір қасиеттеріне қарап, әртүрлі стилистикалық әдістерді көркем түрде үйлестіре білген. Көрмеге қойылған «Алтын адам» және алтын заттардың топтамасына таңданған кәрістер өз қызығушылықтарын танытып, әр жәдігермен жете танысып, экспозицияны ұзақ аралады.



1-сур. Корея ұлттық музейі экспозициясы



2-сур. Корея ұлттық музейі экспозициясы



3-4 сур. Корея ұлттық музейі экспозициясы-еттер

Сонымен қатар, көрме залында жасөспірімдер мен бүлдіршіндер үшін интерактивті тақта арқылы жасалған жобалада - қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары көрсетілген. Ондағы бейнелерге қол тигізсе әлгі көркем суреттер түрлі-түске боялады, оған көрермен мәз-мейрам. Қазақ сонау ертеден бастау алатын тарихи бай халық. Көнеден бүгінге дейін жеткен сан-салалы мәдениеті, тарихы, тілі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген.

Қазақ халқы салт-дәстүрге мол ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға жеткен ұлт қасиетін салт-дәстүрімен тәрбиелеп, қашанда ұлағатты ұл, инабатты қыз өсіріп отырған. Осы орайда халқымыздың өмір сүру салтында бүгінге дейін өз маңызын жоймаған, қоғамнан бір елі артта қалмаған. Қазақ халқын өзге халықтардан ерекшелеп тұратын салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары кәріс халқының одан әрі қызығушылығын арттыра түскен.



5 сур. Корея ұлттық музейі экспозициясындағы интерактивті тақта)

Көрменің екінші бөліміне ұсынылған бұйымдар қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін көрсетеді. Қолданбалы өнер байырғы мен бүгінгі күннің сабақтастығын өзара байланыстырып, халықтың рухани өмірі мен мәдени құндылықтарын осы күнге дейін жалғастырып келеді. Көрмеге ұсынылған ұлы дала өркениетін айшықтайтын асыл тастан, былғарыдан, сүйектен және жүннен жасалған көне бұйымдар бүгінгі қоғамда да заманауи сипатқа ие. Кигіз үй жабдықтарының колориті көркем талғаммен жасалған. Экспозициядағы ұлттық музыкалық аспаптар әсем үйлесім тапқан.



6 сур. Корея ұлттық музейі экспозициясы



7 сур. Корея ұлттық музейі экспозициясы



8-9 сур. Корея ұлттық музейі экспозициясы

Көрмеге келген көрерменнің ішінде, ер-азаматтар күміспен безендірілген ат әбзелдерін тамашаласа, қыз-келіншектер қауымы әшекейлерден көз алмай қарады.

Ұлы дала тарихын, ата-бабаларымыздың баға жетпес мол мұрасын насихаттайтын бұл көрме Қазақ елінің болмысын әлемге танытады деген сенімдеміз.

P. Suindikova
HISTORICAL AND CULTURAL TREASURES OF THE VAST STEPPES OF KAZAKHSTAN THE
EXHIBITION "HERITAGE OF THE GREAT STEPPE: MASTERPIECES OF JEWELRY ART" VALUABLE
EXHIBITS EXHIBITED IN THE NATIONAL MUSEUM OF KOREA

The golden objects from the funds of the National Museum of the Republic of Kazakhstan reflect the originality of the heritage of the Eurasian steppe culture. The works of the masters of the past eras in various fields, jewelry, handicrafts are the best achievements of the artistic culture of that time. Each exhibition tells about the history of Kazakhstan and promotes the spiritual heritage of the Kazakh people.

The artifacts from Berel burial ground belonging to the Saka period of the Kazakh Altai are presented among the archaeological exhibits. Various ornaments and harnesses are depicted in the form of griffins and made of wood, bone, horns, metal and covered with gold. All works of arts and crafts from the imagination of the masters of antiquity will surely amaze all mankind.

The roots of the history of Fine Arts in Kazakhstan lie in the depths of centuries. People of the Stone Age during making tools and ritual objects from stone, bone and wood, decorated the outer surfaces with various symbols and ornaments. These symbols reflected the ideas of members of the community about the world, the level of technological development of human associations.

Applied art connects the continuity of indigenous and present, continuing the spiritual life and cultural values of the people to this day. The ancient products made of precious stones, leather, bone and wool, presented at the exhibition, reflect the civilization of the Great Steppe, which are also modern in today's society.

We hope that this exhibition, promoting the history of the Great Steppe and the invaluable heritage of our ancestors, will reveal the essence of the Kazakh people to the world.

METHODS FOR MUSEIFICATION OF CULTURAL AND NATURAL HERITAGE OBJECTS IN OPEN-AIR MUSEUMS

A feature of open-air museums is that they preserve not only objects of museum significance, but also immovable objects of cultural heritage, as well as intangible objects and historical and cultural landscapes. In relation to the preservation of objects of museum significance, the same methodology is used as in collection museums. An exception is the eco-museum, where objects are used for their original purpose. In relation to objects of museum significance, the term acquisition is used, in relation to immovable and intangible objects, as already noted, the term museification. The method of museumification of objects of historical and cultural heritage is in the process of formation. An object included in a museum collection becomes a “museum item”, a museumified object becomes a “museum object”. These concepts function as equals (Ивановская, 2001, 394-395).

A museum item is a movable object of cultural and natural heritage, removed from the environment or museumified together with a fragment of the environment and included in the museum collection.

A museum object is a museumified immovable object of historical and cultural heritage (buildings, structures, their ensembles and complexes with their historical environment, especially valuable in historical and cultural terms, as well as memorable places).

It should be remembered that the boundary between a movable and an immovable object is rather arbitrary: immovable objects can also be removed from the natural historical and cultural environment and thus included in a museum collection, becoming an analogue of a museum object. In addition, it is difficult to apply this classification to such an object of cultural heritage as, for example, a ship, etc.

In domestic museology, in relation to objects of historical and cultural heritage, the concept of “monument” is used. It should be noted that these concepts are not completely identical. There are several approaches to the definition of the concept of “monument”. The concept of “monument” can be applied to all objects of historical and cultural heritage.

In this case, a monument is understood as a material object that contains the image of a certain historical and cultural phenomenon, an object that is a source of genuine historical and cultural information.

According to another approach, only immovable objects of historical and cultural heritage are classified as monuments. Such types of them as monuments of archeology, history, architecture are distinguished, and historical sites and landscapes are also included in this series.

In the third approach, the concept of a monument is used to denote the legal status of an object that ensures its protection by the state. This status is assigned after established procedures for identifying its historical and cultural value.

In any case, “an object of historical and cultural heritage” is a broader concept that includes landscapes, fragments of the environment, objects of intangible heritage, etc. The concept of “monument” is applicable mainly in relation to material (and more often to architectural) objects.

As already noted, open-air museums preserve immovable objects (architectural monuments, historical gardens and parks, archaeological, memorial, industrial objects), objects of intangible cultural heritage, historical and cultural landscape, as well as natural heritage (Юрнева, 2003, 359-371).

Mostly in open-air museums architectural objects are presented. The composition of architectural monuments is not homogeneous. Researchers distinguish different types of monuments:

- residential buildings;
- public buildings;
- places of worship;
- military defense structures;
- industrial facilities;
- economic and auxiliary objects.

Not every monument can be museumified, for this it needs to meet certain criteria. The question of the criteria for selecting objects of historical and cultural heritage to bring them into a museum state is solved by architects and museologists in different ways. The main criteria include authenticity, cultural, historical, architectural and artistic value, the threat of destruction in the natural historical and cultural environment, age

and preservation. It is also worth considering regional, planning, typological, socio-economic, technical features. It is important that the features of the object correspond to the profile of the museum.

There are two types of monument museification:

- the monument is used “as a museum”;
- the monument is used “for a museum”.

The monument “as a museum” implies turning it into an independent object of display. The exposition in and around the monument in this case is devoted exclusively to the monument itself. Only minimal intrusion into its appearance is allowed.

When using the monument “for a museum”, it adapts to museum use. In this case, the expositor is free to choose the theme and architectural and artistic solution of the exposition.

A mixed type is also possible when two methods of museification are combined. In any case, when using a monument in a museum space, there are certain requirements for organizing an interior exhibition in it (Йонг, 1993, 27-34).

The exposition located inside the monument should not conflict with the moral foundations of the presented culture. The main task of the exposition is to reveal the informational potential of the monument itself. In addition, there should be a harmonization of the exposition and the interior.

In museology, there are three types of interaction between exposition and space:

- harmonious;
- neutral;
- contrast.

In the case when the monument is used “as a museum”, an exceptionally harmonious interaction is possible. And most often, the historical interior is modeled in the interior exposition. When using a monument “for a museum”, the neutral type of interaction most often dominates. Contrasting interaction is possible in rare cases and is most often aimed at the embodiment of a certain artistic concept.

In order to preserve and present architectural objects in open-air museums, conservation, restoration and repair measures are being implemented in relation to them. It should be noted that these works are carried out only with the knowledge of the state bodies of monument protection and under their control. Restoration, conservation and repair projects of historical and cultural monuments are subject to coordination with the state bodies of monument protection and are approved in accordance with the established procedure. All works should be carried out only by special scientific and restoration organizations that have the appropriate license.

In relation to architectural monuments, two methods of museification can be applied: translocation and preservation of monuments on site. The translocation method is used mainly in relation to monuments of wooden architecture. Translocation is the removal of immovable architectural objects of cultural heritage from the natural historical and cultural environment and moving them to a new place, where an open-air exposition is created on their basis. Museums created by using this method are commonly called “skansens” (after the name of the first open-air museum with imported buildings) (Норденсон, 1993, 27-34).

The question of the possibility and necessity of removing architectural objects from the natural historical and cultural environment remains controversial. Today, more and more researchers agree that it is necessary to preserve monuments in place. However, in some cases, the preservation of objects in place is impossible. Thus, several approaches to the problem of translocation of the monument have developed in museology.

A number of researchers believe that the monument cannot be removed from the natural historical and cultural environment, it is necessary to develop an environmental approach. It is necessary to maintain a balance of cultural and natural heritage. According to another point of view, the monument can be removed from the natural historical and cultural environment for objective reasons; however, when moving the monument, it is necessary to preserve it in a geographical area and environment similar to its original location. Proponents of the third approach believe that the role of the initial environment is not so important, since the environment is changeable, and the experience of transferring buildings has been known for a long time.

It is worth noting that in some cases there are objective reasons for the removal of monuments. They may be of a scientific, informative and representative nature in the event that there is no possibility to make the monument accessible on the territory of its original location. Also, the reason may be the need to ensure the safety of the object in the event that it is not possible to preserve it in its natural environment (Гнедовский, 1987, 41).

Before the translocation of the monument to the territory of skansen, it is required to provide a whole range of measures beforehand. Translocation of an immovable architectural object includes the following stages: preparatory work, disassembly of the monument, transportation, on-site assembly and restoration work.

Preparatory work:

- execution by architects of dimensional drawings of the object: all facades, zero cycle (foundations), ceilings (ceilings), roofs, outbuildings and decor; such drawings are called “cros”;
- description of the technical condition of all parts of the monument and recommendations for disassembly;
- marking of “cros”: marking for each log of facades and other parts of the building in accordance with the parts of the world; floor blocks and ceilings from south to north: floors 1, 2, 3, etc
- photo fixation of all parts of the building;
- marking on photos of parts;
- at the end, metal tags with numbers corresponding to the “edges” and photos are nailed to each detail of the object (logs, scaffolds, etc.).

The disassembly of the building is carried out in stages with the fixation of all parts and structures, especially invisible before disassembly. When disassembling the logs of facades, floors, ceilings, individual decorative details are laid on logs, floors for flooring, and transported to the museum in parts.

Transportation includes preliminary strengthening of bowls, transverse cuts in logs to prevent the appearance of chips. It is advisable to lay logs and log cabin parts manually and secure the package with a cable over the sides of the transport (Фотий, 1985, 59).

After transportation, the stage of on-site work begins. The parts are folded under the canopies also in blocks with marking verification. Then an act of the technical condition of the parts after transportation is made and the volume of losses is determined.

The next stage is the restoration of the monument. It includes ordering parts by the restorer to make up for lost elements. After that, it is necessary to carry out a special treatment of the monument, which consists in the use of special antiseptics during the preservation of wood, which are toxic to fungi and insects, but do not worsen the physico-chemical properties of wood.

The entire sequence of work on the restoration and restoration of the monument is documented in stages. Documentation on transportation, chemical processing, control assembly and restoration of the monument is stored in separate folders and is deposited in the museum archive.

Upon completion of the restoration of the monument, they begin the control assembly, which is a mandatory stage. It is carried out after all procedures before finalizing the architectural restoration project and preparing replacement parts. Without a control assembly, log cabins can be destroyed. In the control assembly, the log house can be preserved even for several years before the object is finally ready for display and included in the museum's exposition.

With both methods (translocation, preservation in place), the museification of architectural objects is reduced mainly to restoration. Restoration, unlike the translocation method, is widely applied to all immovable architectural objects, and not only to objects of wooden architecture. Restoration – works on restoration of monuments. At the present stage, the restoration should be focused on strengthening the monument, protecting the monument that has come down to us, in this case, the finishing work should be minimized.

A system of methods for the restoration of monuments has been developed in science. The following methods of restoration of monuments are distinguished: conservation, analytical and synthetic methods. Conservation implies ensuring the stabilization of the state of the monument and the preservation of its material basis. In this case, the value of the monument with all its layers is confirmed, and the principle of maximum restoration of the monument becomes the key. During the restoration, methods are used that are as close as possible to those used in the construction of the monument (Веденин, 2001, 7-14).

When choosing a restoration method of conservation, such a restorative method as anastilosis – the installation of fallen-off parts in their former place can be used. An important point is that the places of non-preserved elements are necessarily indicated.

If during the museification of the monument a decision is made on partial restoration, then an analytical method is used, which involves making minor changes to the fabric of the monument with the use of sparing means. The analytical method is used to preserve the disappearing form of the monument, to give a visual representation of its architecture, to save the monument from further destruction.

The purpose of partial restoration is a more complete restoration of the structural features of the monument than with the conservation method. Within the framework of the analytical method, two stages are distinguished:

- disclosure of the monument (removal of late changes), permissible only if it does not threaten the preservation of the monument;
- restoration of lost elements based on exhaustive scientific evidence.

The synthetic method provides for the restoration of the original appearance of the monument using hypotheses and analogies, when there is no comprehensive information about the original appearance of the monument. The synthetic method is aimed at revealing the artistic value of the monument.

When choosing a restoration method, they are guided by criteria that play a key role in this particular case. If it is important to preserve the authenticity of the monument, the conservation method is used. If authenticity is not so important, it is required to make the object attractive, but based on reliability – an analytical method. If the task is to reveal artistic fullness a synthetic method is used.

In addition to carrying out restoration work, it is necessary to apply conservation measures to architectural monuments, which include temporary protection of structures, strengthening of foundations and supporting structures, stabilization of the maintenance regime of the monument. Architectural monuments often need restoration measures, ignoring which can lead to the loss of the building.

In the event that the object of cultural heritage has not been preserved, it is possible to resort to the method of reconstruction. In museology, reconstruction is understood as the scientifically based restoration of a lost or ruined cultural or natural object or its parts. In relation to architectural objects, a fully restored structure that differs in some deviations from the reproducible one and does not contain its authentic remains is commonly called a remodel. Most often, the reconstruction method is combined with the restoration method: only some of the lost elements of the restored building are recreated. The decision on the legality of creating a new model on the basis of the museum must be carefully justified; otherwise the main requirement for the museum exposition is violated: the dominance of authentic objects. Most researchers have a negative attitude to the mass fascination with new models recently, because such reconstructions undermine respect for the original, and a new model erected on the site of a lost monument can harm it.

In the XX century, virtual reconstructions became widespread in museum practice. Virtual restoration is the restoration with the help of technical means of the original appearance of the ruined monument on the basis of the preserved elements. Virtual reconstruction, unlike real reconstruction, allows you to restore the original appearance of the monument at its location without the threat of harm to the preserved elements (Тихонов, 2003, 180).

Museification of archaeological sites is a multi-stage process. The following stages of museification are distinguished: excavations, conservation, improvement of approaches, exposition interpretation.

For archaeological objects, such methods of museification as conservation and reconstruction are used. Conservation involves the preservation of the monument unchanged and its strengthening, reconstruction is focused on recreating the original appearance of the object.

When using the reconstruction method, archaeological objects are included in open - air museums in the following ways:

- Museification and exhibition of only authentic parts of the monument. Restoration work is not allowed.
- Conservation of immovable objects in the open air and the exhibition of finds in a separate building.
- Construction of canopies and pavilions over the archaeological site. However, during the construction of such canopies or during the construction of buildings, there is a violation of the connection of the object with the environment.

The reconstruction of archaeological sites involves the restoration of lost elements based on archaeological data. The reconstruction method makes it possible to ensure the attractiveness of the object for the visitor, but may threaten the safety of the original object. Reconstruction can be carried out either on the site of the monument, or in the immediate vicinity of it. Based on the reconstruction method, “archeodromes” or “archaeological parks” are created.

Thus, such objects of cultural heritage as movable, immovable objects of intangible cultural heritage, historical and cultural landscapes are preserved in open-air museums.

Of the immovable objects in museums of this type, architectural, archaeological and industrial objects can be represented.

The most common direction in our country is the museification of architectural objects that are preserved either on site or the translocation method is used for them. In the event that an architectural object is preserved in place, museumification is reduced to restoration. Conservation, analytical and synthetic methods are used.

Archaeological objects are museified either through conservation or reconstruction.

References

Веденин Ю.А. Культурный ландшафт как объект культурного и природного наследия // Изв. РАН. Сер.: География. Москва, 2001. № 1. С. 7–14.

- Гнедовский Б.В. Музеи под открытым небом в СССР: развитие принципов формирования структуры. Москва, 1987. 41с.
- Ивановская Н.И. Музей под открытым небом // Российская музейная энциклопедия. Москва, 2001. С. 394–395.
- Йонг А. Первые музеи под открытым небом: о народных традициях музейными средствами // Museum. 1993. № 175. С. 27–34.
- Норденсон Э. Вначале был Скансен // Museum. 1993. № 175. С. 25–27.
- Тихонов В.В. Анализ методической базы музеев под открытым небом России. Иркутск, 2003. 180 с.
- Фотий Л.А. Создание архитектурно-этнографических комплексов в музеях под открытым небом: метод, рекоменд. Ленинград, 1985. 59 с.
- Юренева Т.Ю. Музеи под открытым небом // Музей в мировой культуре. Москва, 2003. С. 359–371.

Ж. Қожахан

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙЛАРДАҒЫ МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МҰРА ОБЪЕКТІЛЕРІН ӨЗГЕРТУ ӘДІСТЕРІ

Ашық аспан астындағы музей – бүгінгі таңда тарихи-мәдени мұраны сақтаудың келешегі зор үлгілерінің бірі. Алғашқы ашық аспан астындағы музей саналатын шведтық Скансен музейінің пайда болуымен мұндай үлгідегі музейлердің қатары артып келеді. Этнографиялық музейлермен қатар қалалық мәдениетпен, археологиялық және өнеркәсіпті мұралармен таныстыратын музейлер де құрылуда.

Аталмыш бағыттағы музейлердің саны артқанымен, қолда бар ғылыми және оқу әдебиеттерінде бұл саладағы кейбір теориялық және практикалық мәселелер жеткілікті түрде қамтылмаған, мысалы, осы типтегі музейлердің бірыңғай классификациясы жоқ, мәдени мұра объектілерін музейлендіру әдістемесі толық әзірленбеген (әсіресе материалдық емес мәдени мұра объектілері), ғылыми-қор қызметінің мәселелері де ашық күйінде қалып отыр.

Бұл мақалада музейтану саласының осы бағыты – ашық аспан астындағы музейлер, олардың классификациясы, құру әдістеріне қатысты мәселелер, ашық аспан астындағы музейлерді дамыту және басқа да өзекті мәселелерді шешу тәсілдері ұсынылған.

ИБ №14962

Басуға 29.05.2022 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 38,7 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №692.
Таралымы 5 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.